

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті

ӘОЖ: 811.111'342(043.3)+811.512.122'342(043.3)

Қолжазба құқығында

СРАЙЛОВА АҚМАРАЛ БЕРДАЛИЕВНА

**Поэтикалық дискурстағы просодикалық ерекшеліктерінің
коммуникативті-прагматикалық аспектісі (қазіргі заманғы ағылшын
және қазақ поэзиясының материалдары негізінде)**

6D021000 - Шетел филологиясы

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
филол. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА акад.
Базарбаева З.М.

филол. ғ. д., проф.
Желтухина М.Р.
Пятигорск мемлекеттік университеті
(Пятигорск, Ресей Федерациясы)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1 ПОЭТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	12
1.1 Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың лингвистикалық зерттелу бағыттары	12
1.2 Поэтикалық дискурстың негізгі белгілері мен құрылымдық ерекшеліктері	30
1.3 Поэтикалық дискурстың прагмалингвистикалық аспектісі: пресуппозициясы, локутивті, иллюкутивті, перлокутивті актілері	45
Бірінші тарау бойынша тұжырым	62
2 АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ПОЭТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫ КОММУНИКАТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	64
2.1 Поэтикалық дискурстағы вербалды және паралингвистикалық коммуникация қызметі	64
2.2 Просодикалық тәсілдердің поэтикалық дискурстағы көрінісі	78
2.3 Поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдердің прагматикалық және экспрессивтік әлеуеті	92
Екінші тарау бойынша тұжырым	103
3 АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ПОЭТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ПРОСОДИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	106
3.1 Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың фонетика-фонологиялық және просодикалық транскрипциясын үлгілеу	106
3.2 Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурсының просодикалық ерекшеліктерін экспериментті-фонетикалық әдістер негізінде сараптамасы	129
3.3 Ағылшын және қазақ тілдерінде поэтикалық дискурстағы просодикалық сипаттамаларын салыстырмалы талдау	149
Үшінші тарау бойынша тұжырым	156
ҚОРЫТЫНДЫ	158
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	160

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Автор – көркем идеяны қалыптастыратын әрі оны оқырманға жеткізетін басты тұлға. Ол кейіпкерлерді белгілі бір тарихи не көркем уақыт кеңістігіне енгізіп, олардың әрекеттерін бейнелеу арқылы оқиғаның өрбуіне және шығарманың толыққанды қабылдануына жағдай жасайды.

Верлибр (фр. *vers libre* – «еркін өлең») – өлеңнің қатаң рифмометриялық құрылымына бағынбайтын түрі. Ол Батыс әдебиетінде кеңінен қолданыс тапқан, ал XX ғасырда ағылшын поэзиясында айрықша белсенді дамыды. Мұндай поэтикалық форма дәстүрлі өлең құрастыру үлгілерінен ерекшеленеді: онда тұрақты ырғақ өлшемі, шумақтық құрылым, тармақ пен бунақ сақталмайды.

Вокалданған кідіріс – гезитацияның арнайы түрі, ол сөйлеу барысында уақыт ұту немесе эмоцияны жеткізу үшін дауысты дыбыстар мен созылыңқы үндер арқылы толтырылған пауза ретінде көрінеді. Бұл құбылыс тыңдаушыға сөйлеудің әлі жалғасып жатқанын білдіреді, сөйлеушінің сенімсіздігін, толқуын немесе драматизмін көрсетеді.

Дискурс (фр. *discours*) кең мағынасында коммуникацияның бір формасы ретінде қарастырылады. Оның құрамына рухани мұра, сан алуан көзқарастар мен дүниетанымдық бағыттар енеді. Ал тар мағынада дискурс белгілі бір әлеуметтік немесе мәдени құндылықты бейнелейтін тілдік әрекет шындығын білдіреді.

Интонация – (лат. *intonatio* – қатты айтылатын) – әуен, үдемелік, ұзақтық, айтылу қарқыны, кідіріс, дауыс реңкі сияқты бір – бірімен байланысты компоненттер жиынтығынан тұратын күрделі құбылыс.

Интонология – интонацияны және интонациялық құбылыстарды зерттейтін тіл саласы.

Коммуникативтік лингвистика әртүрлі коммуникативті компоненттерді біріктіретін тірі табиғи тілге екпін жасай отырып, тұлғааралық қарым-қатынас процестерін зерделейді.

Көркем мәтін – ерекше коммуникациялық форма. Оның құрамына қарым-қатынас пен белгілік жүйе, танымдық меңгеру, тезаурустық база, дүниетанымдық бағдарлар кіреді. Сонымен бірге, онда қатысушылардың әлеуметтік, тарихи және ұлттық ерекшеліктері ескеріледі, ал авторлық интенция түрлі коммуникативтік талаптарға бейімделеді.

Мәтін – автор ойының объективтену формасы әрі оның шығармашылық дүниетанымын танытатын көрініс. Ол адамның өзінжәне қоршаған орта жайлы білімін сыртқа шығарып, оны басқаға жеткізуде әрі ортақ мәдени игілікке айналдыру мақсатын көздейді.

Оқырман – көркем туындыны қабылдап, оны өз санасында бағалайтын тұлға. Жазушы шығарманы дүниеге әкелуші болса, сол туындының әдебиеттегі өміршеңдігі мен орны көп жағдайда оқырманның қабылдауына байланысты айқындалады.

Поэзия (гр. *poiesis, poieo* – «жасау», «тудыру») – өлең түрінде қалыптасқан көркем әдеби шығармалардың жиынтық атауы. Ол сөздің ырғақтық ұйымдасуына, ұйқас жүйесіне, көркемдік құрылымына және бейнелеу тәсілдеріне негізделеді.

Поэтикалық дискурс – көркем тіл арқылы жүзеге асатын қарым-қатынастың ерекше формасы. Ол мәдени әрі эстетикалық коммуникацияның тілдік кеңістікте көрініс табуын білдіреді. Поэтикалық дискурста поэзиялық туындылармен қатар прозалық шығармалар да енеді.

Проза (лат. *prosa*) – қара сөзбен жазылатын әдеби жанрлардың түрі, оған әңгіме, повесть, роман секілді көркем шығармалар жатады. Ол әдебиеттің эпикалық дәстүрімен сабақтас, сонымен бірге лирикалық проза мен прозалық өлең үлгілері де кездеседі.

Пресуппозиция – (лат. *prae* – алдыңғы және *supposition* – болжам) – сөйлемнің мағыналық тұрғыдан дұрыс құрылып, мәнмәтінмен сәйкес келуі және оның шынайылық үзiгiн сипаттайтын семантикалық ұғым.

Просодика– сөйлеу сегменттерінің барлық деңгейлерінде (буын, сөз, сөз тіркесі, синтагма, фраза, сөзден тыс бірлік, мәтін) сөйлеуде іске асырылатын фонетикалық құралдар жүйесі (биіктік, күш, уақыт).

Просодикалық тәсілдер– тіл дыбыстарын толықтыратын және оларды ұзақтығы, қарқындылығы, биіктігі және басқа да белгілері бойынша түрлендіретін тілдің дыбыстық (фонетикалық) құралдарының жиынтығы.

Прагматика – таңбалы жүйелер мен оларды пайдаланушылар арасындағы қарым-қатынасты зерттейтін семиотика бөлімі.

Рефрен (фр. *refrain* – қайталама) – әдебиеттануда, әсіресе поэтикада жиі қолданылатын ұғым, өлең мәтінінде белгілі бір сөздің, сөз тіркесінің, жолдың немесе тұтас бір шумақтың жүйелі түрде қайталанып отыруы арқылы мәтіннің ырғақтық-интонациялық, экспрессивтік, коммуникативтік-прагматикалық қызметтерін атқаратын стильдік тәсіл.

Синтагма (грек. *syntagma* – қосылған, бірге қаланған) – бір сөзден, сөздер тобынан немесе сөйлемнен тұратын, просодикалық компоненттер арқылы сипатталатын ең кіші интонациялық – мағыналық бірлік.

Хезитация (лат. *haesitatio* – кідіріс, бөгелу) – дискурста сөйлеушінің ойды ұйымдастыру және жеткізу процесінде орын алатын супрасегменттік құбылыс. Ол көбіне уақыт ұту, сөзді таңдау, коммуникативтік стратегияны іске асыру немесе эмоциялық әсерді күшейту мақсатында қолданылады. Хезитация вокалданған және вокалданбаған кідірістерді, қайталауларды, сөздің үзіліп қалуын қамтиды.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі отандық тіл білімінде дискурстың когнитивтік, коммуникативтік, прагматикалық аспектілерін жан-жақты зерделеуге бағытталған зерттеулер белсенді түрде жүргізілуде және өзіне тән ғылыми ұстанымдары мен зерттеу әдіснамалары да негізделіп қалыптасуда. Тілдің әртүрлі деңгейіндегі құралдарының функционалды-семантикалық ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативтік түрлері мен прагматикалық мақсаты, сөйлеу актілері дискурс теориясы аясында ғылыми қызығушылық тудырып отыр. Алайда поэтикалық дискурс өзінің жеткілікті ғылыми зерттелмегенімен сипатталады.

Зерттеу тақырыбы Қазақстанның білім беру кеңістігін жаңғыртуға және ұлттық ғылымды халықаралық деңгейде интеграциялауға бағытталған стратегиялық құжаттармен тығыз байланысты. Атап айтқанда, «Қазақстан – 2050» стратегиясының 4-бөлімінде «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» екендігі атап көрсетілсе[1], бұл қағида зерттеуіміздің негізгі бағытымен тікелей сабақтасады. Өйткені поэтикалық дискурстағы просодикалық ерекшеліктердің коммуникативті-прагматикалық аспектілерін зерделеу тілдік құзыреттілікті дамытуға, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, сондай-ақ жоғары білім беру жүйесінде жаңа ғылыми нәтижелерді енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген 2023–2029 жылдарға арналған Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасында[2] айқындалған ұлттық ғылымды әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялау, зерттеу сапасын арттыру және жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мәселелері стратегиялық міндет тұрғысында, ағылшын және қазақ поэзиясы материалдары негізінде поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктерін коммуникативті-прагматикалық аспектісін қарастыру қазіргі заманғы тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағытты айқындап, ұлттық ғылымның халықаралық деңгейде дамуына үлес қосады.

Мәдениетаралық коммуникация кеңістігінде туыс емес ағылшын және қазақ тілдерінің поэтикалық дискурсын салғастырмалы зерттеу – ұлттық поэтикалық ойлау мен тілдік бейнелеудің ерекшеліктерін ашуда маңызды екені белгілі. Поэтикалық дискурсты зерттеудің теориялық негізі прагмалингвистика, суперсегментті фонетика және поэтикалық прагматика тоғысында интегративті үлгілеуді қажет етеді. Сонымен қатар поэтикалық дискурстың прагматикалық құрылымын, прагматикалық ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді. Поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдердің өзара әрекеттестігі дискурстың көркемдік, коммуникативтік және прагматикалық қызметтерін тереңірек ұғынуға жол ашады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурсының просодикалық ерекшеліктерін зерттеу практикалық аспектісін толығырақ ашуға мүмкіндік беретіні анық. Поэтикалық дискурстың просодикалық аспектілері — интонация, пауза, қарқын, тембр, ритм

тәріздісуперсегментті бірліктер арқылы мазмұнның экспрессивтілігі мен прагматикалық әсерін күшейтетіні белгілі. Аталмыш бірліктердің коммуникативтік-прагматикалық қызметін анықтау үшін қазіргі заманғы сандық технологияларды пайдалана отырып, объективті ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған факторлар зерттеу жұмысының **тақырыбының өзектілігін** айқындайды.

Зерттеу нысаны – қазіргі заманғы поэтикалық дискурстың просодикасы.

Зерттеу пәні – ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктері.

Зерттеу мақсаты – қазіргі ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың құрылымдық және мазмұндық сипаты мен просодикалық ерекшеліктерінің коммуникативтік-прагматикалық аспектісін зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

- поэтикалық дискурс туралы зерттеулерге шолу жасай отырып, поэтикалық дискурстың лингвистикалық зерттелу бағыттарын және негізгі белгілері мен ерекшеліктерін айқындау;

- поэтикалық дискурстың прагмалингвистикалық сипатын, иллокутивті сөйлеу актісі, пресуппозициядағы көріністерін талдау;

- поэтикалық дискурстағы паралингвистикалық коммуникация қызметі мен просодика тәсілдерінің қолданысын дәйектеу;

- адамның эмоционалдық сипатына байланысты поэтикалық дискурста орын алатын гезитациялық, эмоциялық, вокалданған кідірістердің прагматикалық қызметін сипаттау;

- қазіргі заманғы ағылшын және қазақ поэтикалық дискурс үлгілерінің фонетика-фонологиялық және просодикалық транскрипциясын үлгілеу;

- ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың просодикалық құрылымдарын, лингвистикалық жәнестилистикалық белгілерін, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін кешенді түрде сипаттап, олардың құрылымдық-мазмұндық, коммуникативтік-прагматикалық аспектілердегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері келесі еңбектердің ғылыми нәтижелеріне негізделеді:

- жалпы дискурс теориясы: М.Фуко, Т. ван Дейк, Н.Фэрклаф, Д. Шиффрин, Э. Бенвенист, Ю.Хабермас; В. И.Карасик, Н. Д.Арутюнова, Ц.Тодоров, М.М. Бахтин, М. Л. Макаров; Г. Н. Смағұлова, К. Қ. Садирова, Ш. А.Нұрмышева, Г. К. Кенжетаева, Т.О. Есембеков, Б. А.Ахатова, Н. С. Исакова;

- поэтикалық дискурс теориясы: Р. О.Якобсон, Ц.Тодоров, П. Рикер, М.М. Бахтин, Ю. М.Лотман, Ж. Деррида, П. де Ман, Дж. Каллер, Т. Иглтон, М. Шорт, Дж. Лич, П. Вердонк, К. Грин, Э. Симпсон, Ю. С. Кристева, Н.В. Монгилева, З.А. Ахметов, Е. С. Исмаилов, Р. С.Сыздықова, С. Оразалин, З. М. Базарбаева;

- коммуникативтік-прагматика бойынша: Дж.Остин, Дж.Серль, П.Грайс, Р. Столнейкер, Дж.Лич, Ч. У. Моррис, Т. В. Булыгина, Ю. С. Степанов, И. П.Сусов, Л. А. Новиков, Э. С. Азнаурова, Н. М. Уәли, Қ.Ө. Есенова, З. Ш. Ерназарова, Д. А. Әлкебаева;

- поэзияпросодиясы: З.М. Базарбаева, П.Элбоу, Р. Кьюретон, Д. Кристал, А.Ж. Аманбаева, Ю. В. Казарин, Е. Б. Карневская, С. М. Рогожина, Ж. Қ. Қалиев, Қ. Қ. Жұбанов, Ж. А. Аралбаев, Ә.Жүнісбек, А. М. Жалалова.

Зерттеу әдістері мен тәсілдері. Зерттеу барысында типологиялық, салыстырмалы-салғастыру, экспериментті-фонетикалық, аудиторлық, фонологиялық, акустикалық, интонологиялық, просодикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар

- Поэтикалық дискурс – эстетикалық мақсатқа бағытталған, адресант пен адресат арасындағы тілдік-шығармашылық өзара әрекетке негізделген, көркемдік, экспрессивтік және прагматикалық белгілермен сипатталатын күрделі семантикалық және коммуникативтік құрылым. Поэтикалық дискурстың рифма мен ырғақ, дыбыстық үйлесімдер, шумаққа бөліну сияқты құрылымдық ерекшеліктері және мағыналық күрделілігі, жасырын мағынасы, синтаксистік стилистикалық құралдардың қолданылуы, автордың эмоциялық күйінің ерекше берілуібасты белгілері болып табылады. Поэтикалық дискурстың құрылымдық ерекшеліктері оның фонетикалық және синтаксистік деңгейлерінде айқын көрініс тауып, поэтикалық дискурсты эмоционалды, символдық және эстетикалық тұрғыдан күрделі, көпқабатты жүйе ретінде сипаттайды.

- Поэтикалық дискурстың прагмалингвистикалық бейнесі мен просодикалық құрылымы поэтикалық дискурстың терең мағыналық және прагмалингвистикалық деңгейін ашуға мүмкіндік береді. Поэтикалық дискурстың көпқабатты прагматикалық мазмұны автордың сөйлеу интенциясына негізделе отырып, оқырман қабылдауындағы сөйлеу актілері арқылы жүзеге асатын негізгі құрамдас бөлігі ретінде танылады. Поэтикалық дискурста иллокутивті актілер арқылы адресанттың адресатқа әсер етуі мақсат етіледі: бұйыру, тілек білдіру, сұрау, сендіру, мойындату сияқты әр түрлі сөйлеу коммуникативті мақсаттары көрініс табады. Поэтикалық дискурстағы пресуппозиция — адресант пен адресат арасындағы ортақ аялық білім мен мәдениетаралық түсініктің негізінде жүзеге асады. Пресуппозициялық құрылымдар поэтикалық дискурс ішіндегі астарлы мағына мен тұспалдарды жеткізудің негізгі құралы ретінде сипатталады. Поэтикалық дискурстағы просодикалық бірліктердің прагматикалық қызметі ретінде автор интенциясын жеткізу, эмоциялық күйді бейнелеу, мәтіннің коммуникативтік реңкін қалыптастыру және оқырманға ықпал ету әлеуеті дәйектелді. Поэтикалық дискурста дауыс екпіні, интонация, кідіріс, қарқын және ырғақ тәрізді просодикалық тәсілдер мәтіндегі коммуникативтік мазмұнды айқындап, оның прагматикалық әсерін күшейтуге ықпал етеді. Нәтижесінде, поэтикалық дискурстың прагмалингвистикалық сипаты мен паралингвистикалық-просодикалық бірліктері тұтас коммуникативтік-поэтикалық кеңістікті құрайды.

- Поэтикалық дискурста хезитациялық, вокалданған кідірістер поэтикалық дискурстың прагматикалық сипатын құрайды. Олар мәтіннің эмоциялық экспрессиясын күшейтіп, автордың ішкі күйін просодикалық деңгейде жеткізу

құралы ретінде танылады. Кідірістер мен просодикалық тәсілдер белгілі бір поэтикалық мазмұнының прагматикалық әлеуетін күшейтеді, яғни тыңдаушы/оқырман тарапынан когнитивтік және эмоциялық қабылдауды арттырады. Хезитациялық белгілер мағынасына орай мәтіндегі шүбә, қимастық, күрделі шешімжағдаятын білдіретін метапрагматикалық функциясын атқарады. Просодикалық кідірістер мәтіндегі семантикалық екпінді күшейтіп, белгілі бір тармақтың маңыздылығын айқындайды. Бұндай поэтикалық дискурстың просодиялық құрылымы ерекше фонетикалық көрініс таба отырып, автордың интенциясын нақтылау немесе тыңдаушыға әсер ету мақсатына қызмет етеді. Осылайша, хезитациялық және вокалданған кідірістер поэтикалық дискурстың прагматикалық әлеуетін толықтыратын маңызды суперсегменттік құралдар болып табылады.

- Зерттеу барысында ағылшын және қазақ поэтикалық дискурстарының фонетика-фонологиялық және просодикалық сипаттарын үлгілеу мақсатында арнайы аудиторлық және инструменталды-фонетикалық эксперименттер жүргізу арқылы поэтикалық дискурстың синтагмалық құрылымы, интонациялық толқындар, кідірістер, екпін, тональдық өзгерістер негізінде транскрипцияланды. Фонетика-фонологиялық үлгілеу барысында әр тармақтың ритмдік бунақтары мен сөйлем түріне сәйкес интонемалар айқындалып, ағылшын тіліндегі поэтикалық дискурста жиі кездесетін бұйрықты құрылымдар көтеріңкі интонациямен және қарқынды екпінмен ерекшеленсе, қазақ тіліндегі мәтіндерде бірқалыпты салмақта, жоғары-бәсең ырғақтар көп жағдайда біркелкі болатындығы анықталды. Просодикалық транскрипцияда шартты белгілер арқылы синтагмалық жіктер мен дауыс қарқыны көрнекі түрде көрсетілді. Просодикалық дискурстың құрылымын анықтауда Praat компьютерлік бағдарламасын қолдану арқылы ағылшын және қазақ тілдерінде өлеңдерге талдау жасалып, тармақтар мен синтагмалардың ұзақтығы, қарқыны, тон жиілігі, интенсивтілігі айқындалды. Ағылшын және қазақ тіліндегі ырғақты, ыңғайластыққа, рифмалық ұқсастыққа, буын үйлесіміне құрылған поэзияның көлемі жағынан үлкенді-кішілі түрлерінің өзіне тән семантикалық-синтаксистік ерекшеліктерімен қатар интонациялық және просодикалық ерекшеліктері де бар. Ағылшын тілінде дауысты дыбыстардың созылыңқылығы мағына ажыратушы фонемалық қызметке ие болса, ал қазақ тілінде дауысты дыбыстардың ұзақтығы мағына ажырату қызметін атқармайды, олар көбінесе экспрессивтік немесе просодикалық мақсатта ғана қолданылады. Ағылшын және қазақ тілдерінде кей жағдайларда рифма ережелері сәйкес келмейді, бұл ағылшын өлеңінің силлабо-тоникалық, ал қазақ өлеңі силлабикалық болуымен байланысты.

- Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктері әр тілдің фонетика-фонологиялық жүйесіне және ұлттық поэтикалық дәстүрлеріне сәйкес қалыптасады. Типологиялық ұқсастықтар тұрғысынан ағылшын поэтикалық дискурсында екпін-ырғақ жүйесі, аллитерация мен ассонанстың дыбыстық эстетика қалыптастырудағы рөлі жоғары екені дәлелденсе, қазақ поэзиясында буынға негізделген ырғақ,

үндестік заңы, ұйқас үйлесімі мен дәстүрлі қара өлең өлшемдері негізгі стилистикалық белгілер ретінде көрініс табады. Типологиялық ұқсастықтар қатарында ырғақтық құрылымдар мен дыбыстық бейнелеу элементтері аталғанымен, олар ағылшын тілінде экспрессия, ирония және эмоцияны дәл жеткізу құралы ретінде, ал қазақ тілінде ұлттық дүниетанымды бейнелеу, көркемдік әсер тудыру және эпикалық кеңістікті сипаттау қызметін атқаратын түрлі прагматикалық функциялармен ерекшеленеді. Ағылшын мәтіндерінде рефлексивті сипаттағы интонация көрініс тапса, қазақ поэзиясында кең тынысты, мәнерлі әрі үндік бай реңктер байқалды. Ағылшын және қазақ поэзиясын лингвистикалық құрылымдар тұрғысынан салыстырмалы талдау нәтижесінде, ағылшын өлеңдерінде семантикалық астар мен ирония, синтаксистік вариациялар жиі қолданылатыны анықталса, қазақ поэзиясында символдық жүйе, метафоралық бейнелеу және кеңістіктік-эпикалық баяндау ерекшеліктері басым қолданысқа ие бола отырып, қарастырылып отырған тілдердің өзіндік ұлттық-мәдени, ұлттық дүниетаным үлгілерін бейнелейтіні айқындалды. Зерттеу нәтижесінде екі тілде де просодикалық тәсілдердің поэтикалық форма жасауға ғана бағытталмай, прагматикалық мағына мен эмоциялық реңк қалыптастыруда да маңызды рөл атқаратыны нақтыланды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Алғаш рет отандық тіл білімінде поэтикалық дискурс туыс емес ағылшын және қазақ тілдері бойынша салғастырмалы түрде зерттелді. Қазіргі ағылшын және қазақ поэтикалық дискурсының просодикалық сипаты коммуникативті-прагматикалық аспектісі аясында эксперименталды, аудиторлық қолданбалы әдістерді қолдана отырып ғылыми түрде зерделенді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер дискурс, прагмалингвистика, поэтикалық дискурс, просодия теорияларының дамуына өз үлесін қосады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында «Поэтикалық дискурс теориясы мен методологиясы», «Қазіргі ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурс» т.б. арнайы курстарды жүргізуде және оқу құралдарын жазу барысында қолдануға болады.

Зерттеудің дереккөздері ретінде қазіргі ағылшын поэзиясының озық үлгілері санатындағы Британ империясының орденінің (Order of the British Empire) иегері Венди Коуптың «If I Don't Know» (2001) және «Two Cures for Love» (2008) атты жинақтарынан және қазақ тілінде өзіндік қолтаңбасы бар Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Нәзікен Алпамысқызының «Күрең шетен» (2005), «Жарқырап аспанымда күн тұрғанда» (2011) атты өлең кітабы жинақтарындағы туындылары сарапталды.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы

Осы диссертациялық жұмыстың басты нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 9 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде 2 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасына енгізілген халықаралық

рецензияланған журналда, ҚР ҒЖБМ Ғылым және Жоғары Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімге енген журналдарда 3 мақала, халықаралық конференцияларда 4 мақала, 1 мақала коллективті монографияда жарияланды.

- Linguostylistic characteristics of repetitions in a literary text and its importance in English language // IV International Scientific and Practical Conference «Social and Economic Aspects of Education in Modern Society». Warsaw, Poland. – 2018. – Vol. 3. – pp.24-26.

- Poetic discourse and its main features // Ғылыми журнал Общество № 2(13), 2019 РИНЦ. «Общество: научно-образовательный потенциал развития (идеи, ресурсы, решения)» атты VII Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Чебоксары, Ресей, 31 мамыр 2019 ж. – 87–9166.

- Development of the internal form of phraseological unit of the media // Journal of Language Research and Teaching Practice. – 2020. – Vol. 3. – pp.73-82

- Structural features and semantic formation of poetic discourse // «European Research Materials» 2-ші Халықаралық ғылыми конференция материалдары (April 6-7, 2023). Амстердам, Нидерланды. – 2023. –№2 – 263-26866.

- Linguostylistic specifics of the pragmatic and symbolic realization of the English poetic discourse // Xlinguae. – 2021. - Volume 14, Issue 2. - pp. 215-226. DOI:10.18355/XL.2021.14.02.16 Citescore (2021): 2.5, Arts and Humanities: Language and Linguistics: 87.

- The representation of nonverbal communication methods in the poetic discourse // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. –№ 1 (72). – 232-24566.

- Poetic subcorpus: prosodic marking // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы.– 2024. – 1(146)– 49-5766.

- Rhyme in contemporary poetic discourse: communicative-pragmatic characteristics // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. –№3 (74.– 290-30366.

- Prosodic Characteristics of Poetic Text in the Kazakh Language // Xlinguae. – 2025. - Volume 18 Issue 1. - pp.96-111. DOI:10.18355/XL.2025.18.01.08 Citescore (2024): 1.7, Arts and Humanities: Language and Linguistics: 77.

- Rhyme in the contemporary poetic discourse: communicative-pragmatic characteristics / А. В. Srailova. –Текст:непосредственный // Лингвокультурное воздействие в разных типах дискурса: к 20-летию научной школы М.Р. Желтухиной: коллективная монография / Отв. ред. Е. В. Доброниченко. – Волгоград: ООО «Прин Терра-Дизайн», 2024. – с.122-135.

Зерттеудің құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері, теориялық және әдіснамалық негіздері, әдістері мен тәсілдері, қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар, ғылыми жаңалығы, теориялық және

практикалық маңыздылығы, дереккөздері, жұмыстың талқылануы мен жариялануы сипатталған.

Бірінші тарауда поэтикалық дискурстың теориялық негіздері талданып, оның тіл біліміндегі орны мен лингвистикалық зерттелу бағыттары сараланды. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың негізгі белгілері, құрылымдық ерекшеліктері мен поэтикалық дискурстың көркемдік-коммуникативтік сипаты қарастырылды. Сонымен қатар, поэтикалық дискурстағы пресуппозиция, локутивті, иллюкутивті және перлокутивті актілер арқылы автор интенциясының көрініс табу жолдары прагмалингвистикалық тұрғыдан сипатталды.

Екінші тарауда поэтикалық дискурстағы вербалды және паралингвистикалық коммуникация құралдарының автор интенциясын жеткізудегі қызметі сипатталады. Интонация, екпін, ырғақ, кідіріс, тембр, дауыс реңкі мен қарқыны сияқты просодикалық тәсілдердің поэтикалық дискурстағы прагматикалық және экспрессивтік әлеуеті талданады. Сонымен қатар, поэтикалық дискурстағы гезитациялық құбылыстар мен вокалданған кідірістердің эмоционалды-когнитивтік әсері мен олардың тыңдаушы қабылдауындағы рөлі айқындалады.

Үшінші тарауда ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың просодикалық құрылымы фонетика-фонологиялық және просодикалық транскрипция әдістері негізінде үлгіленіп, жүйелі түрде сипатталды. Эксперименталды-фонетикалық зерттеу арқылы интонация, ритм, қарқын, тон сияқты просодикалық бірліктердің ерекшеліктері мен қызметі нақты поэтикалық мәтіндер негізінде талданды. Аталған тілдердегі поэтикалық дискурстың ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен просодикалық сипаттамалары салыстырмалы түрде сарапталып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды.

Қорытынды бөлімде ғылыми зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары берілген.

1 ПОЭТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың лингвистикалық зерттелу бағыттары

Жалпы, *дискурс* ұғымы алғаш рет XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап философия саласында кеңінен қолданыла бастады. *Дискурс* ұғымы алғаш жүйелі түрде қарастырған Ю.Хабермас оны қарым-қатынасқа, сұхбатқа имманентті (іштей тиесілі), сол дәуірдің қоғамдық өмірінде орныққан нормалар, ережелер мен құндылықтарды біріктіретін идеологиялық әрі жалпы белгілер жүйесі ретінде сипаттайды [1].

Қазіргі тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде *дискурс* (фр. discours) тілдік коммуникацияның бір түрі ретінде анықталады. Кең мағынасында ол белгілі бір кезеңнің мәдени-тілдік контекстін білдіріп, мазмұнына рухани-идеологиялық мұралар, көзқарастар мен дүниетанымдық бағдарларды қамтиды. Ал тар мағынасында дискурс – мәні бар іс-әрекет пен актінің нақтылы тілдік көрінісі ретінде түсіндіріледі [2]. Э. Бенвенист еңбектерін негіздеп, сөйлем арқылы тілді таңбалар жүйесі ретінде түсінуден гөрі, оны қатынас құралы ретінде қарастыруға бет бұрып, осы тұрғыдан дискурсты сөйлеудің көрінісі деп сипаттайды, және оның ауызша және жазбаша сөйлеудегі шектерін кеңітіп қана қоймай мәтіннен айырмашылығын көрсетті [3]. Сонымен қатар, ол айтылым теориясын қалыптастыра отырып, француз тіл білімі аясында дәстүрлі түрде қолданылып жүрген *дискурс* терминін жаңа мағынада қолдана білді.

Қазіргі таңда аталмыш термин *мәтін, сөйлесім, функционалдық стиль* сияқты бірқатар ұғымдармен қатар қолданылып жүргені белгілі. Мысалы, әр *дискурс* – мәтін, бірақ әр мәтін дискурс емес деген Н.Н. Зяблованың қысқа да нұсқа сипаттамасы зерттеушілердің арасында кеңінен тараған [4]. Ал Т.Н. Николаева ұсынған анықтамада бұл ұғымның көпқырлылығы байқалады: Дискурс – лингвистикалық мәтіндегі көп мағыналы термин. Олардың ішінде ең маңызды мағыналары: 1) байланысқан мәтін; 2) мәтіннің ауызша-жазбаша формасы; 3) мән-мағынасы бірдей пікір алысушы топ; 4) диалог; 5) ауызша немесе жазбаша сөйлеу [5]. Бұл пікір отандық ғалым, дискурс зерттеуші Б. Ахатова да *дискурс* қарым-қатынастың сыртқы жағдаятын және этномәдени, әлеуметтік, психологиялық аспектілер мен менталды саланы біріктіретін коммуникативті жағдаятты көрсететін сөйлеу коммуникациясы деп анықтайды. Автордың пікіріне сүйенер болсақ, дискурс қарым-қатынас субъектілерінің ішкі әлемін де көрсетеді [6].

Е.Ф. Киров *дискурс* ұғымына қатысты көзқарасында, оны белгілі бір мәдениет аясында, әртүрлі тілдерде айтылып-жазылған барлық құбылыстарды қамтитын күрделі құрылым ретінде сипаттап, оның мәні тіл мен тілдік формалардың коммуникациялық дамуына тығыз байланысты екенін және бұл үдерістің болашақта да жалғасатынын атап көрсетеді [7].

Дискурс теориясына қатысты жазылған зерттеулерде дискурс түрліше анықталып жүр. Д. Әлкебаеваның пікірінше, дискурс – мағыналық-ақиқаттық

мазмұнымен қатар, экстралингвистикалық факторлармен де жүйеленетін сөйлесімдер болып табылады және ол нақты айтылған сөз ұғымына сәйкес келеді деп есептеледі [8]. Ж. Кеншінбаева дискурсты қолданыстағы мәтін ретінде, яғни сөйлеу тілінің нақты коммуникативтік байланыс орнатудағы қызметі тұрғысынан түсіндірсе, профессор Н. Уэли фрейм ұғымын автор, сөз актісі – адресат және сөз жағдаятынан құралған коммуникативтік уақиғаретінде сипаттайды [9, 10]. Г. Бүркітбаеваның пайымдауынша, дискурс – мәтін, оған қатысушы тұлғалар мен коммуникативтік жағдаяттың бірлігі болып табылады [11]. Ал К. Садирова дискурсты дайын мәтіннің сөйлеу әрекетін жүзеге асырушылар мақсатына сәйкес күрделі әрі нақтылы коммуникативтік құбылыс ретінде сипаттайды [12].

Ал Ш. А. Нұрмышеваның айтуы бойынша, дискурс – бұл коммуниканттардың сөз жағдаятын ескере отырып, шынайы өмірдегі оқиғаларды өздерінің когнитивтік, тілдік және аялық білімін, сондай-ақ прагматикалық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы коммуникативтік мақсатқа сай тілдік формаға көшіруі, бұл үдеріс олардың өзара диалогқа түсу әрекетінде лексикалық, грамматикалық және фонетикалық жүйелер арқылы жүзеге асады [13]. Ғалымдардың дискурс ұғымына берген анықтамалары әртүрлі болғанымен, олардың ортақ тұстары бар: дискурс диалогтік сипатқа ие және ол сөз жағдаятына сәйкес жүзеге асатын сөйлеу әрекеті ретінде танылады. Диалогтік сипатты тек қатысушылардың екеуден көп болуы ғана емес, сонымен бірге мәтіннің белгілі бір адресатқа бағытталуы қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда тыңдаушы автордың өзі болуы мүмкін, мысалы, күнделік жүргізу немесе адамның өзімен-өзі ойша сөйлесуі секілді жағдаяттарда сөзтүзуші де, оны қабылдаушы да бір субъект болады. Осы негізде біз дискурсты – шынайы болмыстың үзінділерін сөйлеу әрекеті арқылы санаға көшіру және оларды тілдік бірліктермен таңбалау үдерісі деп түсінеміз.

Дискурстың көпаспектілігі оның көптекті анықтамасымен, аталмыш концепцияның бір ғылыми бағытта тез дамуымен көрініс табуда. Егер америкалық лингвистика дискурсқа байланысты сөйлеу тілімен (connected speech) және диалогпен байланыстырса, ал еуропалық дәстүр бойынша дискурс ол адамзаттық жинақтаған білім жүйесін көрсету үшін қолданылады екен.

Егер дискурсты талдауда американдық және еуропалық зерттеу бағыттарын салыстыратын болсақ, онда еуропалық бағытта зерттеулер көбіне философиялық-идеологиялық негізде жүргізіледі. Неміс оқымыстысы Масстың көзқарасы бойынша, кезкелген дискурсты талдауды әлеуметтік практиканың және оның құрылу уақытының – оның ішінде тарихи, идеологиялық және психологиялық аспектілердің көрініс ретінде қарастыруға болады деген.

Жалпы дискурсты талдаудың үш зерттеу бағыттары айқындалған:

- Англоамерикандық лингвистикалық дәстүр, яғни дискурсты байланыстырып сөйлеу ретінде қарастырып және өз назарын жіберуші мен қабылдаушының өзара әрекеттесуіне аударады.
- Амстердамдық когнитивті – бағдарланған дәстүр, дискурсивті талдаудың Т. ван Дейк бастаған мектеп;

- Немістік дискурсивті талдау мектебі француз тарихшысы, социологы және тіл маманы М.Фуконың концепциясы негізінде пайда болған.

Қазіргі таңда дискурсты зерттеу аспектісінің ерекшелігіне орай, төмендегідей талдаулар негізінде жүргізіледі: сөйлеу актілерінің теориясы (Дж.Остин, Дж.Серль, Дж.Сейдок, П.Коул, Д.Вундерлих және т.б.); диалогтың лингвистикалық талдауы (М. Даскаль, Ф. Хундснуршер, Э.Вайгант, Г.Фриц, Л.Карлсон және т.б.); лингвистикалық дискурс талдау (Бирмингемдік мектеп: Дж.Синклер, М.Култхард, Д.Брэзил, Д.Гиббон); мәтін лингвистикасы (В.Дресслер, Р. Де Богранд, Т. ван Дейк, З.Шмидт) және мәтін грамматикасы (З. Лонгейгер, Т.Гивон); критикалық дискурс – талдау (Н. Фэрклоу, Р.Лакофф, Р.Водаак, Т. ван Дейк); өзгермеліліктің социолингвистикалық талдау (У.Лабов, С.Эрвин-Трипп).

Сонымен қатар, әртүрлі ғылымдар тоғысында модельдер қолданылады:

- интерактивті социолингвистика;
- коммуникацияның этнографиясы;
- дискурсты түсіндіру моделі;
- дискурсты түсінудегі когнитивті және психолингвистикалық моделдер.

Жоғарыда аталған дискурсты зерттеудің әртүрлі бағыттары мен модельдері оның күрделі және көпқырлы табиғатын көрсетеді. Бұл салада бірыңғай және нақты зерттеу тәсілінің әлі де толық қалыптаспауын дискурстың мазмұндық, құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін әр қырынан қарастыру қажеттілігімен түсіндіруге болады. Осы орайда, дискурстың мәнін тереңірек түсіну үшін аталмыш бағыттар аясында дәйектелінген ғалымдар ұсынған анықтамаларға сүйену маңызды. Төменде берілген *дискурс* ұғымына қатысты анықтамалар оның зерттелуіндегі басты концептуалдық ұстанымдар мен ерекшеліктерді сипаттайды:

- экстралингвистикалық факторлар мен коммуникация жағдаятының жеткіліктілігі; тұтас бағытталған әлеуметтік іс-әрекет; фреймдер немесе сценарийлердің типтік жағдаяттары; оқиға аспектісіндегі мәтін; когерентті мәтін; импликациялар мен пресуппозициялар; дискурс түпкі концепт айналасында шоғырланады; дискурс жалпы контекст құрайды, ол әрекет етуші тұлғаны, объектіні, уақытты, іс-әрекетті сипаттайды; күрделі коммуникативті құбылыс, мәтіннен басқа да экстралингвистикалық факторларды құрайды; дискурс мәтінде көрініс табады; ситуациялық контекстпен тығыз байланысты мәтіндер; жеке нақты коммуникативті іс-әрекет; дискурс өзіндік лингвистикалық және экстралингвистикалық қасиеттерге ие; прагматикалық контекстің компоненттері; дискурс коммуникативті әрекет немесе коммуникативті акт ретінде толық сипатталады; дискурсты талдау синтаксис пен семантиканы, тіпті, ең алдымен прагматиканы зерттеуден басталады; дискурс тіл/сөйлеуді қарама-қарсы қойған кезде қарастырылады.

Жоғарыда келтірілген анықтамалар нәтижесінде зерттеушілер дискурстың экстралингвистикалық және әлеуметтік сипаттамасына баса назар аударғанын байқаймыз. Сонымен қатар, маңызды сипаттамаларының бірі оның когнитивті және психолингвистикалық аспектілері болып табылады. Сондай-ақ, жоғарыда

берілген анықтамалардағы ең маңызды ерекшеліктердің бірі – оның экстралингвистикалық факторында, нақтылай айтсақ, коммуникативті актілер мен коммуникативті жағдаяттарда екенін аңғарамыз.

Дискурс алғашқы зерттеулерде *сөйлемнің* немесе *сөйлеу актісінің* ғана байланысы ретінде қарастырылса, кейін келе оның ауқымы кеңейіп, күрделі коммуникативтік қарым-қатынасты, сонымен бірге экстралингвистикалық факторлар арқылы түсу үдерістерін қамтиды.

Сөйлеу коммуникациясы мен дискурстың атқаратын қызметін анықтау барысында олардың бірдей, тең дәрежеде іске асатыны байқалады. Осы орайда Ч. Моррис мәтін мен дискурсты мәтін – сөз актісінің жазудағы көрінісі болса, ал дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы қызметі деп сипаттайды [14]. Осы жағынан алып қарайтын болсақ, дискурс – экстралингвистикалық факторларды әлем туралы білімі мен көзқарасы, айтушының мақсаты мен бағытын қамтитын күрделі коммуникативтік құбылыс. Дискурста коммуникативтік жағдаят пен оған қатысушылар және тілдік материалдар тоғысып жатады.

Т. ван Дейк дискурс мәтіннің статикалық күйінен динамикалық күйін зерттеуге көшуідеп анықтай келе, дискурс талдау теориясы жаңа ғылым саласы ретінде қалыптасуының басталуы мәдени мифтер мен әдеби шығармаларды зерттеу үрдісіне құрылымдық лингвистиканың әдістерін пайдаланудан болады деп есептейтіндігін айтады [15].

Г. Смағұлова мен Г. Кенжетеева дискурс пен мәтіннің арақатынасын прагматикалық, коммуникативтік және формалды белгілер тұрғысынан салыстыра отырып талдайды. Г. Смағұлова дискурсты тыңдаушы мен сөйлеуші арасындағы тікелей, ауызша, акустикалық әрі динамикалық коммуникативтік акт ретінде сипаттап, мәтінді керісінше визуалды, жазбаша және статикалық формадағы тілдік өнім ретінде қарастырады [16]. Ал Г. Кенжетеева дискурсты нақты коммуникативтік ситуацияда пайда болатын, вербалды және вербалды емес амалдармен өрбитін екіжақты қатынас үдерісі ретінде сипаттап, мәтінді графикалық формада ұсынылған, өңделген және авторлық сипаттағы сөйлеу нәтижесі ретінде қарастырады [17]. Бұл ұстанымдар *дискурс* пен *мәтіннің* айырмашылығын олардың жүзеге асу формасы, уақыт пен кеңістікке тәуелділігі, сондай-ақ коммуниканттар арасындағы тікелей қатынас сипаты арқылы жүйелі түрде айқындайды.

Сонымен, қазіргі таңда *дискурстек* мәтін немесе сөйлеу әрекетімен шектелмей, адам өмірінің әртүрлі қырларымен сабақтас экстралингвистикалық факторларды қамтитын күрделі коммуникативтік құбылыс ретінде танылады. Ал *мәтінді* дискурстың жазба формадағы бейнесі ретінде қарастыруға болады.

Дискурстық талдауда зерттеу объектісін қарауға көзқарасты ауыстыру нәтижесінде дискурстың динамикалық сипаты айрықшакөрініс тапты. Мәтіннен басқа дискурсивті талдау негізінде бірқатар жағдаяттық, когнитивті және прагматикалық факторлар да ескерілді, олардың қатарына жағдаяттың шарттары, әлемтану, пресуппозиция жатады [18].

Зерттеуімізде Т. ван Дейк, Л. Панова, Н. Кузьмина және т.б. ғалымдар атап өткен дискурсты коммуникативтік уақиға және прагматикалық мақсаттарға негізделген сөйлеу актісі ретінде тани отырып, дискурстың коммуникативтік-прагматикалық аспектісіне айрықша тоқталуды жөн көреміз.

Т. ван Дейктің көзқарасына сәйкес, дискурс – бұл тілдік форма, мағына және әрекет бірлігінде жүзеге асатын күрделі коммуникативтік уақиға болып табылады және ол прагматикалық контексті ескеруді қажет етеді. Мұндай көзқарас бойынша, дискурсты дұрыс түсіну үшін тек мәтін мазмұны ғана емес, сонымен қатар оны тудыратын және қабылдауға әсер ететін экстралингвистикалық, когнитивтік және жағдаяттық факторлар да толық қамтылуы тиіс [19].

Дискурс – көпдеңгейлі үдеріс, сондықтан ол сөйлеушінің вербалды қатынасын, яғни дауыс ырғағын, интонациясын, сөйлеуді кідірістер арқылы бөлуді, сондай-ақ вербалды емес қатынасын, атап айтқанда ым-ишара, қимыл-қозғалыс сияқты коммуникативтік құралдарды да қамтиды. Сондай-ақ *дискурс* грамматика мен стилистика заңдылықтары негізінде жүзеге асатын, автордың белгілі бір ойын не коммуникативтік мақсатын бейнелейтін, прагматикалық мазмұнға ие әрі когнитивтік тұрғыдан құндылықтар жүйесін тануға мүмкіндік беретін тұтас тілдік құбылыс болып табылады. Демек, *дискурс* – тілдік шығарманың айналасында жинақталған, прагматикалық және когнитивтік сипаттарымен ерекшеленетін, шығарма иесінің өзіндік қырын танытатын күрделі жүйе.

Дискурс тек сөйлеу әрекеті арқылы дамып, оның түрлері де осы негізде айқындалатынын ескерсек, әртүрлі тілдер мен олардың қолданылу аясына қатысты жүргізілген зерттеулер бұл құбылыстың қазіргі тіл біліміндегі өзектілігін дәлелдейді. В. И. Карасик еңбектерінде дискурсты талдау қарым-қатынас жағдайы мен мақсатына негізделіп, осы өлшем бойынша тұлғаға бағытталған жеке дискурс пен белгілі бір қоғамдық салада жүзеге асатын институционалдық дискурс ажыратылатыны көрсетіледі [20]. Институционалдық дискурс – белгілі бір әлеуметтік құрылым шеңберінде жүзеге асатын қарым-қатынас түрі. Атап айтқанда, адресант пен адресат арасындағы коммуникация, сондай-ақ түрлі әлеуметтік топтар мен ұйымдардың сөйлеу әрекеті қарастырылады [20]. Институционалдық дискурсты сипаттау кезінде оған тән бірқатар белгілер анықталады: қатысушылардың қоғамдағы орны мен рөлі, шараның уақыты мен өту кеңістігі, тақырыптық мазмұны, мақсаты және тағы басқа параметрлер. Төрт түрлі айырықша белгілерді атайды:

- дискурстың конститутивті белгілері (дискурсқа қатысушылар, олардың мақсаттары, стратегиялары, қарым-қатынас аясы);
- дискурстың институционалдық белгілері (белгілі сала құрылымдар агенттерінің сипаттамасы);
- институционалдық дискурстың белгілері (қоғамдық институт);
- бейтарап белгілері (жеке тұлғаға бағытталған белгілері) [20]

Қорытындылай келгенде, институционалдық дискурс белгілі бір кәсіби ортадағы тұлғалардың өзара қарым-қатынас алмасуын білдіреді. Осыған сәйкес поэтикалық дискурсты институционалдық дискурстың дербес түрі ретінде қарастыруға болады. Қазіргі лингвистика ғылымының дамуы антропоцентристік бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулермен сипатталады.

Қазіргі тіл білімінің даму кезеңінде зерттеулер адам танымы мен ойлау құрылымын тіл арқылы тануға бағытталуда. Ақпарат көлемінің артуы, лингвистикадағы жаңа ғылыми жаңалықтардың ашылуы және адам факторы мен тіл арасындағы кешенді байланыстың тереңдеуі бұл саланың жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етті. Осы бағытта мәтін жоғары деңгейдегі зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, өткен ғасыр ғылымында оның динамикалық сипатына ерекше көңіл бөлінді. Әлемдік тіл білімінде мәтін әртүрлі қырынан – коммуникативтік және прагматикалық аспектілер тұрғысынан зерттеліп жатқан кезеңде, өткен ғасырдың соңына қарай дискурстық талдаудың дербес зерттеу нысаны ретінде қалыптасуы заңды ғылыми құбылыс деп бағаланады.

Қайсібір мәтінді алсаңыз да *автор* мен *оқырман* арасында байланыс орнайды, бұл өз кезегінде коммуникативтік актіні қалыптастырады. Коммуникацияның мұндай актісі қарама-қарсы екі тараптың өзара әрекетін қамтиды: мысалы, хабар таратушы – хабар алушы, жазушы – оқушы, сөйлеуші – тыңдаушы, адресант – адресат. Осы тұрғыда сөйлеу қатысымындағы коммуникация *адресант* пен *адресат* арқылы жүзеге асса, мәтіндік коммуникация автор мен оқырман арасындағы байланысты білдіреді. Сөйлеу коммуникациясында ауызша қарым-қатынас орын алса, жазбаша формада мәтін арқылы *автор* мен *оқырман* арасындағы өзара ықпал көрінеді. Бұл жағдайда автор мәтін арқылы оқырманға әсер етіп, оның білім аясын кеңейтуге және жаңа көзқарастардың қалыптасуына ықпал етеді, ал дискурс тікелей ауызша коммуникация негізінде қарым-қатынас орнатады. Демек, дискурс – сөйлеу актісі мен оның жүзеге асуы болса, мәтін – тілдік жүйедегі лингвистикалық білім аясының көрінісі болып табылады. Осыған байланысты Н. Д. Арутюнова да дискурсты экстралингвистикалық, социоллингвистикалық, психоллингвистикалық және өзге де факторлармен сабақтас қарастырылатын мәтін, яғни нақты жағдаяттағы байланысты мәтін ретінде сипаттайды [21, 1366.].

Қазіргі кезеңде дискурстың қолданылу аясын ескере отырып, оның әртүрлі түрлері айқындалады: ғылыми, әскери, іскери, шешендік, поэтикалық, балалық, масс-медиа, жарнама, экономикалық, педагогикалық, электрондық дискурс және тағы басқалары. Дискурс түрлерінің әрқайсысы белгілі бір мақсатқа бағытталған ой-пікір мен танымдық түсініктерге негізделеді.

Жалпы дискурс ұғымы прагмалингвистика, психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, антропология, әдебиеттану, лингвомәдениеттану, философия ғылымдарының тоғысында орналасқандықтан, оны категория ретінде нақты анықтау күрделі мәселе болып саналады. Прагматикалық қырынан қарастырғанда, дискурста автордың мәтінге қатысы, өз туындысын оқырманға бағыттап, оған ықпал ету ниеті ерекше байқалады. Әсіресе бұл поэтикалық

шығармаларда айқын көрініс табады, өйткені ақынның ішкі сезімі мен қиялы өлең жолдары арқылы ашылады. Зерттеу нысанына орай төменде поэтикалық дикурстың сипаттамасына тоқталамыз.

Поэтика термині – гректің «*pólitiká techné*» – «шығармашылық өнер» деген сөздерінен пайда болған. Ю. Лотманның пайымдауынша, поэтика – көркем шығармадағы құндылықты бар болмысымен айқындайтын жүйені зерттейтін, әдебиеттану мен лингвистиканың тоғысында орналасқан ғылым саласы болып табылады [22]. Сондықтан поэтиканы тек қана әдебиеттану тұрғысынан ғана емес, тілтаным тұрғысынан да зерттеп, өзіндік ерекшеліктерін анықтауға болады.

Жалпы поэтика ғымын алғаш рет зерттегендердің бірі – Аристотель екені белгілі. Аристотельдің зерттеулері грек әдебиетінің сақталған үлгілерін, әсіресе трагедия мен эпикалық поэзияны негізге ала отырып, әдеби шығармаларды жүйелі түрде жіктеу мен талдауға бағытталған әдебиет теориясын қалыптастырудағы алғашқы кешенді эмпирикалық тәсіл болды. Аристотель поэзияны өмірді бейнелеу арқылы еліктейтін миметикалық өнер ретінде қарастырып, оның табиғаты мен мақсатын терең түсіндіруге ұмтылды. Ол трагедияны құрылымдық элементтері мен адамгершілік мәні тұрғысынан поэзияның ең жоғарғы түрі деп танып, кейіпкердің, сюжеттің және тілдің үйлесімділігін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, трагедияның эмоционалдық әсері үшін маңызды болып табылатын перипетия мен анагнорисис сияқты ұғымдар арқылы қарапайым және күрделі сюжеттерді ажыратты [23].

Поэтика көркем мәтіннің дыбыстық, сөздік және бейнелік құрылымын талдап, оның эстетикалық амалдарын жүйелі түрде айқындайды. Кең мағынасында ол әдебиет теориясымен үндес ұғым ретінде қарастырылса, нақтылы мағынада – сол теорияның жеке бір саласы болып есептеледі. Әдебиет теориясындағы поэтика ұғымы әдеби тек пен түрдің, бағыт пен ағымның, стиль мен әдістің ерекшеліктерін саралап, көркемдік тұтастық деңгейлерінің ішкі байланысы мен арақатынасын зерделеуге бағытталады. Зерттеу нысанына қарай романтизм поэтикасы, роман поэтикасы, белгілі бір қаламгер шығармашылығының немесе жекелеген көркем туындының поэтикасы қарастырылады. Әдебиеттегі бейнелеу тәсілдері тілмен тікелей байланысты болғандықтан, поэтика көркемдік құралдар тілін зерттейтін ғылым ретінде де танылады. Оның негізгі мақсаты – шығарманың көркемдік құндылығын, эстетикалық әсер туғызатын мәтін элементтерін анықтап, оларды жүйелеу; мысалы, лирикалық өлеңдерде ырғақ, ал прозалық жанрларда сюжет жетекші қызмет атқарады.

Поэтика үш бағытта қарастырылады: жалпы – теориялық немесе жүйелік макропоэтика, жеке баяндау – микропоэтика және тарихи поэтика. Жалпы поэтиканың негізгі міндеті – мәтіннің дыбыстық, сөздік және образдық құрылымын қамтитын, эстетикалық әсер туғызатын элементтерді айқындайтын әдістерді жүйелеу болып табылады.

С. Оразалин поэтиканы үш салаға бөліп қарастырады: жалпы, жеке баяндау және тарихи поэтика. Сонымен бірге ол мәтіннің дыбыстық,

сөздікжәне образдық құрылымына сәйкес үштік жіктелімін де айқындайды [24]. Осы негізде академик З. Ахметов өлең табиғатына үңіле отырып, ондағы ырғақ, әуен мен әуезділікті талдайды. Ғалымның пікірінше, өлеңді дауыстап оқымай-ақ, іштей қабылдағанда да оның әуезі, ырғақ-интонациясы мен үйлесімі адамға әсер етпей қоймайды. Осылайша, поэтиканың ішкі табиғаты әдеби категориялар арқылы көрінсе, өлеңге тән ырғақ, әуен, кідіріс, қарқын тәрізді компоненттер тіл білімінің суперсегментті фонетикасымен тығыз байланысты. Сондықтан поэтикалық мәтіннің интонациялық ерекшеліктерін арнайы талдау қажет. Мұны ақын өлеңдеріндегі 7–8 және 11 буындық шумақтарды синтагмаларға бөліп, олардың ритмикалық топтарға жіктелуінен көруге болады. Әсіресе интонация арқылы айқындалатын өлең мәтінін прагмалингвистикалық қырынан талдау дискурстық тұрғыдан маңызды болып табылады [25].

Поэтиканың негізгі бағыттарының бірі – шығармадағы образ бен сюжет мәселесі. Жеке поэтика осындай нысандарды талдау арқылы көркем туындының табиғатын ашып, оның эстетикалық ықпалын айқындайтын дара жүйесін құрайды. Поэтиканың басты назарындағы мәселе – композиция, яғни эстетикалық мәнге ие элементтердің үйлесім-үндестігі. Мұндай талдау барысында дүние образы, яғни көркем уақыт пен кеңістік, және автор образының бірлікте қарастырылуы шығарманың құрылымдық сипатын анықтайды. Жеке немесе микропоэтика белгілі бір шығарманы, топтама туындыны, автор шығармашылығын, әдеби жанрды не тарихи кезеңді талдау арқылы көркемдіктің табиғатын түсіндіреді. Оның құрамына тақырыптық және идеялық қалыптасуынан бастап, сөзбен көркемдеуге дейінгі үдерістер, соның ішінде генеративті поэтика да енеді. Ал тарихи поэтика салыстырмалы-тарихи әдістерге сүйене отырып, мәдениеттің поэтикалық жүйесінің эволюциясын, ортақ қасиеттерін, генетикалық бастауларын және типологиялық ерекшеліктерін айқындауға бағытталады. Сөз өнерінің негізі ауыз әдебиетінде жатқандықтан, тарихи поэтика да өз қайнарын осы дәстүрден алады. Тарихи поэтиканың өзекті мәселесі – жанр және жанрлық түрлер, олар тарихи қалыптасқан жағдайға байланысты бірлікте не жекелей қарастырылып, дәуір ықпалына сәйкес өзгеріске түседі. Осындай өзгерістерді зерттеу – тарихи поэтиканың басты міндеті.

Қазақ әдебиеттануында А. Байтұрсынов поэтика ұғымын қисын деп қарастырады. Ол тіл қисынын сөздің үйлесімділігін қамтамасыз ететін заңдар мен шарттарды жүйелеу ретінде түсіндіріп, поэтиканың анықтамасын береді. Ғалым шығарманың көркемдік сапасын белгілейтін өлшемдерді айқындап, ақын тілінде сөздің дұрыстығы, тазалығы, дәлдігімен қатар, оның көрнектілігі мен әуезділігі де басты талаптардың бірі болатынын көрсетеді.

Поэзия термині гректің *poiesis*, *poieo* – жасау, тудырудеген сөздерінен шыққан. Поэзия — өлең түрінде жазылған әдеби шығармалардың жиынтығы. Поэзия сөздің ырғақтық құрылымына, ұйқас жүйесіне және көркемдік тәсілдеріне сүйенеді. Поэзия ұғымы өлеңмен жазылған туындыларды прозадан ажырату мақсатында қолданылады, бірақ олардың айырмашылығы тек сыртқы белгілерге негізделмейді. Поэзиялық шығармаларға эмоциялық әсерлілік,

сезімталдық тән болса, прозада баяндаушылық пен бейнелеушілік басым келеді [26]. Поэзияның көркемдік сипаты тілдің ырғақтық-интонациялық байлығын, бейнелеу құралдарын пайдалануда айқын көрінеді. Поэзияға тән басты ерекшелік — өмір құбылыстарын терең эмоционалды қабылдап, оларды әсерлі әрі тартымды көркем бейнеге айналдыру. Дегенмен, поэзиядағы ой-сезім сырттай әдейі әшекейленбейді, ол әдебиет пен өнердің басқа салаларына тән бейнелі ойлау мен сезімдік дүниемен үндеседі. Сезім мен ойдың бейнелілігі шығарманың көркем пішініндегі әр алуан ерекшеліктерді тудырады. Поэзия ұғымы тарихи тұрғыдан ерте қалыптасып, қай халықтың әдебиетіне назар аударсақ та, оның поэзиясы көне дәуірлерден бастап дамығанын көреміз. Сөз өнерінде ертегі-аңыздар қара сөз түрінде жеткенімен, олардың бастауында поэзиялық сипат болған, ал көркем проза кейінірек қалыптасты. Осыған байланысты сөз өнерін поэзия мен прозаға бөліп қарастырудың маңызы ерекше. Орыс әдебиеттанушысы В. Г. Белинский поэзияны тұтас өнер деп сипаттап, онда үн де, сурет те, айқын айтылған пайымды түсінік те бар екенін айтады. В.Г. Белинский поэзия барлық өнердің ерекшелігін бойына жинақтап, бүкілінің ұйытқысы болады деп тұжырымдай отырып, оны тегі мен түріне қарай лирикалық, эпикалық және драмалық жанрларға жіктеген.

А. Байтұрсынов өз зерттеуінде атап көрсеткен дарынды сөз үлгісіндегі толғау түрі поэзия ұғымына сәйкес келеді. Зерттеуші еңбегінде толғаудың мазмұнына қойылатын ішкі және сыртқы шарттарды белгілейді:

- а) шын көңілден шыққан сырлы;
- ә) былғаныш пікірден таза;
- б) терең күйден хабар беретін, терең із қалдыратын болуы керек.

Сыртқы шарттары:

- а) көңіл күйінің бейне бір билеуі тәрізді, күй мен би үйлесімдігі;
- ә) қысқа;
- б) әуезді болуы тиіс [27].

А. Байтұрсынов классикалық поэзия көрінісін Абай шығармашылығынан табуға болатынын атап көрсетеді. Қазақ әдебиеті XIX ғасырға дейін негізінен поэзиялық дәстүр аясында дамып өркендеді. Халық поэзиясы өлең, эпостық жырлар, дастандар сияқты түрлі жанрларды қамтыды. Әдеби-тарихи үдерістің дамуымен бірге поэзия да жетіліп, жаңа сипаттармен толықты. Абайдан кейінгі кезеңде қазақ поэзиясында Ш. Құдайбердіұлы, С. Торайғыров, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров сынды қаламгерлер шығармашылығы арқылы сөз өнері мазмұндық, образдық және көркемдік тұрғыдан байыды. Бұл дәуірде лириканың жаңа үлгілері қалыптасып, публицистикалық поэма сияқты жанрлық түрлер кеңінен таралды.

Соңғы уақытта зерттеушілердің заманауи поэзияға деген қызығушылығы артып келеді. Бұл оқу пәнінің өзіндік ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін: жаңа поэзияны құру мүмкін емес деген постулатпен келісе отырып, қазіргі авторлар бірқатар жаңашыл сипатқа ие поэтикалық дискурсты қалыптастырады.

Поэтикалық дискурс қазіргі таңда дискурстың дербес түрі ретінде танылады.

Ю. С. Степанов дискурс белгілі бір грамматика, ерекше лексикон, сөз қолдану мен синтаксистің ерекше ережелері, ерекше семантика — сайып келгенде — ерекше әлем тұратын мәтіндерде бар деп санайды. Әр түрлі дискурс әлемінде өзінің синонимикалық ойлау ережелері, ақиқаттылық ережелері, өзінің этикеті қолданылады. Бұл — ықтимал / баламалы әлем [28]. Қазіргі заманғы поэтикалық дискурс осы мүмкін балама әлемге тән жеке ережелер мен заңдылықтарды қалыптастырады. Әлемнің поэтикалық моделі автормен қазіргі заманғы поэтикалық дискурсқа батырылған даярланбаған оқырманға оның көптеген түсіндірілуіне мүмкіндік пайда болады; бұл ретте оқырманда түсінбеушілік, елшілік, табиғаттылық, парадоксальділік — жалпы мәдени шок сезімі пайда болады, бұл көбінесе қазіргі заманғы поэтикалық дискурста ұсынылған әлем моделін қабылдамауға және бас тартуға әкеледі.

Ю. Руднев дискурсты тілдің грамматикалық құрылымын өзіне бағындыратын және оны түсіну үшін реципиент тарапынан арнайы күш-жігерді талап ететін жеке тілдік код ретінде сипаттайды [29]. Поэтикалық дискурс мұндай кодтың күрделі формасы болып табылады және оны қабылдау процесі лингвистикалық әрі экстралингвистикалық элементтерді декодтауды қажет етеді. Бұл үдеріс барысында оқырман тек автор ұсынған мағыналарды ғана емес, сонымен қатар көптеген факторлардың ықпалымен пайда болатын күтпеген мазмұндарды да қабылдайды.

Н. Фатеева қазіргі заманғы поэзияны талдай отырып, көркем сөздің қызмет ету ерекшеліктеріне байланысты дәстүрлі лингвистикалық анықтамаларды қайта қарау қажеттігін алға тартады. Оның пайымдауынша, қазіргі поэзияда сөздердің құрылымдық тұтастығы бұзылып, тыныс белгілері, бос кеңістіктер, жақшалар мен қаріп түрлері арқылы мағыналық және құрылымдық ұйымдасу ерекшелігі байқалады [30]. Соның нәтижесінде әрбір тілдік бірлік дербес мағынаға ие болып, бетте ерекше семантикалық құрылым қалыптастырады.

Әдеби дәуірдің ауысуы – әдеби өмірдің барлық деңгейінде сөзсіз көрінетін күрделі және қарама-қайшы процесс. Қазіргі поэзияға қатысты кезеңдердің ауысуы коммуникациялық өрістің негізгі параметрлерінің өзгеруін білдіреді, бұл поэтикалық мәтіннің түрлері мен тәсілдеріне, тіпті белгілі бір мағынада, поэзияның феноменін түсінуде көрініс береді.

Қарапайым коммуникативтік жүйелермен салыстырғанда көркем сипаттағы ақпарат, әдетте, күрделілік деңгейімен ерекшеленеді, бұл Р.О.Якобсонның әдебиетте кемінде екі код бар екендігі туралы ескертуінің дұрыстығын тануға мүмкіндік береді: кодтаушы және кодталған хабарлама [31]. Егер біріншісі мәдени дәстүр ретінде болса, екіншісін білмей, жеткілікті түсіну мүмкін емес, демек, әдеби туындыдан эстетикалық рахаттану мүмкін емес.

Поэтикалық мәдениет ұлттық сананың өзіндік проекциясын білдіреді, ол өз кезегінде жеке тұлға мен қоғамның көркем өзін-өзі сәйкестендіру үшін алғышарттар жасайды. Сондықтан ХХІ ғасырда қазақ поэзиясы мен жалпы поэтикалық дискурстың ұлттық ерекшеліктерін қалыптастыруда ерекше рөл

атқаратын ұлттық мәдениеттің маңызды элементі ретінде поэтикалық сананың эволюциясына және оның формаларына заңды қызығушылық туындайды.

Қазіргі философтар мен мәдениеттанушылардың зерттеулеріне сәйкес, дискурстың әртүрлі түрлері олар жұмыс істейтін салаға сәйкес айқындалуы мүмкін. Бұл тұрғыда, әрине, көркем коммуникация процесінде әлемді эксперименталды игеру модельдерін жасау үшін арнайы құралдар жиынтығымен жұмыс істейтін поэтикалық дискурстың бар екендігі туралы айтуға болады. Әрине, бұл мәдени феномен түрлі поэтикалық мектептер мен ағымдардың дискурстарынан құрастырылады, олар да дербес дискурстарға бөлінеді.

Поэтикалық шығармалар түрлі салалардағы ғалымдардың: филологтар, философтар, лингвистер және математиктердің назарын аударады. Тіл фактісі және мәдениет фактісі бола отырып, белгілі бір өлең жинағы жүйесіне ие бола отырып, поэтикалық мәтін көп жылдар бойы зерттеудің барлық жаңа аспектілерін анықтайды. Рифма мен ритмдер, поэтикалық сөз элементтері талданады, жекелеген троптар мен фигуралардың құрылымы, сондай-ақ жалпы поэтикалық құрылымның механизмдері зерттеледі. Поэтикалық сөздің мотивациясы, поэтикалық шығармалар құрылымындағы оның жоғары суггестивті және семантикалық әлеуеті зерттелуде.

Поэтикалық дискурстың әр түрлі элементтері мен деңгейлерін қазіргі кезде қолданылатын поэтикалық, стилистикалық және эстетикалық зерттеулер поэтикалық коммуникация процесінде аяқталған поэтикалық шығарманың ерекше эстетикалық қызмет етуі мен поэтикалық құрылымдау мәселесінің барлық тереңдігін жоққа шығармайды.

Дискурсивті ұғыну тұрғысынан поэзия терең эмоционалдық күйзеліске толы және эстетикалық таңбаланған тілдік белгілерде көрсетілген ерекше түрдегі қарым-қатынас болып табылады. Поэтикалық дискурс – бұл автор–мәтін және оқырман–мәтін сияқты екі негізгі коммуникативтік компоненттің өзара әрекеттесу үдерісі; мұнда мәтін продуцент (автор) пен реципиенттің (оқырманның) коммуникативті әрекеттерін көпқырлы (күрделі) сипаттағы поэтикалық дискурс кеңістігінде біріктіретін дәнекер қызметін атқарады.

Поэтикалық дискурс – көркем тілге негізделген коммуникация түрі. Кең мағынасында ол белгілі бір уақыттың мәдени-тілдік контексін білдіреді. Поэтикалық дискурсқа поэзиялық шығармалармен бірге прозалық туындылар да жатады. Прозада дискурс жазушы мен оқырман арасындағы қарым-қатынастан туындаса, поэзияда ол ақын мен өлең оқырманының ара қатынасынан көрінеді. Әсіресе *поэтикалық дискурс* ақын мен оқырман байланысында айқын көрініс табады, себебі ақын өз туындысын белгілі бір мақсатпен, тікелей оқырманға арнап жазады. Өлең мәтінінің тақырыбы мен ішкі желісі автор заманына қатысты оқиғаларды немесе оның жеке ой-толғаныстарын бейнелейді. Ақын шығармасы оқырманға ерекше эмоциялық әсер етіп, рухани ләззат сыйлаған жағдайда да поэтикалық дискурс жүзеге асады. Осыған байланысты Г. Смағұлова поэзияда ырғақтық дыбыстардың

образды бірлігі арқылы оқырман қиялына, эмоциясы мен санасына ықпал ету көзделетінін атап көрсетеді [32, 128-б.].

Кез келген ақпаратты қабылдау барысында адресант пен адресат мәтін авторының сол шығарманы жазу кезінде туындаған қиял әлемін көз алдына елестетуге ұмтылады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау жүйесіне ерікті не еріксіз түрде ену үдерісі болып саналады. Аталған құбылыс әсіресе проза мен поэзия жанрындағы туындыларда айқын байқалады. Себебі автор ең алдымен шығармасының оқырманға тигізер ықпалын ескеріп, заман талабына сай мазмұнды өз туындыларына арқау етеді. Сонымен қатар жазушы немесе ақын өз ой-қиялы арқылы оқырманға әсер етуге тырысады, тіпті оның танымдық көзқарасын өзгертіп, жаңа түсініктер қалыптастыруға ықпал жасайды. Осыған байланысты А. Локиев поэтикалық бейнелерді таңбалық ақпарат деңгейінде ғана емес, ең алдымен оқырманның қабылдауына әсер ету, дүниетанымын өзгерту және жаңа көзқарас қалыптастыру тұрғысынан қарастыру қажеттігін атап көрсетеді [33, 94-б.].

Прозалық туындылармен салыстырғанда, поэзия адамның ішкі жан дүниесіне әлдеқайда күшті әсер етеді. Себебі поэзияда суреттеу, теңеу және әсерлеу тәсілдерінің басым қолданылуы; осы арқылы ақынның ішкі әлемінен туған жолдар оқырманды ерекше эмоциялық күйге бөлейді. Ақын ойының шексіздігі оқырман сезіміне ықпал етіп, оны терең толғанысқа жетелейтіні поэтиканың дискурстық табиғатын айқындайды. Бұл құбылыс поэтикалық дискурс аясында айқын көрініс табады. Әрбір ақынның өзіндік стилі мен сөз қолданысы бар: белгілі бір өлеңді оқығанда оның интонациясы мен тіл өрнегінен қай ақынға тән екендігін аңғаруға болады. Ақындар шығармашылығында осындай даралық үнемі байқалады. Сонымен бірге, әрбір өлеңнің интонациялық өрнекпен мәнерлі оқылуы ақын мен оқырман арасында дискурстық байланыс орнатады. Демек, шығарманы жай ғана оқу бар да, оны терең сезіммен қабылдау бар. Әсіресе өлеңді мәнерсіз оқығанда әсері бәсең сезілсе, интонациямен шебер жеткізілгенде оның мазмұны толық ашылып, тыңдаушыға ықпалы әлдеқайда күштірек болады.

Поэзиялық туындыдағы әрбір сөз бен бунақ белгілі бір ой ағымын жеткізетін құрылым болып табылады. Өлеңді сол мазмұнға сай ырғақпен, тиісті екпінмен оқу арнайы шеберлікті қажет етеді. Көркем мәтінді мәнерлеп жеткізуде дауыс әуені, қарқыны, интонациялық ырғағы, екпіні мен әуезділігі маңызды рөл атқарады, өйткені бұл элементтерді дұрыс қолданбаған жағдайда шығарманың мазмұндық әсері әлсірейді. Әсіресе өлеңдегі логикалық және психологиялық кідірістер мәтінді қабылдауға ерекше ықпал етеді.

Жалпы поэтикалық шығармалардағы интонацияның ерекшелігін Ю. В. Казарин поэтикалық графиканың белгілеушілік қызметімен байланысты фонетикалық және әуендік функцияларға ие екендігі арқылы түсіндіреді. Ю. В. Казариннің пікірінше, поэтикалық графика негізінде авторлық интонацияны, дыбыстық үйлесімділікті, әуенділікті және ырғақтық құрылымды анықтауға болады. Сондай-ақ, ол дикция мен аллитерация арасында байланыс бар екенін, бірақ бұл байланыс салыстырмалы сипатта екенін айта отырып, дикцияны

мәнерлеп оқу, айту және әуенге салу мүмкіндігін арттыратын үстеме тілдік құбылыс ретінде сипаттайды. [34, 4326]. Демек, поэтикалық дискурстың қалыптасуында интонация ерекше қызмет атқарады. Бұл құбылысты қазіргі таңда белгілі ақындардың шығармаларынан айқын көруге болады. Өлеңнің мазмұнын ашуда метафора, теңеу, әсерлеу сияқты троптық тәсілдер де маңызды рөлге ие. Әрбір ақын өз туындыларында өзіндік ырғақ пен дара стильді қалыптастырады. Поэзияда ақынның көңіл-күйі мен сезімдік дүниесі интонациялық өрнек арқылы көрініс тауып, оқырманға жеткізіледі. Өлеңді қабылдау барысында автордың эмоциялық күйі мен танымдық көкжиегі де айқын аңғарылады.

Деконструкция бағытындағы бастамашы ғалым Ж. Деррида поэтикалық дискурсты зерттеуге елеулі ықпал етті. Өз еңбектерінде Ж. Деррида тіл мен мағынаның дәстүрлі ұғымдарын жойып, мәтіндерге, , соның ішінде поэзияға дифферанс тән деп, мағынаның шексіз кейінге қалдырылуын сипаттау үшін ойлап тапқан терминін қолданады. Ж. Дерриданың пікірінше, поэтикалық тіл тұрақты мағыналарды жеткізетін құрал емес, мағыналар үнемі ауысатын және қайта талқыланатын орын [35]. Ж. Дерриданың поэтикалық мәтіндерді талдауы көбінесе олардың түсініксіздігі мен қарама-қайшылықтарын айқындады. С. Малларменің поэзиясын оқығанда Ж. Деррида Малларменің тілді қолдануы өзінің материалдылығы мен жазу әрекетінің өзін қалай алға тартатынын көрсетті. Ж. Деррида тіл ойынын баса көрсете отырып, поэтикалық мәтіндердің тұрақты интерпретацияға қарсы тұратынын және оның орнына бірнеше, кейде қарама-қайшылықты оқуға кеңістік ашатынын көрсетті.

Тағы бір ықпалды деконструкционист П. де Ман поэтикалық дискурстың риторикалық өлшемдерін зерттеді. Өзінің еңбегінде П. де Ман У. Уордсворт пен П. Бише Шелли сияқты романтик ақындардың шығармаларын зерттеп, олардың мәтіндері метафора мен ирония сияқты риторикалық фигуралардың тұрақсыздығын ашады деп дәлелдеді. П. де Ман поэзия көбінесе өзінің риторикалық стратегияларының өзіндік рефлексивті сынымен айналысады, осылайша тілдік бейнелеуге тән шектеулер мен қайшылықтарды әшкерелейді деп есептеді [36]. П. де Манның еңбектері поэтикалық тіл шындықты бейнелеп қана қоймайды, оны түбегейлі тұрақсыз тәсілдермен құрастырады деген идеяны атап көрсетті. Бұл тәсіл біртұтас мағынаны ашуға ұмтылатын дәстүрлі поэзия оқуларына қарсы тұруда ерекше әсер етті.

Көрнекті әдебиет теоретигі Дж. Каллер қазіргі заманғы поэтикалық дискурсты зерттеуге елеулі үлес қосты. Дж. Каллер өз зерттеуінде лирика формасына жан-жақты талдау жасайды, оның айқындаушы белгісі оның орындаушылық және өзіндік рефлексивтік сипатында екендігін дәлелдейді. Дж. Каллер лирика тек жеке көрініс емес, оқырмандарды иммерсивті және рефлексиялық тәжірибеге тартатын күрделі дискурс әдісі деп болжайды [37]. Дж. Каллер лириканың формальды ерекшеліктерін түсінудің маңыздылығын атап көрсетеді, мысалы, оның ырғақты, дыбысты және қайталауды қолдануы, бұл ерекше эстетикалық тәжірибе жасау үшін бірге жұмыс істейді. Оның зерттеулері құрылымдық тәсілдерге негізделіп, поэтикалық мәтіндердің

семиотикалық және интерпретациялық аспектілерін қарастырды. Каллер поэзияның мағыналық құрылымын талдау арқылы оқырман қабылдауына әсер ететін факторларды анықтауға тырысты.

Т. Иглтон поэтикалық тілдің күрделілігін түсіндіру мақсатында әдебиет теориясын мәтінді терең талдаумен ұштастырып, поэзияның метафора, метр және ирония сияқты риторикалық тәсілдері мағынаны әрі ашуға, әрі жасыруға қызмет ететінін атап көрсетеді. Оның марксистік көзқарасына негізделген тұжырымдары поэтикалық дискурстың әлеуметтік және саяси контексттермен байланысын ашып көрсетіп, оның идеологиялық ықпалдығын талдауға сыни негіз береді[38].

Ағылшын тіліндегі поэтикалық дискурсты зерттеген ғалымдар әдебиеттану, лингвистика және когнитивті поэтика салаларында түрлі бағыттарда еңбек еткен. Олардың жұмыстары поэзияның тілдік құрылымы, метафоралық жүйелері, ритм мен интонация, сондай-ақ оның танымдық және коммуникативтік аспектілері сияқты мәселелерді қарастырады. Бұл зерттеушілердің еңбектері поэтикалық дискурсты түсінуге зор үлес қосты, өйткені олар поэзияны тек эстетикалық құбылыс ретінде емес, когнитивті және прагматикалық тұрғыдан да қарастырады.

Ағылшын поэтикалық дискурсын зерттеген ғалымдардың бірі Р. Якобсон болды, ол ресми түрде орыс-америкалық лингвист ретінде танылғанымен, оның поэтикалық тілге қатысты теориялары ағылшын тіліндегі поэзияны талдауға да ықпал етті. Р. Якобсонның *Поэтикалық функция* ұғымы лирикалық шығармалардағы тілдің ерекше рөлін сипаттауға мүмкіндік берді. Ол поэзияда тілдік бірліктердің үйлесімділігі мен қайталануы негізгі құрылымдық фактор ретінде қарастырылатынын көрсетті. Якобсонның идеялары кейіннен ағылшын поэтикалық дискурсын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты [39].

Ағылшын поэтикалық дискурсын зерттеген бірқатар ғалымдар өз еңбектерінде поэзияның тілдік, стилистикалық және когнитивтік қырларын жан-жақты қарастырды. М. Шорт пен Дж. Лич поэтикалық мәтіндердің стилистикалық және грамматикалық ерекшеліктерін талдай отырып, олардың мағыналық құрылымын сипаттауға тырысты. Бұл зерттеулер стилистика мен когнитивті поэтика салаларының дамуына ықпал етті[40], [41]. П. Вердонк поэзиядағы ритм, метрика және интонацияның маңыздылығын атап көрсетіп, олардың поэтикалық мәтіндердегі коммуникативтік және функцияларын зерттеді. К. Грин мен Э. Симпсон поэтикалық дискурсты когнитивтік және прагматикалық тұрғыдан зерттей отырып, поэзиядағы мағына қалыптастыру механизмдерін, тіл мен ойлау арасындағы байланысты, сондай-ақ мәтіннің көпмағыналылығы мен құрылымдық ерекшеліктерін талдауға баса назар аударды. Дж. Лакофф пен М. Джонсонның метафора теориясы поэзиядағы концептуалды метафораларды когнитивтік тұрғыдан талдауға кең мүмкіндік берді[42]. Аталған ғалымдардың зерттеулерінің ортақ тұсы – олардың барлығы поэтикалық дискурсты тілдік, когнитивтік және прагматикалық аспектілерде талдап, поэзиядағы мағына қалыптасу механизмдерін лингвистикалық құралдар

арқылы түсіндіруге ұмтылуы. Бұл ғалымдардың барлығы поэзияны тек әдеби емес, тілдік және танымдық құрылым ретінде қарастырып, поэтикалық дискурсты түсінудің ғылыми негізін қалыптастырды.

М. Бахтиннің поэтикалық дискурсты зерттеуі оның әдебиеттанудағы, тіл біліміндегі және мәдениеттанудағы кең теориялық ізденістерінің бір бөлігі болып табылады. Оның шығармаларында поэзия прозамен салыстырғанда аз қарастырылғанымен, оның негізгі ұғымдары – полифония, диалогизм, жанрлық ерекшеліктер мен интертекстуалдылық – поэтикалық дискурсты түсіндіруде маңызды рөл атқарады. М. Бахтин поэзияны стилистикалық және жанрлық тұрғыдан зерттеп, оның тілдік құрылымдары мен семантикалық ерекшеліктерін айқындады.

М. Бахтиннің әдебиет теориясында поэзияға қатысты маңызды аспектілердің бірі – монологтық және диалогтық дискурс ұғымдары. Оның пікірінше, проза диалогтық құрылымға ие болса, поэзия көбінесе монологтық сипатта болады. Зерттеуші поэзияның ерекшелігі ретінде оның жабықтығын, тұрақтылығын және тілдік құрылымдардың қатаңдығын атап көрсетеді. Поэзиялық мәтін көбінесе біртұтас мағыналық құрылымға ие болып, сөздердің мағынасы мәтіндік контексте қатаң белгіленген түрде көрінеді. Прозада, керісінше, көп дауыстылық пен семантикалық ашықтық тән [43]. Алайда, М. Бахтиннің бұл көзқарасы поэтикалық дискурстың барлық түріне бірдей қолданылмайды. Кейбір зерттеушілер оның теориясын қайта қарастырып, поэзияда да диалогтық элементтердің бар екенін алға тартты. Шын мәнінде, поэзияның көптеген түрлері – әсіресе модернистік және постмодернистік бағыттағы поэзия – интертекстуалдық байланыстарға, мәдени кодтардың өзара әсеріне, көпмағыналылық пен оқырманның белсенді интерпретациясына негізделген.

М. Бахтиннің жанрлар теориясы поэтикалық дискурсты зерттеуде маңызды әдіснамалық негіз ұсынады. Жанрлардың тарихи дамып, әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты өзгеретінін ескере отырып, поэзияны тек тілдік құрылым арқылы емес, оның әлеуметтік қызметі мен тарихи эволюциясы тұрғысынан қарастыру қажет екендігі атап өтіледі. Поэтикалық дискурсты түсінуде *хронотоп* ұғымы да аса өзекті, бұл кеңістік пен уақыттың көркем мәтіндегі өзара байланысын сипаттайды. Поэзиялық хронотоп символикалық әрі бейнелік сипатқа ие болып, нақты оқиғаларды баяндаудан гөрі поэтикалық репрезентацияға мән береді. *Интертекстуалдылық* ұғымы да М. Бахтиннің поэтикалық дискурсқа қатысты идеяларының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл ұғым арқылы поэзияның әдеби дәстүрлермен, мәдени кодтармен және тарихи жағдайлармен байланысы көрсетіледі; бұл *цитаталық сөз* немесе *өзге дауыс* түсінігімен түсіндіріледі [43]. Поэтикалық дискурс қарым-қатынас формасы ретінде қарастырылып, онда эстетикалық және прагматикалық аспектілердің өзара байланысы зерттеледі. Алайда, оның интертекстуалдық байланыстар, хронотоптық ерекшеліктер мен диалогтық элементтер туралы теориялары поэтикалық дискурсты жаңаша түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, Бахтин поэзияны статикалық құбылыс ретінде емес, тарихи және

мәдени контексте дамитын, көпқабаттылық пен семиотикалық тереңдікке ие тілдік құбылыс ретінде қарастырады.

Поэтикалық дискурс – бұл поэтикалық коммуникация процесін материалды белгілеу құбылысы және оның мақсатты әлеуметтік әрекет ретінде қарастырылады. Л. С. Выготский өнерді әлеуметтік әрекет ретінде сипаттай отырып, оны қоғамның сезімге әсер ету тетігі, адамның ең терең және жеке болмысын қоғамдық өмір аясында іске тартудың құралы деп тұжырымдайды. Бастапқыда жеке сезім өнер туындысы арқылы жалпыға ортақ сезімге айналады. Өнер туындысын әлеуметтік қызмет ретінде қарастыру поэтикалық дискурстың әртүрлі зерттеулерінде көрініс табады. Көркем және поэтикалық дискурстың анықтамалары мен зерттеулерінде дискурс мәдени, психологиялық факторлармен негізделген сөз сөйлеудің күрделі үдерісі ретінде қарастырылады. Шынында да, поэтикалық дискурс – жеке пікір түрлерінің бірі, ол автордың ниетінен шығады. Мәтін жасалса, ақынның сана-сезімі символдық құралдардың көмегі арқылы ғана қайталанбайды, бірақ оған субъектілер үшін маңызы бар белгілер мен қасиеттерді айқындайды және оларды шындықтың жалпыланған үлгілері етіп құрастырады. Бұл процесті бастайтын ой мен ақпараттарды жеткізу ниеті емес, ол автордың ниетін жариялау басты назарда.

Қазақ тіл білімінде поэтикалық тіл табиғаты туралы алғашқы пайымдаулар жалпы сөз өнері табиғатын саралау, қазақтың ұлттық көркем сөзінің қалыптасуы мен даму тарихын, қайнар көзін нақтылауға арналған зерттеулерге негізделеді. Поэтикалық тіл табиғаты туралы алғашқы пікірлерге А.Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың еңбектеріндегі теориялық ой-пікірлерді жатқызамыз. Қазақ тіл білімінде поэзияны, оның ішінде поэтикалық тіл мен дискурсты, көркем мәтіннің лингвистикалық ерекшеліктерін зерттеген бірқатар белгілі ғалымдар бар. Олардың еңбектері қазақ поэзиясының тілдік табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Олардың ішінде З.Ахметов, Е.Ысмайылов, Р.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев, Е.Жанпейісов, Б.Шалабаев т.б. лингвистердің еңбектерін атап өтуге болады.

А. Байтұрсынұлының тіл табиғаты мен оның қызметін жан-жақты сипаттауға арналған ғылыми көзқарастарын талдай отырып, біз оларды мазмұны мен көтерілген мәселелердің бағыт-бағдарына сәйкес бірнеше топқа жіктедік:

1) тіл, ойлау және дүние бейнесі арасындағы өзара байланысты айқындайтын тілтанымдық пайымдаулар;

2) поэтикалық тілдің ерекшелігін оны қарапайым сөйлеу тілінен ажырата қарастыруға арналған ғылыми тұжырымдар.

Егер поэтиканы сөз өнерін зерттейтін ғылым саласы ретінде қарастырсақ, онда А. Байтұрсынұлының сөз өнерінің табиғатын терең сипаттаған ғылыми тұжырымдарын поэтикалық тілдің зерттелуіне арналған маңызды теориялық талдау ретінде қарастыруға болады. А. Байтұрсынұлы сөз өнерінің негізгі құралы – сөз екенін айта келе, сөз шумағының тіл деп аталатынын және бұл тілдің сөз өнеріне жұмсалатын түрі де тіл немесе лұғат деп аталатынын атап көрсетеді. Сонымен қатар, тілді табиғатына қарай ақын тілі және әншейін тіл

деп жіктейді. Ақын тілі бейнелі әрі көркем лебізге негізделсе, әншейін тіл жалаң баяндауға құрылады. Біздіңше, ақын тілі – поэтикалық тіл ұғымына сәйкес келеді. Поэтикалық тілдің мінсіз болуы үшін ол белгілі талаптарға сай болуы қажет. А.Байтұрсынұлы бұл талаптарды тілді таңдап қолдану және тілді талғап қолдану деп көрсетеді. Тілді таңдап қолдану – сөздің ішкі мәнін, қиялдың тереңдігін, ойдың байлығын айқындайтын шешендік сөйлеу үлгісін білдірсе, тілді талғап қолдану – тілдің сыртқы формасын, атап айтқанда, лексикалық құрамын, сөйлем құрылысын және дыбыстық жүйесін орынды пайдалануымен ерекшеленеді.

Қ.Жұбановтың еңбегінде Абайдың поэтикалық тілі қазақ әдеби тіліне, қазақтың поэтикалық сөз саптау үрдісіне тың бет бұрыс жасаған ерекше құбылыс ретінде сөз болады.

З. Ахметов қазақ өлеңінің құрылымын терең зерделеп, оның төл ұлттық ырғақ жүйесін, синтаксистік табиғатын, пауза мен екпіннің көркемдік рөлін ғылыми негіздеген алғашқы ғалым болды. Ол поэзияны сөз өнерінің логикасы ретінде қарастырып, көркем мәтіндегі әрбір дыбыстық, ритмдік элементтің мағыналық жүк арқалайтынын дәлелдеді. З. Ахметов өлең құрылымының ішкі заңдылығы тек дыбыстық үндестікке ғана емес, сонымен қатар бейнелі ойлауға да бағынышты екенін атап көрсетеді [44].

Ал Е. Ысмайылов қазақ поэзиясын тек көркемдік туынды ретінде емес, халықтық дүниетаным мен әлеуметтік сана көрінісі ретінде қарастырды. Ол поэзияның табиғатын, әсіресе суырыпсалма ақындар шығармашылығы арқылы, тыңдаушы мен ақын арасындағы коммуникативтік байланыс тұрғысынан сипаттайды. Ғалымның пікірінше, поэзиялық мәтін – белгілі бір ортаға бағытталған әсер ету құралы, ал оның құрылымындағы интонация, ырғақ, пауза секілді просодикалық бірліктер – осы әсердің басты тетіктері болып табылады. Ғалымның пікірінше, ақындық өнер – халықтың өмірімен тығыз байланыста дамитын, қоғамдық пікірдің үні мен ар-намысын жеткізетін рухани күш болып табылады [45]. Сондай-ақ, Е. Ысмайыловтың еңбегінде поэзиядағы ырғақтық-интонациялық жүйенің эстетикалық қызметінен бөлек, оның прагматикалық сипаты – яғни тыңдаушы сезіміне ықпал ету, ой салу, шабыттандыру қызметі кеңінен қарастырылады [46].

Е. Ысмайылов поэзияны тарихи-функционалды қыры арқылы, ал З. Ахметов поэтикалық логика мен дыбыстық-композициялық құрылым тұрғысынан сипаттап, екеуі де поэзияны сөз бен әсердің бірлігі ретінде пайымдай отырып, қазіргі поэтикалық дискурсты прагматистикалық және просодикалық аспектіде қарастыруға берік теориялық негіз қалады.

Біздің пайымдауымызша, *поэтикалық мәтін* әртүрлі оқиғалар, эмоциялық күйзелістер мен интеллектуалдық толғаныстардан туындайтын ақынның ішкі рухани әлемінің көрінісі ретінде қабылданады және ол стильдік құралдар, көркем бейнелер мен дыбыстық ырғақтылық арқылы өрнектелетін құрылымдық жағынан ықшамдалған, көпқырлы көркем форма ретінде сипатталады.

Осылайша, поэтикалық мәтін ақынның ішкі жан әлемінен туындайтын, сезім мен эмоцияның сөз, бейне және ырғақ арқылы көрініс табатын, өзіндік стильдік-пішіндік құрылымы бар көркем туынды ретінде танылады. Поэзия — бұл өнердің бір түрі бола отырып, шындықты, философиялық пайым мен идеологиялық көзқарасты бейнелі түрде жеткізудің формасы болып табылады. Поэтикалық мәтіннің негізінде автордың субъективті толғанысы мен эмоциялық күйі жатады. Осыған байланысты поэзия — сезімнің тілдік құралдар және ырғақтық ұйымдасу арқылы көркем бейне түрінде репрезентациялануы болып табылады.


Поэтикалық мәтіннің қалыптасуы автордың ішкі сезімі мен қиялынан бастау алады. Қиял — бұл өзін-өзі іздейтін және барлық нәрсемен біртұтас болуға ұмтылатын танымдық қабілет, ол бастапқы тұтастық күйдің абсолютті санадағы бейсаналық жады ретінде көрініс табады. Дегенмен, уақыттық шектеулер бұл қиялдың толықтай еркін қозғалысына тосқауыл қояды. Поэтикалық мәтінде осы шекаралар нақты құрылымдық-композициялық элементтер арқылы жүзеге асады: ырғақ поэтикалық толқынның қарқынын және оның ішкі серпінін реттейді; рифма идеялық құрылымның шекарасын, оның пішіні мен ауқымын айқындайды; ал жанр қиялдың бағытталуын қамтамасыз етіп, шығармашылықтың баламалы өлшемдерін реттеп отырады.

Осылайша, поэтикалық мәтіннің қалыптасуы және оның оқырманға эстетикалық әрі эмоционалдық тұрғыда ықпал етуі нәтижесінде поэтикалық дискурс пайда болады. Поэтикалық дискурс — креативті ойлауға негізделген, қиялдан туындайтын көркем тілдік құрылымдар жиынтығын қамтитын күрделі коммуникативтік құбылыс болып табылады. Бұл дискурстың басты ерекшелігі — эмоциялық әсер, бейнелілік, тақырыптық тұтастық, кейіпкерлердің көркемдік дамуы, сондай-ақ метафора мен символизм сияқты экспрессивті тілдік құралдарды басым қолдануында. Автор осы тілдік құралдар арқылы өз ойы мен эстетикалық көзқарасын мәтінде шоғырландыра отырып, оқырман санасында белгілі бір әсер тудырады; ал оқырман сол мәтінмен әрекеттесе отырып, автордың идеялық мазмұнын қабылдайды, нәтижесінде адресант пен адресат арасында функционалды прагматикалық байланыс орнайды.

Бұл байланыс поэтикалық дискурстың прагматингвистикалық сипатын да айқындайды. Автордың мәтін арқылы оқырманға әсер етуі — жаңа көзқарас қалыптастырып, таным аясын кеңейтетін, яғни прагматикалық мақсатқа бағытталған коммуникативтік әрекет. Поэтикалық мәтінді оқу барысында оқырманның оны түсіну, қабылдау және интерпретациялау арқылы дискурстық қатынас орнайды, бұл — адамның танымына тікелей әсер ететін үдеріс. Мұндай танымдық ықпал прагматингвистиканың негізгі зерттеу нысанына жатады, өйткені прагматингвистика тілдік әрекетті адам санасы, ойлауы, қабылдауы мен өз ойын жеткізу қабілетімен тығыз байланысты қарастырады.

Қорытындылай келе, поэтикалық дискурс — бұл автор — мәтін және оқырман — мәтін құрамдастарының өзара әрекетіне негізделген күрделі коммуникативтік құрылым. Мұнда мәтін автор мен оқырман арасындағы дәнекер ретінде қызмет етіп, олардың арасында прагматикалық және танымдық

өзара ықпалдастықты жүзеге асыратын тұтас поэтикалық дискурстың құрылымдық өзегіне айналады. Бұл қатынасты төмендегідей суретте көрсетуге болады (Сурет 1):



Сурет 1— Поэтикалық дискурс моделі

Поэтикалық дискурс – бұл ритмдік және ырғақтық құрылымдар арқылы сезімдерді, идеяларды, қиялдық көріністерді, оқиғалар мен кеңістік-уақыттық қатынастарды бейнелеуге бағытталған ерекше әдеби-коммуникативтік түр болып табылады. Мұндай дискурс эмоция мен сезімді жеткізудің эстетикалық тартымды формаларын қалыптастыратын экспрессивтік лексикалық бірліктерді жиі қолдануымен сипатталады. Поэтикалық дискурстың құрылымдық-мазмұндық механизмі түрлі психоэмоционалдық қайнар көздерден, яғни сезім мен қиялдан бастау алып, оларды когнитивтік өңдеу, менталдық деңгейде іске асыру және нәтижесінде поэтикалық мәтін түрінде тілдік формаға енгізу үдерістерін қамтитын кезеңдік модельге негізделеді. Поэтикалық дискурс интенциядан бастау алып, поэтикалық мәтін түрінде сыртқа шығарылады және просодикалық тәсілдер арқылы экспрессивтік сипат алады. Аталмыш дискурстың толыққанды жүзеге асуы тек мәтінмен шектелмей, оқырманның қабылдауы мен прагматикалық интерпретациясына да тәуелді болады.

1.2 Поэтикалық дискурстың негізгі белгілерімен құрылымдық ерекшеліктері

Поэтикалық дискурс тек поэзиямен шектелмегенімен, көптеген ғалымдар мен зерттеушілер поэтикалық дискурстың осы қырына ғана назар аударып, прозалық шығарма дискурсын бөлек қарастырады. Бұл тәсіл поэтикалық дискурсты ерекше стилистикалық және мағыналық құрылым ретінде түсіндіруге негіз болады. Поэтикалық дискурс ұғымын нақтырақ сипаттау үшін оны әртүрлі теориялық қырынан қарастырған ғалымдардың анықтамаларына назар аудару маңызды. Н. Фрай мен Х. Вендлер поэзияны ақынның ішкі дүниесін, өмір мен өнерге көзқарасын бейнелейтін терең мағыналы вербалды форма ретінде қарастырады; мұнда сөздер тек ақпарат жеткізуші емес, әмбебап шындықтарды жеткізудің құралы ретінде көрінеді. Ал Т. Брукс, В. К. Уимсатт, М. С. Бердсли поэтикалық дискурсты құрылымдық-эстетикалық жүйе ретінде сипаттап, оның метрикалық, рифмалық және бейнелеу құралдары арқылы интеллектуалдық және эмоциялық әсер қалыптастыруға бағытталғанын атап көрсетеді. Бұл ғалымдар үшін поэтикалық мәтін – ішкі логика мен әдеби конвенциялар аясында ұйымдастырылған күрделі коммуникативтік жүйе. Ал Р. Барт поэтикалық дискурсты дәстүрлі мағыналарды бұзатын, таңбалар жүйесінде жаңа интерпретациялар мен тілдік еркіндікті іске асыратын диверсиялық кеңістік ретінде пайымдайды. Осы тұжырымдар поэтикалық дискурстың мазмұндық, құрылымдық және семиотикалық аспектілерін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі поэтикалық дискурстың негізгі өзегі поэтикалық мәтін болып табылады. Поэтикалық мәтін – шағын көлемді, ырғақ пен ұйқасқа құрылған, белгілі құрылымдық тәртіпке бағынатын көркем тілдік бірлік. Кең мағынасында поэтикалық мәтін – қысқа көлемді поэзиялық туындылардың жиынтығы, ал тар мағынасында ол музыка мен сөз өнерінің тоғысындағы, ән ретінде орындалуға бейімделген лирикалық туындыны білдіреді. Қазақ ауыз әдебиетіндегі поэтикалық мәтіндер мазмұны мен қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: еңбек-кәсіпке қатысты аңшылық, төрт түлік, наурыз жырлары, көне наным-сенімге негізделген бақсы сарыны мен арбаулар, әдет-ғұрыпқа байланысты салт жырлары, үйлену және жоқтау мәтіндері, сондай-ақ қара өлең, тарихи жырлар мен айтыс мәтіндері. Поэтикалық мәтін сөздерінің табиғаты күрделі семантикалық құрылымымен сипатталады, оған ишаралау, меңзеу, салыстыру, жұмбақтау, астарлау, бейнелеу, теңеу, ұқсату тәрізді троптық тәсілдер тән. Поэтикалық мәтіндердің ең кең тараған формасы – лирикалық жанрда жүзеге асатын көркем шығармалар.

Поэтикалық мәтіннің құрылымы – өлең өлшемдерінің ұйымдасу жүйесін, дыбыстық үндестік пен ырғаққа тән ерекшеліктерді айқындайтын поэтикалық заңдылықтар мен құрылымдық шарттардың жиынтығы болып табылады. Поэтикалық мәтіннің қарапайым прозалық сөйлеуден басты айырмашылығы – оның белгілі бір мөлшерге негізделген жеке тармақтарға бөлінуінде. Бұл тармақтар белгілі бір ырғақтық және синтаксистік өлшемге бағына отырып, өлең құрылымын түзіп, поэтикалық форманың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Әрбір халықтың поэзиясында поэтикалық тармақтардың құрылымдық жүйесі ұлттық поэтикалық дәстүр мен тілдің фонетикалық-фонологиялық ерекшеліктеріне сай өзіндік сипатта дамыған. Дүниежүзілік әдебиетте өлең құрылымы негізінен төрт түрлі жүйеге жіктеледі:

1) Метрикалық өлең жүйесі – өлең ырғағында ұзын және қысқа буындардың кезектесуінен құрылуы. Бұл жүйе ежелгі грек пен рим поэзиясында, мысалы, ямб, хорей т.б. тәрізді өлшемдерде кеңінен қолданылған.

2) Силлабо-тоникалық өлең жүйесі екпінді және екпінсіз буындардың алмасуына негізделген. Мұндай құрылым орыс, неміс және ағылшын халықтарының поэзиясында кең тараған.

3) Тоникалық өлең жүйесі – орыс халық поэзиясында қолданылған. Мұнда ырғақ тек екпін түскен буындарға сүйенеді де, екпінсіз буындар есепке алынбайды. Әдетте әр сөз жеке екпінмен айтылып, ырғақтық бөлшек ретінде қабылданады, бұл шығарманы мәнерлеп оқуға мүмкіндік береді.

4) Силлабикалық өлең жүйесі – тармақтағы буын санын тұрақты сақтау принципіне сүйенеді. Мұндай жүйе француз, чех, итальян поэзиясында, сондай-ақ барлық түркі тілдес халықтардың (қазақ, қырғыз, түрік, татар, башқұрт, өзбек және т.б.) өлең дәстүрінде қолданылады. Қазақ поэзиясында бұл өлшем айқын көрініс табады: буын саны ырғаққа, тармақ пен шумаққа, ұйқасқа тікелей бағынышты болып келеді. Өлең құрылысының ұлттық сипаты тілдік ерекшеліктермен сабақтасып, қазақ өлеңінде буынға негізделу басты белгі ретінде орныққан[47].

Метрикалық, силлабо-тоникалық, тоникалық және силлабикалық өлең жүйелері әртүрлі тілдер мен әдеби дәстүрлерде қолданылатын өлең құрылымының негізгі түрлері болып табылады. Бұл жүйелердің әрқайсысы өлеңнің ырғағы мен дыбыстық ұйымдасуын анықтайтын өзіндік ерекшеліктерге ие. Олардың негізінде буынның ұзақтығы, екпіннің түсуі немесе буын санының тұрақтылығы жатады.

Метрикалық өлең жүйесі, ең алдымен, антикалық поэзияға тән жүйе болып табылады. Ол өлеңнің ырғағын ұзын және қысқа буындардың кезектесуі арқылы анықтайды. Бұл жүйе әсіресе ежелгі грек және рим поэзиясында кеңінен қолданылды. Мысалы, Гомердің Илиада және Одиссея эпостары дактиликалық гекзаметрмен жазылған. Гекзаметр — алты метрлік бунақтан тұратын өлең өлшемі, онда әрбір бунақ бір ұзын және екі қысқа буыннан тұратын дактильдік құрылымға ие.

Вергилийдің Энеидада гекзаметрмен жазылған, бұл оның дәстүрлі антикалық поэзияның үлгісін сақтағанын көрсетеді:

«Arma virumque cano, Troiae qui primus ab oris»

Бұл жолдағы Arma virumque cano (Мен қару-жарак пен ер адамды жырлаймын) буын ұзақтығына негізделген ырғаққа ие. Антикалық поэзияда буын ұзақтығы сөздегі дауысты дыбыстардың созылыңқылығына байланысты анықталған. Сондықтан метрикалық өлең жүйесі интонация мен сөз акцентіне емес, буындардың табиғи ұзақтығына сүйенеді.

Силлабо-тоникалық өлең жүйесі екпінді және екпінсіз буындардың кезектесуі арқылы құрылатын ырғақты қамтиды. Бұл жүйе орыс, неміс, ағылшын поэзиясында кең таралған. Оның негізінде белгілі бір ырғақтық үлгілер жатады, мысалы, ямб – екпінсіз-екпінді, хорей – екпінді-екпінсіз, дактиль – екпінді-екпінсіз-екпінсіз, анапест – екпінсіз-екпінсіз-екпінді, амфибрахий – екпінсіз-екпінді-екпінсіз [48, 270б.].

В. Коуптың көптеген шығармалары ямб үлгісімен жазылған. Мысалы, Being Boring өлеңінен алынған тармақты қарастырайық:

«I'm content with the way things are going.»

Бұл тармақты метрлік бунақтарға бөлсек:

i'm conTENT / with the WAY / things are GO / ing

Мұнда әрбір екпінді буыннан бұрын екпінсіз буын келеді, яғни бұл ямбикалық тетраметр (төрт метрлік ямб) болып табылады.

Ағылшын поэзиясында силлабо-тоникалық жүйенің кең тараған үлгісі – ямбикалық пентаметрде жазылған тармақтар, оған мысал ретінде В. Коуптың Strugnell's Sonnets өлеңінен алынған тармақты қарастырайық:

«And when I'm published in some classy mag»

Бұл тармақты метрлік бунақтарға бөлсек:

and WHEN / i'm PUBL / ished IN / some CLAS / sy MAG

Мұнда екпінсіз-екпінді жүйе тұрақты түрде сақталған, осы құрылымда 5 ямб бар, сондықтан бұл ямбикалық пентаметр болып табылады. Бұл ырғақтық ерекшеліктер ағылшын тілінің сөйлеу мәнеріне үйлесімді келеді.

Тоникалық өлең жүйесі екпінді буындардың тұрақтылығына негізделеді. Бұл жүйе көбінесе орыс халық поэзиясында қолданылған. Тоникалық жүйеде өлеңдегі екпін түспейтін буындар есепке алынбайды, ал әр сөз бір екпінмен айтылып, дербес ырғақтық бірлік құрайды.

В. Маяковскийдің мына өлең жолдарын қарастырайық:

«Слушайте!

Ведь, если звезды зажигают —

значит — это кому-нибудь нужно?»

Мұнда екпінді буындардың белгілі бір жүйелілікпен орналасуы ырғақтылықты қамтамасыз етеді. Тоникалық өлеңде ұйқас маңызды рөл атқарғанымен, ол міндетті түрде біркелкі болмауы мүмкін. Негізгі ырғақ екпінге байланысты қалыптасады.

Силлабикалық өлең жүйесі буын санының тұрақтылығына негізделеді және бұл құрылым француз, чех, итальян және барлық түркі тілдес халықтардың поэзиясында кеңінен қолданылады. Қазақ поэзиясы да осы өлең жүйесіне жатады. Силлабикалық өлеңде екпін емес, әр жолдағы буын санының біркелкі сақталуы маңызды.

Қазақ поэзиясында бұл жүйенің айқын көрінісін Н. Алпамысқызының шығармашылығынан көруге болады. Ақынның өлеңдерінде әр жолдағы буын саны тұрақты, ал ұйқас пен ырғақ осы буындық құрылымға бағынады:

«Көңілім жетімсіреп ұмтылғанда

Тауға кеп жұбанамын мұң тұнғанда.

Бір бастың көңіл кірі бұйым боп па
Жарқырап аспанымда күн тұрғанда!»

Мұнда әр жолдағы буын саны – 11, бұл қазақтың дәстүрлі қара өлең үлгісіне сәйкес келеді. Буын саны өлеңнің құрылымын сақтауда маңызды фактор болып табылады, өйткені қазақ тілінде екпін тұрақсыз болғандықтан, силлабо-тоникалық жүйе орныға алмаған.

Метрикалық, силлабо-тоникалық, тоникалық және силлабикалық өлең жүйелері әр түрлі әдеби дәстүрлерде әртүрлі рөл атқарады. Метрикалық жүйе антикалық грек пен рим поэзиясында дамыса, силлабо-тоникалық жүйе орыс, неміс, ағылшын поэзиясына тән. Тоникалық жүйе орыс халық поэзиясының негізінде қалыптасып, кейін жазба поэзияға енгізілді. Ал силлабикалық жүйе француз, итальян және түркі халықтарының поэзиясында басты орын алды. Қазақ өлеңі осы соңғы жүйенің айқын мысалы болып табылады, онда ырғақ, тармақ, ұйқас – барлығы буын санының тұрақтылығына тәуелді.

Ағылшын поэзиясында метрикалық өлшемдер өлеңнің ырғағын, екпінін және құрылымын анықтауда маңызды рөл атқарады. Бұл өлшемдер негізінен екпінге сүйеніп құрылады және әр түрлі метрлік үлгілер арқылы жүзеге асады. Ең көп қолданылатын метрикалық өлшемдерге ямб, хорей, дактиль, анапест және амфибрахий жатады.

Ямб (iambic meter) – екпінсіз буыннан басталып, екпінді буынмен аяқталатын өлең өлшемі. Яғни, бұл өлшемнің құрылымы та-ТА үлгісімен сипатталады. Ағылшын поэзиясында ең кең таралған метр – ямбикалық пентаметр. Ол әр тармақта бес бунақтан (фут) тұрады және әр бунақ екпінсіз-екпінді үлгіде беріледі.

Ағылшын поэзиясындағы В. Коуп классикалық өлең өлшемдерін, соның ішінде ямбикалық пентаметрді жиі қолданады. Мысал ретінде В. Коуптың Strugnell's Sonnets – классикалық ямбикалық пентаметр құрылымын пародиялық тұрғыда қолданатын сатиралық өлеңдер жиынтығы. Бұл циклдағы өлеңдер әр тармағында ямбикалық пентаметр сақталады.:

«I wandered lonely as a cloud last week,»

Бұл жолды бунақтарға бөліп қарастырсақ:

I WAN / dered LONE / ly AS / a CLOUD / last WEEK

Мұнда бес метрлік бунақ бар, олардың әрқайсысы екпінсіз-екпінді (та-ТА) құрылымында. Ямбикалық пентаметрдің ағылшын поэзиясында ерекше орын алуының себебі – оның ағылшын тілі сөйлеу ырғағына үйлесімді келуі.

Хорей (trochaic meter) – ямбтың қарама-қарсы үлгісі. Яғни, бірінші буын екпінді болып, екінші буын екпінсіз келеді: ТА-та. Бұл өлшем әуенділігімен және экспрессивтілігімен ерекшеленеді.

Венди Коуптың Bloody Men атты өлеңінен мына жолды қарастырайық:

«Bloody men are like bloody buses,»

Бұл жолда әр метрлік бунақ хорейлік құрылымда:

BLOOdy / MEN are / LIKE bloo / DY bus / ES

Бұл тармақ толық хорейлік болмаса да, алғашқы үш бунақ ТА-та (екпінді-екпінсіз) құрылымында берілген, яғни хорейлік ырғақ байқалады. Әсіресе алғашқы бөлігі анық хорей:

BLOOdy (ТА-та), MEN are (ТА-та), LIKE bloo (ТА-та)

Қалған бунақтарда (DY bus / ES) интонациялық ақаулар бар, бірақ жалпы өлеңдегі бастама хорей ритміне сай келеді. В. Коуп формамен ойнай отырып, бір тармақтың ішінде түрлі ырғақтық ауысулар жасай алады. Сондықтан оның өлеңдерінде таза хорейлік метр тұрақты қолданылмаса да, жеке тармақтарда немесе өлеңнің алғашқы бунақтарында хорей айқын байқалады. Хорей өлеңге батыл, жігерлі ритм береді, сондықтан оны көбінесе эпикалық немесе драмалық шығармаларда қолданады.

Дактиль (dactylic meter)– үш буынды өлшем, мұнда бірінші буын екпінді, ал қалған екеуі екпінсіз: ТА-та-та. Бұл өлшем көбінесе жеңіл ырғақты, мелодиялық өлеңдерге тән.

Генри Лонгфеллоның *Evangeline* поэмасында дактиль үлгісін көруге болады:

«This is the / forest pri / meval, the / murmuring / pines and the / hemlocks,»

Бұл тармақты метрлік бунақтарға бөлсек:

THIS is the / FOrest pri / MEval, the / MURmuring / PINES and the / HEMLocks

Дактильдік өлең көбінесе эпикалық поэзия мен салтанатты шығармаларда қолданылады.

Анапест (anapestic meter) – дактильдің қарама-қарсы түрі, мұнда алғашқы екі буын екпінсіз, ал соңғы буын екпінді келеді: та-та-ТА. Бұл өлшем поэзияға жеңілдік пен әуенділік береді.

Лорд Байронның *The Destruction of Sennacherib* поэмасынан мысал:

«The Assyrian came down like the wolf on the fold,»

Метрлік бунақтарды бөлу арқылы анапестің құрылымын көруге болады:

the aSSY / ri-an CAME / down like THE / wolf on the FOLD

Анапестік метр көбінесе жылдам ырғақты, драмалық немесе әуезді өлеңдерде қолданылады.

Амфибрахий (amphibrachic meter) – үш буынды метр, мұнда ортаңғы буын екпінді, ал бірінші және үшінші буындар екпінсіз болады: та-ТА-та.

Бұл метр ағылшын поэзиясында сирек кездеседі, бірақ кейбір балладаларда және музыкалық өлеңдерде қолданылады. Генри Лонгфеллоның *The Village Blacksmith* поэмасынан мысал:

«Under the / spreading chest / nut tree,»

Бұл жолды бунақтарға бөлсек:

UNder the / SPREading chest / NUT tree

Амфибрахий жұмсақ ырғақ береді және көбінесе лирикалық өлеңдерде кездеседі.

Ағылшын поэзиясында қолданылатын негізгі метрикалық үлгілер өлеңнің ритмін, эмоционалды әсерін және көркемдік құрылымын анықтайды. Ямб – ең кең таралған өлшем. Хорей экспрессивтілігімен ерекшеленеді, ал дактиль

эпикалық сипат береді. Анапест жеңіл әрі әуезді өлеңдерде қолданылады, ал амфибрахий көбінесе балладалық және музыкалық шығармаларда кездеседі. Бұл метрикалық құрылымдар ағылшын поэзиясының түрлі кезеңдерінде кеңінен қолданылып, оның эстетикалық және ырғақтық байлығын көрсетеді.

Бұл әртүрлі метрикалық типтер ақындарға өлеңдерінде ырғақты, жылдамдықты және екпінді жасаудың кең ауқымын ұсынады. Осы метрикалық үлгілерді шебер басқара отырып, ақындар әртүрлі көңіл-күйді тудыра алады, әртүрлі қарқындылық деңгейлерін жеткізе алады және поэзиясында ерекше дыбыстық әсерлерді жарата алады [49].

Басқа да славян тілдерімен, испан, роман тілдерімен салыстырғанда, ағылшын тілінде екпіннің соншалықты айқын көрінбейтіндігі байқалады. Бұл поэзияға да әсер етеді. Күшті екпіннің жоқтығы ағылшын тілі мен қазақ тілін жақындатып тұр десек те болады. Дегенмен, егер қазақ тілі буын санына баса назар аударса, ағылшын тілді өлеңдерде бір тармақтағы буын саны екінші тармақтағы буын санынан аз немесе көп болуы мүмкін. Бұл өлеңнің гармониясын бұзбайды.

Сонымен, жалпы поэтикалық дискурсқа тән мәтіндердің келесідей басты белгілерін анықтап отырмыз: рифма; ырғақ; метафора, басқа да троптар, стилистикалық құралдар; мағынаның күрделілігі; лирикалық, драматикалық сипат, автор уайымының сезілуі. Талдау барысында осы белгілердің біреуі болмауы әбден мүмкін. Рифма сынды белгілердің кейбірі болмаған жағдайда да мәтін поэтикалық сипатта болуы мүмкін, әсіресе рифманың мүлде болмауы ағылшын поэзиясында жиі кездесетін құбылыс ретінде танылады.

Поэтикалық мәтіннің құрылысы әр алуан сипатқа ие. Өлең тармақтары мағына мен дыбыстық үйлесім тұрғысынан бір-бірімен үндесіп келген жағдайда шумақ түзіледі. Басқаша айтқанда, поэтикалық мәтіндегі синтаксистік тұрғыдан аяқталған ой шумақ болып есептеледі. Шумақтың көлемі – тармақ санына емес, сол ойдың толық берілуіне байланысты анықталады.

Әрбір шумақ бірнеше тармақтан құралады және тармақ саны екіден кем болмайды. Тармақ — өлеңнің құрылымдық бірлігі болып саналатын жеке жолы. Өлең тармақтарының құрылысы әртүрлі болуы мүмкін. Әр тармақ бір немесе бірнеше бунақтан тұрады. Бунақ деп өлеңді дауыс ырғағымен оқығанда байқалатын интонациялық толқынның бір соқпа-соқпасының арасын айтамыз.

Қазақ поэзиясының құрылымдық ерекшеліктерін бунақ пен ондағы буын санына қарай жіктегенде, оны негізінен бес түрге бөлуге болады: он бір буынды, сегіз буынды, жеті буынды, алты буынды және аралас буынды өлеңдер.

Поэтикалық мәтін өлшемі – ырғақтылықты сақтау үшін қолданылатын құрылымдық жүйе, оның атаулары негізінен ежелгі грек поэзиясынан бастау алады. Көне грек, рим поэзияларында өлшем ұзын және қысқа буындардың алмасуы негізінде жасалса, түркі, араб және парсы поэзиясында буын санын тұрақты сақтау арқылы қалыптасады. Қазақ өлең өлшемдері ой мен мағына тұтастығына сай келетін ырғақтық құрылымды түзеді және көбіне 7, 8, 11 буынды тармақтар мен олардың бунақтарға бөліну ерекшелігімен сипатталады.

Поэтикалық мәтіндегі ұйқас – тармақтардың соңындағы буындардың дыбыстық жағынан өзара үйлесуі арқылы қалыптасатын құрылымдық-ырғақтық элемент. Ұйқас өлеңнің әуезділігін арттырып, тармақ жігін айқындайды және поэтикалық ырғақты күшейтеді. Ұйқас түрлері тармақтардың кезектесу реті мен дыбыстық сәйкестік деңгейіне қарай ажыратылады: ең жиі кездесетін түрлері – егіз ұйқас (аа), шалыс ұйқас (абаб), қаусырма ұйқас (абба), сондай-ақ қазақ поэзиясына тән ақсақ ұйқас (ааба). Сонымен қатар, қазақ жыр үлгілерінде шұбыртпалы және желілі ұйқастармен қатар, Абай шығармашылығында кездесетін алты аяқ (аабввб) пен сегіз аяқ (аабввбгг) сияқты күрделі ұйқас үлгілері де кеңінен қолданылады.

Қазақ сөз өнері дамыған сайын өлең құрылысы да жетіліп, жаңа өлшемдер мен өрнектер арқылы толығып отырған. Поэзияның ырғақтық-интонациялық қырларын кеңінен игеріп, өлеңнің түрлік байлығын арттыруға айрықша үлес қосқан тұлға – Абай. Ақын бір жағынан тың өлшем, шумақ пен ұйқас түрлерін орнықтырса, екінші жағынан бұрыннан қалыптасқан үлгілерді қажетіне қарай өңдеп, түрлендіріп қолдануымен ерекшеленді. Кейінгі қазақ ақындары да өлеңнің ырғақтық-интонациялық әлеуетін толық ашуға, оны сөйлеу интонациясына тән белгілермен байытуға ұмтылды. Соңғы кезеңде ерікті өлеңнің кең таралуы байқалады: мұнда қатаң өлшем сақталмағанымен, дәстүрлі ырғақтық өрнектер еркін түрде қолданылады. Қазақ поэзиясының құрылымдық дамуын Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, І. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, С. Мұқанов, З. Ахметов, З. Қабдолов және басқа да ғалымдар зерттеген.

Поэзияны түсіну үшін оны ұйқас, ырғақ және шумақтық құрылым сияқты сыртқы белгілермен шектемей, мазмұндық тұтастықта қарастыру қажет. Дәстүрлі поэтикалық үлгілер осы көрсеткіштерге сүйенгенімен, қазіргі заманғы поэзия ұғымы бұлардан әлдеқайда кең сипаттар аясын қамтиды. Поэзияның мәні тек құрылымдық ұйымдасуда емес, оның эмоциялық әсер қалыптастыру, терең мағына ұсыну және прозадан өзгеше бейнелеу мүмкіндігінде жатыр. Ол күрделі сезімдер мен абстрактілі ұғымдарды ықшам әрі әсерлі түрде жеткізуге ұмтылады, бұл оның прозалық мәтіннен ерекшелігін анықтайды. Ақындар поэтикалық мәтінді мазмұндық деңгейде байытып, оқырманды жарқын бейнелеу тәсілдері, астарлы мағына мен символдық образдар арқылы терең қабылдауға жетелейді. Ұйқас пен өлшем болмаған жағдайда да, поэзия тілдің табиғи әуезділігі мен ырғақтылығы арқылы көркемдік үйлесімге ие бола алады. Сонымен бірге, поэзияда сезімдік шиеленіс, ішкі қайшылықтар мен олардың шешімі оқырман санасында терең әсер қалдырады. Сайып келгенде, поэзия – адам жанының күйі мен танымдық тәжірибесін көркем тілдік тәсілдер арқылы жеткізетін бейнелі шығармашылық түрі.

Алдымен, поэзия және прозаның айырмашылықтарын анықтап алайық. Поэзия тілі прозадан ерекше құрылымымен, яғни тармақтарға бөлінуі, буын санының тәртіппен келуі, ұйқас пен ырғаққа негізделуі арқылы айқындалады. Р. Сыздықованың пікірінше, поэзияны өзгешелейтін негізгі белгілер — ұйқас, өлшем және ырғақтық құрылым. Бұл ерекшеліктер тармақтардағы буын санының тұрақтылығы мен сөйлем ішіндегі дыбыстық

үйлесім арқылы көрінеді[50, 66.]. Б. В. Томашевский, Б. Эйхенбаум, Н. С. Поспелов сынды өлең құрылысын зерттеушілер поэзия мен прозаның бір-бірінен айырмашылығы сөйлеу бірліктерін құрау механизмінен туындайтынын атап көрсетеді. А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұмалиевтің еңбектерінде де өлеңнің ырғағы, буын мен бунақ тәртібі поэтикалық сөйлемдердің құрылымдық заңдылығы ретінде танылып, өлеңнің көркемдік табиғатын анықтайтын басты шарт екені негізделеді.

Қ. Өмірәлиев қазақ поэзиясының тілін зерттей отырып, өлеңнің негізгі қозғаушы күші – ырғақ екенін және өлең туындауы үшін алдымен ырғақтық құрылым пайда болуы қажет екенін атап көрсетеді. Оның пайымдауынша, ырғақ толқындары сөйлеу тіліндегі интонациялық тізбектерді бөліп, оларды инверсияға ұшыратады, әрі поэзияда тек поэтикалық реңкке ие морфологиялық формалар белсенді қолданылады [51, 266]. Ш. Уәлиханов та өлеңнің құрылымдық ерекшеліктеріне назар аударып, оның прозадан айырмашылығы мөлшерлі жолдар, шумақ, ұйқас және ырғақ сияқты элементтермен айқындалатынын көрсетеді. Сонымен қатар, ол силлабикалық жүйеге тән басты сипат – буын санының тұрақты сақталуы екенін нақтылайды.

Енді поэзия мен прозаның синтаксистік ерекшелігіне тоқталайық. Поэзия мен прозаның синтаксистік құрылымдары бірқатар ортақ белгілерге ие болғанымен, олардың арасында елеулі айырмашылықтар да кездеседі. Екі формада да сөйлем мүшелері мен сөз тіркестері өзара синтаксистік қатынасқа түсіп, мағыналық байланыс орнатады. Дегенмен, поэзияда сөздердің орын тәртібі жиі өзгертіліп, инверсия тәсілі қолданылады, сөйлемдер ықшам әрі эмоциялық жағынан қанық болады. Сондай-ақ, поэтикалық мәтінде эллипсис жиі кездесіп, сөйлемнің кейбір мүшелері түсірілуі мүмкін. Мұндай құрылым өлеңге жинақылық пен ықшамдық қасиет беріп, оның көркемдік әсерін күшейтеді. Поэзияда риторикалық сұрақтар, қайталама құрылымдар мен лепті сөйлемдер жиі кездесіп, өлеңнің эмоционалды жүктемесін арттырады. Сонымен қатар, сөйлем мен сөз тіркестері прозада нақты мазмұн беруге бағытталса, поэзияда олар көркемдік және бейнелеу құралдары ретінде қызмет етеді. Бұл ерекшеліктер поэзияның синтаксистік құрылымын эстетикалық мақсаттарға бейімделген күрделі тілдік жүйе ретінде сипатталады.

Сонымен қатар, поэтикалық синтаксис тек прозаға тән синтаксистік категориялармен шектелмейді, оған өлеңге ғана тән құрылымдық элементтер – шумақ, тармақ және бунақ та кіреді. Бұл құрылымдық бірліктер поэтикалық мәтіннің ішкі ырғағын қалыптастырып, поэзияны прозадан айқындай түседі. Прозадағы сияқты поэзияда да сөйлем мүшелері бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұрады, бірақ поэзиядағы бұл байланыстар көбіне интонация арқылы айқындалады. Өлең мәтінінде бір сөйлем мүшесі бірден бірнеше басқа сөйлем мүшелерімен байланысып, мағыналық көпқабаттылық тудыра алады.

Поэзия мен прозаның маңызды айырмашылықтарының бірі — синтаксистік бірліктердің ұзындығы мен құрылымдық ұйымдасуында. Проза сөйлемдері көбіне толық аяқталған, логикалық тұрғыдан тұтас ойды білдіретін күрделі құрмалас құрылымдардан тұрса, поэзияда сөйлемдер ырғақ пен ұйқасқа

бағынып, ықшам әрі ықпал ету әлеуеті жоғары болады. Өлең жолында бір ғана сөз жеке тармақ құрап, ерекше семантикалық және эмоциялық мәнге ие болуы мүмкін; сондай-ақ поэзияда қайталама құрылымдар, риторикалық сұрақтар мен лепті сөйлемдер жиі кездесіп, көркемдік әсерді арттырады [52].

Ағылшын әдебиетінде өлең құрылымдары мен поэтикалық дискурс ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар аз емес. Олардың еңбектері поэзияның метрикалық заңдылықтарын, дыбыстық құрылымдарын, ырғақтық ерекшеліктерін, көркемдік құралдарын, сондай-ақ оның тарихи эволюциясын жан-жақты талдауға бағытталған. Поэзияның құрылымын талдаған ағылшын ғалымдарының ішінде Александр Потебняның идеяларын жалғастырған және дамытқан зерттеушілер де бар, ал кейбіреулері заманауи лингвистика мен когнитивті поэтика тұрғысынан өлең құрылымдарын қарастырған.

Ағылшын поэзиясын талдауда ерекше орын алатын ғалымдардың бірі Дж. Сейнтсбери поэтикалық стильдер мен метрлердің тарихи эволюциясын қарастырып, ағылшын өлеңінің түрлі дәуірлерде қалай өзгергенін саралады. Оның еңбектері поэзия тарихын талдау арқылы метрикалық заңдылықтардың қалай дамығанын көрсетуімен құнды. Р. Бриджес ағылшын поэзиясының метрлік құрылымын тереңірек зерттеді. Ол дәстүрлі метр мен еркін өлеңнің айырмашылықтарына тоқталып, интонация мен табиғи сөйлеу ырғағының өлең құрылымына қалай әсер ететінін талдады. Бұл көзқарас кейінгі поэтикалық зерттеулерге айтарлықтай ықпалын көрсетті. А. Копленд ағылшын поэзиясының фонетикалық құрылымын зерттеп, дыбыстық үйлесімдердің қалай қалыптасатынын және олардың оқырманға қалай әсер ететінін көрсетті. Поэзиядағы аллитерация, ассонанс, консонанс секілді элементтердің рөлін түсіндіріп, олардың эстетикалық ықпалын анықтады. Осы саладағы маңызды зерттеушілердің бірі Д. Эттридж поэзиядағы ырғақ пен екпіннің маңызын талдап, ағылшын метрикасының ерекшеліктерін көрсетіп берді. Оның еңбектері дыбыстық құрылым мен мағыналық акценттердің өлеңдегі эмоционалдық әсерді қалыптастырудағы рөлін түсінуге көмектесті.

Поэтикалық құрылымдарды зерттеген бірқатар ғалымдар поэзиядағы ырғақ, ритм және метрикалық жүйелердің эволюциясын түрлі қырынан талдады. Атап айтқанда, Т.С. Элиоттың шығармашылығын зерттеген Ф.К. Лейтон дәстүрлі метриканың еркін ырғаққа ауысу үдерісін түсіндіруге тырысып, бос өлеңнің құрылымдық ерекшеліктерін сипаттады. Дж. Стил поэзиядағы дыбыстық және ырғақтық құрылымдарды алғаш жүйелі түрде зерттегендердің бірі ретінде өлең интонациясы мен дыбыстың ұзақтығына негізделген метрлерді қарастырды. Поэзияны қабылдау механизмдері мен когнитивті процестер арасындағы байланысты зерттеген Д. Фримен, К. Аддисон және В. Ли өлең құрылымының эмоциялық және мағыналық әсерін ашуға баса назар аударды. П. Фассел поэтикалық форма мен мазмұнның өзара байланысын ашып, рифма, ырғақ және дыбыстық құрылымдардың күрделі жүйесін талдады. Ал Р. Картер мен М. Лонг поэтикалық дискурсты лингвистикалық және стилистикалық тұрғыдан зерттеп, поэтикалық мәтіннің құрылымдық-мағыналық ерекшеліктерін сипаттауға үлес қосты.

Ағылшын тілінің өлең құрылымдарын зерттеген ғалымдардың еңбектері поэзияның тек қана эстетикалық категориясы ғана емес, сонымен бірге метрикалық, фонетикалық және когнитивті құрылымдарға негізделген күрделі құбылыс екенін көрсетеді. Поэтикалық дискурс тек форма мәселесі емес, ол мағыналық өрістің ерекше түрі ретінде де қарастырылады. Сондықтан зерттеушілер поэзиядағы ырғақ, рифма, дыбыстық үйлесімдер, метрикалық құрылымдар, когнитивті ерекшеліктер секілді аспектілерді жан-жақты талдайды. Бұл бағыттағы зерттеулер поэзияны тек әдебиеттану шеңберінде ғана емес, тіл білімі мен когнитивтік ғылымдар тұрғысынан да қарастыруға мүмкіндік береді.

С. Виноградова поэзияның табиғатын семантикалық және құрылымдық тұтастық негізінде қарастырады. Лирика, эпос және драма жанрларында тілдік бірліктер мағынаны жеткізуде әртүрлі қызмет атқаратыны ерекше көрсетіледі. Поэтикалық мәтін рифма, аллитерация, ритм-метрикалық ұйымдасу және композициялық құрылым арқылы мағыналық әсер тудырады. С. Виноградованың пікірінше, поэтикалық мәтін – автор санасымен ұйымдасқан, ішкі үйлесімі жоғары, жүйелі және ассоциативті тәуелділікке негізделген тұйық мағыналық құрылым ретінде сипатталады [53,161б.].

В.А. Маслова поэзияны әлемді тану мен бейнелеудің ерекше тәсілі ретінде қарастырып, оның басты ерекшелігі эстетикалық мәннің басымдылығында деп тұжырымдайды. Зерттеуші поэзиялық мәтінді бейнелі ойлау нәтижесі деп бағалап, поэзияның мәні адам сезімі мен көңіл күйін эстетикалық түрде жеткізуінде екенін атап көрсетеді [54]. Поэзия мен прозаның айырмашылығын саралай отырып, поэзияны эмоция мен сезім динамикасын білдіру құралы ретінде сипаттайды, ал прозада негізінен оқиғалық мазмұн мен идеяны жеткізу басымырақ болады деп санайды. Сонымен қатар автор тіл бірліктерінің мағынасын концептуалды және эстетикалық деңгейде ажыратып, эстетикалық мағынаның концептуалды мазмұнды бейімдеп, кей жағдайда өзгертуі мүмкін екенін атап көрсетеді. Бұл тұжырымдар поэзияның семантикалық құрылымындағы көпқабаттылық пен көркемдік экспрессияны тереңірек түсіндіруге негіз болады[55].

И.В. Вашунинаның пікірінше, поэзия төмен ақпараттылықпен қатар жоғары эмоционалдылық және экспрессивтілік сипатымен ерекшеленеді. Оның айтуынша, поэтикалық мәтіндерде вербалды емес мазмұндық-концептуалдық және мәтінаралық ақпарат көлемінің көп берілуі олардың қабылдануын күрделендіреді. Осыған байланысты ғалым поэзияның нақты мазмұнды хабарлаудан гөрі, концептуалды мәнді жеткізуге бейім екенін атап өтеді [56,10б.]

М.М. Бахтиннің пайымдауынша, поэзия мен проза архитектуралық көркемдік формалар ретінде екі түрлі дүние бейнесін жасайды. Поэзияда өзіндік дүниенің авторлық санаға негізделген көркемдік моделі құрастырылады. Бұл модельдің қалыптасуында көркемдік бейненің құрылымына маңызды рөл беріледі. Поэзияда көркемдік бейне авторлық интенция, затқа деген авторлық эмоционалды-мазмұндық бағыттылықпен барынша толық беріледі, сондықтан

да, М.М. Бахтин бойынша, поэтикалық бейне – бұл автордың зат туралы көзқарасы мен оның экспрессивті, құндылыққа толы және мазмұндық сипаттамасы арқылы қалыптасатын интенционалды бейне болып табылады [57, 346.].

Л. О. Бутакова көркем мәтіндегі авторлық сана қызметін зерттеу барысында поэзия мен прозаның дүниені бейнелеу модельдерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Зерттеушінің пікірінше, проза мен поэзия эстетикалық қызметтің түрлі принциптеріне негізделі отырып, вербалды репрезентацияның әртүрлі әдістерін жүзеге асырады. Прозалық және поэтикалық мәтіндер құрылымдық, көлемдік, жанрлық және тақырыптық ұқсастықтарға ие болғанымен, когнитивті, семиотикалық және ритмо-метро-мелодиялық доминантарымен ерекшеленеді. Ғалым дүниенің көркем бейнесін когнитивті-ментальді, эмотивті және коммуникативті деңгейлерде көрінетін шындық болмыстың құрылымдық-ұйымдасқан эстетикалық моделі ретінде сипаттайды. Поэтикалық және прозалық мәтіндердің айырмашылығы, негізінен, ойды білдіру формасына – өлең мен қара сөзге байланысты екендігі атап өтіледі [58, с. 4].

Поэтикалық мәтін бір жағынан дүниені авторлық интерпретация ерекшеліктері арқылы бейнелесе, екінші жағынан авторлық сананың мәндік, когнитивтік құрылымдарының өзіндік ерекшелігін білдіреді.

Поэзияны прозамен салыстырған кезде поэзияда бірнеше стильдік элементтер жиі кездеседі:

- Персонификация: поэзияда заттар немесе абстрактілі ұғымдар көбінесе адами қасиеттермен қамтылып, образдылық пен метафоралық тереңдікті күшейтеді.

- Аллитерация: дауыссыз дыбыстардың жақын жерде қайталануы музыкалық әуенді тудырады және мәтінге ырғақ пен резонанс қосып, белгілі бір сөздерді немесе сөз тіркестерін басып көрсетеді.

- Ассонанс және ономотопея: ассонанс жақын сөздердегі дауысты дыбыстардың қайталануын қамтыса, ономотопея деп сипаттайтын дыбыстарға фонетикалық еліктейтін сөздерді айтады.

- Эллипсис және апозиопезис: стилистикалық құрылғылар сөздерді түсіріп тастауды немесе сөйлемдердің күрт аяқталуын қамтиды, шиеленісті тудырады және оқырмандарды контекстен мағынаны шығаруға шақырады.

- Аяқталмаған сөйлемдер және бір сөзден тұратын сөйлемдер: поэзияда бір сөзден тұратын сөйлемдер мен фрагменттерді қамтитын әдеттен тыс синтаксистік құрылымдар жиі қолданылады. Мұндай минималистік тілдік құрылымдар поэтикалық мәтінге эмоциялық қарқын мен мағыналық жеделдік сипат беріп, оқырман назарын мәтіннің эмоционалдық немесе тақырыптық өзегіне шоғырландыруға бағыттайды.

Саралай келе, ағылшын поэтикалық дискурсының құрылымдық ерекшеліктерінің бірі – оның метрикалық жүйесінің саналуандығында екені байқалады. Ағылшын поэзиясы негізінен екпінге негізделген метрикалық жүйені қолданады. Ямб, хорей, дактиль, анапест сияқты метрлер ағылшын

поэзиясында кеңінен таралған. Әсіресе, ямбикалық пентаметр – ағылшын поэзиясының ең танымал метрикалық үлгісі. Сонымен қатар, ағылшын поэзиясы аллитерация мен ассонанс сияқты дыбыстық үйлесімділіктерге ерекше мән береді.

Қазақ поэтикалық дискурсы дәстүрлі түрде буынға негізделген метрикалық жүйені қолданады. Қазақ өлең құрылысы негізінен буын саны мен ұйқас жүйесіне сүйенеді. Қазақ поэзиясында 7-8 буынды жыр үлгісі, 11 буынды қара өлең, 15 буынды арнау және толғау секілді дәстүрлі өлең түрлері кең таралған. Ұйқас жүйесі қазақ поэзиясында құрылымдық маңызға ие, және бұл ерекшелік ағылшын поэзиясынан айтарлықтай өзгешеленеді. Ағылшын өлеңінде рифм схемалары әртүрлі болуы мүмкін (айқас, шалыс, қара өлең формасындағы рифмалар), ал қазақ поэзиясында көбінесе кезекті, шұбыртпалы және ерікті ұйқас түрлері жиі кездеседі.

Қазақ поэзиясы музыкалық-синтетикалық сипатқа ие, яғни ол көбінесе музыкамен байланысып, дәстүрлі орындаушылықпен қатар жүреді. Бұл ерекшелік қазақ поэтикалық дискурсының құрылымына әсер етеді, өйткені поэтикалық мәтін көбінесе ырғақтық және фонетикалық үйлесімділікке негізделеді. Қазақ жыраулары мен ақындары дәстүрлі түрде поэзияны әнмен немесе мақамға салып орындайды, бұл қазақ поэзиясының құрылымдық сипатын айрықша даралайды.

Ағылшын және қазақ поэзиясының метрлік жүйелерінің айырмашылықтары осы екі тілдің фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерімен байланысты. Әрбір тілдің дыбыстық құрылымы мен сөйлеу ырғағы өлең өлшемінің қалыптасуына ықпал етеді.

Ағылшын поэзиясы негізінен метрикалық жүйеге сүйенеді, яғни екпіннің түсуіне қарай белгілі бір ырғақтық құрылым қалыптасады. Бұл жүйе силлабикалық емес, екпіндік (тоникалық) өлшемге негізделеді, өйткені ағылшын тіліндегі сөздерде екпіннің орны маңызды рөл атқарады. Ағылшын тілі герман тілдері тобына жатады, ал германдық дәстүрдегі поэзияда екпінді буындар мен екпінсіз буындардың кезектесуі ерекше мәнге ие. Сондықтан ағылшын поэзиясында ямб, хорей, дактиль, анапест сияқты метрлік үлгілер кеңінен қолданылады. Бұл үлгілер өлеңнің табиғи әуезділігін қалыптастырады және оқырманның немесе тыңдаушының оны ырғақты қабылдауына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ағылшын тілінде сөздердің буын саны тұрақты емес, бір түбірдің өзі әртүрлі формада қолданылғанда буын саны өзгеріп кетуі мүмкін, сондықтан силлабикалық жүйе бұл тіл үшін қолайсыз.

Қазақ поэзиясы, керісінше, буындық жүйеге негізделген. Қазақ тілі түркі тілдеріне жататындықтан, оның ерекшеліктерінің бірі – сөз екпінінің тұрақтылығы. Қазақ тілінде екпін көбінесе сөздің соңғы буынына түседі және оның сөйлеу қарқыны ағылшын тіліне қарағанда біркелкі. Сондықтан қазақ өлеңінде ырғақ буын санын есептеу арқылы жасалады. Бұл жүйе силлабикалық деп аталады. Қазақ поэзиясында өлең жолындағы буын саны тұрақты болуы керек, мысалы, жеті, сегіз, он бір буынды өлең өлшемдері жиі кездеседі. Егер

бір тармақта буын саны артық не кем болса, өлеңнің әуезділігі бұзылып, ырғақтық үйлесім жойылады.

Тілдік құрылымдар мен тарихи поэтикалық дәстүрлердің де ықпалы зор. Ағылшын поэзиясы ерте дәуірден бастап антикалық дәстүрлердің әсерін қабылдады, әсіресе, грек пен латын поэзиясының метрлік үлгілері ағылшын поэтикалық формаларының дамуына елеулі түрде ықпал етті. Ал қазақ поэзиясы ауызша дәстүрге негізделген, жыраулар мен ақындар айтысы, терме, толғау сияқты жанрларда буындық жүйенің құрылымдық тұрақтылығын сақтаған.

Ағылшын және қазақ поэзиясының дамуына тарихи поэтикалық дәстүрлердің ықпалы аса терең әрі күрделі. Әрбір тілдің поэтикалық құрылымдары оның әдеби дәстүрлері мен мәдениетінен ажырағысыз байланыста. Бұл айырмашылықтар әсіресе ағылшын поэзиясының антикалық мәдениетпен байланысы мен қазақ поэзиясының ауызша дәстүрге негізделуі арқылы айқын көрінеді.

Ағылшын поэзиясының дамуына көне грек пен латын әдебиеті едәуір әсер етті. Антикалық дәуірдегі грек және рим поэзиясында поэтикалық өлшемдер көбінесе силлабо-тоникалық сипатта болды, яғни буын саны мен екпін бір мезгілде есепке алынды. Грек әдебиетінің алып тұлғалары Гомер мен Гесиод өз дастандарында дактиликалық гекзаметрді қолданды. Кейінірек бұл дәстүрді римдік Вергилий, Гораций және Овидий жалғастырды. Бұл ақындардың шығармалары Еуропа поэзиясының қалыптасуында маңызды рөл атқарды және ағылшын поэзиясына да ықпалы зор болды.

Ортағасырлық ағылшын поэзиясында бастапқы кездері германдық дәстүр басым болды, онда аллитерация мен екпінге негізделген өлеңдер кең тараған. Мысалы, Beowulf эпосы осы дәстүрдің жарқын үлгісі болып табылады. Кейінгі ғасырларда, әсіресе Қайта өрлеу дәуірінде, ағылшын ақындары антикалық поэзия үлгілеріне қайта оралды. Шекспир, Кристофер Марлоу және Бен Джонсон сияқты ақындар өз шығармаларында грек-римдік поэзияның метрлік жүйелерін енгізе бастады. Осылайша, ағылшын поэзиясы силлабикалық жүйеден гөрі екпінге негізделген метрикалық жүйеге көшті.

Қазақ поэзиясы, керісінше, ежелден ауызша дәстүрмен тікелей байланысты дамыды. Ауызша дәстүрде өлеңнің есте сақталуы өте маңызды болғандықтан, буындық жүйе тиімді құралға айналды. Буын санының тұрақтылығы өлеңнің ырғақтық құрылымын сақтап қана қоймай, тыңдаушының оны тез қабылдауына мүмкіндік берді. Жыраулар поэзиясы қазақ әдебиетінің ең көне қабаттарының бірі болып табылады. XV–XVIII ғасырларда Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар жырау сияқты жыраулардың шығармаларында буындық құрылым қатаң сақталды, ал өлеңдер көбінесе жеті, сегіз, он бір буынды болып келді.

Осылайша, әр тілдің фонетикалық және ырғақтық ерекшеліктері оның поэтикалық жүйесінің қалыптасуына әсер етті. Ағылшын поэзиясы екпін мен метрикалық үйлесімділікке сүйенсе, қазақ поэзиясы буын санының тұрақтылығына негізделген ырғаққа құрылады.

Ағылшын поэтикалық дискурсында еркін өлең (free verse) ерекше орын алады. XX ғасырдан бастап ағылшын поэзиясында классикалық метрлік жүйеден бас тарту үрдісі күшейіп, құрылымдық жағынан еркін, формальды шектеулері аз поэтикалық үлгілер пайда болды. Бұл үрдіс әсіресе модернистік және постмодернистік поэзияда кең тарады. Қазақ поэзиясында да XX ғасырдан бастап еркін өлең түрлері дамыды, бірақ дәстүрлі буындық өлең құрылысы басымдылығын сақтап қалды.

Тілдік құрылым тұрғысынан қазақ поэтикалық дискурсы метафораларға, теңеулерге, фразеологиялық тіркестерге, синтаксистік параллелизмге және аллитерацияға бай. Қазақ поэзиясының негізгі ерекшеліктерінің бірі – поэтикалық синтаксис пен сөздердің инверсиясы. Қазақ тілінің агглютинативті сипаты өлең жолдарының құрылымына әсер етіп, сөздердің орын тәртібін еркін өзгертуге мүмкіндік береді. Ағылшын поэзиясында да инверсия қолданылғанымен, бұл құрал көбінесе архаикалық немесе поэтикалық стильді ерекше көрсету үшін пайдаланылады.

Қазақ және ағылшын поэтикалық дискурстарының семантикалық ерекшеліктері де біршама айырмашылыққа ие. Қазақ поэзиясында табиғат, көшпелі өмір салты, батырлық және философиялық толғаныс сияқты тақырыптар басым. Қазақтың эпикалық поэзиясы кеңістіктік өрістеуді жиі қолданады, яғни өлең жолдары табиғи кеңістікке бағытталған сипатта болады. Ағылшын поэзиясы тарихи тұрғыдан әртүрлі бағыттарда дамығанымен, романтикалық дәуірден бастап адамның ішкі әлеміне, жеке сезімдерге көбірек назар аударыла бастады.

Ағылшын және қазақ поэтикалық дискурстарының құрылымдық ерекшеліктері олардың тарихи-мәдени контекстіне байланысты айтарлықтай айырмашылықтарға ие. Ағылшын поэзиясы екпінге негізделген метрикалық жүйені қолданса, қазақ поэзиясы буын санына сүйенеді. Қазақ өлеңі музыкалық орындаушылықпен тығыз байланысты болса, ағылшын поэзиясы формальды әртүрлілікке және экспериментке ұмтылады. Семантикалық тұрғыдан алғанда, қазақ поэзиясы кеңістіктік-эпикалық сипатта болса, ағылшын поэзиясы ішкі субъективтілікке көбірек бағытталған. Бұл айырмашылықтар әрбір поэтикалық дискурстың өзіндік ерекшеліктерін, эстетикалық және көркемдік дәстүрлерін көрсетеді.

Өз кезінде В. Гумбольдт ақынның негізгі міндетін материалды жан-жақты шектеу арқылы шексіз және мәңгілік әсер тудыру, жекелеген бейне арқылы идея талаптарын қанағаттандыру және құбылыстар әлемін ашу деп сипаттаған. Поэтикалық дискурсты басқа дискурс түрлерінен ерекшелендіретін негізгі сипаттамалардың бірі — тілдің қызықтыратын функциясын іске асыруы, яғни психофизиологиялық тұрғыдан тілдің нақты қолданылуы арқылы реципиентке әсер етуі. Бұл функция екі деңгейде жүзеге асырылады: алушының сенсорлық қабылдауына нақты әсер ету деңгейінде және мәтінге енгізілген символикалық ақпаратты интеллектуалды кодтау деңгейінде, яғни тілдік бірліктердің *ойын* сипатын енгізу. Екіншіден, қарастырылып отырған дискурс түрі өз алдына өлең формасында келеді, өлең сөздің өзіне тән тәсілдері бар, яғни оның негізгілері өз

ара сәйкестендіретін бірліктердің бөлінуі және ырғақтың болуы. Жалпы алғанда, поэтикалық дискурстың құрылымына мыналар кіреді:

- а) өлеңнің өлшемі немесе метрі, яғни ең алдымен өлеңнің ұзындығы;
- б) сөйлеудің және метриканың синтаксистік бөлінуі, яғни сөйлеу синтаксистік сегменттің сәйкестігі, ішкі үзілістердің пайда болуы және аяқталмаған синтагманы келесі өлең жолына аудару);
- в) семантикалық-синтаксистік сипаттамаларға сәйкес өлеңдер бірлестігі – шумақтық құрылым – өлеңдер бір-бірінен ерекшеленетін әртүрлі поэтикалық синтаксистік аяқталымдарға ие құрылымдық орналасу үлгілерінде ұйымдасады.;
- г) рифмалардың немесе рифма әдістерінің болуы немесе болмауы;
- д) сөйлеудің интонациялық-ырғақты ұйымдастырылуы;
- е) арнайы өлең синтаксисі – өлеңдер мен строфтардың синтаксистік параллелизмі, парафалар, эфифорлар, мен тұтас поэмалардың құрылымы[59].

Поэтикалық мәтінде ырғақтық ұйымдасу, өлең тармақтарының құрылымдық бірлігі мен өзара байланысы, сондай-ақ сөйлеу мазмұнының динамикалық сипат алуы сөздің мағыналық құрылымына ықпал етеді.

1.3 Поэтикалық дискурстың прагмалингвистикалық аспектісі: пресуппозициясы, локутивті, иллюкутивті, перлокутивті актілері

Сөйлеу мен тіл өмірімізде өте маңызды рөл атқаратыны айқын. Тілді білу адамға қоғамда өмір сүруге, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, өзін, ойлары мен сезімдерін түсінуге мүмкіндік туғызады. Сөйлеу арқылы сөйлеу процесінің өзін де, осы процестің нәтижесін де түсіну дағдыға айналады. Сонымен қатар сөйлеу әрекеті арқылы сөйлеу дағдыларын, жазу, есте сақтау қабілеттерін дамыта аламыз.

Тіл ұлттық қатынасты, мәдени дәстүрлерді және халықтың тарихын білу, сақтау және жеткізу құралы ретінде қызмет етеді. Тіл тек сөйлеу барысында ғана өзін танытады және сол арқылы ғана өзінің негізгі коммуникативтік мақсатын орындайды [60].

Сөйлеу – бұл тілдің тіршілік ету формасы, оның іске асуы, жүзеге асуы. Сөйлеу деп адамның тілдік байлықты өмірлік жағдаяттарда қолдануы, тіл арқылы ойды тұжырымдау және беру процесінің нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Жеке сөйлеушінің сөйлеу тілінің айтылу, сөздік қоры, сөйлем құрылысының ерекшеліктері бар. Осылайша, сөйлеу нақты және жеке болып табылады. Тіл – адамды тірі табиғат әлемінен бөліп, рухани принципке сыртқы түр берген басты ерекшелік. Тіл – бұл адам баласының өзіндік әріптесі. Адам сияқты, ол материя мен рухты біріктіреді.

Ф. де Соссюр әр тілдің өзінің ішкі құрылымы оның элементтерінің қатынастарымен бекітілген құрылымы болатындығына назар аударды. Тілдік құрылымның элементтері – белгілер. Әр белгінің екі жағы бар: белгі беруші, мысалы дыбыстық сөз, және белгі берілген, яғни осы дыбысқа байланысты психикалық мазмұн [60].

Н. Хомский тілді меңгеру туа біткен қабілетке негізделеді деген идеяны ұсынып, оны трансформациялық немесе генеративті грамматика теориясы

арқылы негізdedі. Ол адамның миында сөздердің шектеулі жиынтығынан шексіз сөйлем құруға мүмкіндік беретін әмбебап грамматикалық бағдарлама бар деп есептейді. Бұл теория баланың тілді жылдам меңгеруін түсіндіруге тырысқанымен, Ж. Пиаженің тарапынан елеулі сынға ұшырады.

Тіл және сөйлеу ұғымдарының мағыналық мәтінінің ұқсастығына қарамастан, олар әр түрлі. В. А. Звегинцев тіл мен сөйлеудің арасындағы қарама-қайшылықты сипаттай отырып, олардың негізгі айырмашылықтарын бірқатар параметрлік сипаттамалар негізінде жіктейді. Ғалымның пайымдауынша, сөйлеу психикалық, динамикалық, тарихи және жекелік сипатқа ие болса, тіл әлеуметтік, тұрақты, қалыптасқан құрылымдық жүйеге ие және абстрактілі категория ретінде көрінеді[61]. Осы теориялық ұстанымдарды өз зерттеуімізде негіз ретінде аламыз.

Енді, сөйлеу әрекетінің түсінігіне келетін болсақ, бұл жөнінде әртүрлі ғалымдар өз пікірлерін білдірген. Сөйлеу әрекеті тілдің жалпы теориясы аясында алғаш рет Фердинанд де Соссюр тарапынан тыңдау және сөйлеу процестерімен байланысты барлық құбылыстарды қамтитын күрделі құбылыс ретінде қарастырылып, ол физика, физиология және психология сияқты бірқатар ғылым салаларымен тығыз байланыста сипатталады.

Сөйлеу әрекеті тұжырымдамасын бір жағынан оның психологиялық мазмұны, яғни сөйлеу әрекетіне тән объектіні, құралдарды, әдістерді, өнім мен нәтижені қамтитын және кез келген іс-әрекеттің алғышарты болып табылатын қажеттіліктерді сипаттайтын А. Н. Леонтьев теориясының негізінде түсінеміз. Екінші жағынан, бұл көзқарас сөйлеу әрекетінің процедуралық жағын, фазалық кезеңдерін және сыртқы құрылымын, яғни қызметтің уәждемелік және жедел жоспарларын талдауды қамтиды. Осыған сәйкес, сөйлеу әрекеті – коммуникация процесі негізінде адамның коммуникативтік және когнитивтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, тіл арқылы жүзеге асатын және тұжырымдалатын, ерік білдіру, ойды жеткізу мен қабылдауға бағытталған белсенді, мақсатты және уәждемеленген мағыналық үдеріс болып табылады.

А. А. Леонтьевтің пайымдауынша, сөйлеу әрекеті тікелей еңбек, ойын немесе танымдық іс-әрекеттерге қатысы болмаса да, барлық қызмет түрлеріне қызмет ететін ерекше форма болып табылады және ол тек сөйлеудің өзі коммуникативтік тұрғыдан құндылыққа ие болғанда, яғни негізгі уәжді басқа жолмен қанағаттандыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асады [60].

Сөйлеу әрекеті – бұл барлық параметрлер бойынша ең күрделі әрекеттердің бірі. Сөйлеу әрекетін лингвистикамен қатар түрлі ғылым салалары зерттейді. Сөйлеу әрекеті лингвистиканың да зерттеу нысаны болып табылады, өйткені тіл осы әрекеттің құрамдас бөлігі ретінде өмір сүріп, нақты теориялық немесе практикалық мақсаттарға сай арнайы жүйе түрінде модельденеді.

Жоғарыда атап өтілген мәліметтер бойынша, сөйлеу әрекетін жүзеге асырудың екі негізгі нұсқасы бар екенін анықтауға болады. Біріншісі – сөйлеу әрекетінің барлық құрылымдық деңгейлерінің шамамен үштен екісін қамтитын вербалды қарым-қатынас процесі, екіншісі – ішкі сөйлеу арқылы жүзеге асырылатын жеке сөйлеу-ойлау қызметі.

Сөйлеу әрекетін зерттеу барысында оның түрлеріне назар аудару – теориялық әрі әдістемелік тұрғыдан маңызды аспект болып табылады. Сөйлеу әрекетінің түрлері туралы түсінік ана тілін оқыту әдістемесіне бастапқыда шет тілін оқыту тәжірибесінен енген. Бұл ұғым академик Л. В. Щербаның тұжырымында әдістемелік және психологиялық категория ретінде қарастырылады. Оқу, жазу және сөйлеуді үйрету сөйлеу әрекетінің нақты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, ал бұл дағдылар өз кезегінде түрлі коммуникативтік міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін сөйлеу немесе коммуникативтік-сөйлеу қабілеттерінің негізін құрайды. Сөйлеу әрекетінің түрлері – бұл сөйлеу дағдылары мен сөйлеу дағдыларының әр түрлі түрлері[62].

Қазіргі ғылымда сөйлеу, өздеріңіз білетіндей, көптеген жолдармен түсіндіріледі. Соссюрдің түсіндіруінде сөйлеу әрекеті тіл туралы барлық фактілердің толық жиынтығы ретінде әрекет етеді. Сөйлеу әрекетінің тұжырымдамасы оған сәйкесінше тілді қолдану процесін де, нәтижесін де, сонымен қатар осы қолданудың әлеуметтік жағдайларын және оны қамтамасыз ететін спикердің жеке қабілеттерін белгілеуге де қатысты.

Тіл білімінде сөйлеу әрекетінің теориялық негіздері XX ғасырдың ортасынан бастап белсенді зерттеліп келеді. Бұл ұғым алғашында философияда пайда болып, кейіннен лингвистикада кеңінен зерттеліп, арнайы коммуникативтік-прагматикалық бағыттың қалыптасуына ықпал етті. Сөйлеу әрекетінің теориясын дамытқан ғалымдардың қатарында Дж. Остин, Дж. Серль, П. Грайс, Ю. Хабермас, В. Шмидт сияқты лингвисттер бар.

Сөйлеу әрекеттерінің түрлері мен жіктелуі тіл білімінің прагматикалық бағытындағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сөйлеу әрекеті тек мазмұнды білдіру ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас үдерісінде нақты функция атқаратын прагматикалық акт ретінде қарастырылады. Бұл идея ең алғаш Дж. Остиннің еңбегінде көрініс тапқан болатын, онда ол сөйлеу – әрекет жасау екенін, ал сөйлем – сол әрекетті жүзеге асыру құралы екенін дәлелдеді [63]. Дж. Остин сөйлеу әрекетін алғаш рет тілдік акт (speech act) ретінде қарастырып, оны үш негізгі деңгейге бөлген:

1) Локутивті акт (locutionary act) – тілдік бірлікті қолдану арқылы ойды білдіру, яғни сөйлем құрастыру және оның мағынасын жеткізу.

2) Иллокутивті акт (illocutionary act) – сөйлеушінің белгілі бір ниеті, коммуникативті мақсаты бар әрекеті (өтініш, бұйрық, ұсыныс, уәде, т.б.).

3) Перлокутивті акт (perlocutionary act) – тыңдаушыға әсер ету, оның реакциясын тудыру мақсатындағы сөйлеу әрекеті [63,346].

Дж. Остиннің бұл тұжырымын кейін Дж. Серль одан әрі дамыта отырып, сөйлеу әрекеттерінің нақты жіктелімін ұсынды. Ол сөйлеу әрекеттерін олардың иллокутивтік күші мен коммуникативтік мақсатына қарай бес негізгі типке бөліп қарастырды:

1) Репрезентативті (assertives) – сөйлеуші белгілі бір факті немесе ақпаратты жеткізеді. Мысалы: It is raining. Бұл әрекет сөйлеушінің шындыққа көзқарасын білдіреді.

2) Директивті (directives) – сөйлеуші тыңдаушыдан белгілі бір әрекетті орындауды сұрайды немесе талап етеді. Мысалы: Please, close the door.

3) Комиссивті (commissives) – сөйлеуші өзіне болашақта бір әрекет жасауға міндеттеме алады. Мысалы: I promise to call you tomorrow.

4) Экспрессивті (expressives) – сөйлеушінің ішкі сезімін, эмоциясын білдіреді. Мысалы: I'm sorry for being late.

5) Декларативті (declarations) – сөйлеу актісінің өзі белгілі бір әлеуметтік шындықты өзгертеді немесе бекітеді. Мысалы: I now pronounce you husband and wife [66, 56–58бб.].

Дж. Серльдің бұл типологиясы сөйлеу әрекеттерінің коммуникативтік мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Оның пікірінше, сөйлеу әрекетінің ең бастысы – иллокутивті акт, өйткені ол сөйлеушінің ниетін, мақсатын, әлеуметтік рөлін және адресатпен қарым-қатынас сипатын көрсетеді [66,23б.]. Ал П. Грайс сөйлеу әрекетінің тиімділігін анықтайтын кооперация принципін және конверсациялық максималар түрлерін– сапасын, санын, релеванттылығын және әдісін – ұсына отырып сөйлеу әрекеттерінің коммуникативтік сипаттарын жіктеудегі қосымша негізін қалайды[67].

Қазақ тіл білімінде де сөйлеу әрекетінің теориясы арнайы зерттеу нысанына айналып, прагмалингвистикалық тұрғыдан талдануда. Қазақ тіл білімінде бұл бағытта зерттеу жүргізген ғалымдар –З. Ерназарова [68], Қ. Есенова[69], Б. Момынова сияқты ғалымдар сөйлеу әрекетінің прагматикалық аспектілерін жан-жақты қарастырған. Момынова қазақ тіліндегі өтініш, бұйрық, уәде сияқты сөйлеу актілерінің қолданылу ерекшелігін, ұлттық-мәдени прагматиканың ықпалын айқындайды [70]. Олар сөйлеу әрекетін тек қана тілдік факті ретінде емес, сонымен қатар коммуникативтік-прагматикалық мазмұны бар күрделі құбылыс деп бағалап, оның мәні мен қызметін талдады.

Зерттеуде Дж. Остиннің үш деңгейлі сөйлеу әрекеті классификациясын ұстанамыз. Дж. Остиннің үш деңгейлі сөйлеу актісі тұрғысынан (кесте 1).

Кесте 1 - Дж. Остиннің үш деңгейлі сөйлеу әрекеті классификациясы

Сөйлеу акті деңгейі	В. Коуптың «My Funeral»өлеңі	Н. Алпамысқызының «Өмірге құштарлық» өлеңі
1	2	3
Локутивті акт	Барлық сөйлемдер – тілдік жүйе заңдылығына сай, лексикалық тұрғыда дәлірек, контекстке үйлесімді құралған, сөйлеушінің айтпақ ойын алғашқы деңгейде бейнелейді.	Сөйлеушінің грамматикалық әрі семантикалық тұрғыда құрастырған мазмұнды сөйлемдері
Иллокутивті акт	Сөйлеушінің нақты ниеті мен мақсаты: - Директивті актілер (бұйыру, нұсқау беру) -Экспрессивті актілер (сезімді білдіру) -Декларативті ниет (позицияны білдіру)	Мақсат – оқырманға/адресатқа әсер ету, іс-әрекетке итермелеу

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Перлокутивті акт	Тыңдаушыға ықпал ету: -эмоциялық-интеллектуалдық реакциялар тудыруды көздейді; - оқырманға күлкі, ойлану, өзін-өзі бақылау, жанашырлық сияқты сезімдерді бастан кештіртеді.	Психологиялық ықпал ету, қарым-қатынасқа түрткі болу

В. Коуптың «My Funeral» атты өлеңіндегі локутивті акт– сөйлеу әрекетінің ең базалық, мазмұндық деңгейі ретінде көрініс табады. Дж. Остиннің теориясына сәйкес, локутивті акт – мағыналы, грамматикалық дұрыс сөйлем құрау арқылы орындалатын сөйлеу формасы. Яғни, бұл деңгейде сөйлеуші не айтты? деген сұраққа жауап табылады. Бұл өлеңде локутивті актілер мынадай сипатта көрінеді:

1. Ақын мағыналық жағынан толық, нақты құрылымдалған сөйлемдер арқылы өсиет мәніндегі нұсқауларын жеткізеді:

«If you are asked to talk about me for five minutes, please do not go on for eight»

Бұл сөйлем – тыңдаушыдан нақты бір уақыт шегін сақтауды сұрайтын директивті мазмұнды, бірақ локутивті деңгейде – толық ақпарат беретін құрылым.

«If invited to read a poem, just read the bloody poem»

Бұл тармақ та — синтаксистік жағынан дұрыс, семантикалық тұрғыда мағынасы нақты сөйлем. Локутивті акт ретінде – бұйрық интонациясымен рәсімдік әрекетті ғана орындауды талап етеді.

«There is a strict timetable at the crematorium and nobody wants to be late»

Бұл – ақпараттық сөйлем: өлең оқылу орны мен уақытына қатысты нақты мазмұн ұсынылған. Локутивті деңгейде – тақырыптық мәлімет беріліп отыр.

2. Барлық сөйлемдер – тілдік жүйе заңдылығына сай, лексикалық тұрғыда дәлірек, контекстке үйлесімді құралған. Мысалы:

«And don't say anything»

«Yes, I was intolerant, and not always polite» – өз мінезін мойындау арқылы өткенге шолу жасайды.

Өлеңдегі иллокутивті актілер Дж. Остиннің сөйлеу әрекеттері теориясы тұрғысынан поэтикалық мәтіндегі сөйлеушінің нақты коммуникативтік ниетін, мақсатын білдіретін тілдік әрекеттер жиынтығы ретінде көрініс табады. Яғни, бұл деңгейде біз сөйлеуші не істеді? Қандай әрекет жасады? Қандай мақсат көздеді? деген сұрақтарға жауап іздейміз. Өлеңдегі иллокутивті актілердің көрінісі:

1. Директивті актілер – бұйыру, нұсқау беру. Бұл өлеңдегі басты иллокутивті функция – директивті, яғни тыңдаушыдан белгілі бір әрекетті орындауды талап ету:

«If you are asked to talk about me for five minutes, please do not go on for eight»

Иллокутивті акт: уақыт шектеуін сақтау туралы бұйрық немесе өтініш.

«If invited to read a poem, just read the bloody poem»

Директивті: сөйлеуші тек ұсынылғанды орындауды талап етеді. Сарказм элементі бар.

«If requested to sing a song, just sing it, as suggested, and don't say anything»

Бұл бірнеше иллокутивті актінің тоғысы: бұйрық (sing), ескерту (don't say anything).

Интенция: рәсімнің тәртібін сақтау. Автор тірі кезінде қандай тәртіп ұстанса, өлімінен кейін де соны сақтауды қалайды.

2. Экспрессивті актілер – сезімді білдіру. Ақын өз эмоциясын, мінезін, тұлғалық сипатын білдіреді.

«Though I will not be there, glancing pointedly at my watch and fixing the speaker with a malevolent stare»

Экспрессивті акт: бұл — ирония, күлкілі фантазия. Сөйлеуші өз мінезін бейнелі түрде сипаттап, әсер ету арқылы эмоционалдық көңіл күйді білдіреді.

«Yes, I was intolerant, and not always polite»

Өзін-өзі сын арқылы тану, эмоциялық мойындау.

Ниет: тыңдаушыға мінезінің шынайы қырын жеткізу, күлімсірете отырып тәртіпке шақыру.

3. Декларативті ниет – позицияны білдіру.

«At this one, though deceased, I aim to be the boss»

Бұл сөйлемде декларативті сипат бар: ақын өз еркін білдіреді, рәсімде де басты рөл атқарғысы келеді.

Интенция: өзіндік билікті қалдыру; ақын өлімінен кейін де өзіне тән тәртіп пен ережені сақтап қалғысы келеді.

Аталмыш өлеңде перлокутивті актілер Дж. Остин теориясына сәйкес тыңдаушыға немесе оқырманға белгілі бір эмоциялық, психологиялық немесе мінез-құлықтық реакция тудыру мақсатымен жасалады. Бұл – сөйлеу әрекетінің ең терең және прагматикалық деңгейі, яғни сөйлеушінің сөзі тыңдаушыда не тудырды? деген сұраққа жауап береді. Перлокутивті актілердің өлеңдегі көрінісі:

1. Күлкі, ирониялық әсер туғызу – юмор арқылы реакция.

«Just read the bloody poem»

«Glancing pointedly at my watch and fixing the speaker with a malevolent stare»

Мұнда сөйлеуші тірі кезінде жиі қолданатын сарказм мен иронияны қайтыс болған соң да жалғастырып тұрғандай әсер қалдырады.

Перлокутивті әсер: оқырманда күлкі, танданыс, тану, әрі ирониялық рахаттану сезімі туады.

2. Кінә, ыңғайсыздық немесе өзін-өзі бағалау сезімін тудыру.

«Please do not go on for eight»

«Nobody wants to be late»

«Don't say anything»

Бұл тармақтар тірі кезіндегі сөйлеушінің тәртіпке, шектен шықпауға, әдептілікке деген талаптарын білдіреді. Мұндай нақты директивалар оқырманды рефлексияға, яғни өзін-өзі тануға, «мен де осындай қателік жіберіп жүрмін бе?» деген ойға итермелеуі мүмкін.

Перлокутивті әсер: тыңдаушы өзін кінәлі сезінуі, ыңғайсыздануы, немесе өзін-өзі қайта бағалауы мүмкін.

3. Сезімдік қимыл немесе тыныштық күйін тудыру.

«If there aren't many people at my funeral, it will serve me right»

Бұл сөйлем өзін-өзі әшкерелеу, өзіне сын айту арқылы оқырманды ойландырады. Ақын осылайша тыңдаушының жанашырлығын, өкінішін немесе терең толғанысын тудырады.

Перлокутивті әсер: оқырманда мейірім, аяушылық, адамдық қатынас сезімі оянады.

4. Әлеуметтік тәртіпке қатысты сана тудыру

Бүкіл өлең бойында сөйлеуші нормадан ауытқымауды, формалдылықты сақтау керектігін, уақыт пен сөз шегін құрметтеу қажеттігін ескертеді.

Перлокутивті әсер: оқырман өмірден кейінгі рәсімдерге, жалпы қоғамдық мінезге, сөйлеу этикасына деген көзқарасын қайта қарауы мүмкін.

Өлең мәтінінде қолданылған сөйлеу әрекеттерінің иллокутивті және перлокутивті деңгейлері поэтикалық дискурстың прагматикалық құрылымын айқындай түседі. Сөйлеушінің тірі кезінде ұстанған әлеуметтік-прагматикалық нормалары поэтикалық мәтінде де көрініс тауып, өлеңдегі директивті және экспрессивті сөйлеу актілері арқылы жүзеге асырылады. Бұл сөйлеу актілері тыңдаушыға нақты нұсқау беру, сөйлеу ұзақтығын шектеу, регламентті сақтау сынды прагматикалық мақсаттарды көздейді. Өлеңде сөйлеушінің сөз арқылы әсер етуі тек эстетикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-прагматикалық мазмұнмен астасып, тыңдаушының мінез-құлқына бағытталған реттеуші сипат алады. Бұл сөйлеу әрекеттері адресат тарапынан белгілі бір эмоционалдық және мінез-құлықтық реакция тудыруға бағдарланған перлокутивті актілермен сабақтасып, мәтіннің коммуникативтік мақсатын айқындай түседі. Осындай ықпал ету тәсілдері ағылшын поэтикалық дискурсына жасалған прагматикалық талдауларда да көрініс тапқан, мұнда поэтикалық мәтіндегі символдар, бейнелеу құралдары мен пресуппозициялар оқырман эмоциясы мен когнитивтік қабылдауына әсер етудің негізгі тетіктері ретінде сипатталады[71].

Н. Алпамысқызының «Өмірге құштарлық» атты өлеңінде локутивті актілер поэтикалық дискурстағы мағыналы, құрылымды және тілдік жағынан толыққанды сөйлемдер арқылы көрініс табады. Өлеңдегі локутивті актілердің көрінісін мына мысалдардан көруімізге болады: локутивті актілер поэтикалық бейнелеу, сұрақ-жауап формасындағы рефлексия, психологиялық күйді баяндау, философиялық пайым арқылы көрінеді.

1. Синтаксистік жағынан мағыналы тұжырымдар

«Өлім де ойын болып па, өкініш-арман кімде жоқ»

Бұл тармақтар сұраулы құрылымда берілген, алайда лексикалық мазмұны жағынан поэтикалық тұжырым жасалып тұр. Ақын өмір мен өлімнің парқын тіл арқылы ашып отыр.

«Құтылмапты дейді ажалдан Қасиетті Қорқыт қашып та»

Бұл — мәдени-тарихи интертекстуалдылық элементі. Ақын Қорқыт бейнесі арқылы ажалдан ешкімнің құтылмайтынын декларативті локутивті акт ретінде білдіреді.

2. Өмір шындығын баяндау

«Емханада талай түндерді өрдім, Мінәжатсыз өлгенді көрдім...»

Бұл тармақтар сөйлеушінің нақты тәжірибесіне сүйеніп, өз бақылауын тілдік тұрғыдан суреттеп жеткізеді. Бұл – репрезентативті локутивті актілердің көркем формада берілуі.

«Арпалысып өлді ақырып», «Құдайға кетті мұң артып»

Сөйлемдер грамматикалық тұрғыда толық, құрылымды. Олар өлім алдындағы адамның рухани күйін сипаттайды.

3. Философиялық, аксиологиялық пайым

«Өлімді қадірлей біле ме, өмірдің қадірін білмей адамың?»

Бұл — риторикалық сұрақ түріндегі локутивті акт, философиялық тұжырым. Мұнда сөйлеуші адамның құндылықтық бағдарын тілге тиек етеді.

Бұл өлеңдегі иллокутивті актілер – сөйлеушінің прагматикалық ниетін, көзқарасын, бағасын, эмоционалдық күйін білдіретін прагматикалық-коммуникативтік әрекеттер ретінде көрініс табады. Өлеңдегі иллокутивті актілердің көрінісі:

1. Директивті және ескертуші актілер – қалыпты мінез-құлық шеңберінен шықпауға шақыру.

«Қазаң да келер, асықпа»

Бұл сөйлем ескертуші-директивті иллокутивті акт. Ақын адамды өлім жайлы ойлауға итермелейді, шектен шықпауға, өзін бақылауға шақырады. Мақсаты – асығыс шешімге барудан бас тартқызу.

Коммуникативтік ниет: өлімге жеңіл қарамау, өзін тежей білуге шақыру.

2. Экспрессивті актілер (эмоционалды күй білдіру)

«Мінәжатсыз өлгенді көрдім...»

Сөйлеушінің ішкі күйзелісі, мұңы көрінеді. Бұл – экспрессивті иллокутивті акт: эмоциясын, ренішін білдіреді.

«Өксітті-ау бермей бір айды...»

Бұл тармақтағы қарияның сөзі — автор бейнесі арқылы берілген эмоциялық реңкі күшті өтініш. Экспрессивтік мазмұн арқылы өмірге деген қимастық, үміт көрінеді.

«Бір күнгі олжам – жарыққа»

Өмірге құштар адамның жалбарынған сөзін білдіреді. Мұнда сөйлеуші емес, өлім аузындағы кейіпкер сөйлейді, бірақ оны автор сөйлеу актісі ретінде енгізіп отыр.

Коммуникативтік ниет: оқырманды тебірену, жан-дүниесіне әсер ету.

3. Декларативті актілер – философиялық түйін жасау.

«Өлімді қадірлей біле ме, өмірдің қадірін білмей адамың?»

Бұл – декларативті сипаттағы риторикалық иллокутивті акт. Сөйлеуші адамның өмірге деген жауапсыз көзқарасын сынға алып отыр.

Коммуникативтік ниет: бағалау, философиялық пайым арқылы тыңдаушыға ой салу, құндылықтық ұстанымды білдіру.

Аталмыш өлеңдеперлокутивті актілер адресатқа (оқырманға) ықпал етуді, яғни эмоциялық, танымдық немесе мінез-құлықтық реакция тудыруды мақсат етеді. Бұл сөйлеу актісі сөйлеушінің сөзі арқылы тыңдаушыда қандай нәтиже немесе әсер пайда болғанын сипаттайды. Өлеңдегі перлокутивті актілердің көрінісі:

1. Эмоциялық реакция тудыру – жан тебіреніс, аяныш, қобалжу.

«Мінәжатсыз өлгенді көрдім...»

Сөйлеушінің мұңға толы бақылауы арқылы оқырманда қайғы, толғаныс, рухани күйзеліс сезімдері туындайды.

«Арпалысып өлді ақырып», «Ғасырын да маған қимайды»

Бұл бейнелер тыңдаушыда өмірлік мазмұндағы терең уайым, өмірдің әділетсіздігіне қарсылық сезімін оятады.

Перлокутивті әсер: эмоционалдық реакциялар — мейірім, жанашырлық, қорқыныш, толғаныс.

2. Танымдық-рефлексивтік ықпал – ой тудыру, құндылықтарға қайта қарау.

«Бетпе-бет келсе ажалың, кеңесің, бар ма амалың?»

Бұл риторикалық сұрақ оқырманды ойға жетелейді, өмір мен өлімнің мәніне тереңірек үңілуге шақырады.

«Өлімді қадірлей біле ме, өмірдің қадірін білмей адамың?»

Адамзаттың өмірлік бағдарларын қайта бағалауға итермелейді.

Перлокутивті әсер: адамның құндылық бағдарын қайта қарастыру, моральдық бағдарлауды қайта қарау, дүниетанымдық күйзеліс.

3. Мотивациялық-практикалық ықпал – әрекетке ынталандыру.

«Бір күнгі олжам – жарыққа», «Үзілмей жетсем ақ таңға»

Бұл тармақтарда өмірге деген құштарлықты бейнелеу арқылы оқырманда өмір сүруге деген ұмтылыс, болмашы нәрсенің өзін бағалау сезімі оянады.

Перлокутивті әсер: оптимизм, үміт, жарық дүниенің қадірін түсіну, рухани серпілу.

«Өмірге құштарлық» өлеңінде перлокутивті актілер: оқырманды эмоциялық күйге енгізеді, жан дүниесін тебірентеді; өмір мен өлімді философиялық тұрғыдан қайта пайымдауға жетелейді; ақын мен оқырман арасындағы прагматикалық көпір ретінде қызмет атқарады; поэтикалық дискурстың терең құндылыққа толы, рухани және әлеуметтік ықпалын көрсетеді.

Осылайша, перлокутивті актілер арқылы поэтикалық мәтін жай ғана сөз емес, әрекет, ал сөйлеу – идеялық-эмоционалдық ықпал ету құралы екені айқындалады.

Ағылшын және қазақ поэтикалық дискурсына Дж. Остиннің сөйлеу әрекеті теориясы тұрғысынан жүргізілген үшдеңгейлі талдау нәтижесінде, поэзияның тек эстетикалық мәтін ретінде емес, сондай-ақ көпқабатты коммуникативтік-прагматикалық құрылым ретінде де қызмет ететіні айқындалды. Поэтикалық дискурста сөйлеу актілері лексика-синтаксистік деңгейде мағыналы құрылым –

локутивті акт, сөйлеушінің ниетін білдіретін мазмұндық-прагматикалық әрекет – иллюкутивті акт, және тыңдаушыға әсер етуге бағытталған ықпал ету механизмі – перлокутивті акт ретінде кешенді түрде жүзеге асады.

В. Коуптың «My Funeral» өлеңінде сөйлеу әрекеттері, әсіресе директивті және экспрессивті иллюкутивті актілер арқылы, рәсімге қатысушыларға бағытталған прагматикалық нұсқаулар түрінде көрінеді. Бұл — формалды әлеуметтік жағдайдағы коммуникативтік тәртіпке бағынуды меңзейтін дискурс. Өлеңде сөйлеуші ирония, сарказм және нормаға құрылған регламент арқылы вербалды бақылау мен коммуникативтік тәртіпті сақтауға үндейді. Перлокутивті деңгейде өлең оқырманда күлкі, өзін-өзі бақылау, кінә немесе ойлану сияқты реакция тудырып, поэтикалық дискурстың ықпал ету әлеуетін дәлелдейді.

Ал Н. Алпамысқызының «Өмірге құштарлық» өлеңінде сөйлеу әрекеттерінің локутивті деңгейінде өлім мен өмірге қатысты философиялық-толғанысты бейнелейтін поэтикалық тұжырымдар көрініс табады. Перлокутивті деңгейде сөйлеуші тыңдаушыны өмірдің мәнін ұғынуға, өзін-өзі бағалауға шақыра отырып, директивті, экспрессивті және декларативті сөйлеу актілерін жүзеге асырады. Перлокутивті деңгейде бұл мәтін оқырманды терең эмоциялық күйге енгізіп, құндылықтар жүйесін қайта ой елегінен өткізіп, тіршіліктің мән мен мағынасынның құндылығы жайында терең ойға жетелейді.

Осы салыстырмалы талдау нәтижесінде поэтикалық дискурстың прагматикалық өлшемі ұлттық, мәдени және тілдік ерекшеліктерге қарамастан, сөйлеу әрекетінің әмбебап құрылымы аясында көркем түрде іске асатыны дәлелденді. Бұл сөйлеу актілері поэзияның құрылымдық-прагматикалық жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, поэтикалық мәтіндердегі сөйлеу әрекеттері коммуникативтік ниетті бейнелеу, әлеуметтік нормаға бағыттау, эстетикалық әсер ету, құндылықтық бағдар ұсыну сынды кешенді қызметтерді атқаратыны анықталды.

Жалпы алғанда, сөйлеу әрекеті лингвистикалық зерттеудің нысаны ретінде тілдік қарым-қатынас процесіндегі коммуникативтік мақсат пен ниет, әлеуметтік-мәдени контекст, прагматикалық әсер ету механизмдері тұрғысынан жан-жақты қарастырылады. Әсіресе поэтикалық дискурста сөйлеу әрекетінің ерекшеліктері, автор мен оқырман арасындағы коммуникативтік байланыс, поэтикалық мәтіннің прагматикалық әлеуеті сияқты мәселелер ғылыми тұрғыдан ерекше қызығушылық тудырады.

Қорыта айтқанда, сөйлеу әрекеті теорияларын қолдану арқылы бұл өлеңдердің терең коммуникативтік және эмоциялық құрылымы ашылады. Ақындардың сөйлеу актілері арқылы жүзеге асырған әсері — оның лирикалық стратегиясының прагматикалық негізі екенін дәлелдейді.

Соңғы кезде зерттеушілердің қазіргі поэтикалық дискурста деген қызығушылығы тұрақты түрде артып келеді. Бұл зерттеу пәнінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін: абсолютті жаңа поэзия жасау мүмкін емес деген постулатпен келісе отырып, қазіргі авторлар бірқатар инновациялық ерекшеліктерге ие поэтикалық дискурс қалыптастырады.

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулердің негізгі бағыты адам факторы төңірегінде қалыптасып отыр. Адамның танымдық қоры мен рухани дүниесіндегі құндылықтарды, ұлттық болмысын, мінез-құлқын, тұрмыс-салтын айқындайтын антропоэзектік бағыт ғылымда кең өріс алуда. Бұл үрдіс тілдің прагматикалық және когнитивтік табиғатын тануға ерекше мән береді. Осы тұрғыдан алғанда, антропоэзектілік парадигма қазіргі зерттеулердің басты әдістемелік негізіне айналғанын көруге болады. Тілдің осы қырларын қарастыруда прагмалингвистика айрықша маңызға ие болды. Прагмалингвистика өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап дербес сала ретінде қалыптаса бастаған ғылым ретінде танылады. Дегенмен оның бастауында жатқан прагматика бағыты шамамен 1960–1970 жылдары тілдің толық моделін жасауға талпыныстармен байланысты пайда болды. Бұл кезеңде тіл тек семантикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар прагматикалық қызметі тұрғысынан да кешенді қарастырылуы қажеттігі айқындалды. Осыдан тілдің семантикалық және прагматикалық аспектілерін біртұтас теория аясында талдауға жол ашты. Осы орайда В.В. Петров тілдің жаңа қырынан қарастырылуын – оның нақты қолданылу жағдайлары мен прагматикалық ерекшеліктерін зерттеу бағытындағы бетбұрыс ретінде сипаттайды [72, 161-б.]. Ал Т.В. Булыгина прагматика ұғымының лингвистикаға келуін 1970-жылдармен байланыстырып, лингвистикалық прагматиканың қарқынды дамуын осы кезеңде тіл прагматикасына арналған халықаралық симпозиумдардың өтуімен сабақтастырады.

Прагмалингвистика ұғымының ғылыми негізін қалаған және прагматика терминін алғаш енгізген ғалым – Ч. Моррис, оның еңбектерінде прагматика жөніндегі ұғым ғылымға тұңғыш рет енгізілді. Моррис семиотиканы үш негізгі салаға бөліп қарастырады: семантика – таңба мен ұғым арасындағы қатынасты, синтактика – таңбалардың өзара байланысын, ал прагматика – таңба мен оны қолданушы арасындағы байланысты зерттейді. Басқаша айтқанда, прагматика семиотиканың құрамдас бөлігі ретінде тілдік таңбаның жүзеге асуын айқындайды. Прагматика, негізінен, сөйлеушінің мақсаты мен уәжіне сәйкес тілдік құралдарды іріктеу ерекшелігін, сондай-ақ тыңдаушының айтылған ойды қабылдап, тіл арқылы берілген бағалау мәнін түсінуін қарастырады [73].

Ч.Морристің көзқарасын лингвистикалық тұрғыдан әрі қарай тілді ғалымдар жан-жақты дамытады, оның көзқарасын жетілдірген ғалымдар Ю.С.Степанов, Т.ван Дейк, Г.Г.Матвеева, О.С.Москальская сынды ғалымдар еңбектерін арнап, прагматика теориясын дамытуға азды-көпті үлестерін қосты. Т. ван Дейк прагматиканың мәнмәтін аясында тілді зерттейтін лингвистикалық теорияның ажырамас құрамдас бөлігі екенін айта келе, оны синтаксис пен семантикамен бір деңгейде бағалайды және прагматика сөйлеу актілерінің жүйелілігін, олардың иллокутивтік сипаттарын және прагматикалық интерпретацияларды зерттейді. Бұл интерпретациялар тілдік бірліктердің синтаксистік және семантикалық қасиеттеріне негізделіп, нақты әлеуметтік және когнитивтік мәнмәтінде жүзеге асады [74].

Алдымен аталмыш терминнің анықтамасына назар аударсақ, прагмалингвистика – гр.pragma – әрекет, қатынас – тілдің нақты коммуникативтік үдерістегі қызметін, оның мәндік әрі функционалдық қырларын қарастыратын ғылым саласы. Ол белгілі бір жағдаятта жеке тұлғалардың вербалды және вербалды емес құралдары арқылы өзара пікір алмасуын зерттейді. Басқаша айтқанда, бұл бағыт адамның ойын адресатқа жеткізу жолдарын, тілдік және тілдік емес қатынас тәсілдерін қандай формада қолданатынын, сол арқылы қарым-қатынас жасаудың түрлі қырларын талдайды.

Қазіргі кезде прагматика пәнаралық сипатқа ие болып, лингвистикалық, лингвофилософиялық, социологиялық, психологиялық және этнографиялық бағыттар тоғысында қарастырылатыны белгілі. Бұл салада түрлі ғылым өкілдері арасында мағыналы диалог орнатуға мүмкіндік беретін теориялық ұстанымдар мен әдіснамалық тәсілдер бірігеді. Прагматиканың шекарасы контекстік семантика, сөйлеу актілер теориясы, мәтін лингвистикасы, референция теориясы сияқты бағыттарды қамтып, стилистика мен социалингвистика тәрізді дәстүрлі салалармен де тоғысады. Зерттеушілер Р. Столнейкер, Дж. Лич, Дж. Юла және Х. Паррет ұсынған анықтамаларда прагматика тілді қолданушылармен, сөйлеу жағдайымен және контекспен тығыз байланыста қарастырылатын тіл білімінің саласы ретінде сипатталады. Осы тұжырымдар прагматиканы тілдік бірліктердің мағынасы мен қолданысын нақты коммуникативтік жағдаяттар аясында зерттейтін кешенді ғылым ретінде тануға негіз болады.

Р. С. Столнейкер прагматиканың ерекшелігін нақтылай отырып, синтаксис сөйлем құрылымын, семантика пропозицияны зерттесе, прагматиканың зерттеу нысаны – сөйлеу актілері мен олардың жүзеге асуындағы мәнмәтіндік ерекшеліктер екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, прагматиканың алдында екі негізгі міндет тұр: біріншіден, сөйлеу актілерінің маңызды типтерін және олардың тілдік өнімдерін айқындау; екіншіден, белгілі бір пропозицияны іске асыруға ықпал ететін мәнмәтін сипаттары мен олардың ерекшеліктерін талдау [75].

Прагматика тілдің қолданысын оның коммуникативтік қызметіне ықпалы тұрғысынан қарастыратын зерттеу бағыты болып табылады. И.П. Сусов прагматиканы семиотика саласының бір тармағы ретінде қарастыра отырып, оны адам қызметіндегі белгілер жүйесін қолдану арқылы жүзеге асатын әлеуметтік әрекет пен өзара ықпалдастықтың делдалдық құралы ретінде сипаттайды. И.П. Сусовтың пікірінше, прагмалингвистика – бұл адамдардың табиғи тілді нақты коммуникативтік жағдаяттарда әлеуметтік әрекет құралы ретінде пайдалануын арнайы ережелер, қағидалар мен стратегиялар жиынтығы негізінде зерттейтін тіл білімінің дербес саласы, яғни қоғамдағы сөйлеу мінез-құлығының құрылымдық-ұйымдастырушылық үлгісі. Сонымен қатар, Сусов прагмалингвистиканың негізгі зерттеу нысанына адамның коммуникативтік мақсатына сай психологиялық және әлеуметтік шарттарға тәуелді тілдік тәсілдерді қолдану тетігін жатқызады [76]. Осы сияқты пікірлерді семиотикаға

қатысты еңбектерден және лингвистикалық анықтағыштардан да кездестіруге болады.

Л.А. Новиков пен О.С. Ахманова прагматиканы тілдік таңбаларды қолданушылармен және осы таңбалардың коммуникативтік әсерімен байланысты қарастырып, оны тілдің қолданылу үдерісін зерттейтін аспект ретінде сипаттайды[77, 224б., 76, 11б.]. Бұл тұрғыда прагматиканың мәні – тілдік бірліктердің мағынасын тек жүйе ретінде емес, нақты сөйлеу жағдаятындағы қатынас құралы ретінде қарастыру болып табылады. Э.С. Азнаурова прагматиканың зерттеу аясының кеңдігі мен пәнаралық сипатта болуын осы салада қарастырылатын мәселелердің жүйесіз әрі шашыраңқы болуына ықпал ететін фактор ретінде бағалайды[79].

Прагматика – бұл тілдік бірліктердің нақты коммуникативтік мәнмәтінде қолданылуын, олардың сөйлеу актілеріндегі интерпретациялық мүмкіндіктерін, коммуниканттар арасындағы өзара ықпалдасу сипатын және тілдің функционалдық қызметін зерттейтін, адам факторына негізделген лингвистиканың кешенді саласы. Бұл бағыт тілдік коммуникация үдерісінде тілдің мағына тудырушы әлеуетін мәнмәтін, сөйлеуші ниеті және әлеуметтік-психологиялық шарттар аясында қарастырады.

Зерттеуімізде прагматика – семиотиканың бір саласы ретінде тілдік таңбалар мен сөйлеу әрекетінің қолданушысы арасындағы қатынасты қарастырады. Ол тілдік бірліктердің мәнін контексте, қатынас жағдайында және қатысушылардың интенциясымен байланыстыра зерттейтін ғылым деп қарастырып, прагмалингвистика – лингвистикалық бағыт ретінде прагматиканың теорияларын тікелей тілдік зерттеу объектісіне бейімдейтін қолданбалы сала. Бұл нақты тілдік құрылымдардың коммуникативтік, иллюкутивтік, перлокутивтік қызметін, сөйлеу актілері, контекст, адресатқа бағытталған интенция, дискурстық стратегиялар сияқты факторларды саралайды.

Қазіргі қазақ тіл білімінде прагмалингвистика саласы қарқынды дамып келеді. Бұл бағыттағы зерттеулер қатарында З.Ш. Ерназарова, М.К. Мурзағалиева, Ф.З. Жақсыбаева, Н.Е. Савчиц, Д.Б. Бекзат, С.С. Исакова, Е.Б. Тяжина сынды ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады, олар прагматика мәселелерін әртүрлі аспектілерде қарастырып, саланың ғылыми әлеуетін кеңейтіп отыр.

З.Ерназарова прагмалингвистиканы тілдің негізгі құралы қызметін сөйлеуші және тіл білімінің саласы деп тұжырымдайды [80, 11б.]. Ал Н. Уәли прагматиканы тілдің шынайы қолданысын, оның ұжымдық тәжірибемен, психологиямен, дүниетаныммен, когнитивтік база және ұлттық-мәдени стереотиптермен байланысын зерттейтін сала ретінде қарастырады[81].

Қарым-қатынас пен сөйлеу әрекеті – прагматиканың бір-бірінен тіл арқылы ықпал ету, әрекетке итеру ұғымдары жатады. Бұл ұғымдар қарым-қатынасқа қатысушы адресатқа сәтті жеткізіліп, көздеген мақсатқа жетуге бағытталуымен түсіндіріледі. Осы тұрғыда зерттеуші Г.Ю. Аманбаева прагматиканы тілдің әрекет үстіндегі қызметін зерттейтін қазіргі өзекті

лингвистикалық сипаттамалардың дербес пәндік саласы ретінде қарастыра отырып, бұл бағыттың пәндік аясы прагматика ұғымы арқылы анықталатынын және бұл терминнің тілдік таңбаларды мақсатты қолдану тетіктері мен олардың сипаттамалық аспектілерін біріктіретінін атап өтеді.

Прагматика сөйлеу актісі тұрғысынан қарастырылғанда оның үш негізгі қыры назарға алынады:

- 1) сөйлеушінің қолданылған тілдік таңбаларға деген қатынасы;
- 2) адресатқа, яғни тыңдаушыға жасалатын ықпал;
- 3) сөйлеушілердің аялық білімі мен олардың коммуникативтік күзіреттілігі[82].

Аталғанұстанымдар прагматиканы адам аралық қатынастармен байланыстыра зерделейтіндіктен, аталмыш ғылым күрделі әрі көпқабатты сипатқа ие. Прагматиканың басты ұғымдары — адресант пен адресат ұғымдары. Бұл екі ұғым әрдайым өзара байланыста болып, коммуникация барысында бірінсіз-бірі жүзеге аспайды. Егер осы екі категория қатар қатыспаса, онда коммуниканттардың көздеген прагматикалық мақсатына жетуі мүмкін болмайды. Зерттеуші Қ. Есенова да коммуникацияны прагматикалық тұрғыдан талдаудың маңыздылығын айта отырып, бірнеше аспектіні айқындап көрсетеді.

Коммуникативтік–прагматикалық зерттеудің бірінші аспектісі, жоғарыда айтылғандай, сөйлеуші тұлғаның тілдік қолданысына қатысты болып табылады. Бұл бағытта бірнеше мәселелер қарастырылады: сөйлемнің жасырын не ашық мақсаты (Дж. Остиннің жіктемесіне сәйкес – *иллокутивтік күш*); ақпарат жеткізу, пікір білдіру, бұйыру, өтініш жасау, кеңес беру, уәде ету, кешірім сұрау, сәлемдесу, шағым айту сияқты сөйлеу әрекеттерінің түрлері; қатысымдағы тактикалар мен сөйлесім нормалары (көлем, сапа, қатынас және сөйлеу әдебіне қатысты Грайс максимдері). Бұған қоса, сөйлемнің прагматикалық мәні, яғни сөйлеушінің шарттары – жанама мазмұн, тұспалдау, алдын ала болжау сияқты қырларымен ерекшеленеді. Сондай-ақ сөйлеушінің танымдық ұстанымынан туындайтын шындықты қабылдау деңгейі, ақпаратты бағалаудағы қатынасы, прагматикалық пресуппозициялар да назарға алынады.

Коммуникативтік–прагматикалық зерттеудің екінші аспектісі адресатқа қатысты болып келеді. Бұл тұрғыда келесі мәселелер қарастырылады: сөйлемнің қабылдану ерекшеліктері мен оның тыңдаушыға тигізер ықпалы, яғни перлокутивтік әсері. Мұнда адресаттың көзқарасының, бағалау ұстанымының немесе эмоционалдық күйінің өзгеруі ескеріледі. Сонымен бірге, сөйлесім барысында алға қойылған мақсатқа жету жолында көрінетін түрлі тілдік реакциялар типтері де назарға алынады.

Үшінші аспект коммуникацияға қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесу жағдайларын қамтиды. Бұл бағыт коммуникативтік үдерістің формаларын, тілдің әлеуметтік-экономикалық қырын, нақты сөйлеу актісі кезіндегі коммуниканттардың өзара түсінісу тәсілдерін, дейктикалық таңбалардың интерпретациясын, сөз мағынасындағы индексалды компоненттерді, сондай-ақ сөйлесім жағдаятының коммуникация формасы мен мазмұнына ықпалын қарастырады.

Сонымен, прагмалингвистика адамның тілдік қатынасын екі қырынан қарастырады: ауызша формада – дискурс, ал жазбаша түрде – мәтін ретінде.

Қазіргі таңда поэтикалық дискурс жан-жақты зерттелуде десек болады. Мұндай дискурста прагматикалық қызмет әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асады, олардың ішінде ерекше орын алатыны – пресуппозиция.

Пресуппозиция дегеніміз – сөйлеушінің әңгімелесушінің ортақ біліміне, көзқарасына және психологиялық қалпына сүйеніп сөйлеу барысындағы бағалауы. Бұл тұрғыда поэтикалық дискурстағы пресуппозиция, символика және прагматикалық әсер ету тәсілдері туралы А. Б. Сраилованың бірнеше зерттеушілермен бірігіп жазған еңбегінде де кеңінен сөз болады, олар ағылшын поэзиясын прагмалингвистикалық тұрғыдан талдай отырып, символдық және стилистикалық құралдардың адресатқа ықпал ету әлеуетін айқындайды[71, р.216].

Пресуппозиция жекелеген тілдік қатынастарда, әсіресе әлеуметтік сипаттағы қарым-қатынас үдерісінде ойды жанама түрде жеткізу арқылы жүзеге асады. Мұндай жағдайда пресуппозиция тыңдаушының не оқырманның айтылған мазмұнды мақсатқа сәйкес ұғынуына ықпал ететін әдейі қолданылатын тілдік амал ретінде көрінеді.

Пресуппозиция – реципиентке айтылым жасалмай тұрып та белгілі немесе алдын ала таныс мағыналық элемент ретінде қарастырылады. Ол сөйлеу актісінде жалпы негіз қызметін атқарып, әрі сөйлеушіге, әрі тыңдаушыға ортақ білімге сүйенеді. Осы ерекшелігі арқылы мәтіндегі жаңа мазмұн мен бұрыннан белгілі ақпараттың ара-жігін айқындап, артық қайталауды қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, пресуппозиция сөзді үнемдеу тәсілі ретінде қолданылып қана қоймай, дискурста белгілі бір фактілер мен уақиғаларға меңзеу, яғни аллюзия жасауға немесе белгілі құндылықтарға қатысты көзқарасты бейнелеуге де қызмет етеді. Сонымен, адресанттың ойынша ақпарат шынайылыққа жанасу, жанаспауына тәуелсіз түрде пресуппозиция арқылы ақпараттың шынайылығына реципиент еріксіз не ерікті түрде сол ақпараттың шынайылығына сенуге тиісті ақпарат жеткізіледі.

Жалпылингвистикалық тұрғыдан алғанда, пресуппозиция негізінен екіге бөлінеді: прагматикалық және семантикалық. Прагматикалық қырынан қарастырғанда, пресуппозиция оқырманға жасырын ықпал ету мен әсер ету қызметін атқарады. Осыған байланысты зерттеуші Ф.З. Жақсыбаева *пресуппозицияны* жеке тілдік қатысым жағдайында, әсіресе әлеуметтік мәнге ие коммуникация кезінде ойды астарлап жеткізуге бағытталған құбылыс ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, мұндай жасырын түрлі тілдік категориялар арқылы көрініс табады, соның ішінде синонимия, перифраз, антонимия, қарама-қайшылық пен жүйесіздік сияқты семантикалық ерекшеліктерді қамтиды [83].

М. Л. Макаров прагматикалық пресуппозицияны үш түрлі бағытта сипаттайды:

- Біріншіден, ол сөйлеушінің мәнмәтінге қатысты көзқарасымен байланыстырылады.

- Екіншіден, жалпы білім мен аялық білімнің арақатынасын айқындайды.
- Үшіншіден, пресуппозицияны айтылымның қисындылығы мен сәттілігі тұрғысынан қарастыруға болады.

Сонымен, М. Л. Макаровтың пайымдауынша, прагматикалық пресуппозиция дискурс аясында айтылымның іске асу жағдайларымен және оны интерпретациялаудағы коммуниканттардың түсініктерімен байланыстырылады [84]. Осы тұрғыдан алғанда, прагматикалық пресуппозицияны адресант пен адресатқа ортақ білімдер қоры мен ортақ когнитивтік аяны қамтитын құбылыс ретінде қарастыруға болады. Оның қолданысы сөйлеушінің нақты коммуникативтік мақсатына тікелей тәуелді.

Жалпы пресуппозиция аясында сөйлеу актісінің жүзеге асуына негіз болатын екі түрі ажыратылады: жалпы және жалқы немесе арнайы. Жалпы пресуппозиция – бұл адамзаттың әлем туралы жинақтаған ортақ білімдер жүйесі, яғни индивидтің шындық болмысты қабылдау барысында меңгеруі тиіс білім қоры. М. Л. Макаровтың пікірінше, әрбір тұлға өзінің әлеуметтік ортаға енуімен қатар сол қоғамның қалыптастырған мағыналары мен мазмұндарына сүйенеді, сол арқылы қоғамдық мағыналардың тұтас кешенін игеріп, объективті дүниеге бейімделіп қана қоймай, оны өзінше интерпретациялайды.

Арнайы пресуппозиция когнитивтік деңгейде белгілі бір шартты білімді талап етеді және ол табиғи түрде өздігінен қалыптаспайды. Мұндай пресуппозиция коммуниканттар арасындағы кәсіби не тар шеңберлі тақырыптардағы қарым-қатынастың тиімді жүруіне ықпал ететін маңызды алғышарт болып саналады. Е. В. Ключевтің пікірінше, коммуникативтік актінің салалық мамандануы жоғарылаған сайын, яғни белгілі бір нақты салаға қатысты болған жағдайда, қатысушылар арасында арнайы пресуппозицияларды қолдану қажеттілігі туындайды [85].

Поэтикалық дискурста прагматикалық пресуппозиция — тілдік актінің семантикалық-прагматикалық астарларын тұспалды түрде жеткізуге мүмкіндік беретін маңызды құрал. Әсіресе, поэзия мәтіндерінде ақпарат тікелей емес, контекст пен мәдени аясы арқылы берілетіндіктен, пресуппозиция реципиентке автордың астарлы ойын түсінуге көмектеседі. Бұл поэтикалық мәтіндердің интерпретациясында адресаттың когнитивтік және мәдени аясына байланысты әр түрлі мағына қабаттарын тудырады. Осыған орай, пресуппозицияның поэтикалық дискурстағы рөлін нақты мысалмен көрсету мақсатында В.Коуптың «Spared» атты өлеңіне талдау жасаймыз:

It wasn't you, it wasn't me,
Up there, two thousand feet above
A New York street. We're safe and free,
A little while, to live and love,
Imagining what might have been –
The phone-call from the blazing tower,
A last farewell on the machine,
While someone sleeps another hour,
Or worse, perhaps, to say goodbye

And listen to each other's pain,
Send helpless love across the sky,
Knowing we'll never meet again,
Or jump together, hand in hand,
To certain death. Spared all of this
For now, how well I understand
That love is all, is all there is[86].

Поэтикалық мәтінін прагматикалық пресуппозиция тұрғысынан қарастырғанда, келесі аспектілер ерекше назар аудартады:

- Венди Коуп өлеңінде оқырманға тікелей тарихи фактілерді баяндамайды. Алайда өлең жолдары белгілі бір тарихи оқиғаларға – атап айтқанда, 2001 жылғы 11 қыркүйек күні Нью-Йорк қаласында болған террористік актілерге жанама түрде сілтеме жасайды. «Two thousand feet above / A New York street», «blazing tower», «a last farewell on the machine» деген тіркестер нақты атаусыз берілсе де, оқырман бұл тіркестерден белгілі бір ақпаратты естіп тұрғандай әсер алады. Бұл – жалпы пресуппозиция түрінің көрінісі, өйткені ол реципиенттің әлеуметтік-мәдени аясына ортақ білімдер жүйесіне арқа сүйейді. Мұнда автор мен оқырман арасындағы ортақ аялық білім қолданысқа түсіп, мәтіннің толық мағынасына жету үшін негізгі платформа ретінде қызмет етеді. Бұл М.Л. Макаров сипаттаған прагматикалық пресуппозицияның екінші бағытына толық сәйкес келеді: адресант пен адресаттың ортақ білімдер жүйесі мен ортақ білім аясына негізделген прагматикалық ықпал.

- Сонымен қатар, өлеңнің белгілі бір эмоциялық мазмұны мен поэтикалық формасы, «a last farewell», «jump together, hand in hand», «Spared all of this» деген метафоралық бейнелері – арнайы пресуппозицияның элементтері ретінде көрініс табады. Бұл – тек нақты тарихи контекстке емес, сонымен қатар әдеби интертекстуалдылыққа және оқырманның поэтикалық тәжірибесіне негізделетін пресуппозициялық қабат. Бұл өлеңде оқырманның поэзиядан эмоционалдық рефлексияны күтуі – арнайы пресуппозицияны қабылдауға мүмкіндік береді.

Поэтикалық шығармалар қазіргі таңда түрлі ғылым салаларындағы зерттеушілердің – әдебиетшілердің, философтардың, лингвистер мен математиктердің назарын аударуда. Тіл мен мәдениеттің көрінісі ретінде, поэтикалық мәтіндер өзіндік құрылымдық жүйеге ие болып, оны зерттеу поэзияға қатысты жаңа аспектілердің туындауына себеп болуда. Поэтикалық мәтіндерге лингвистикалық талдау жасау барысында рифма мен ырғақ жүйесі, тілдік бейнелеу құралдары, троптар мен фигуралардың қызметі, сондай-ақ тұтас поэтикалық құрылымның ұйымдасу тетіктері қарастырылады. Лингвистердің зерттеу нысаны ретінде поэтикалық мәтіндегі гипербайланыс пен гиперқұрылымдылық ерекшеліктері, оның ақпараттық әлеуеті мен эстетикалық мағына беру тәсілдері өзектілікке ие. Сонымен қатар, поэзиялық мәтіндерге дискурсивті тұрғыдан қарау оны автор – оқырман коммуникативтік өзара әрекетінің күрделі жүйесі ретінде сипаттауға мүмкіндік беріп,

поэтикалық дискурстың прагматикалық және когнитивтік өлшемдерін ашуға жол ашады.

Прагмалингвистиканың зерттеу нысанын жан-жақты тану және сөйлеу тіліндегі дискурс пен мәтіннің мазмұндық-ақпараттық құрылымын айқындау мақсатында, поэтикалық дискурстағы таңбалардың әрекетін және болмыстық ерекшелігін адресант пен адресаттың өзара коммуникативтік-прагматикалық байланысы арқылы қарастыру қазіргі тіл білімінде поэтикалық дискурстың прагматикалық және просодикалық аспектілерін кешенді зерттеуге негіз бола алады. Сөйлеу әрекетінің прагматикалық аспектілерін зерттейтін прагмалингвистика жазбаша мәтін мен ауызша дискурстың құрылымдық және функционалдық айырмашылықтарын ескере отырып, тілдік коммуникацияның табиғатын кешенді түрде қарастырады. Бұл тұрғыда дискурс пен мәтін прагмалингвистикалық талдаудың негізгі нысаны ретінде қарастырылады, олардың әрқайсысы коммуниканттардың интенциясын, тілдік құралдарды таңдауын және әлеуметтік-коммуникативтік жағдайды есепке ала отырып сипатталады. Поэтикалық дискурс – прагмалингвистикалық зерттеулерде ерекше маңызға ие, себебі ол адресант пен адресат арасындағы ерекше эстетикалық-коммуникативтік байланысқа негізделеді. Поэтикалық мәтінде ақпарат тек хабарлау құралы ғана емес, сонымен қатар эмоциялық, семиотикалық және когнитивтік мазмұнмен қатар ұсынылады. Бұл дискурста оқырман автормен тікелей диалогқа түсетіндей әсер алады, бұл поэзияны қабылдаудағы рефлексиялық, қайта оқу, есте сақтау тәрізді прагматикалық стратегиялардың белсенді қолданылуына ықпал етеді. Поэтикалық дискурс прагмалингвистикалық аспектіде ақпаратты жеткізу мен қабылдаудың ерекше тәсілін, тілдік және паралингвистикалық бірліктердің үйлесімді бірлігін көрсетеді. Сонымен қатар, дискурстың бұл түрі поэтикалық коммуникациядағы мәдени, эмоционалдық және концептуалдық мазмұнның тереңдігімен ерекшеленеді. Осыған байланысты, поэтикалық дискурсқа антропоцентристік және ментальді бағдар тән, өйткені ол адам болмысының ішкі рухани құрылымдарын тілдік форма арқылы көркем бейнелеуге бағытталған.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

Зерттеу жұмысының теориялық бөлігінде қазіргі лингвистикадағы поэтикалық дискурсты зерттеудің өзектілігі мен бағыттары, құрылымдық ерекшеліктері мен прагмалингвистикалық сипаттары кеңінен қарастырылып, олардың ғылыми негіздері жүйеленді. Бұл бөлім поэтикалық дискурстың күрделі коммуникативтік феномен ретіндегі табиғатын айқындап, оны прагматика, дискурстану, лингвомәдениеттану және фонетика тәрізді тоғысқан ғылыми салалардың шеңберінде талдауға негіз қалады.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың лингвистикалық зерттелу бағыттарына жасалған шолу нәтижесінде поэзия тілінің ерекше коммуникативтік жүйе ретінде түрлі лингвистикалық парадигмаларда – құрылымдық, семиотикалық, функционалдық және прагматикалық бағыттарда зерделенетіні анықталды. Екі тілде де поэтикалық дискурс эстетикалық және

символдық мәнге ие болуымен қатар, тілдік коды, адресант-интенциясы және адресаттық қабылдау механизмі арқылы күрделі мағыналық құрылым құрайды.

Поэтикалық дискурстың негізгі белгілері мен құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталған бөлімде поэтикалық дискурстың адресант пен адресат арасындағы тілдік-эстетикалық өзара ықпалдастыққа негізделетіні, оның креативтілігі, экспрессивтілігі, ритмикалық ұйымдасуы, семантикалық көпқабаттылығы және прагматикалық бағдарлы мазмұнмен ерекшеленетіні нақтыланды. Поэтикалық дискурста тілдік құралдар поэтикалық формаға бағындырылып, стилистикалық, метафоралық және символдық қабаттар арқылы коммуникативтік әсерге қол жеткізіледі. Ағылшын және қазақ поэзиясындағы өлең формалары – қазақ поэзиясында буын мен ұйқас жүйесіне негізделсе, ағылшын поэзиясында метр мен ырғақтың қызметі басым – тілдік құрылымның көркемдік қызметіне бағынышты екендігімен ерекшеленеді. Осы құрылымдық ерекшеліктер поэтикалық дискурстың тілдік болмысын, оның мағыналық ұйымдасуын және оқырманмен байланыс орнату әдісін белгілейді.

Поэтикалық дискурстың прагмалингвистикалық аспектілеріне, соның ішінде пресуппозиция, локутивті, иллюкутивті және перлокутивті актілерге жасалған талдау нәтижесінде поэтикалық мәтінде прагматикалық мазмұнның көпқабатты құрылымда көрініс табатыны дәлелденді. Поэтикалық дискурстағы сөйлеу актілері поэтикалық интенцияны жүзеге асыру құралы ретінде көрініс тауып, автордың ұстанымын, көзқарасын және эмоциялық күйін реципиентке жеткізеді. Иллюкутивті актілер – бұйыру, өтініш, бағалау – поэтикалық мәтінде стилистикалық тұрғыда бейнеленсе, перлокутивті әсер оқырманның эмоциялық күйін қалыптастырумен ерекшеленеді. Сонымен қатар, пресуппозиция арқылы поэтикалық мәтінде контекстке тәуелді жасырын мағына қабаттары құрылып, адресаттың когнитивтік қабылдауына белсенді әсер етеді. Бұл поэтикалық дискурстың прагмалингвистикалық құрылымы мен коммуникативтік нәтижесінің күрделілігін айғақтайды.

Жалпы алғанда, зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімі поэтикалық дискурстың табиғатын көпаспекті тұрғыда қарастыру арқылы ағылшын және қазақ поэзиясын сипаттайтын лингвистикалық, құрылымдық және прагматикалық ерекшеліктерді анықтауға негіз болды. Бұл қорытындылар поэтикалық дискурсты зерттеудің пәнаралық әдістемесін жетілдіруге және ұлттық поэзиялардың тілдік болмысын ғылыми негізде сипаттауға үлес қосады.

2 АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ПОЭТИКАЛЫҚ ДИСКУРСЫ КОММУНИКАТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

2.1 Поэтикалық дискурстағы вербалды және паралингвистикалық коммуникация қызметі

Адам баласы өмір бойы әлеуметтік ортада өзге тұлғалармен үздіксіз қарым-қатынаста болады. Бұл үдерісте сөйлеу тілінің рөлі ерекше, себебі ол — коммуникативтік әрекетті жүзеге асырудың негізгі әрі әмбебап құралы. Осыған байланысты әрбір коммуникативтік актідегі сөйлеу мазмұны нақты, құрылымдық жағынан жүйелі және адресатқа түсінікті болуы тиіс.

Қарым-қатынас — бұл адамдар арасындағы өзара байланыс формасы, ол ақпарат алмасу, өзара ықпал ету, бірін-бірі түсіну негізінде жүзеге асады. Қазіргі заманғы прагмалингвистикалық зерттеулерде адамның ішкі күйін, коммуникативтік интенциясын тану үшін оның тек вербалды мазмұны ғана емес, сонымен қатар қимыл-қозғалысы, сөйлеу қарқыны, интонациялық сипаттары, дауыс ырғағындағы өзгерістер сынды паралингвистикалық және просодикалық белгілеріне де ерекше мән беріледі. Бұл белгілер адамның коммуникативтік мінез-құлқын интерпретациялауда және оның сөйлеу актісі арқылы берілетін экспрессивті-прагматикалық мазмұнын түсіндіруде маңызды параметрлердің бірі ретінде қарастырылады.

Адам өз өміріндегі түрлі қажеттіліктерін өтеу мақсатында өзге адамдармен пікір алмасады, сондай-ақ өз әрекеттерін үйлестіру мен реттеу үшін коммуникацияға түседі. Бұл қарым-қатынасты жүзеге асыруда ол белгілі бір этносқа тән тілдік нормаларға, соның ішінде ана тілінің грамматикалық құрылымына сай келетін сөз тіркестері мен синтаксистік үлгілерді қолданады.

Дыбыстық тіл адам санасының дамуымен тығыз байланысты және еңбекпен бірге адамзат эволюциясының негізгі алғышарттарының бірі ретінде танылады. Тіл — жеке тұлғаның танымдық тәжірибесін, саналық құндылықтарын қоғамдық ұжымға жеткізетін басты механизм. Тұлғаның санасы әлеуметтік ортаның ықпалы мен мақсатты оқу-тәрбиелік үдерістің нәтижесінде үздіксіз дамып отырады. Бұл екі фактор — тіл мен сана — өзара шартты, бірінің дамуы екіншісінің жетілуімен тікелей сабақтас.

Тілдің негізгі қызметі — коммуникативтік қызмет, яғни адамдар арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету. Сонымен қатар тіл адамның психологиялық бейнесін, ішкі жан-дүниесін танытатын көрсеткіш ретінде де маңызды. Ол сөйлеушінің интенциясын білдірумен қатар, адресатты белгілі бір әрекетке итермелейтін құрал ретінде көрініс табады. Бұл тілдің экспрессивтік және сигналдық қызметтерімен байланысты. Аталған қызметтер өзара тығыз байланыста іске аса отырып, бірін-бірі толықтырып отырады. Хабарлама мазмұнын жеткізетін Мұғалім келді деген сөйлем коммуникативтік актінің ақпараттық қызметін атқарса, ал Мұғалім келді ме? құрылымы адресат тарапынан нақты жауап алуға бағытталған, яғни тілдік актіні перлокутивтік түрғыда жүзеге асыруды көздейді [87].

Жеке тұлғаның өз ойын өзге адамға жеткізу мақсатында жүзеге асыратын дербес коммуникативтік әрекеті сөйлеу деп аталады. Сөйлеу – пікір алмасу процесінде индивидтің белгілі бір тілді жеке тәжірибесіне сай қолдану формасы. Бір тіл аясында сөйлеудің құрылымдық және функционалдық тұрғыдан әртүрлі формалары болуы мүмкін. Сөйлеу адамдар арасындағы өзара түсіністікті қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар коммуникативтік серіктесті тану, оған әсер ету құралы ретінде де маңызды қызмет атқарады. Сөйлеу процесі арқылы адам өзінің танымдық білімін, практикалық дағдыларын кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар ұжымдық жадыда сақталған, ғасырлар бойы жинақталған қоғамдық-мәдени тәжірибені игеру мүмкіндігіне ие болады [87, 246.].

Тіл — бұл мағыналық ақпаратты кодтау және жеткізу функциясын атқаратын қызметтік белгілер жүйесі. Ол адамның ойы, сезімі мен ерік-жігерін білдірудің негізгі құралы ретінде қолданылады және адамдар арасындағы коммуникацияны жүзеге асырудағы басты механизм болып табылады.

Сөзді қабылдау мен оны ұғыну процестері өзара тығыз байланысты когнитивтік әрекеттер болып табылады. Тыңдалған сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оның мағынасын түсіну мүмкін емес. Жеке сөздердің қабылдануы – олардың семантикалық мазмұнын ұғынуды талап етеді. Бұл екі процесс бір мезгілде қатар жүріп, сөйлеу коммуникациясының толыққанды жүзеге асуына негіз болады. Интонациялық құрылымның қабылдануы тек есту арқылы емес, сонымен қатар сөйлеушінің артикуляциялық әрекеті мен экспрессивтік қимыл-қозғалыстары арқылы да тыңдаушыда түрлі коммуникативтік реакциялар туғызады. Мәселен, бұйрық реңкімен айтылған интонация тыңдаушыны белгілі бір әрекетке итермелесе, тілек интонациясы келісім немесе келіспеушілік сияқты перлокутивтік әсер тудырады.

Сөйлеу әрекетінің тиімділігі оның екі маңызды прагматикалық параметріне — мазмұндылығы мен экспрессивтілігіне байланысты. Мазмұнды сөйлеу — берілетін ойдың нақтылығы мен жүйелілігін қамтамасыз етсе, экспрессивтілік тыңдаушыға эмоционалдық-психологиялық әсер ету арқылы коммуникацияның нәтижелілігін арттырады. Ойы үстірт айтылған сөздер коммуникативтік мағынадан ада болып, сөйлеушінің прагматикалық интенциясын жеткізе алмайды, нәтижесінде тілдік ықпалдың тиімділігі төмендейді.

Тілдің негізгі қызметтері коммуникативтік, аккумулятивтік, эмоционалдық, танымдық және конструктивтік сипаттарымен айқындалады.

Сөздің мәнерлілігі деп адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы түсініледі. Бұл сөйлеу процесінде әрбір сөйлемнің интонациялық сазымен, дауыс ырғағымен, кідіріс пен екпіннің үйлесімді қолданылуымен көрініс табады. Мәнерлі сөйлеу сөйлеу актісінің экспрессивтік-прагматикалық деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Халық арасында мұндай сөйлеу шеберлігі жоғары бағаланып, сөзі мірдің оғындай деген бейнелі сипаттаулармен айқындалады. Мәнерлілікке ие коммуникаторлар өз сөзінде интонация мен кідірістерді орынды пайдаланып

кана қоймай, қолайлы сөз тіркестері мен стилистикалық тұрғыдан дәл лексемаларды іріктей алады. Сонымен қатар, сөйлеудің вербалды емес компоненттері — ым-ишара, мимика, бет-әлпет қимылдары — сөйлеу мазмұнымен үйлесімді қабысып, прагматикалық әсерді күшейтеді. Сөйлеудің мұндай қасиеттері коммуникативтік тиімділікке қол жеткізу үшін маңызды және тұлғаның тілдік қолданыс аясындағы функционалдық мүмкіндіктерін арттырады.

Сөйлеу қызметінің негізгі функциялары қатарына сигнификативтік, нормативтік және байланысу функциялары жатады. Сигнификативтік функция – сөйлеу арқылы мағыналық мазмұнды белгілеу, ұғымдарды вербализациялау қызметі. Бұл функция тілдік бірліктердің таңбалық табиғатына негізделеді. Нормативтік функция – сөйлеудің белгілі бір тілдік нормалар мен грамматикалық ережелерге бағынуын қамтамасыз ететін қызметі және тілдің жүйелілігі мен тұрақтылығын сақтауға бағытталған. Коммуникативтік функция – сөйлеу актісінің ақпарат алмасу, өзара түсінісу мен ықпал ету құралы ретінде жүзеге асуын сипаттайды.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас барысында жеке тұлғалар өзара идеяларымен, қызығушылықтарымен, эмоционалдық күйі мен сезімдік тәжірибелерімен алмасады. Бұл үдерісте жеткізілетін мазмұн әртүрлі ақпарат түрінде қабылдануы мүмкін. Адамзатқа тән коммуникативтік процестер техникалық құралдар арасындағы ақпарат алмасудан өзгеше болып келеді. Мұндай айырмашылықтар, ең алдымен, мазмұнның тереңдігі, құрылымының күрделілігі және ақпарат беру формасының табиғатымен ерекшеленеді.

Адамдар арасындағы тілдік коммуникация бірқатар айрықша сипаттармен ұштасады, олардың қатарына кері байланыс, коммуникативтік барьер, коммуникативтік ықпал ету, сондай-ақ ақпарат берудің деңгейлері (вербалды – сөздік, вербалды емес – сөз жүзіндегі емес) жатады. Бұл элементтер тұлғааралық қарым-қатынастың күрделі құрылымын анықтап, оның тиімділігін қамтамасыз ететін прагматикалық және психолингвистикалық механизмдер ретінде көрініс табады. Осы құрылымдық компоненттердің бірі — кері байланыс. Тұлғааралық коммуникация үдерісінде ақпарат алмасу біржақты сипатқа ие болмайды, керісінше, екіжақты интерактивті әрекет ретінде жүзеге асады. Коммуникативтік акт барысында хабар таратушы тұлға коммуникатор, ал қабылдаушы тұлға реципиент деп аталады. Ақпарат алмасудың тиімді болуы тек хабарды жеткізумен шектелмей, қатысушылардың ортақ көзқарасқа, мағыналық түсіністікке қол жеткізуімен тығыз байланысты. Осы мағыналық өзара түсіністікті қамтамасыз ететін негізгі тетік — кері байланыс.

Кері байланыс – реципиенттің коммуникатор әрекетіне қатысты білдірген реакциясы мен бағасын сипаттайтын ақпараттық жауап. Бұл процесс коммуникацияның ашықтығын, бірізділігін және бейімделгіштігін арттырады. Кері байланыс тура және жанама түрде берілуі мүмкін. Тура кері байланыс жағдайында реципиент өзінің қатынасын ашық түрде білдіреді: мысалы, Сенің пікірің маған ұнамайды, Не айтып тұрғаның түсініксіз сияқты тікелей тілдік реакциялар арқылы. Сонымен қатар, бұл реакциялар әр түрлі қимыл-қозғалыс

(жест, мимика), интонация, реніш немесе қуаныш сияқты эмоциялық көріністер арқылы да берілуі ықтимал. Мұндай жолдармен берілген кері байланыс сөйлеу актісінің прагматикалық нәтижелілігін арттырып, коммуникативтік өзара әрекеттестікті жандандырады.

Жанама кері байланыс психологиялық ақпаратты жеткізудің жанама, астыртын түрі ретінде сипатталады. Мұндай жағдайда реципиент өз көзқарасы мен бағасын тікелей білдірмей, оны жанама құралдар арқылы жеткізеді. Жанама кері байланыс формаларына мысқыл, ирония, тосын эмоциялық реакциялар, ауыспалы мағынадағы сөздер немесе риторикалық сұрақтар жатады. Бұл контексте коммуникатор адресаттың шынайы интенциясын жанама вербалды немесе вербалды емес белгілер арқылы интерпретациялауға мәжбүр болады. Алайда мұндай интерпретация әрдайым дәл бола бермейді, себебі жанама мазмұн көпмәнділік пен прагматикалық тұспалға бейім келеді. Соның нәтижесінде коммуникативтік серіктестер арасында мағыналық алшақтық пайда болып, өзара түсіністік күрделене түсуі мүмкін. Жанама кері байланыстың осындай ерекшеліктері коммуникацияның прагматикалық дәлдігіне әсер етіп, сөйлеу актілерінің интерсубъективтік қабылдануына қосымша талаптар қояды.


Сөйлеу процесінде коммуникацияны жүзеге асыру үшін бірнеше таңбалық жүйелер қолданылады. Олардың негізгілері — вербалды және вербалды емес коммуникация түрлері. Вербалды коммуникация — тілдік бірліктер мен грамматикалық құрылымдарға негізделген қатынас түрі, яғни ойды дыбыстық немесе жазбаша формада білдіру үдерісі. Вербалды емес коммуникация — сөзсіз, паралингвистикалық және кинесикалық құралдар арқылы жүзеге асатын қарым-қатынас формасы, оған мимика, жест, пантомимика, дауыс тембрі, интонация, пауза және басқа да вербалды емес белгілер жатады. Поэтикалық дискурста мұндай бейвербалды амалдар мәтіннің семантикасын тереңдетіп, экспрессивтік-прагматикалық әлеуетін күшейтетінін З. М. Базарбаева өз мақаласында нақтылай түскен [88].

Коммуникация үдерісінде ақпарат алмасумен қатар, сол ақпараттың қарым-қатынасқа қатысушылар тарапынан бірдей және дәл интерпретациялануы аса маңызды талаптардың бірі болып табылады. Басқаша айтқанда, коммуникация барысында мәліметтің дұрыс қабылданып, дәлме-дәл ұғынылуы мәселесі туындайды, бұл — коммуникацияның прагматикалық тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі. Ақпараттың мазмұны мен формасы, ең алдымен, коммуникатордың тұлғалық-психологиялық ерекшеліктеріне, реципиентке қатысты көзқарасына, оған бағытталған интенциясына, сондай-ақ коммуникативтік жағдаяттың контекстіне тікелей тәуелді болады. Екінші жағынан, реципиент тарапынан қабылданған ақпарат оның жеке-дара психологиялық құрылымына, өмірлік тәжірибесіне, әлеуметтік рөліне, эмоциялық күйіне және нақты жағдаятқа байланысты интерпретациялық өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Бұл ретте поэтикалық мәтінде қолданылған интонациялық немесе лексикалық-стистикалық құрылымдар әртүрлі қабылдаушылар тарапынан әртүрлі интерпретациялануы

мүмкін. Атап айтқанда, поэтикалық дискурстағы ирониялық интонация немесе метафоралық бейнелеу құралдары бір оқырман үшін юморлық не сыншыл мәнге ие болса, екінші оқырман үшін бейтарап немесе тіпті жағымсыз эмоциялық реакция тудыруы ықтимал. Бұл – поэзиялық мәтіннің семантикалық көпқабаттылығы мен оның прагматикалық әсерінің субъективті қабылдануына байланысты.

Осы іспетті жағдайларда туындайтын интерпретациялық алшақтықтың негізгі себебі – коммуникативтік барьердің орын алуы. Поэтикалық дискурста бұл барьер көбіне мәдени-әлеуметтік кодтардың сәйкессіздігімен, контекстік пресуппозициялардың әртүрлілігімен немесе просодикалық құралдардың интерпретациясындағы айырмашылықтармен байланысты болады. Мысалы, ағылшын поэзиясында қолданылатын ирония мен астарлы мағына қазақ оқырманына тікелей түсінікті бола бермейді, себебі әрбір ұлттық мәдениеттің поэтикалық кодтары мен прагматикалық нормалары әртүрлі. Осыған байланысты поэтикалық дискурста тиімді коммуникацияның алғышарты поэтикалық мәтіннің тілдік, интонациялық және мәдени пресуппозициялық жүйелерін дұрыс интерпретациялау арқылы автор мен қабылдаушы арасында ортақ семантикалық кеңістік қалыптастыру болып табылады.

Сөйлеу – адамзатқа тән ерекше коммуникативтік құбылыс ретінде танылып, вербалды (тілдік) құралдар арқылы жүзеге асады. Дегенмен, тілдік амалдармен қатар, оларды толықтырып, экспрессивтік-прагматикалық мәнін күшейтетін, қарым-қатынас барысында мол ақпараттық жүк көтеретін вербалды емес құралдар да маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, вербалды және вербалды емес коммуникацияны өз алдына дербес, бірақ өзара байланысты екі жүйе ретінде қарастыру орынды. Бұл жүйелердің әрқайсысы өзіндік құрылымдық ерекшеліктерге ие болғанымен, олардың арасында мазмұн жеткізу мен коммуникативтік ықпал ету тұрғысынан айтарлықтай ұқсастықтар байқалады. Төменде көрсетілген сызба оның дәлелі болып табылады (сурет 2):



Сурет 2–Вербалды және вербалды емес қарым-қатынастың ұқсастықтары

Вербалды емес амалдарды зерттеу алғаш С.Спенсер, В.Вундт, Ч.Дарвин еңбектерінен бастау алады. Профессор Бердвисл адамдар қарым-қатынасында жеткізілетін хабардың 38% сөзбен, 65% вербалды емес амалдардың көмегімен берілетіндігін тұжырымдайды. Бұл ғылым саласы XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап қарқынды зерттеле бастады. Шетел тіл білімінде вербалды емес амалдар 50-жылдардың басында қолға алынды. Бұл мәселе Дж.Трейгер, Т.Сибек, Ч.Хоккет, М.Уэст, Р.Бердвисл т.б лингвистердің еңбектерінде, А.Шефлен, М.Уэст, К.Пайк т.б психологтардың еңбектерінде зерттелді.

Вербалды емес коммуникацияны зерттеу С. Спенсер, А. Вундт және Ч. Дарвин еңбектерінен бастау алып, әсіресе Дарвиннің ым-ишара мен эмоцияны адам эволюциясымен байланыстыра талдауы бұл бағыттың кейінгі ғылыми дамуына негіз болды [89]. Өзге тілдерде бұл ғылым саласы айтарлықтай жақсы зерттелген деуге болады, мысалы, орыс тіл білімінде ым-ишараттарды Г.В.Колшанский, Н.И.Смирнова, А.А.Акишина, Т.М. Николаева, А.В.Филиппов, Е.В.Красильникова, Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаров, Т.Т.Железанова, Л.Н.Капанадзе, ағылшын тіліндегі ым-ишараттардың зерттеушісі А.Пиз, армяндардың тіліндегіні – А.А Хачатрян, Р.М. Тохмонян, ал татарлар мен башқұрттар тіліндегі ым-ишараттардың бірден-бір зерттеушісі – Ф.Ф.Султанова, қазақ тілінде – Б. Момынованы атап өтуге болады.

Қарым-қатынастың бұл қыры тіл білімінде тек соңғы жылдары арнайы нысан ретінде қарастырыла бастағанымен, вербалды емес амалдардың атқаратын қызметіне қатысты пікірлер мен ой-тұжырымдар ғылымда ертеден-ақ айтылып келген.

Вербалды емес амалдар коммуникативтік актіде мағыналық ақпараттың маңызды бөлігін жеткізетін құралдардың бірі болып табылады. Олар арқылы сөйлеушінің ішкі психоэмоционалдық күйі, қарым-қатынасқа деген көзқарасы, интенциясы мен мінездік ерекшеліктері туралы жанама ақпарат алуға болады. Мәселен, адресат қарым-қатынас серіктесінің бет-әлпетіндегі мимикалық өзгерістеріне, дене қимылдары мен пантомимикалық әрекеттеріне қарап, оның эмоционалдық жағдайын, ниетін немесе қарым-қатынасқа қатынасын пайымдай алады. Зерттеушілердің пайымдауынша, вербалды емес сигналдардың коммуникативтік әсері вербалды сигналдарға қарағанда анағұрлым жоғары. Эмпирикалық деректерге сүйенсек, адам вербалды емес белгілерге вербалды мазмұнға қарағанда шамамен бес есе артық сенім артады. Бұл феномен адамның көру арқылы қабылданатын ақпаратқа басымдық беруімен түсіндіріледі. Кейбір лингвистер мен психолингвистикалық бағыттағы ғалымдар ым-ишара тілін құрылымдық жүйесі мен атқаратын қызметтері жағынан дыбыстық (вербалды) тілмен пара-пар деп есептейді. Бұл көзқарас вербалды емес коммуникацияның тілдік қатынастағы прагматикалық әлеуетінің жоғары екендігін айғақтайды.

Тілдік қатынас барысында қолданылатын паратілдік амалдар арқылы алынатын мәліметтерді бірнеше негізгі категорияға жіктеуге болады. Бұл

жіктеу паралингвистикалық құралдардың коммуникативтік-прагматикалық қызметін жүйелі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, паратілдік белгілер негізінде келесі ақпараттық деңгейлер айқындалады:

- Тұлғаның жеке ерекшеліктері – сөйлеушінің дауыс тембрі, қарқыны, интонациясы, артикуляциялық әдеттері және басқа да сөйлеу стиліне тән дербес сипаттар;
- Әлеуметтік-топтық сипаттамалар – сөйлеушінің жасы, жынысы, әлеуметтік мәртебесі, кәсіби не топтық тегі сияқты әлеуметтік идентификация белгілері;
- Ұлттық-территориялық атрибуттар – сөйлеушінің этникалық немесе географиялық шығу тегімен байланысты интонациялық, акценттік немесе артикуляциялық ерекшеліктер.

Вербалды емес амалдардың көркем мәтіндегі көрінісі әртүрлі тілдік бірліктер арқылы жүзеге асырылады. Бұл амалдар мәтін ішінде автор тарапынан сөйлеу жағдайына сай прагматикалық және стилистикалық мақсатта қолданылып, кейіпкерлердің эмоциялық күйі мен қарым-қатынас ерекшеліктерін жеткізу құралы ретінде қызмет етеді. Зерттеулер нәтижесінде поэтикалық дискурста вербалды емес амалдардың берілуі келесі тілдік формалар арқылы жүзеге асатыны анықталған:

- Лексикалық бірлік түрінде – вербалды емес әрекет жалқы сөзбен беріледі. Мысалы: құшақтасу, күлімсіреу және т.б.
- Еркін сөз тіркестері арқылы – вербалды емес амалдар бірнеше сөзден тұратын еркін құрылымдар арқылы сипатталады. Мысалы: мұрынды сүрту, жылау, күрсіну, бетінен сүю және т.б.
- Фразеологизмдер арқылы – вербалды емес әрекеттер тұрақты тіркестер құрамында беріледі. Бұл тәсіл бейнелілік пен экспрессивтілік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы: қабағын түю, езу тартусияқты тілдік бірліктер вербалды емес мәнді астарлап жеткізеді.

Жоғарыда аталған тәсілдер дискурста вербалды емес коммуникацияның эстетикалық және прагматикалық қызметін жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады.

Поэтикалық дискурстағы вербалды емес коммуникация — вербалды деңгейден тыс орналасқан, мәтіннің семантикалық, экспрессивтік және прагматикалық деңгейлерін тереңдетіп, оған қосымша мән-мағына беретін паралингвистикалық құралдар мен экстралингвистикалық факторлар жиынтығы болып табылады. Осындай вербалды емес таңбалық жүйе автор мен оқырман/тыңдаушы арасындағы көркем-коммуникативтік байланыс процесін вербалды емес таңбалар арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Поэтикалық мәтіндерде вербалды емес коммуникация келесі белгілер арқылы көрініс табады:

- Паралингвистикалық құралдар: интонация, дауыс екпіні, тембр, кідіріс, дауыс қарқыны, ырғақ және әуен сияқты суперсегментті белгілер. Аталған белгілер поэтикалық сөйлеудің эмоциялық-экспрессивтік реңкін қалыптастырып, оқырманға авторлық интенцияны вербалды емес деңгейде ұғынуға мүмкіндік береді.

- Экстралингвистикалық факторлар: поэзияның туындау жағдаяты, мәдени-әлеуметтік контекст, тарихи дәуір, ақынның психоэмоционалдық күйі, сондай-ақ поэтикалық дискурстың қабылдану шарттары, мысалы, оқырманның ұлттық дүниетанымы, эстетикалық тәжірибесі және поэтикалық кодтарды түсіну деңгейі. Аталған жағдайлар вербалды емес мағыналарды интерпретациялауда шешуші рөл атқарады.

Жоғарыда айтылған ойдың дәлелі ретінде, мысалмен қарастырсақ. В. Коуптың «Some More Light Verse» өлеңінен:

You don't know what to do. You cry.
You're running out of things to try.
You cannot see the point. You sigh.
You do not smoke. You have to try[90].

Берілген үзіндіде «*You cry.*» «*You sigh.*» екі қысқа синтаксистік құрылым арқылы, эмоциялық күй мен күйзеліс көрінісі берілген. Мұндағы ырғақтың үзілуі мен интонацияның кілт төмендеуі оқырманға ішкі күйзеліс, үмітсіздік сынды психологиялық жай-күйді бейвербалды деңгейде сезіндіреді. Аталған интонациялық құрылым поэтикалық дискурс аясында эмоциялық ықпалмен қатар прагматикалық міндетті де атқарып отыр.

Ал қазақ поэтикалық дискурсынан мысал келтірсек, Н. Алпамысқызының «Өмірге құштарлық» өлеңінде мына тармақтарда:

Алапат дауыл соқса да,
Құлатпас мені ешқандай [91, 136б.].

«Құлатпас мені ешқандай» деген жолдағы логикалық екпін соңғы сөзге түсіп, екпін мен дауыс реңкі арқылы шешімділік, рухани беріктік эффектiсi жасалады. Бұл жерде поэтикалық интенция тек вербалды емес, просодикалық деңгейде де жүзеге асып тұр.

А. Пиз паралингвистикалық, атап айтқанда, үзіліс, тембр, дауыс қарқыны сияқты құралдардың коммуникативтік әсерін ерекше атап өтеді [92]. Осыған дәлел ретінде кестеде мысалмен көрсетейік (Кесте 2):

Кесте 2 – Паралингвистикалық құралдары

Паралингвистикалық құралдар	Қызметі	Поэтикалық мысал
Интонация	Эмоциялық көңіл күй, ирония, шешімділік, күйзеліс білдіреді	В. Коуп: « <i>You cry. You sigh.</i> » – интонация төмендейді, үмітсіздік сезімі пайда болады
Пауза (кідіріс)	Мағыналық өзектілікті айқындап, эмоциялық ықпалды күшейту	Н. Алпамысқызы: «Жүрегім шырқырайды... үнсіз.» – көп нүкте арқылы жасалып тұрған кідіріс көмегімен ішкі күй беріліп тұр.
Ритм/ырғақ	Поэтикалық құрылымға эстетикалық және эмоциялық әсер береді	Қазақ кара өлеңіндегі 7-8 буынды тең шумақтар – тұрақты ырғақ тыңдаушыны медитативті күйге түсіреді
Пунктуация (нүкте, леп белгісі, көп нүкте)	Интонациялық және экспрессивтік мән үстейді	В. Коуп: « <i>If invited to read a poem, just read the bloody poem!</i> » – леп белгісі ашументалапты көрсетеді

Сонымен қатар, көркем мәтінде вербалды емес әрекеттердің лексикалық репрезентациясы – мысалы, «қабағын түю», «езу тарту», «көзін жұмды», т.б. – арқылы автор вербалды емес мағынаны тілдік құралдармен сипаттап, бейнелік әсерді күшейтеді. Бұл поэтикалық дискурстағы вербалды емес компоненттердің прагматикалық әлеуетін арттырады және оқырманмен семиотикалық байланысты орнатуға ықпал етеді. Осылайша, поэтикалық дискурстағы вербалды емес коммуникация – паралингвистикалық сигналдар мен экстралингвистикалық факторлар кешені арқылы эстетикалық мазмұнды тереңдететін, интенцияны нақтылайтын және оқырманмен эмоциялық-прагматикалық байланыс орнататын күрделі семиотикалық жүйе ретінде қарастырылады.

Зерттеу нысанына орай, қарым-қатынастың паралингвистикалық, атап айтқанда просодикалық аспектісіне тоқталатын болсақ, онда коммуникация процесінде дауыс ырғағы, әуен, екпін, тембр, интонация және кідіріс сынды суперсегментті бірліктердің мәтіннің экспрессивтік-прагматикалық мазмұнын жеткізудегі ерекше қызметін атап өтуге болады. Аталған просодикалық бірліктер вербалды мазмұнмен қатар жүріп, сөйлеу актісінің коммуникативтік және интенциялық қырын айқындап, тыңдаушының эмоциялық қабылдауына тікелей ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, поэтикалық дискурста просодика көркемдік-прагматикалық құрал ретінде ерекше мәнге ие.

Лингвистика саласында соңғы жылдары қарым-қатынастағы вербалды емес амалдарды ғылыми тұрғыдан қарастыру қолға алынып келеді. Қарым-қатынас кезінде ауызша және жазбаша қолданыстармен бірге паратілдік құралдарды пайдаланудың маңызы өте зор. Паратілдік құралдар да дыбыстық сөздер сияқты өте тиімді және ыңғайлы болып есептеледі. Шынында да, адамдар бірін-бірі белгілі бір дыбыстар арқылы ғана емес, қимылдар арқылы да түсінісе алады.

Тіл білімінде вербалды емес амалдарды паралингвистика қарастырады. Паралингвистика терминін алғаш 1940 жылы американдық зерттеуші, ғалым А.Хилл енгізген. Паралингвистика – грек тілінде «пара» – қасында, жанында және латынның «lingua» тіл деген сөздерінен құралған термин. Тіл білімінде паралингвистикаға көптеген анықтамалар берілген. Мысалы, тіл білімінің энциклопедиялық сөздігінде оған төмендегідей анықтама берілген.

1) Тіл білімнің тілдесім кезінде қолданылатын әрі вербалды амалдармен мағыналас келетін, вербалды емес амал-тәсілдерді зерттейтін саласы;


2) Тілдесім кезінде қолданылатын вербалды емес амалдар жиынтығы [93].

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте бұл терминге мынадай анықтама берілген:

- сөйлеуде қолданылатын мағыналы хабар жеткізуші, бірақ тілге жатпайтын құралдар;

- тілдік байланысқа қатысатын тілдік емес (вербалды емес) құралдардың жиынтығы [94].

Жоғарыда атап өткендей, паралингвистика саласы вербалды емес амал-әдістерді зерттейді дедік. Төмендегі сурет паралингвистика саласын ашып, анықтай түседі (сурет 3).



Сурет 3 - Паралингвистика ғылымының тармақтары

Паралингвистика терминін алғаш ұсынған ғалым А.Хилл болса, жаңа ғылым саласының зерттеу аясын белгілеген, вербалды емес амалдар мәселесін алғаш ғылыми тұрғыдан зерттеушінің бірі – Дж.Трейгер. Зерттеуші вербалды емес амалдарды кинесика және паралингвистика деп екіге бөліп қарастырады.

Паралингвистикалық амалдарға тек просодикалық, яғни дыбыстық ерекшеліктерін жатқызады. Бұл кезде тек ауызша сөйлесу үлгілері ескеріледі. Паралингвистикалық амалдарды өз ішінен екіге бөліп қарастырады.

1) Вокализациялар – тілдік құрылымы жоқ кейбір дыбыстық құбылыстар.

2) Дауыс ерекшеліктері – әрі тілдік, әрі вербалды емес дыбыстық өзгешеліктер. Ғалым тілдік құрылыммен байланысуына қарай вокализациялар мен дауыс ерекшеліктерін жеке-жеке топтастырады.

Осыдан келіп паралингвистикалық амалдардың түрлерін жүйелеп, оларды төмендегідей 4-суретте топтастыруға болады:



Сурет 4—Паралингвистикалық амалдар

Жоғарыда аталған вербалды емес амалдарға мысал ретінде келтіретін болсақ. Бұл амалдардың көріністерін нақты мысалдармен дәйектеу мақсатында В. Коуптың «My Funeral» атты өлеңінен үзінді келтіреп болсақ:

If you are asked to talk about me for five minutes, please do not go on for eight
There is a strict timetable at the crematorium and nobody wants to be late
If invited to read a poem, just read the bloody poem. If requested
To sing a song, just sing it, as suggested,
And don't say anything. Though I will not be there,
Glancing pointedly at my watch and fixing the speaker with a malevolent
stare... [95].

Аталған үзіндіде «glancing pointedly at my watch», «fixing the speaker with a malevolent stare» сияқты тіркестер вербалды емес амалдардың көркем мәтін деңгейінде вербалды репрезентациясы болып табылады. Бұл әрекеттер поэтикалық дискурста паралингвистикалық және экстралингвистикалық белгілердің бірі ретінде қарастырылады. Аталған тіркестер сөйлеушінің эмоциялық күйін, уақытының қадірін, тітіркенісін және ашық емес наразылық формасын сипаттайды. Мұндағы интонациялық реңк, ырғақ пен прагматикалық жүктеме – барлығы вербалды емес семиотиканың поэтикалық тілмен берілген көркем түрлері ретінде сипатталады.

Сол сияқты, «just sing it», «don't say anything» сияқты бұйрық реңкі бар сөйлемдер экспрессивтік-прагматикалық интенцияны білдіріп қана қоймай, оқырман мен адресатқа бағытталған нақты регулятивтік ықпал ету мақсатын жүзеге асырады. Бұл сөйлемдердегі просодикалық белгілер (бұйрықтық интонация, қысқа синтаксистік құрылымдар, вербалды тыйым) вербалды емес әсердің лингвистикалық көрінісі ретінде танылады.

В. Коуптың поэзиясында вербалды емес амалдар поэтикалық дискурстың прагматикалық және экспрессивтік әлеуетін күшейтетін маңызды элементтер ретінде қызмет етеді. Оның өлеңдерінде вербалды емес әрекеттердің тілдік репрезентациясы жиі қолданылады, бұл поэтикалық мәтінде паралингвистикалық белгілерді көркем түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

В. Коуптың «Message» өлеңінен үзінді:

«Pick up the phone before it is too late»
«And dial my number. There's no time to spare»
«Ring you again. Instead I'll concentrate /
On sending thought-waves through the London air» [96].

Үзіндіден алынған тармақтарда автор психологиялық күйзелісті және эмоциялық қысымды жеткізу мақсатында вербалды емес интенцияны тікелей тілдік формада береді. «Thought-waves through the London air» тіркесі поэтикалық тұрғыда вербалды емес, паралингвистикалық әрекетті болып, үнсіз ой арқылы байланыс орнатуға ұмтылуды білдіреді, бұл – вербалды емес амалдың көркем семантикалық формасы.

«Some More Light Verse» өлеңінен үзінді:

«You blow your nose. You see the shrink.»
«You cry.»

«You sigh.» [90]

Аталған жолдарда вербалды емес физиологиялық әрекеттер (мұрынды сүрту, жылау, күрсіну) — адамның ішкі күйзелісін, эмоционалдық күйін білдіретін паралингвистикалық белгілер ретінде көрініс табады. Олар арқылы автор вербалды емес коммуникацияның экспрессивтік мәнін арттырып, оқырманға эмоциялық әсер қалдырады.

«From June to December» өлеңінен үзінді:

«Your kiss, your fingers on my thigh»

«Touching one shoulder, makes me sigh»

«Tender hand on a shoulder» [97]

Мұнда физикалық іс-әрекеттерге қатысты бейнелер (мысалы, сүю, саусақтың тиюі, иыққа қол қою) вербалды емес амалдардың поэтикалық дискурстағы көрінісі ретінде қолданылады. Бұл амалдар арқылы сөйлеушінің сезімдік және психоэмоционалдық жағдайы жеткізіледі.

Н. Алпамысқызының поэзиясында да вербалды емес амалдардың тілдік репрезентациясы автордың поэтикалық интенциясын, эмоциялық күйін және мәтіннің прагматикалық ықпалын жеткізуде маңызды рөл атқарады. Оның шығармаларында паралингвистикалық белгілер поэтикалық дискурстың экспрессивтік-прагматикалық құрылымына терең еніп отырады.

Тағы бір мысал ретінде Н. Алпамысқызының «Дала перзенті» өлеңінен үзіндіден келтіріп болсақ:

«Кезеріп ерні топырағын иіскесе

Өзекке теппей өз ұлын

Табанына алақанын төседі.

Кеудесі иіп

Кәусарлар шапшып шыңыраудан

Жеті қат жерді теседі...» [91, 116.]

«Кезеріп ерін», «кеуденің иілуі» — сөйлеушінің немесе кейіпкердің физикалық-психологиялық күйін сипаттайтын вербалды емес белгілер, бұлар — ішкі жан тебіренісінің және ұлттың жерге, далаға деген тәу етіп тұратын құрметінің вербалды емес көрінісі.

Келесі «Тұлпар дүбір домбыра» өлеңінен үзінді:

«Домбыраны алса қолына

Тал бойы тугел шымырлап

Көңілі шайдай ашылған...» [91, 126.]

Мұндағы «шымырлап», «көңілдің ашылуы» — вербалды емес физиологиялық және эмоциялық реакцияны сипаттайтын амалдар. Бұл паралингвистикалық көріністер сөйлеушінің ішкі серпілісі мен домбыраның тудырған эмоциялық-психологиялық ықпалын поэтикалық формада жеткізеді.

«Күрең шетен» өлеңінен үзінді:

«Тұрсың ба сен күдіретімді көрсін деп,

Тебірендім жүрек тулап дүрсілдеп...»

«Көңілім жетімсіреп ұмтылғанда

Тауға кеп жұбанамын мұң тұнғанда...» [91, 246.]

Аталған тармақтарда физиологиялық күйдің «жүректің дүрсілі», сондай-ақ экспрессивтік-психологиялық ахуалдың «көңілдің жетімсіреуі», «ұмтылыс» сияқты көрінісі вербалды емес сипатта тілмен берілген. Мұндай амалдар вербалды емес мәннің лингвистикалық репрезентациясы ретінде прагматикалық қабылдау үдерісін күшейтеді.

Ғалымдардың пікірлері мен тілдік материалдарды саралай келе, Ж.Нұрсұлтанқызы бейвербалды амалдарды өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес төмендегідей топтарға жіктейді:

- 1) Просодика
- 2) Проксемика
- 3) Кинесика

Просодика – тембр, интонация, дауыс қаттылығы, екпін, ырғақ, т.б. баяндаушы мен қабылдаушының көңіл-күйін, сезімін сипаттаушы амалдар болып табылады. Дауыс ырғағы, интонация, дауыс қаттылығы, яғни фонациялық амалдар арқылы коммуниканттардың ішкі сезімдері, көңіл-күйі, психологиялық сипаты беріледі. Дж.Трейгер просодикалық амалдар қатарына күлкі, жылау, сыбырлау, дыбыстардың тілдік емес комбинацияларын жатқызады.

Проксемика – коммуникативтік актіде адамдардың кеңістікте орналасуы. Ол коммуникативтік актіге қатысушы адамдардың арасындағы ара қашықтықты зерттеуді нысана етіп алады. Проксемика (proximity – жақындық) терминін американдық антрополог Э.Холл енгізген. Оның зерттеулері үлкен жетістіктерге жетті [98].

Вербалды емес амалдарға просодика, проксемика амалдары ғана емес сондай-ақ мимика, ишара, дене қалыбы да жатады. Ал мимика, ишара, дене қалыбының жиынтығы ғылым тілінде кинесика деп аталады.

Ж.Нұрсұлтанқызының бейвербалды амалдарды просодика, проксемика және кинесика түрлеріне жіктеуін негізге ала отырып, біздің зерттеу жұмысымызда поэтикалық дискурстың прагматикалық аясындағы просодика түріне баса назар аударылады. Себебі, тембр, интонация, дауыс екпіні мен ырғақ тәрізді просодикалық тәсілдер автор интенциясының, эмоциялық күйінің және мәтіннің экспрессивтік мазмұнының негізгі көрсеткіштері ретінде айқын көрініс табады.

Қорыта келгенде, тілдік коммуникация үдерісінде тілмен қоса жүретін тілдік емес амалдар сөйлеу мазмұнын толықтырып қана қоймай, оған қосымша мағыналық реңк үстейді. Поэтикалық дискурста мұндай амалдар автордың интенциясын тереңірек жеткізудің, эмоциялық-психологиялық ахуалды нақтылаудың әрі мәтіннің прагматикалық әлеуетін арттырудың маңызды тетігі ретінде қызмет етеді. Бұл – сөйлеудің полимодальды табиғатын айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Коммуникацияда қолданылатын ым-ишаралар, дене қимылдары, интонация, пауза, акустикалық ерекшеліктер, мысалы, дауыс екпіні, қарқыны – вербалды құралдарға қарағанда жиі жағдайда мағыналық тұрғыдан басым түсіп, сөйленістің прагматикалық интерпретациясын айқындап отырады. Тіпті, кей жағдайда вербалды амалдардың өзі сөйлеушінің эмоциялық

күйін, интенциясын, бағалаушылық қатынасын толық жеткізе алмай қалуы мүмкін. Осындай тұста вербалды емес амалдар сөйлеу актісінің семантикалық мазмұнын толықтырып, оның астарлы мағынасына бағыт береді.

Поэтикалық мәтіндерде бұл амалдар көбінесе вербалды репрезентация арқылы көрініс табады, яғни поэтикалық тіл арқылы вербалды емес әрекеттер сипатталып, экспрессивтік-психологиялық ықпал күшейтіледі. Мысалы, «езу тартты», «жұдырығын түйді», «қабағын түйіп қарады» сынды тіркестер сөйлеушінің ішкі күйін вербалды емес деңгейде сипаттап, оқырманға көркем және эмоциялық әсер береді.

Сонымен қатар, сөйлеу әрекетінде кинесикалық, проксемикалық, просодикалық және паратілдік амалдардың жиынтығы вербалды емес қатынас құралдарының кешенін құрайды. Олар лингвистикалық тұрғыда өзіндік таңбалық жүйе ретінде қарастырылып, тілді сөздік емес тәсілдер арқылы жеткізу мүмкіндігін кеңейтеді.

Зерттеушілердің деректері бойынша, коммуникацияда жеткізілетін ақпараттың 60–80%-ы вербалды емес амалдар арқылы, яғни ым-ишаралар, бет-әлпет, көзқарас, дауыс интонациясы, кеңістік позициясы секілді тәсілдермен беріледі. Бұл көрсеткіш поэтикалық дискурста да өзекті, себебі поэзия табиғатынан эмоционалды, көпқабатты мағыналық жүйеге ие және вербалды емес белгілер арқылы әсер ету деңгейі жоғары болады. Сондай-ақ, вербалды емес амалдардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері де бар.

А.Пиздің айтуы бойынша, француз психологы Альберт Мейербан хабардың берілуі вербалды амалдар (тек сөз) арқылы 7 %, дыбыстық амалдар арқылы (дауыстың үнін, ырғағын қосқанда) 38 %, ал бейвербалды амалдар арқылы 55 % іске асатынын белгіленген. Ал профессор Бердвисл адамдар қарым-қатынасында хабардың 38% сөзбен, ал 65% бейвербалды амалдардың көмегімен беріледі деп тұжырымдайды [92, 125б.].

Жоғарыда мысалға келтірілген В. Коуп пен Н. Алпамысқызы поэзияларындағы паралингвистикалық құралдар — поэтикалық дискурстың семиотикалық жүйесіндегі вербалды емес қабатты танытады. Олар поэтикалық мәтінде паралингвистикалық (интонация, эмоция), кинесикалық (қимыл, мимика) және проксемикалық (кеңістік қатынас) белгілердің тілдік таңбалар арқылы репрезентациялануы арқылы көркемдік, эмоциялық және прагматикалық әсер тудырады. Бұл амалдар ұлттық дүниетаным мен рухани-мәдени болмысты бейнелеу құралы ретінде ерекше орын алады. Бұл ойды арнайы мақалада да авторлар дәлелдеп, бейвербалды амалдардың поэтикалық мәтінге қосымша мағыналық жүк жүктейтіні атап көрсетілген[88, р.241].

Сонымен, поэтикалық дискурстағы коммуникация тек вербалды құралдар арқылы емес, сонымен қатар вербалды емес амалдар арқылы да жүзеге асады. Мимика, жест, көзқарас, дауыс ырғағы, пауза мен интонация сияқты вербалды емес амалдар поэтикалық мәтіннің экспрессивтік және прагматикалық әлеуетін тереңдетіп, автор интенциясын нақты жеткізуге мүмкіндік береді. Аталған амалдар паралингвистика саласы аясында зерттеліп, олардың сөйлеу актісіндегі вербалды компоненттермен бірлесе отырып қалай қызмет ететіні анықталады.

Бұл вербалды емес белгілер поэзиядағы ұлттық дүниетаным мен мәдени семиотиканы жеткізудің маңызды құралына айналады. Ағылшын және қазақ поэзиясында вербалды емес амалдардың тілдік репрезентациясы арқылы лирикалық субъектінің психоэмоционалдық күйі, интенциясы мен коммуникативтік интенциясы көркем түрде бейнеленеді. Сондықтан вербалды емес амалдарды прагматикалық-функционалдық тұрғыдан қарастыру — поэтикалық дискурстың көпқабатты мағынасын тануға және ұлттық-мәдени кодтарды ашуға мүмкіндік береді.

2.2 Просодикалық тәсілдердің поэтикалық дискурстағы көрінісі

Поэтикалық дискурс тек тілдік құрылымдармен шектелмей, сонымен қатар просодикалық тәсілдермен де сипатталады. Просодика — бұл тілдің үндік жүйесі, яғни сөйлеу ырғақтары, екпін, кідірістер, әуен сияқты фонетикалық ерекшеліктердің жиынтығы. Поэтикалық дискурста просодика ерекше мәнге ие, өйткені ол сөздердің мағынасына терең әсер етеді, эмоционалды әсерлерді күшейтеді және тыңдаушының назарын аударады. Осы тұрғыдан алғанда, поэтикалық дискурсқа қатысты просодикалық тәсілдер негізінен мәтіннің әуезділігін, ритмдік құрылымын және сөздің эмоциялық бояуын ашады.

Поэтикалық дискурста просодикалық тәсілдер лексикалық және семантикалық деңгейдегі мағынамен тығыз байланысты. Мысалы, ырғақтың, әуеннің, кідірістердің қолданылуы автордың шығармасында белгілі бір эмоциялық күйді немесе көңіл-күйді білдіру үшін маңызды рөл атқарады. Просодикалық тәсілдер поэтикалық дискурстың прагматикалық аспектілерімен тікелей байланысты. Тілдің сөйлеу тәсілдері тыңдаушыға қандай ақпараттың беріліп жатқанын немесе қандай эмоционалды күйдің жасалып жатқанын көрсетеді. Тіпті поэтикалық дискурстағы интонация мен кідіріс те мағыналық реңктерді арттыра алады. Сонымен қатар, просодика поэтикалық дискурсты прагматикалық тұрғыдан түсіну үшін маңызды құрал ретінде қызмет етеді.

Поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдер мен интонация өзара тығыз байланыста қызмет етеді. Просодикалық құралдар — ырғақ, пауза, екпін, темп, қарқын, әуен — поэтикалық мәтіннің құрылымдық және семантикалық ұйымдасуын қамтамасыз етсе, интонация сол құралдардың үйлесімді жүзеге асуын реттейтін әрі олардың прагматикалық әлеуетін күшейтетін басты тетік болып табылады. Интонация поэтикалық дискурста тек мағыналық мазмұнды жеткізумен шектелмей, эмоционалды және экспрессивті реңктерді арттырады, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы коммуникативті байланысты нығайтады. Демек, просодикалық тәсілдер мен интонация поэтикалық дискурста бірін-бірі толықтырып, коммуникативті-прагматикалық мазмұнның тұтас көрінісін қалыптастырады. Просодикалық тәсілдердің әрқайсысына жеке тоқталып өтейік.

Интонация поэтикалық дискурс аясында қарастырылғанда, ол көпқызметті әрі күрделі тілдік құбылыс ретінде сипатталады. Интонацияның қызметі, просодикалық тәсілдері, интонациялық бірліктері өзара тығыз байланыста болып, сөйлеушінің ойын дәл әрі әсерлі жеткізуге мүмкіндік береді. Қазақ

тіліндегі интонацияның жүйелік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан айқындаған З.М. Базарбаева интонологияны суперсегментті фонетика негізінде кешенді түрде зерттеп, эксперименттік талдаулар негізінде қазақ интонологиясының теориялық негізін қалады[99]. Бұл ғылыми тұжырымдар поэтикалық дискурстың прагматикалық қырларын түсінуде іргелі тірек болып, қазіргі зерттеуіміздегі просодикалық тәсілдердің қызметін саралауға әдістемелік арқау береді.

Қазіргі кезде интонацияның тіл біліміндегі күрделі құбылыс екендігі зерттеу жұмыстарында нақтыланып отыр. Интонация компоненттерін зерттеудегі тұтастық және құрылымдық әдістер оның негізгі компоненті болып табылатын екпіннің табиғатына байланысты қарастырылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі екпін жүйесі өз табиғаты жағынан бір-бірінен айырмашылықтарға ие екендігі лингвистикалық зерттеулерде кеңінен сипатталып келеді. Ғылыми еңбектерде ағылшын тіліндегі сөз екпінінің негізгі ерекшелігі – оның жылжымалы сипатта болуы, ал қазақ тілінде екпіннің тұрақты орнығуымен ерекшеленетіні атап көрсетіледі.

Ағылшын лингвистикалық мектебінің фонетикалық зерттеулерінде екпіннің дәстүрлі 3 түрі айқындалған: негізгі (primary stress), қосымша (secondary stress) және әлсіз (unstressed) екпін. Бұл жіктеу сөз ішіндегі буындарға немесе сөйлем ішіндегі сөздерге түсетін әртүрлі дәрежедегі динамикалық күшті сипаттауға бағытталған. Атап айтқанда, негізгі екпін – сөздің мағыналық және фонетикалық өзегін айқындайтын ең күшті екпін болса, қосымша екпін – сөз ішінде екінші дәрежелі буынға түсетін салыстырмалы түрде әлсіз екпін. Әлсіз екпін – екпінсіз буындарды білдіреді, олар көбінесе редукцияға ұшырап, фоносемантикалық тұрғыдан бейтарап сипатта болады.

Ал америкалық лингвистикалық мектеп бұл жүйені одан әрі нақтылап, екпіннің 4 түрін ажыратады: бірінші дәрежелі (primary), екінші дәрежелі (secondary), үшінші дәрежелі (tertiary) және екпінсіз (unstressed) буындар мен сөздер бөлініп көрсетіледі[100]. Сонымен қатар, америкалық лингвистикалық бағытта екпіннің сөйлем ішіндегі логикалық, контрастивтік, эмоциялық қызметіне ерекше назар аударылады, бұл оны тек фонетикалық емес, коммуникативтік және прагмалингвистикалық категория ретінде де қарастыруға негіз болады.

В. Коуптың «The Orange» өлеңінен үзінді алып, екпіннің түрлерін тауып көрейік:

At 'lunchtime I 'bought a 'huge 'orange —
The 'size of it 'made us all ↓laugh.
'I 'peeled it and 'shared it with 'Robert and 'Dave —
They 'got 'quarters and 'I 'had a ↓half. [101]

Әдетте, поэтикалық дискурста семантикалық мағына беретін негізгі және қосымша екпін түсетін сөздер болады. Үзіндідегі 'lunchtime, 'size, 'I сөздері негізгі екпін түсетін 'bought, 'huge, 'orange, 'made, 'laugh, 'peeled, 'shared, 'Robert, 'Dave сөздерімен салыстырғанда аздап бәсеңдеу дыбысталады, бірақ дауыс тонының негізгі екпін түскен сөздер мен қосымша екпін түсетін сөздер

аралығында үлкен айырмашылық жоқ, шамалас дыбысталады. Үшінші екпін laugh, half сөздеріне түседі. Әдетте үшінші екпін түсетін сөздер төменгі тоналдылықпен дыбысталады.

Ал америкалық мектеп ұсынған екпіннің 4-ші түрі екпін түспейтін сөздерге тән болып келеді. Осыған мысал ретінде жоғарыда келтірілген үзіндідегі at, a, the, of, it, it, and, it, and сөздеріне екпін түспейді.

Ағылшын тіліндегі фразалық екпін негізгі семантикалық мәні бар сөздерге қойылады. Олар: зат есім, сын есім, өздік етістіктер, сан есім, үстеу, сұраулы және сілтеу есімдіктері. Көмекші сөздер: артикль, шылау, предлогтар, частицы, көмекші және модалды етістіктер, жіктеу және тәуелсіз есімдіктер әдетте қарама-қарсылықты білдірмейтін эмоционалды реңкпен айтылмаса, оларға фразалық екпін қойылмайды. Тармақтың басында тұрған екпін түспейтін буын әдетте біркелкі төмен тонмен айтылады, оған дәлел ретінде В. Коуптың «Being Boring» өлеңінен мысал келтірейік:

There was 'drama 'enough in my 'turbulent ↓past:

Tears of 'passion-I've used 'up a ↓tankful.

No 'news is good 'news, and long may it ↓last.

If 'nothing much 'happens, I'm ↓thankful.[102]

Тармақтың ортасында тұрған екпін түспейтін буындар әдетте өзінің алдындағы екпін түсетін буындармен қиылысып, солардың деңгейіндегі тонмен немесе одан да бәсең тонмен айтылады:

A happier 'cabbage you 'never did see,

My 'vegetable spirits are ↓soaring.

If you're after 'excitement, steer 'well clear of me.

I want to 'go on being ↓boring. («Being Boring») [102]

Егер тармақтың екпін түсетін соңғы буыны төменгі тонмен айтылса, одан кейін тұрған екпін түспейтін буындар бірқалыпты және төменгі тонмен айтылады:

But is ↓it 'love? And is ↓it 'true?

Who 'cares? This much I ↓can't deny:

You know 'exactly ↓what to do;

I 'think of little else ↓but you. («From June to December» В. Коуп) [97]

Егер сөйлем көтеріңкі тонмен айтылатын болса, онда соңғы екпін түсетін буыннан кейін тұрған аяққы буындар екпінсіз болып келеді де, соңғы екпін түсетін буын бәсең тонмен айтылады. Ал тонның біртіндеп сатылай көтерілуін соңғы екпін түспейтін буындарды айтқанда естиміз:

Can someone make my simple wish come ↑true?

Male biker seeks female for touring fun.

Do you live in North ↑London? Is it↑ you?

Gay vegetarian whose friends are few,

I'm into music, Shakespeare and the sun.

Can someone make my simple wish come ↑true? («Lonely Hearts»)[103]

Осы теориялық жіктеулер поэтикалық дискурстағы просодикалық құрылымды сипаттауда ерекше маңызды. Өлең мәтінінде сөздер мен

синтагмалардың екпіндік сипаттамасы интонациямен ұштасып, поэтикалық ырғақ, экспрессия және эмоциялық реңк құруға тікелей ықпал етеді. Мысалы, негізгі екпіннің интонациялық өрнекпен қатарласа орналасуы поэтикалық тармақтың ритмикалық симметриясын қамтамасыз етіп, автор интенциясын нақты жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар, қосымша және үшінші дәрежелі екпіндердің қолданылуы поэтикалық құрылымға қосалқы ырғақтық өрнек беріп, өлеңнің дыбыстық әуенін қалыптастырады. Осы арқылы просодикалық белгілер поэтикалық дискурста мағыналық бөлшектерді ұйымдастырушы, коммуникативтік-экспрессивтік әлеуетті арттырушы құрал ретінде көрінеді. Аталған тұжырымдар3. М. Базарбаеваның мақаласында қазақ поэтикалық мәтінінің синтагмалық ұйымдасуын, ырғақтық топтардың интонациялық өрнекпен ұштасуын эксперименттік-фонетикалық деректер негізінде жан-жақты көрсетілген [104]

Қазақ тілінде фонетикалық тұрғыда сөз екпінінтегеурінді екпін (динамикалық, экспирациялы, артикуляциялы, интенсив екпін), әуезді екпін (музыкалық, мелодиялық, тондық немесе тоникалық), мөлшерлі екпін (квантитатив – сан мөлшеріне байланысты) деген үш топқа бөледі. Фонациялық ауаның күштірек қарқынымен айтылатын екпін түрі – тегеурінді екпін; дауыстың ырғағына/тонына, әуезділігіне байланысты – әуезді екпін; екпін түскен буындағы дауысты дыбыстың басқа буындағы дауысты дыбыстарға қарағанда созылыңқы айтылуы – мөлшерлі екпін деп аталады. Осы аталған екпін түрлерінің ешқайсысы тіл – тілдеқылтықсыз таза күйінде кездеспейді. ... екпіні бірыңғай тегеурінді, не болмаса бірыңғай әуезді, я бірыңғай мөлшерлі боп келетін тілдер кемде-кем. Дұрысында, тілдерде екпіннің аталған түрлері бірімен-бірі астас, сабақтас күйінде ұшырайды [105, 496.]. Сонымен қатар екпіннің кульминатив, делимитатив, сигнификатив, экспрессивтік қызметтері де зерделенген. Екпіннің кульминатив қызметі барлық фонетикалық типтерге тән болып келеді. Кульминативтік екпін сөз ішіндегі буындар мен буын құрайтын дыбыстардың басын лебіздік, яғни просодиялық тұрғыдан біріктіріп, сөзді біртұтас өз алдына дербес құрылым етіп көрсетеді. Ал делимитативтік түрі сөз ағымындағы сөздердің шекарасын ашу болып табылады. Қазақ тіл білімінде екпін мәселесіне байланысты зерттеулер екпіннің орнын анықтауда оның фонологиялық және морфологиялық түрлерін ажыратады. Фонологиялық екпін категориясына тұрақты екпін және еркін екпін түрлері жатады. Тұрақты екпін сөздің белгілі бір буынында көрініс тапса, еркін екпін сөздің кез - келген буынына түсе береді. Қазақ тілінде екпіннің кейде грамматикалық тұлғаларды, тіпті грамматикалық формаларды ажыратуға қатысуы оның сөз ішіндегі орнының тұрақты емес екендігі де айтылады.

Ж.Аралбаев қазақ тілі екпіні фонетикалық ерекшелігі бойынша динамикалық екпінге жатады. Қазақ тілінде екпін негізінен сөздің соңғы буынына түседі деген көзқарас қалыптасқан. Сөз ішіндегі екпіннің орны туралы да әр түрлі пікір қалыптасқан. Ж.Аралбаев қазақ тілінде екпіннің кейде сөздің соңғы буында болмауы жаңадан басқа тілден енген сөздерге, кейбір екпіналмайтын морфемаларға екпіннің соңғы буыннан бас буынға көшуі түрлі

эмоциялық реңктерді білдіретін сөздерге байланысты, сөз лепті айтылғанда, мәнерленіп айтылғанда екпін сөздің басқа буынына ауысады деп сипаттайды.

Сонымен қатар қазақ тілінде эмфазалық екпін түрі бар. Бұл екпін түрі көптік мағынаны білдіретін әмма, барша, бүкіл, күллі, бүткіл, барлық, бәрі сынды жалпылауыш есімдіктер зат есімдермен тіркесіп келгенде, оларға сөйлеуші тарапынан ерекше мән берілген жағдайда қолданылып, сөз екпіні бірінші буынға түседі. Мысалы: Күллі әлем, барша қауым, әмма жұрт [106].

Ж.Аралбаев екпін деп сөздегі бір буынның, кейде екі буынның өзге буындардан ерекше дыбысталуын айтады. Екпінді буынның әр тілде үш түрлі динамикалық, музыкалық немесе тоникалық, квантитативтік сияқты амалдармен берілуін сипаттай келе, ғалым қазақ тілінің екпінін тиянақты, динамикалық, кейде музыкалық немесе тоникалық екпін категориясына жатқызады. Оның себебін екпіннің қазақ тілінде сөз бен сөздің жігін ажыратып, сөзді айқындайтын қызметімен байланыстырады [106, 108б.]. Ж.К.Қалиевтың пайымдауынша қазақ тілінде екпін екі акустикалық параметрге (негізгі тон жиілігі, ұзақтылық) байланысты, яғни екпін синтагма шеңберінде және сөйлем аясында қойылады [107, 97-100б.]. Н.Сауранбаев қазақ тілінде екпіннің басым екпін, бәсең екпін түрлерін ажыратады. Ғалымның сипаттауы бойынша басым екпін күшпен айтылғандықтан соңғы буынға түссе, бәсең екпін бас буынға қойылады. Қазақ тілі екпінін демдік екпін, ал герман (ағылшын тілі) тілдерінде музыкалық екпін болады дейді [108, 154-155б.].

Екпін мәселесіне байланысты да біраз қарама - қайшы пікірлер бар. Атап айтсақ, профессор Ә.Жүнісбектің пікірінше, сөздік екпін немесе акцент тілдерді жіктеудің айырым белгісі болғандықтан, ол тек бір тілдің ғана, яғни орыс тілінің құрылымына ғана тән болғандықтан, сөздік екпінді, мысалы, қазақ не қытай тілінің құрылымынан іздемеу керек екенін айтады. Ғалым қазақ тілінде үндесім (сингармонизм) заңын қолдай отырып, сингармонизм бар жерде сөздік екпін мен тон болмайтынын, ал егер қазақ тілінде сөздің үндесім әуезі дұрыс айтылмаса, ол қазақ сөзі болмайды немесе сөз мағынасы өзгеріп кететінін айтады [109, 22-23б.].

Жалпы қорытындылай келгенде, ағылшын тілінде сөз екпіні әуендік құрылыммен өзара сабақтасып, негізгі просодикалық көрсеткіштердің бірі ретінде қызмет атқарады. Ал қазақ тілінде, түркі тілдеріне тән ортақ заңдылыққа сәйкес, сөздік екпіннен гөрі ырғақты-синтагмалық екпін басым қолданылады.

Коммуникативті жағдаятта ерекше мәнге ие интонацияның әуен (melody) компоненті әр тілдің сөйлеу жүйесіне сәйкес өзіндік сипатта көрініс табады. Дегенмен, барлық тілдерге ортақ белгі – оның дауыс тонының өзгерісі арқылы жүзеге асуы. Қазақ ғалымы Қ. Жұбанов тілдің әуендік табиғатына тоқтала келе, сөз әуенінің қай тілде болмасын адамның эмоциясын таныта алатынын атап көрсеткен. Ол өз еңбектерінде өзге халықтың тілін түсінбесек те, оның әуезінен қуаныш не мұң реңкін сезінуге болатынын айтады. Ғалымның пікірінше, тілде жалпыға ортақ әуендік сипатпен қатар, әр ұлтқа тән ерекше әуендік өрнек те болады. Мәселен, сұраулы сөйлемде дауыс 5 тонға көтеріліп, сөйлем

соңындағы тыныс белгілеріне байланысты интонация да түрленеді: қос нүкте мен нүктенің әуендік құрылымы бірдей емес. Сол сияқты, өтіну, бұйыру, таңдану, қайғыру секілді коммуникативтік-прагматикалық реңктер де әуен арқылы айқындалады [110].

Эксперименталды – фонетикалық бағыттағы зерттеулерде қазақ мәтінінің әуездік жүйесі күрделі фонетикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Мәселен, Ә. Жүнісбек сөздің қарапайым қатысымдық әуенімен қатар үстеме әуен бірліктерінің де бар екеніне назар аударады [109, 22–24 б.]. Ал З.М. Базарбаева дауыс әуенінің әрбір адамның сөйлеу мәнеріне қарай өзгеретінін, соның нәтижесінде стилистикалық реңкке ие болатынын атап өтеді. Ғалымның пайымдауынша, әуен өз формасын тілдік нормаға сәйкес сақтамаған жағдайда, сөйлемнің мазмұны күңгірттеніп, ой толық жеткізілмейді [111, 515 б.].

Әуеннің негізгі қызметіне мәтінді (дискурсты) дауыс кідірісімен бірлесе отырып, кіші мағыналық (синтагмаларға) немесе ырғақтық топтарға мүшелеуі және дауыс тонының көтерілуі немесе бәсеңдеуі арқылы сөйлеу барысында мүшеленген осындай бірліктердің басын бір тұтастыққа байластыруы, сөйлемнің коммуникативтік түрлерін айқындау жатады. Қазақ тілінде сөйлеу барысындағы интонацияның әуен компонентінің қызметіне сәйкес негізгі тон жиілігінің түрлі бағыттары ажыратылады: көтеріңкі, бәсең, бірқалыпты, көтеріңкі – бәсең, бәсең – көтеріңкі. Ағылшын тілінде тонның өзіндік ерекшелігін танытатын – High, Rise, Low, Fall, High – Fall, Medium – Fall, Low – Rise, Low – Fall, Rise – Fall, Fall – Rise, Mid Level Tone түріндегі күрделі тон өзгерістері қолданылады.

Е.Б.Карневская ағылшын тілінің просодикалық ерекшеліктеріне кинетикалық және статикалық тонды жатқызады. Кинетикалық тон синтагманың немесе фразаның соңында кездесетін болғандықтан, оны терминалды тон немесе ядролық тон деп те атайды. Өйткені ол сөйлемдегі негізгі элементті немесе ақпараттың өзегін айқындайды. Көп жағдайда кинетикалық тон екпін түсетін сөздердегі жоғарғы дауыс тонының өзгерісіне негізделген және синтагмадағы екпін түсетін маңызды деген сөздің буынында дауыс тонының өзгеруіне байланысты қойылады. 'Sara is |going to ,London // in Sep↓tember синтагмаларын кинетикалық тон тұрғысынан сипаттайтын болсақ, сөйлем аяқталған ойды білдіріп тұр, дауыс тонының төмендеуі екпін түскен екінші Sep↓tember буынына келіп тұр, ол өзінен кейінгі тұрған екпін түспейтін Sep↓tember буынға әсер етіп, бірдей дәрежеде дыбысталып тұр. Кинетикалық тонға қарама қайшы келетін статикалық тон синтагманың немесе фразаның екпін түсетін бастапқы және ортаңғы буынында кездеседі. Мысалы, 'Sara is |going to ,London. Статикалық тонның интонациялық таңбалануы 'm - көтеріңкі, |m- орташа, ,m-бәсең деген таңбалармен белгіленген [112].

Ағылшын тіліндегі осындай тон өзгерісінің ерекшеліктері олардың фонологиялық сипатына қарай топтастырылып, кесте түрінде С.М.Рогожинаның зерттеу жұмысында жақсы сипатталған(кесте 3)[113].

Кесте 3 – Ағылшын тіліндегі негізгі ядролық тонның фонологиялық сипаты

Ядролық тон	Базалық фонологиялық көрінісі	Базалық фонологиялық тонға сәйкес келетін жиі қолданыстағы қосымша тон сипаттамасы
1	2	3
Low – Fall / Medium – Fall (бәсең - төмен / орташа – төмен)	certain (final) – аяқталған, тиянақты	categoric – үзілді – кесілді бас тарту definite – айқын, дәлме - дәл firm – нық, берік confident – сенімді
	unemotional – эмоционалдық бояуы қанық емес, Medium – Fall динамикалық тұрғыдан Low Fall тонына қарағанда шапшаңдау	detached – бейтарап dispassionate – көңілі толмай reserved - ұстамды cold - салқынқанды calm - байсалды unsympathetic - жақтырмау uninterested – қызығушылық танытпау unsurprised – таңғалмай
	complete – толыққанды аяқталған	-
High – Fall (көтеріңкі – төмен)	final – аяқталған	categoric – үзілді – кесілді
	emotional – эмоционалды	warm – жылы рай таныту interested – қызығушылықты білдіру concerned – мүдделі involved – әрекетке жұмылдырылған surprised – таңғалысты білдіру
	emphatic – эмфатикалық lively – еті тірі	insistent – табандылық көрсету light – ақжарқын, көңілді airy – жеңіл, көңілді brisk – жанды, жандау businesslike – іскер
Low – Rise (бәсең – жоғары)	non – final – аяқталмаған	non categoric – үзілді – кесілді емес encouraging further conversation – әңгімені жалғастыруға итермелеу reserving judgement – ойын жария қылмай guarded – сақ skeptical – күмәншіл disapproving – қолдау көрсетпеу warning – алдын ала ескерту wondering – таңғалыс, қызығушылық таныту puzzled – бас қатыру casually acknowledging – іс – әрекеттің маңызды еместігін білдіру appealing to the listener to change his mind – тыңдаушының ойын өзгертуге итермелеу
	calm – байсалды, байыпты	soothing – тынышталдыру
Fall – Rise (төмен – жоғары)	implying – меңзеу / referring – сілтеме жасау	correcting – түзету енгізу contradicting – қайшылықты білдіру implying contrast – қарама – қарсы қою having reservation – сылтау табу surprised – таңғалу

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
		warning – алдын ала ескерту scornful – жек көру grudgingly admitting – құлықсыз қабылдау (еріксіз мойындау)
Rise – Fall (жоғары – төмен)	impressed – әсер қалдыру	awed - құрметпен қарау
	complacent - масаттану challenging– күмән туғызушылық	-
	disclaiming responsibility – жауапкершіліктен қашып, жокқа шығару	
Mid Level Tone (орта деңгейлі тон)	non – final, implying continuation - жалғасын күту мақсатында аяқталмаған	expressing expectancy – күту; hesitating – өзіне сенімсіз, сылбыр

Теориялық негізге сүйенсек, ағылшын тілінде 55 тон бар екен [114]. Олардың ішіндегі ең негізгілері көтеріңкі (High) және төмен (Fall) тон. Төмен тон аяқталған, тиянақты ойды (эмоционалды - бейтарап сөйлемдер, бұйрықтар, сұраулы сөзден басталған лепті және сұраулы сөйлемдер) білдіреді. Көтеріңкі тон аяқталмаған ойды, сенімсіздікті, таңғалысты, күмәндануды білдіреді. Сонымен қатар көтеріңкі тон сөйлемнің бірыңғай мүшелерін сипаттағанда, жалпы сұрақтарда (ия, жоқ деп жауап күтілетін), альтернативті сұрақтарда, рахмет айтуда, қоштасуда, сыпайы сөйленімде, әңгімені ары қарай үзіп алмай жалғастырған жағдайда, сыпайы түрде өтініш жасауда қолданылады [115].

Please write (with photo) to Box ↓152.

Who knows where it may lead once we've ↑begun?

Can someone make my simple wish come ↑true?

Do you live in North ↑London? Is it ↑you? («Lonely Hearts») [103]

Мұнда екінші, үшінші, төртінші тармақта екпін түскен буын әдетте бірқалыпты, ең көтеріңкі тонмен айтылады да, бірте - бірте тонның бәсеңдеуі байқалады, ал тармақтың соңында тұрған екпін түскен буын ең төменгі тонмен айтылады.

Ағылшын тілінің интонациялық құрылымын жүйелеу үшін оның бірнеше классификациялық үлгілері жасалғанымен, сөйлемнің коммуникативтік түрін айқындайтын бәсең (descending scale) және көтеріңкі (ascending scale) тон ең негізгі тоналдылық деңгей ретінде сақталып қалды [116, 336.].

Интонацияның келесі компонентінің бірі дауыс реңкі (timbre) ағылшын интонациясының негізгі компоненттерінің бірі. Дауыс реңкінің өзгерісінен адамның болып жатқан жағдайға байланысты көңіл – күйін (куаныш, реніш, қайғы, мұң, кекесін, мысқыл, ашу - ыза) білуге болады. Д. Кристал өзінің

еңбегінде интонацияның реңк компонентін лингвистикалық категориялардан бөлек, өз алдына жеке категорияға жатқызады [117].

Дауыс реңкі (тембр) немесе дауыс сапасы синоним терминдер мағынасында кездеседі. Бірақ кейбір фонетистер оларды екі бөлек компонентке бөледі. Д. Кристал дауыс реңкін (тембр) сегментті деңгейді, ал дауыс сапасын супрасегментті деңгейді зерттеуге қолдануды ұсынады. Зерттеушілер [118, 115] дауыс сапасын (тембр) лингвистикалық категориялардан бөлек, өз алдына дербес категория санайды. Дауыс сапасына қарай сөйлеп тұрған адамның әлеуметтік жағдайын, бойын, салмағын, ой – өрісін (интеллект) білуге болады деген пікір білдіреді. Кей ғалымдар бұл компонентті дауыс тонына қарап адамның көңіл - күйін білдіретін болғандықтан, экстралингвистикалық факторлармен байланыстырады [119, 304б]. Әлеуметтік топтардың дауыс ерекшеліктеріне байланысты бірнеше зерттеу жұмыстары дауыс реңкінің (тембр) ерекшеліктерін айқындауға тырысты [120, 121]. А.М. Антипова дауыс сапасын айтылымдағы сөйлеушінің белгілі бір ақпаратты жеткізу мақсатындағы дауыстың арнайы өзгерісі деп түсіндіреді [122, 43б.].

З.М. Базарбаеваның түсіндіруінше қазақ тіліндегі дауыс реңкі сөйлемнің жалпы мағынасына ықпал етіп, оның сезімдік (эмотивтік) мазмұнын айқындайды және интонациялық бұл ерекшелік өзге бірліктермен үйлескенде сөйлеудің жағымды немесе жағымсыз реңкін танытуға мүмкіндік береді [123, 32б.]. А.М. Антипова дауыс реңкін белгілі бір тілдік ақпаратты жеткізуші биіктік пен тембрлік сипаттамалардың жиынтығы ретінде қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, бұл құбылыс интонацияның әуендік (мелодикалық) қырын толықтырып қана қоймай, оның логикалық және эмоциялық-модалдық қызметтерін де айқындайды. Интонацияның эмоциялық-модалдық қызметі негізгі болып саналады, себебі сөйлеуші өз ойын жеткізуде көбіне осы қызметіне жүгінеді. Ал логикалық қызметі сөйлемнің мазмұндық бөлшектерге жіктелуінен және кейде сөйленімдегі маңызды элементті ерекше мәнмен жеткізуден көрініс табады. Мұндай сипат, әсіресе, көркем мәтіндерді мәнерлеп оқу барысында айқын байқалады [114, 6б.].

Поэтикалық дискурс барысында әуенмен, екпінмен бірлесе отырып, адамның көңіл – күй көрінісін сипаттайтын интонация компонентінің келесі бір түрі **үдемелік** деп аталады. Қазақ тіл білімінде интонацияның үдемелік компонентін эксперимент жүргізу арқылы салыстырмалы түрде зерттеген жұмыстар [124]. XX ғасырдың соңғы ширегіне тұстас келеді. Үдемелік пен сөздің сөзге екпін түсірілуі арасында да тығыз байланыс бар. Логикалық сөзге екпін түсірілген сөздің үдемелігі де мол болады, дегенмен, сөздің логикалық сөзге екпін түсірілуін тек қана үдемелік көрсетпейді. Оның екпін түсірілуіне әсер ететін фонетикалық тәсілдерге тонның көтерілуі мен ұзақтылығы жатады [124, 42б.]. Үдемеліктің негізгі қызметіне сөз тізбегіндегі мазмұны салмақтырақ бөліктерді даралауы жатады.

Интонацияның **қарқын** компоненті белгілі бір уақыт аралығындағы сөйленім үзіндісінің (отрезок речи) орташа жылдамдығын көрсетеді. Қарқын белгілі бір секунд немесе миллисекунд аралығындағы дыбысталған буын (дар)

немесе дыбыс көлемімен есептеледі. Қарқынның *баяу, орташа, жылдам* деп бөлінетін үш түрлі деңгейі бар. Ағылшын тілінде қарқынның өзгерісі (фонациялық) көбінесе дауысты дыбыстардың созылыңқы айтылуымен ерекшеленеді [125]. Сөйлеу барысында сөздің маңызды, маңызсыз екендігін айтылу қарқынына қарап ажыратылады. Әдетте, бастапқыда жылдамдықпен басталған қарқын, соңына таман бәсеңдейді. Қарқын сөйлемнің коммуникативтік түрлеріне де байланысты болып келеді. Мысалы, негізгі сөйлемнің қарқынына қарағанда, қыстырма сегменттердің қарқыны жылдам да көмескі айтылады.

Интонацияның уақытша компоненттеріне –кідіріс (pause) жатады. Кідіріс әр түрлі тұрғыда: 1) фразедағы орнына немесе күрделі фразалық тұтастыққа байланысты, 2) синтагмада алатын орнына байланысты, 3) созылыңқылығына (уақыт өлшеміне) байланысты, 4) уақытша толық дыбысталу сипатына байланысты, 5) сөйлеушінің айтылымға деген ойына байланысты, 6) кідіріс бағытына сай қарастырылады.

Кідірістің аяқталған және аяқталмаған түрлері бар. Аяқталған кідіріс фразаның, күрделі фразалық тұтастықтың соңында, ал аяқталмаған кідіріс фразаның ішінде тұрып, бір синтагманы екіншісінен бөліп тұрады.

Синтагмалық кідіріс, яғни аяқталмаған кідіріс бір синтагманы екінші бір синтагмадан бөліп тұрады, әрі семантикалық мағынасына қарай топтасқан сөздер ортасына қойылады. Мысалы, Мен қойдың бөлігін бөлмеймін, // құдайдың бөлігін бөлемін! – I am not guided by your sheep, // but by God's justice.

Кейде синтагманың ішінде ішкі синтагмалық кідіріс кездеседі. Мұндай кідіріс түрі сөйлемнің белгілі бір мүшесін бөліп қарастыру мақсатына байланысты болуымен түсіндіріледі [125, 46-47б.]. Мысалы, There were 'four of us - // 'George, and 'William, 'Samuel Harris, // and myself, and Mont'morency. (Jerome K. Jerome).

Берілген мысалда сөйлемнің бірыңғай мүшелерін бөліп көрсету мақсатында ішкі синтагмалық кідіріс жасалған.

Сонымен қатар логикалық кідіріс және сенімсіздікті білдіретін кідіріс түрлері бар. Мәтінде (дискурста) логикалық кідіріс айтылымды (речь) мағыналық топтарға жіктеуде көрініс табады [125, 128б.].

Интонация мен тыныс белгілері арасындағы тығыз байланыс әсіресе сөйлеудегі кідіріс сәттерінде айқын көрініс тауып, жазбаша мәтінде тыныс белгілері арқылы сол кідірістің шекарасы мен коммуникативтік ренкі графикалық түрде белгіленеді. Интонацияның тыныс белгілерімен тығыз байланысын әдеби тілдің орфоэпиялық нормасын сақтауда да, дұрыс сөйлеуде де байқауға болатыны А.Шахматов (1941), Ә.Хасенов, Ысқақов (1951), В.Виноградов (1952), Қ.Аханов (1972,) т.б. зерттеулерінде кездестіреміз. Сонымен қатар сөйлем жеке бір сөзден де, сөз тіркесінен де құралатынына көңіл аударған зерттеушілер жекелеген сөз немесе қысқа сөз тіркестері интонациялық тыныс белгілері (кідіріс) арқылы да сөйлем бола алатынын *Түн. Вокзал. Қаптаған жүргіншілер* деген мысалдармен дәлелдейді.

Интонация мен тыныс белгілерінің арасындағы байланыс лингвистикалық тұрғыдан жүйелі әрі көпқырлы сипатқа ие. Ғылыми әдебиеттерде интонация сөйлеу барысында мағыналық құрылымды, коммуникативтік бағытты және сөйлемнің прагматикалық реңкін анықтайтын просодикалық құрал ретінде қарастырылады. Ал тыныс белгілері жазбаша тілдегі осы интонациялық құрылымның графикалық көрінісі ретінде қызмет атқарады. Атап айтқанда, нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, үтір, нүктелі үтір, сызықша және тырнақша сынды тыныс белгілері сөйлем ішіндегі интонациялық шекараларды, кідірістерді, синтаксистік қатынастарды және коммуникативтік интенцияны көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, сұраулы сөйлемнің соңында келетін сұрау белгісі сөйлеуде көтеріңкі тонмен беріледі, леп белгісі эмоциялық күшейтуді, интонацияның биіктеуікөтеріңкі тонмен беріледі, ал нүкте ойдың аяқталғанын білдіріп, тонның төмендеуімен сипатталады:

Gay vegetarian whose friends are few,
I'm into music, Shakespeare and the sun.
Can someone make my simple wish come true?

Executive in search of something new—
Perhaps bisexual woman, arty, young.
Do you live in North London? Is it you? («Lonely Hearts» В. Коуп)[103].

Gay vegetarian whose friends are few↑
I'm into music↑ Shakespeare and the sun↓
Can someone make my simple wish come true↑

Executive in search of something new↑
Perhaps bisexual woman↑arty↑ young↓
Do you live in North London↑ Is it you↑ («Lonely Hearts» В. Коуп)[103].

Асқақ Құмбел!
Осы ма бар құдіретің?
Өзің жартас, айналаң тастақ белдер,
Несіне адам қиялдап аңсап келген?
Қасынан бір биікті көрейін деп,
Жалын жүрек жылуын төгейін деп
Арып-ашып
Қиналып шаршап келсем. (Құмбел шыңында)[91, 306.]

Асқақ Құмбел↑
Осы ма бар құдіретің↑
Өзің жартас↑ айналаң тастақ белдер↑
Несіне адам қиялдап аңсап келген↑
Қасынан бір биікті көрейін деп↑

Жалын жүрек жылуын төгейін деп

Арып-ашып

Қиналып шаршап келсем↓ (Құмбел шыңында)[91, 306.]

Жоғарыда берілген мысалдардан сұрау белгісі көтеріңкі тонмен, леп белгісі эмоциялық күшейтудікөтеріңкі тонмен, үтірде көтеріңкі тонмен, ал нүкте ойдың аяқталғанын білдіріп, тонның төмендеуімен сипатталатынын көруге болады.

Поэтикалық дискурста интонацияның ырғақтық, ритмикалық және мәнерлілік элементтері тыныс белгілері арқылы жазбаша түрде құрылымдалады. Сонымен қатар, тыныс белгілері интонациялық контурдың жоғарылау немесе төмендеу бағытын, логикалық екпін түсуін және семантикалық шоғырлануды көрсетудің визуалды құралы ретінде көрінеді.

Осылайша, интонация мен тыныс белгілері – бірін-бірі толықтыратын, сөйлеу мен жазбаша тілде құрылымдық және прагматикалық үйлесім жасайтын коммуникативтік бірліктер болып табылады.

Ағылшын тілінде тыныс белгілерінің қолданылу ерекшеліктеріне байланысты кей жағдайда олардың күрделі сөйлемдерде қойылмауы да кездеседі. Мұндай құбылыс көбіне құрмалас сөйлемдердің құрылымында байқалады. Нәтижесінде ойдың мазмұны оқылымда да, айтылымда да толыққанды жеткізілмей қалуы мүмкін. Бұл, бір жағынан, тілдік бірліктердің дұрыс түсінілмеуімен, екінші жағынан, интонациялық реңк пен кідірістердің орынды қойылмауымен байланысты болады[125].

Интонация компоненті **ырғақ**– эмоцияментығыз байланысты. Құлазыған жағдайында, салтанатты жағдайда қарқын баяулайды да, қуанышты, ашулы жағдайда жылдамдайды. Сондықтан, сөйлеу тілінің қарқынына қарап, ондағы мазмұнды айқындауға болады.

«Біз сөз мағынасын түрлендіргенде де, ырғақты пайдаланамыз. Сөздің сөз екендігін ғана түсініп қоймаймыз, оның әні арқылы басқа мүмкіндіктерін түсінеміз», – деген Қ. Жұбанов бала – ақ > бала / қ сөздерімен интонацияның **ырғақ** компонентінің сөз мағынасын өзгерте алатын қабілеті бар екендігін дәлелдеп берген [110,716.]. Р. Сыздықтың пікірінше қазақ тілінде сөйлем ішіндегі сөздер дауыс ырғағы жағынан әрқайсы бөлек - бөлек дыбысталмай, көбінесе, екі - екіден немесе екі - үштен бір ырғақты топ құрап, бір екпінмен, бір деммен үндесіп, үйлесіп айтылады дейді [126,546.]. Осының мысалы ретінде төменде келтірілген өлең үзіндісінен аңғаруға болады:

↑Pick up the phone< // before it is< // too late↑

↑And dial my number>↓ // ↑There's no< // time to spare↑

↑Love is< // already turning< // into hate↑

↑And very soon> // I'll start to> // look elsewhere↓

↑Good old-fashioned< // men like you< // are rare↑

↑You want to< // get to know me< // at a rate↑

↑That's guaranteed> // to drive me> // to despair↓

↑Pick up the phone> // before it is> // too late↓ («Message» В. Коуп)[96].

А.Байтұрсынов поэзия тілінің интонациялық ерекшеліктерін зерттеуде қазақ өлеңдерінің құрылымын негізге ала отырып, өлеңдегі ырғақ, жорға, шумақ деген ұғымдарды енгізумен қатар, олардың интонациялық қызметін де көрсетеді. Дауыс ырғағы сөзді бірдей-бірдей буынға бөледі. Өлең сөйлемдерінде сөз ырғақтарының үстіне өлең ырғақтары қосылады. А.Байтұрсыновтың пікірінше, өлең ырғағы жорға жүрісінің тайпалуы сияқты, бұл ырғақ сөйлемдердің ішіндегі буын санының бірдейлігімен, кестелерінің реттілігімен, сөздерінің әуездес ұқсастығымен келетін ырғақдеп сипаттайды [127,1896.]. Мысал ретінде төмендегі өлең (Жұлдызнама) жолдарын қарастырып көрсек:

↑Менің тамғам< // Сұрмерген↑
 ↑Жебесін көкке> // кезенген↓
 ↑Ғаламдық асау< // дауылдар↑
 ↑↓Жүрегімде> // сезем мен↓
 ↑Көк Тәңірім< // жаққан шамшырақ↑
 ↑↓Көк жұлдызым> // тұр көкте жарқырап↓
 ↑Тек ғарыштың < // жолы тым жырақ↑
 ↑↓Шағады миды> // мың сұрақ↓ [91, 926]

Ғалымның сипаттауындағы интонацияның *ырғақ* компоненті өлеңнің тармақтары бірдей буынға бөліп, сөйлемдердің ішіндегі буын санының бірыңғай шамаластығымен, кестелерінің реттілігімен, *Сұрмерген, кезенген, сезем мен; шамшырақ, тым жырақ, мың сұрақ* сөздерінің әуездес ұқсастығымен көрініс тауып, жасаған тұжырымының дұрыстығына көзімізді жеткізгендей.

Rhythm/Ырғақ ағылшын интонациясының маңызды компоненті. Себебі, сөйлемдегі екпінің белгілі бір уақыт аралығында буындарда алма - кезек ауысып отыруынан ырғақты топтар (rhythmic groups) пайда болады:

The movie in // my mind is blue
 As June runs into // warm July
 I think of little // else but you

But is it love // And is it true
 Who cares // This much I can't deny
 You know exactly // what to do
 I think of little // else but you («From June to December» В. Коуп)[97].
 Көріп отырғанымыздай, әр тармақ екі ырғақты топтарға бөлінген.

Ағылшын тілінде екі буынына да екпін түсетін сөздер, мысалы 'Four'teen (он төрт) сан есімінің қасына apple (алма) зат есімін қосу арқылы ырғақты топтардың әсерінен 'Four'teen сөзі бір ғана екпін түсетін 'Fourteen сөзіне айналуы мүмкін. Мысалы: 'Fourteen ↓ apples (он төрт алма). Егер зат есім сан есінің алдында тұратын болса, онда сан есімнің екі буынына да екпін түседі. Мысалы, Exercise 'four'teen[128, 1036].

Осылайша, жүргізілген талдаулар поэтикалық дискурста просодикалық тәсілдердің — интонация, екпін, ырғақ, кідіріс, дауыс реңкі, қарқын секілді

компоненттердің — мағыналық және коммуникативтік құрылымды ұйымдастыруда маңызды рөл атқаратынын айқын көрсетті. Просодика тек поэтикалық мәтіннің акустикалық қабатын құрап қоймай, автор интенциясын, эмоциялық реңкті, бағалаушылық қатынасты, адресатқа әсер ету амалдарын да жүзеге асыратын прагматикалық құрал ретінде қызмет етеді. Поэзиялық сөйлеу құрылымында просодикалық белгілер интонациялық өрнекпен, синтагмалық бөлініспен және сөзге түсетін екпіннің түрлерімен ұштаса отырып, поэтикалық мәтіннің экспрессивтік әлеуетін арттырады.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың салыстырмалы талдауы екі тілде де просодикалық тәсілдердің прагматикалық қызметі бар екенін, бірақ олардың тілдік табиғатына сәйкес өзіндік көрініс беру ерекшеліктері бар екенін көрсетті. Мәселен, ағылшын тілінде интонациялық контур мен ядролық тондардың алуан түрі поэтикалық мазмұнды интонациялық тұрғыдан байыта түссе, қазақ поэзиясында фонациялық ырғақпен буынға негізделген синтагмалық екпін ұлттық поэтикалық дәстүрге сай қалыптасқан. Сонымен қатар, екі тілде де экспрессивтік мақсатта қолданылатын эмфазалық екпін, интонациялық кідіріс, қарқынның өзгерісі мәтін семантикасын күшейтіп, тыңдаушыға әсер ету мүмкіндігін арттырады.

Просодикалық элементтердің көркем мәтінде әртүрлі деңгейде көрінуі — фонетикалық, синтаксистік, семантикалық және прагматикалық деңгейлердің өзара тоғысуы поэтикалық дискурсты тұтас интонациялық құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Интонация мен тыныс белгілерінің арасындағы сәйкестік, ырғақтық топтардың құрылымы, дауыс реңкі мен тональділік секілді көрсеткіштер мәтіннің формалды құрылымынан тыс, оның қабылдау мен интерпретация процесінде де маңызды қызмет атқарады.

Қорытындылай келе айтарымыз, поэтикалық дискурста просодикалық компоненттер өзара тығыз байланысты. Ал олардың өзгерісі дискурстың (мәтіннің) тек қана семантикалық мағынасының өзгерісін сипаттап қоймай, сонымен қатар, оны синтаксистік, лексикалық, прагматикалық, жалпы құрылымдық тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді.

2.3 Поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдердің прагматикалық және экспрессивтік әлеуеті

Поэтикалық дискурс — бұл автор мен оқырман/тыңдаушы арасындағы эстетикалық-интенционалды қарым-қатынасты жүзеге асыратын, прагматикалық мақсатқа бағытталған күрделі семиотикалық құрылым. Бұл дискурс вербалды, вербалды емес және просодикалық құралдардың біртұтас жүйесі арқылы түзіледі. Оның басты ерекшелігі – мәтіннің семантикалық көпқабаттылығы мен экспрессивтік-прагматикалық әлеуеті интонация, екпін, ырғақ, дауыс қарқыны мен тембр сияқты суперсегментті (просодикалық) белгілердің көмегімен құрылып, авторлық интенцияны вербалды емес деңгейде жеткізуге мүмкіндік береді. Поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдер тек фонетикалық құбылыс ретінде емес, сонымен қатар сөйлеу әрекетінің коммуникативтік және прагматикалық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Осы тәсілдердің көмегімен поэтикалық мәтіндегі эмоциялық фон қалыптасады, лирикалық субъектінің интенциясы мен бағалау контексті оқырманға вербалды емес деңгейде беріледі. Сондықтан поэзияны прагматикалық тұрғыдан зерделеу үшін просодикалық құралдарды дискурстық контексте қарастыру аса өзекті.

Зерттеудің осы кезеңінде поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдердің коммуникативтік-прагматикалық қызметі мен олардың экспрессивтік әлеуеті арнайы талданады. Бұл бөлім алдыңғы тараушаларда қарастырылған негізгі ұғымдармен тығыз байланысты. Алдыңғы тараушаларда поэтикалық мәтіндегі вербалды және вербалды емес амалдардың лингвистикалық сипаты мен семиотикалық қызметі қарастырылып, интонация, дауыс екпіні, ырғақ, пауза, дауыс қарқыны мен реңк сияқты просодикалық элементтердің поэтикалық дискурстағы көрінісі талданды. Осы тараулардың негізінде поэтикалық дискурстағы просодикалық бірліктердің тек акустикалық емес, сонымен қатар прагматикалық және мағыналық деңгейлердегі рөлін нақтылау қажеттілігі туындайды.

Поэтикалық дискурстың эмоциялық-экспрессивтік құрылымын құрайтын просодикалық тәсілдер поэзиядағы лирикалық тонды қалыптастыруда, оқырманның көңіл-күйіне әсер етуде, прагматикалық әсер ету стратегияларын жүзеге асыруда ерекше мәнге ие. Мәселен, дауыс қарқынының баяулауы – терең тебіреніс, ал интонациялық көтерілім – қуаныш не кекесін реңкін тудырып, адресатқа бағытталған экспрессивтік интенцияның көрінісі бола алады.

Осы тараудағы негізгі мақсат – поэтикалық дискурста қолданылатын просодикалық тәсілдердің прагматикалық жүктемесін, интенционалды сипатын және эмоциялық реңк тудырудағы әлеуетін анықтап, ұлттық-мәдени контекстінде интерпретациялану ерекшеліктерін сипаттау. Сонымен қатар ағылшын және қазақ поэтикалық дискурсындағы просодикалық құрылымдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырмалы талдау арқылы салыстырылады.

Поэтикалық дискурстағы просодикалық құрылым мен прагматикалық стратегия – өзара байланысты әрі бірін-бірі толықтырып тұратын құбылыстар. Осы тұрғыда поэтикалық дискурстағы просодиканың рөлі тек эстетикалық-фонетикалық қана емес, сонымен қатар терең прагматикалық мағына тудырушы күшке ие екендігі дәлелденеді.

Поэтикалық дискурста просодикалық тәсілдер автордың интенциясын білдіру мен адресатқа ықпал ету тетігі ретінде маңызды прагматикалық қызмет атқарады. Просодика сөйлеу актісінің құрылымына тек дыбыстық әрлеу немесе эстетикалық безендіру ретінде ғана емес, сонымен қатар семантикалық, коммуникативтік және экспрессивтік мазмұн қалыптастыратын прагматикалық құрал ретінде енеді. Бұл аспект, әсіресе көркем мәтінде, яғни поэтикалық дискурста, ерекше айқын көрініс табады. Мұндағы интонациялық өрнектер, ритмдік құрылымдар, дауыс екпіні мен қарқыны сөйлеушінің мақсатын, бағалаушылық қатынасын және эмоциялық күйін жеткізуде орталық қызмет атқарады.

Прагмалингвистикалық тұрғыдан алғанда, сөйлеу актісінің құрылымы Дж. Остин мен Дж. Сёрльдің теорияларына сүйене отырып үш деңгейде сараланады: локутивтік, иллюкутивтік және перлокутивтік. Поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдер осы деңгейлердің барлығында белсенді қызмет етеді:

- Локутивтік деңгейде просодикалық тәсілдер поэтикалық мәтінді құрылымдауға, синтагмалық жіктеуге және коммуникативтік бірліктердің шекарасын белгілеуге мүмкіндік береді. Мысалы, дауыс екпіні мен пауза өлең тармақтарының интонациялық контурын түзіп, оқырманның қабылдауын жеңілдетеді.

- Иллюкутивтік деңгейде дауыс реңкі, тоналды өзгерістер және қарқын автор интенциясын білдірудің тікелей көрінісі ретінде қызмет етеді. Сөйлеуші поэтикалық мәтін арқылы өтініш, бұйрық, ескерту, т.б. сөйлеу актілерін просодикалық тәсілдер арқылы жүзеге асырады. Мысалы, В. Коуптың «just read the bloody poem» сияқты тармағында бұйрықтық интонация иллюкутивтік күшті арттырады.

- Перлокутивтік деңгейде поэтикалық дискурстағы просодикалық элементтер оқырманға эмоциялық әсер етудің негізгі құралы ретінде көрініс табады. Интонациялық бәсеңдеу – мұнды реңк тудырса, ырғақтың үдеуі – серпінді көңіл күй тудыра алады. Бұл адресаттың санасында белгілі бір реакция (жұбаныш, реніш, таңдану, келісім немесе қарсылық) тудыруды көздейтін перлокутивтік акт болып табылады.

Мысалы, Н. Алпамысқызының «Кеудесі иіп / Кәусарлар шапшып шыңыраудан...» деген өлең тармақтары интонациялық-коммуникативтік деңгейде терең прагматикалық мазмұнды жеткізіп тұр. Мұндағы прагматикалық мазмұн — автордың ішкі эмоциялық күйзелісі, жан толғанысы мен рухани тазару сәті, ізденіс пен рухани серпілісі. Дауыс әуенінің біртіндеп көтерілуі эмоциялық экспрессияны, ішкі сезімнің артуын, жан тебіренісін білдіреді. Сөйлеуші/ақын үшін бұл сәт — рухани шарықтау, ішкі дүниенің сыртқа шығуы. Ал тармақтағы кідіріс синтагмалық деңгейде рефлексивтік ойға шомылу сипатын береді және тыңдаушының немесе оқырманның назарын нақты психоэмоциялық сәтке аударуға бағытталған. «Кәусарлар шапшып шыңыраудан» метафоралық деңгейде терең рухани бастаудың оянуын немесе жан әлеміндегі арнаулы сілкіністі көрсетеді және сөйлеу актісінде перлокутивтік әсер — оқырманға эстетикалық әсер ету, эмоциясын қозғау жүзеге асады. Өлең тармақтарының айтылымдағы қарқыны мен ритмі психологиялық күйге сәйкес баяулап, бәсеңдейді және үдемелілік арқылы күйзеліс пен үміттің арасындағы ауысымды береді. Бұл автор интенциясының тебіренуі, терең ойға жетелеу сияқты иллюкутивтік деңгейде көрінуіне ықпал етеді.


Просодикалық тәсілдердің прагматикалық қызметі тек сөйлеушінің мақсатын жеткізумен шектелмейді, сонымен қатар поэтикалық мәтіндегі реципиенттің интерпретациялық стратегиясына әсер етеді. Түсіндірме интонация немесе әдейі жасалған пауза адресаттың мәтінді қайта ой елегінен өткізуіне, эмоциялық-когнитивтік қатынас орнатуына ықпал етеді. Мұндай

тәсілдер арқылы поэзияда прагматикалық көпмәнділік, семантикалық тереңдік және эстетикалық метақабат түзіледі.

Ағылшын поэзиясында да просодикалық тәсілдер прагматикалық ықпал ету құралы ретінде кеңінен қолданылады. Д. Кристал интонацияның сөйлеу мазмұнына қосымша мағына тудырушы қызметін ерекше атап өтіп, интонациялық өрнектердің тек айтылымдағы эмоцияны ғана емес, сонымен бірге мәтіндегі қатынастың бағытын да анықтайтынын көрсетеді [117, 466.].

З.М. Базарбаева интонацияның прагматикалық әлеуетіне тоқтала келе, интонация – сөйлеу актісінің семантикасын анықтайтын маңызды элемент, ол сөйлемнің құрылымын ғана емес, сонымен бірге сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы өзара түсіністік кеңістігін қалыптастырады деп жазады [129].

Поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдердің прагматикалық қызмет моделін төмендегі сызбадан көруге болады (Сурет 5):



Сурет 5 - Поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдердің прагматикалық қызмет моделі

Бұл сызба поэтикалық дискурста просодикалық белгілердің қалайша прагматикалық құралға айналатынын түсіндіреді. Сонымен қатар просодикалық тәсілдер дискурстың тұтастығы мен байланыстырушылық қызметін де жүзеге асырады. Интонация мен ырғақ поэтикалық мәтіндегі тармақтар арасындағы логикалық, семантикалық, эмоциялық байланыстарды бекітеді. Бұл мәтіннің ішкі құрылымын қабылдауға, авторлық ойдың интонациялық тұрғыдан мүшеленуін ұғынуға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдер – сөйлеу әрекетінің барлық прагматикалық деңгейінде қызмет ететін, мағынаны модальды-қатынастық тұрғыдан реттейтін және автор мен адресат арасындағы дискурсивтік байланысты нақтылайтын көпқызметті жүйе ретінде танылады.

Поэтикалық дискурстың негізгі сипаттарының бірі – оның экспрессивтік құрылымы мен эмоциялық мазмұны болып табылады. Поэтикалық дискурс – тек ақпарат жеткізудің құралы емес, сонымен қатар автор мен оқырман арасындағы эстетикалық-эмоциялық өзара ықпалдастықтың көрінісі. Осы өзара ықпалдастықтың пәрменді жүзеге асуына ықпал ететін негізгі фактор – просодикалық тәсілдердің *экспрессивтік* әлеуеті.

Интонация, дауыс екпіні, ырғақ, қарқын, дауыс реңкі мен пауза сияқты просодикалық құралдар поэтикалық мәтіннің эмоциялық тереңдігін, эстетикалық көркемдігін және семантикалық көпқабаттылығын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл элементтер оқырманның эмоционалдық қабылдау жүйесіне тікелей әсер етіп, мәтіндегі астарлы мағына мен интенцияны вербалды емес деңгейде сезінуге мүмкіндік береді.

А.М. Антипованың пікірінше, интонация – сөйлеушінің эмоционалды күйін тыңдаушыға жеткізетін акустикалық көпжүйелі сигнал болып табылады және ол синтаксистік құрылымнан тәуелсіз түрде тыңдаушының эмоциялық реакциясын тудыруы мүмкін [114, 756.]. Бұл поэтикалық дискурста интонациялық өрнектер мен ритмдік құрылымдардың көркем бейне мен эмоциялық реңк құралына айналатынын дәлелдейді.

Ағылшын поэтикалық дискурсында экспрессивтік просодика кеңінен көрініс табады. Д. Кристал интонация мен дауыс реңкі арқылы тыңдаушының эмоциялық күйіне әсер ету поэтикалық мәтіннің маңызды прагматикалық аспектісі екенін айта келе, поэзияда просодика «ақпараттан бұрын эмоцияны жеткізеді» деген тұжырым жасайды [117, 1036.]. Бұл В. Коуптың қысқа, бірақ эмоциялық жағынан тығыз өрілген тармақтарынан да аңғарылады. Мысалы, «You cry. You sigh.» жолдарындағы қысқа синтагмалар мен тыныс белгілері – эмоциялық күйзеліс пен ішкі тыншу реңкін дәл интонациялық құралдар арқылы жеткізіп тұр.

Қазақ поэзиясында, әсіресе домбыраның үнімен сабақтас өлеңдерде ырғақ пен дауыс әуенінің экспрессивтік рөлі айрықша. А. Байтұрсынұлы өлеңнің ырғақтық құрылымы мен сөздердегі сазды үйлесімділіктің тыңдаушы эмоциясына тікелей әсер ететінін атап көрсетіп, ырғақ пен әуезділік арқылы поэтикалық тілді «әнмен айтылатын тіл» деп сипаттайды [127, 1896.]. Бұл дәстүр қазіргі поэзияда да жалғасын табады. Мысалы, Н. Алпамысқызының «Кеудесі иіп, кәусарлар шапшып шыңыраудан...» деген тармағындағы интонациялық көтерілу мен дауыстың біртіндеп бәсеңдеуі – лирикалық эмоция мен тебіреністі күшейтетін экспрессивтік просодика үлгісі.

Экспрессивтік просодикалық белгілер поэтикалық мәтінде келесі қызметтерді атқарады:

- эмоциялық фон жасау – дауыс қарқыны мен ритмнің өзгеруі арқылы мәтіннің қуанышты, мұңды, ирониялық не трагедиялық реңкі қалыптасады;
- эстетикалық әсер қалыптастыру – просодикалық симметрия мен ырғақтық үйлесім поэзияның музыкалылығын арттырып, көркемдік қуатын күшейтеді;
- интенционалды бағдарлау – автордың сөйлеу мақсатын оқырманға жеткізуге көмектеседі, мысалы, тілек, уайым, наразылық, табыну.
- мәтіннің риторикалық күшеюі – вокалданған кідіріс, қарқын бәсеңдеуі немесе интонациялық үдеу арқылы маңызды мазмұндық сәттер бөлектеледі.

Бұл белгілер кей жағдайда вербалды мазмұннан да басым түсіп, оқырманға сезім арқылы әсер ету әлеуетін арттырады. Просодика эмоцияны «тілсіз» жеткізудің құралы ретінде дискурстың мағыналық модальдығын толықтырады.

Сөйлеудің мұндай қабаты оқырманның қабылдауына ықпал етіп, оны мәтінге экспрессивтік арна арқылы тартудың мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

З.М. Базарбаева қазақ тілі интонациясының эмоциялық-прагматикалық қызметін сипаттай келе, экспрессивтілік пен эмоцияны жеткізудің басты көрсеткіші – дауыс әуені мен қарқыны екенін атап өтеді [129, 112 б.]. Бұл идеяны Ә. Жүнісбек те қолдап, қазақ сөйлеу мәдениетінде үннің биіктігі мен ритмнің ұлттық психологиямен тығыз байланыста екенін көрсетеді [109, 246.].

Сонымен қатар, экспрессивтік просодикалық тәсілдер көбінесе мәтіндегі вербалды көріністерімен де қатар қолданылады. Мысалы: «Қабағымды түйдім», «күрсіндім», «дауысым дірілдеп шықты» сияқты деген тіркестер поэтикалық мәтінде эмоцияны вербалды және просодикалық түрде қатар бейнелеу тәсілі болып табылады. Мұндай тәсілдер поэтикалық дискурстың полимодальды сипатын көрсетеді.

Просодикалық тәсілдердің экспрессивтік әлеуеті поэтикалық дискурстағы эмоциялық-прагматикалық мазмұнның негізгі көрсеткіші ретінде танылады. Интонация, екпін, ритм, пауза және дауыс реңкі поэтикалық мәтіннің сезімдік тереңдігін қалыптастырумен қатар, автор мен оқырман арасындағы интенционалдық байланысты күшейтетін маңызды құрал ретінде қызмет етеді. Бұл тәсілдер поэтикалық дискурсты тек логикалық-тілдік емес, сонымен қатар эмоциялық-эстетикалық құбылысқа айналдырады. Төменде поэтикалық дискурстағы экспрессивтік просодикалық тәсілдердің қызметін кестеде көрсетейік (Кесте 3):

Кесте 4 - Поэтикалық дискурстағы экспрессивтік просодикалық тәсілдердің қызметі

Просодикалық тәсіл	Экспрессивтік қызметі	Эмоциялық реңк (мысал арқылы)
Интонация	Эмоциялық толқындылық пен мәнерлілікті жеткізеді	Көтеріңкі тон – қуаныш/ашу, бәсең тон – мұң, абыржу
Дауыс екпіні	Мағыналық акценттеу арқылы экспрессияны күшейтеді	«Күллі әлем» – екпінмен жалпылау, пафос
Ырғақ (ритм)	Лирикалық көңіл күй қалыптастырады; музыкалылық береді	Тең ұзақтықтағы ырғақ – сабырлылық; үзілісті ырғақ – мазасыздық
Пауза	Рефлексия, драмалық кідіріс, ішкі эмоциялық тоқтам	«... Тауға кеп жұбанамын...» – кідіріс: ішкі жан толқынысы
Тембр мен қарқын	Авторға тән ішкі дауыс тембірін сипаттайды	Жоғарғы қарқын – қобалжу; баяу қарқын – шаршау, торығу

Поэтикалық дискурстағы экспрессивтік просодикалық тәсілдердің қызметін мысалдармен түсіндірейік. В. Коуптың «Some More Light Verse» өлеңінен мына тармақтарды алуға болады:

You blow your nose.
You see the shrink.
You cry. // You sigh [90].

Төменде осы үзіндіге интонациялық-экспрессивтік сипаттама және эмоциялық реңктің прагматикалық талдауы ұсынылады:

Интонация: Тармақтар жоғары қарқынмен басталып, біртіндеп бәсең тонға көшеді. «You cry» мен «You sigh» арасында интонациялық үзіліс байқалады.

Екпін: «blow», «see», «cry», «sigh» сөздерінде нақты фразалық екпін түсіп тұр, алайда бұл екпін әрекетке емес, әрекеттің артындағы ішкі күйге бағытталған.

Кідіріс: «You cry. // You sigh.» синтагмалары арасында кідіріс арқылы тығырық көрініс табады.

Жоғарыдағы келтірілген мысалдың эмоциялық реңкі:

- Бейнеленіп отырған физикалық әрекеттер – жылау, күрсіну – жан күйзелісін бейнелейді.
- Прагматикалық тұрғыдан, бұл жолдар вербалды түрде өте қарапайым, бірақ просодикалық деңгейде терең эмоционалдық күшке ие.
- Тыңдаушыда/оқырманда шаршау, ішкі күйзеліс, эмоциялық тоқырауәсерін тудырады.

Төменде Н. Алпамысқызының поэзиясынан алынған тармақтарға В. Коуп поэзиясына жасалған талдау үлгісімен пара-пар интонациялық-экспрессивтік сипаттама және эмоциялық-прагматикалық талдау ұсынылады. Мысал ретінде ақынның «Күрең шетен» өлеңінен үзінді алынған:

«Тебірендім жүрек тулап дүрсілдеп...

Көңілім жетімсіреп ұмтылғанда...» [91, 246.]

Интонация: Бірінші тармақта интонациялық көтерілу байқалады және бұл ішкі күйдің шыңына жеткен сәтін білдіреді. Екінші тармақта интонация біртіндеп бәсеңдейді. Осы бәсеңдеу тыңдаушыда рефлексиялық әсер тудырады.

Екпін: «Тебірендім», «дүрсілдеп», «жетімсіреп», «ұмтылғанда» сияқты сөздерде логикалық және эмоциялық екпін күшейтілген. Бұл сөздер ақынның ішкі күйін бейнелейтін негізгі мағыналық өзектер.

Кідіріс: Екі тармақ та соңында кідіріспен аяқталады — бұл жан тербелісінің іштей тежелуін көрсететін синтагмалық кідірістер.

Жоғарыдағы келтірілген мысалдың эмоциялық реңкі:

- Өлең тармақтарынан ішкі күйзеліс, жалғыздық, үміт пен мұнның тоғысуы сезіледі.
- Интонациялық бәсеңдеу мен дауыс ырғағының үзілуі оқырманда жан тыныштығына зәрулік, эмоциялық тоқырау әсерін тудырады.
- Бұл – автор интенциясының прагматикалық деңгейде перлокутивтік әсерге ұласуының мысалы. Тыңдаушы жәй мәтінді емес, көңіл күйді қабылдайды.

Поэтикалық дискурс – бұл көркемдік және коммуникативтік мақсаттарды қатар көздейтін, автор мен адресат арасындағы тілдік шығармашылық әрекетке негізделген, эстетикалық, экспрессивтік және прагматикалық параметрлермен сипатталатын ерекше дискурсивтік форма. Ол вербалды, вербалды емес және

просодикалық (интонация, екпін, ритм, пауза, дауыс тембрі мен қарқыны) белгілердің кешені арқылы жүзеге асады. Поэтикалық дискурстағы мағынаның көпқабаттылығы мен прагматикалық ықпалы, ең алдымен, осы просодикалық тәсілдердің қолданылуымен тығыз байланысты.

Просодикалық құрылым – поэтикалық дискурстың эмоциялық, интенционалды және экспрессивтік әлеуетін ашуда шешуші рөл атқарады. Мысалы, Н. Алпамысқызының «Тебірендім жүрек тулап дүрсілдеп» деген жолында ритм мен дауыс ырғағының қарқыны күшейіп, лирикалық субъектінің ішкі күйзелісі мен толғанысы просодикалық деңгейде жеткізіледі. Бұл – иллюкутивтік акт ретінде қабылданса, оқырманда тудыратын эмоциялық реакциясы перлокутивтік ықпалға айналады.

Ағылшын поэзиясында В. Коуптың «You cry. // You sigh.» секілді қысқа синтагмаларда просодикалық тәсілдердің көмегімен жылау мен күрсіну әрекеттері, дауыс қарқыны мен пауза арқылы метафорадан гөрі физиологиялық, шынайы эмоциялық әсер тудырады. Бұл — просодиканың тек фонетикалық емес, прагматикалық құрал екенін дәлелдейді.

З.М. Базарбаева поэтикалық мәтіндегі интонация мен дауыс реңкінің автор интенциясын жеткізуде семиотикалық жүк көтеретінін айта отырып, просодика көркем мәтіндегі вербалды емес мәндердің негізгі коды ретінде қызмет етеді деп тұжырымдайды [129, 1126.].

Поэтикалық дискурстағы эмоциялық және прагматикалық мазмұнды жеткізуде хезитациялық және вокалданған кідірістер ерекше маңызға ие. Олар сөйлеу әрекетінің үзіліске ұшыраған тұстарында немесе шешім қабылдау, толғану, сенімсіздік сәттерінде пайда болатын бейсаналы, бірақ семиотикалық тұрғыдан мәнді бірліктер болып табылады. Бұл белгілер поэтикалық мәтінде сөйлеушінің ішкі психологиялық ахуалын, интенциясының тұрақсыздығын немесе драмалық кідірісті бейнелейді.

Хезитациялық кідіріс – бұл сөйлеу барысында айтылымның уақытша тоқтап, толық кідіріс орнына бейсана түрде дыбыстық толтырғыштармен алмастырылуы. Олар вербалды емес, бірақ дыбыстық құрылымға ие паратілдік элементтер қатарына жатады. Д. Кристал хезитацияны «метапрагматикалық сигнал» ретінде қарастырып, оны сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қатынаста интенцияны нақтылау немесе түзету мақсатына бағытталған семиотикалық белгілер деп сипаттайды [117, 1566.].

А.М. Антипова хезитациялық белгілерді интонациямен қатар сөйлеудің экспрессивтік-психологиялық көрсеткіші ретінде бағалай отырып, олар сөйлеушінің эмоционалды күйі мен ішкі толқынысын бейнелейтін прагматикалық құралға айналады деп тұжырымдайды [100, 326.].

Поэтикалық дискурста хезитация, әдетте, ақынның ішкі арпалысын, шешім қабылдаудағы қиналысын немесе оқиғаның драмалық шегіне жеткен сәтін сипаттайды. Бұл белгілер автор интенциясының жанама көрінісін береді.

Вокалданған кідірістер – сөйлеу үдерісінде фонациялық толтырушылар немесе қысқа үндік таңбалар арқылы берілетін дыбыстық үзілістер. Олар толық кедергіден айырмашылығы – акустикалық-физиологиялық формада жүзеге

асады және поэтикалық мәтінде ерекше экспрессивтік жүктемеге ие. Бұл кідірістер сөйлеушінің эмоционалды реакциясын, үмітсіздігін, ренішін немесе қиналған күйін білдіреді.

З. М. Базарбаеваның пайымдауынша, вокалданған кідірістер интонация мен дауыс тембріне тікелей байланысты және интерсубъективті қабылдауды күшейтетін прагматикалық сигнал рөлін атқарады [129, 656.].

Хезитация мен вокалданған кідірістің поэтикалық дискурстағы көрінісіне мысал келтіретін болсақ:

В. Коуптың «Some More Light Verse» өлеңінен үзінді

«You cry. // You sigh.»

«Cry» мен «sigh» арасында вокалданған кідіріс пен паузаның үйлесімі байқалады. Бұл тармақтар лексикалық тұрғыдан қарапайым болғанымен, интонация мен кідірістің көмегімен терең эмоциялық реңк тудырады. Күрсіну – бейвербалды эмоционалды реакцияның поэтикалық тілдегі лексикалық көрінісі ретінде қолданылады.

В. Коуптың «I am a poet» атты өлеңі — хезитация мен вокалданған кідірістердің көркем түрде берілген тамаша мысалы. Өлеңде сөйлем құрылымы, грамматикалық инверсия, семантикалық ауытқу және сұраулы ритмика арқылы эмоциялық тоқырау және болмыс туралы күмән көрініс табады:

I am a poet.

I am very fond of bananas.

I am bananas.

I am very fond of a poet.

I am a poet of bananas.

I am very fond.

A fond poet of 'I am, I am' -

Very bananas.

Fond of 'Am I bananas?

Am I?' - a very poet.

Bananas of a poet!

Am I fond? Am I very?

Poet bananas! I am.

I am fond of a 'very.'

I am of very fond bananas.

Am I a poet? [130]

«Am I fond? Am I very?», «Am I bananas? Am I?», «I am, I am» сияқты өлең тармақтары — классикалық рефлексивтік хезитацияның поэтикалық моделі. Сұраулы сөйлемдердің қайталануы ақынның ішкі сенімсіздігі мен өз-өзіне күмән келтіруін көрсетеді. «Am I?», «I am?» деген құрылымдар интонациялық кідіріс тудырып, когнитивті бөгеліс пен ойды жалғастыруға дайын болмаудың белгісі ретінде көрінеді. Өлеңде қайталанатын риторикалық сұрақтар — нақты

жауап күтпейді, керісінше, эмоциялық және логикалық күмәнді өрістетеді және бұл — поэтикалық гезитацияның формасы.

Вокалданған кідірістің бұл өлеңдегі поэтикалық баламасын мына тармақтардан көре аламыз:

«Poet bananas! I am.»

«I am fond of a 'very'.» Бұл тармақтарда сөздердің мағынасыз орын алмасуы және семантикалық бөлшектеу байқалады. Сөйлемдер логикалық мағынадан ажыратылғанымен, интонациялық бөлшектенуге ұшырайды. «I am fond of a 'very'.» тармағында – «very» сөзі жалғыз тұрған күйде интонациялық акцентке ие болады және бұл күшейту сөзінің мағынасыз жалғыздану арқылы тудырған вокалдық кідірісі.

Өлеңде гезитация тек сөйлеушінің когнитивтік күйзелісімен шектелмейді, сонымен қатар поэтикалық құрылымның өзінде бейнеленеді. Лирикалық субъект – өзінің поэтикалық болмысын, санасын, эмоциялық күйін түсіндіре алмай, «I am / Am I» тармағы арқылы өзіне күмәнданған күйді көрсеткен. Мысалға келтірілген өлең құрылымы логикалық байланыссыз синтагмалардан тұрады. Әрбір тармақтың екі-үш сөзден ғана тұруы сөйлеу ағынының үзілуіне әкеліп, интонациялық қысқару мен кідірістердің пайда болуына ықпал етеді. Классикалық ырғақ пен синтаксистік тұтастықтың болмауы мәтінді қабылдау барысында оқырман санасында интерпретациялық қиындық туғызып, прагматикалық деңгейде гезитациялық әсер қалыптастырады.

Н. Алпамысқызының «Күрең шетен» өлеңінде кідіріс эмоциялық гезитация түрінде берілгенін байқаймыз:

«Тебірендім жүрек тулап дүрсілдеп...

Көңілім жетімсіреп ұмтылғанда...»[91, 246.]

Екінші тармақтың соңындағы интонациялық бәсеңдеу және лексикалық құрылымдағы «жетімсіреп» етістігімен бірге келген үзіліс – ақынның ішкі дағдарысын сипаттайды және бұл жерде кідіріс логикалық емес, эмоциялық гезитация түрінде берілген.

Ал келесі «Құмбел шыңында» атты Н. Алпамысқызының терең мағыналы, философиялық-поэтикалық монологқа құрылған өлеңінде гезитация мен вокалданған кідірістер интонациялық құрылым, синтаксистік бөлшектену және кідіріс арқылы көркем әрі паралингвистикалық деңгейде бейнеленген. Мұнда бұл тәсілдер лирикалық субъектінің ішкі күйзелісі мен рефлексиясын, сондай-ақ Құмбел бейнесімен астарлас жоғарғы мағынаға жету жолындағы рухани кедергілерді көрсетуде қолданылады.

Асқақ Құмбел!

Осы ма бар құдіретің?

Өзің жартас, айналаң тастақ белдер,

Несіне адам қиялдап аңсап келген?

Қасынан бір биікті көрейін деп,

Жалын жүрек жылуын төгейін деп

Арып-ашып

Қиналып шаршап келсем.

«- Иә, мен тік Құмбелмін,
Тек бүркіттер мен бұлттар ұясымын,
Мың дәуірдің мәңгілік куәсімін.
Өзі тапсын әр ақын өз биігін,
Тас жүректен от кесер сөз жасынын.
Бір ғасырды
Көтерер бір-ақ Тұлға,
Іздеп табар бір-ақ жан ОЙ асылын!»[91, 30б.]

«Осы ма бар құдіретің?», «...Несіне адам қиялдап аңсап келген?» деген тармақтардағы риторикалық сұрақтар тоқырауды, сенімсіздікті, сұрапыл ішкі күмәнді білдіреді. Лирикалық субъект асқақ мақсатқа жетуді армандағанмен, үмітінің сұрау күйінде тұрғанын көрсетеді және бұл когнитивтік хезитацияның поэтикалық көрінісі: ой берілген сұрақ формасы жауап күтуге емес, ішкі қайшылықты айтуға арналған. «Қасынан бір биікті көрейін деп... // Жалын жүрек жылуын төгейін деп...» деген тармақтарда іс-әрекетке дейінгі кідіріс бар, бұл менталды бөгеліс, ішкі дайынсыздық күйін көрсететіп тұр.

«Арып-ашып

Қиналып шаршап келсем.» Екі тармаққа бөлініп берілген бұл сөйлемде екінші тармақ интонациялық тұрғыда баяулайды, тонбәсендейді және бұл вокалданған кідірістің көрінісі болып табылады. «Арып-ашып» деген тармақтан кейін кідіріспен айтылады, бір деммен толық жеткізілмейді және бұл реалистік сөйлеудегі демі үзіліп тұрған адамның тынысы сияқты беріледі.

«Бір ғасырды

Көтерер бір-ақ Тұлға,

Іздеп табар бір-ақ жан ОЙ асылын!» Мына тармақтарда кідірістер, әсіресе «бір-ақ» деген құрылымдарда, ритм мен екпін арқылы ерекше мәнге ие болады. «Бір-ақ Тұлға» / «бір-ақ жан» тіркестері интонацияны шоғырландырып, эмоционалдық реңкті арттыруға ықпал етеді және бұл экспрессивтік-вокалданған кідірістің айқын көрінісі болып табылады.

Хезитациялық белгілер мен вокалданған кідірістер поэтикалық дискурста эмоциялық-психологиялық процестердің прагматикалық репрезентанттары ретінде көрініс табады. Олар сөйлеуші мен тыңдаушы/оқырман арасындағы коммуникативтік көпір рөлін атқара отырып, интенция мен экспрессияны бейвербалды деңгейде жеткізеді. Поэтикалық мәтінде бұл белгілер стилистикалық, экспрессивтік және прагматикалық мақсаттарды жүзеге асыратын маңызды суперсегментті элементтер жүйесіне жатады.

Поэтикалық дискурс — бұл лингвистикалық құрылымдармен қатар, мәдени-ұлттық кодтар мен прагматикалық нормаларға сүйенетін ерекше тілдік жүйе. Просодикалық тәсілдердің қолданысы мен интерпретациясы әр ұлттың дүниетанымдық ерекшелігімен, мәдени символикасымен және әдеби дәстүрімен тікелей сабақтасып жатады. Осыған байланысты поэтикалық дискурстың прагматикалық интерпретациясы универсалды емес, қайта ұлттық поэтикалық дәстүрмен шартталған құбылыс ретінде қарастырылады.

Ағылшын тіліндегі поэтикалық дискурста просодика интонациялық тон, ядролық екпін, фразалық екпін сияқты параметрлер арқылы жүзеге асады және бұл тілдік жүйеде просодикалық белгілердің прагматикалық қызметі нақты құрылымдық ережелермен реттеледі. Д. Кристал атап өткендей, ағылшын тілінде интонация сөйлеу актісінің коммуникативтік түрін, интенциясын және эмоциялық реңкін ажырататын негізгі құралдардың бірі болып табылады.

В.Коуптың «You don't know what to do. You cry.

You're running out of things to try.»

«You cannot see the point. You sigh.

You do not smoke. You have to try.» [90] өлең тармақтарындағы «You cry. // You sigh.» тәрізді интонациялық қысқалық, синтаксистік үзік құрылым, кідірістер арқылы поэтикалық дискурстың прагматикалық қыры толық ашылады. Мұнда сөйлеуші эмоционалды күйді ашық сипаттамайды, керісінше вокалданған кідіріс, интонациялық бәсеңдеу және риторикалық гезитация арқылы жеткізеді және бұл прагматикалық тұрғыдан жанама, астарлы интенцияны білдіру тәсілі болып табылады.

Қазақ поэтикалық дискурсын ауыз әдебиеті мен жыраулық дәстүрден тамыр тартатын, буынға негізделген ырғақ, интонациялық әуен, жоғары экспрессивтілік сияқты прагматикалық белгілермен сипатталатын поэтикалық жүйе ретінде қарастырдық және бұл жүйеде поэтикалық дискурстың прагматикалық сипаты тек сөздік мазмұнмен емес, сонымен қатар дауыс ырғағы, пауза, ритм, екпін сияқты просодикалық белгілермен көрініс табады.

З.М. Базарбаева қазақ тіліндегі интонацияның ұлттық сипатына тоқтала отырып, интонациялық өрнектердің лирикалық мәтіндерде сөйлеушінің ішкі эмоциялық күйін жеткізетін, прагматикалық қызмет атқаратын семиотикалық бірліктерге айналатынын айқындайды. Қазақ поэзиясында дыбыстық ырғақ пен екпін тек көркемдік қызметке емес, сонымен қатар авторлық интенцияны жеткізуге бағытталған прагматикалық қызметін орындайды, мысалы, Н. Алпамысқызының поэзиясындағы мына жолдарға назар аударайық:

Бір ғасырды

Көтерер бір-ақ Тұлға,

Іздеп табар бір-ақ жан Ой асылын...

Бұл үзіндідегі «бір-ақ» тіркестері — эмоциялық және логикалық екпіннің шоғырлану нүктелері. Интонацияның бәсеңдеуі мен ырғақтың үзілуі лирикалық субъектінің интенционалды ой шоғырлануын, психологиялық тоқтауды білдіреді. Мұндағы просодикалық құрылым ұлттық танымдағы тұлға, идея, ізгілік ұғымдарының поэтикалық-прагматикалық көрінісі болып табылады.

Поэтикалық дискурсты интерпретациялау барысында оқырман өзінің мәдени-ұлттық кодтарына, прагматикалық үміті мен эстетикалық моделіне сүйенеді. Сондықтан әртүрлі ұлттық поэзияны интерпретациялау кезінде семантикалық және интонациялық алшақтықтар орын алуы мүмкін. Бұл құбылыс прагматикалық тұрғыдан контекстуалды сәйкессіздік немесе мәдени пресуппозициялардың қайшылығы ретінде көрінеді. Мысалы, ағылшын поэзиясындағы ирониялық интонация қазақ тіліндегі адресатқа бейтарап немесе

тіпті түсініксіз болып қабылдануы ықтимал. Ал қазақ поэзиясындағы интонациялық пафос пен жоғары эмоциялық деңгейде берілген ағылшын оқырманы үшін артық экспрессия ретінде интерпретациялануы мүмкін.

Ұлттық поэтикалық дәстүр поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдердің формасына ғана емес, олардың прагматикалық интерпретациясына да әсер етеді. Ағылшын және қазақпоэтикалық дискурсындағы айырмашылықтар сөйлеуші мен қабылдаушы арасындағы интенционалды өзара түсіністік механизмінде көрініс табады. Сондықтан поэтикалық дискурсты прагматикалық тұлғадан түсіндіру үшін ұлттық реңкті просодикалық модельдер мен прагматикалық кодтарды ескеру ғылыми негізделген талап болып табылады.

Поэтикалық дискурста просодикалық тәсілдер тек фонетикалық құрал емес, сонымен қатар эстетикалық-прагматикалық мағына жасаушы маңызды элементтер болып табылады. Олар авторлық интенцияны нақтылап, оқырманмен семиотикалық және эмоциялық байланыс орнатады. Просодикалық белгілер поэтикалық дискурста көпқабатты семантикалық өріс жасайды және ұлттық мәдени ерекшеліктерді бейнелеудің көркем тетігі ретінде танылады. Осы тұлғадан, поэтикалық дискурстағы просодика прагматикалық ықпал ету мен көркемдік экспрессияны біртұтас қамтамасыз ететін күрделі коммуникативтік жүйе болып табылады.

Екінші тарау бойынша тұжырым

Осы тарауда ағылшын және қазақ тілдерінің поэтикалық дискурсындағы паралингвистикалық коммуникацияның автор интенциясын жеткізудегі және оқырманға әсер етудегі рөлі, просодикалық тәсілдердің, атап айтқанда интонация, екпін, ырғақ, пауза, тембр, қарқынның коммуникативтік-прагматикалық және экспрессивтік қызметі жан-жақты зерттелді. Зерттеудің нәтижелері поэтикалық дискурсты ұлттық-мәдени және коммуникативтік құбылыс ретінде жан-жақты түсінуге мүмкіндік берді.

Коммуникацияның вербалды және паралингвистикалық әдістерінің поэтикалық дискурстағы бірқатар қызметтері негізделді. Вербалды әдістер арқылы тілдік таңбалар, троптар, метафоралар және символдар поэтикалық дискурстың негізгі элементтері ретінде қызмет етеді. Паралингвистикалық коммуникация, әсіресе поэзияның аудио-визуалдық аспектілері арқылы дискурстың прагматикалық әлеуеті күшейтіледі. Бұл әдістер мәтіннің эмоционалды әсерін арттыруға және поэтикалық образдардың мәдени-танымдық интерпретациясына ықпал етеді.

Просодикалық тәсілдердің поэтикалық дискурстағы көрінісі бойынша интонация, екпін, ритм, дауыс реңкі, тыныс белгілері, қарқын және пауза сынды суперсегментті белгілердің поэтикалық мәтіннің құрылымына, эмоциялық мазмұнына және мағыналық деңгейлеріне әсерін ашып көрсетті. Просодикалық тәсілдердің поэтикалық форма мен интенцияны жеткізудегі көпқызметтілігі, әсіресе ағылшын және қазақ поэзияларындағы дискурсивтік айырмашылықтар мен ұқсастықтар негізінде нақты мысалдармен сипатталды.

Ағылшын поэзиясында интонациялық контур мен ядролық тондардың әр алуандығы поэтикалық мазмұнды байытса, қазақ поэзиясында буынға негізделген ырғақ, кідірістің ырғақты-экспрессивтік рөлі басым қолданылады. Бұл поэтикалық дискурстағы просодиканың ұлттық сипатын дәлелдейді.

Просодикалық тәсілдердің прагматикалық және экспрессивтік әлеуеті поэтикалық дискурстағы суперсегментті белгілердің локутивтік, иллюкутивтік және перлокутивтік деңгейлердегі қызметін жан-жақты сипаттап, олардың коммуникативтік әсер ету тетігі ретіндегі ролін көрсетті. Просодикалық тәсілдер, атап айтқанда, дауыс екпіні, интонация, ырғақ пен тембр авторлық интенцияны жеткізіп, оқырман санасында прагматикалық резонанс туғызуға бағытталады. Сонымен қатар, экспрессивтік просодикалық құрылымдардың поэтикалық мәтіннің эмоциялық тереңдігін қамтамасыз етуі, автор мен оқырман арасындағы эстетикалық-психологиялық қатынасты орнатудағы рөлі айқындалды.

Тарау бойынша қорытынды нәтижелерді былайша жүйелеуге болады:

- Поэтикалық дискурстағы паралингвистикалық амалдар, әсіресе просодикалық тәсілдер, — интенцияны, эмоциялық күйді және бағалау қатынасын жеткізетін прагматикалық сигналдар ретінде қарастырылады. Олар сөйлеу актісінің семантикалық құрылымын толықтырып, поэтикалық мәтінді көпқабатты дискурсивтік формаға айналдырады.
- Интонация, екпін, ырғақ, пауза, тембр, қарқын, тыныс белгілері — поэтикалық мәтіннің экспрессивтік-прагматикалық құрылымының негізгі элементтері. Олар дискурстағы мағыналық акценттерді, эмоциялық фон мен дискурсивтік динамиканы қалыптастырады.
- Вокалданған кідіріс пен гезитация поэтикалық дискурста рефлексия, сенімсіздік, психологиялық шарықтау, драмалық тоқырау сияқты күрделі эмоциялық-психологиялық күйлерді жеткізетін суперсегментті-паралингвистикалық көрсеткіштер ретінде сипатталады. Бұл амалдар метапрагматикалық белгілердің қатарына жатады.
- Ұлттық поэтикалық дәстүр мен мәдени кодтар просодикалық тәсілдердің қолданысы мен интерпретациясына әсер ететін прагматикалық контекст ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда ағылшын және қазақ поэтикалық дискурстары прагматикалық интерпретациясының типологиясын, прагматикалық тосқауылдардың сипатын және мағыналық қабылдаудағы мәдени айырмашылықтарды аша түседі.

Поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдердің прагматикалық және экспрессивтік әлеуетін жан-жақты сипаттай отырып, олардың автор интенциясын жеткізудегі және оқырманмен эстетикалық-психологиялық қатынас орнатудағы маңызды қызметін нақтылайды. Осы негізде поэтикалық дискурс тіл мен ойдың, эмоция мен интенцияның, мәдени код пен жеке тәжірибенің түйісу алаңы ретінде қарастырылады. Суперсегментті бірліктер, атап айтқанда интонация, пауза, ырғақ, екпін, дауыс реңкі мен қарқынның прагматикалық семантикасы тек лингвистикалық деңгейде ғана емес, поэтикалық мазмұнды ұғыну мен оны ортақ когнитивтік кеңістікте

интерпретациялау деңгейінде де көрінеді. Бұл амалдар поэзияны тек мәтін ретінде емес, уақыт пен кеңістік аясында естілетін, қабылданатын және интерпретацияланатын акт ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Ағылшын және қазақ поэтикалық дискурстарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар ұлттық дүниетаным мен прагматикалық интенцияның поэтикалық құрылымға қалай ықпал ететінін айқындайды. Талдау нәтижелері поэтикалық дискурстың болмысын прагмалингвистикалық тұрғыдан қайта пайымдауға жол ашып, поэтикалық коммуникацияның универсалды және этномәдени параметрлерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпылай алғанда, поэтикалық дискурсты коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан қарастыру оның тек көркемдік-эстетикалық емес, сонымен қатар интенционалды, экспрессивті, интерсубъективті сипаттарын ашуға мүмкіндік береді. Просодикалық тәсілдер бұл дискурстың мағыналық және эмоциялық құрылымын құрайтын басты коммуникативтік тетіктердің бірі болып табылады. Сондықтан поэтикалық дискурстың ғылыми-прагматикалық талдауында просодиканың орны ерекше, әрі ол автор мен оқырман арасындағы тілдік қатынастың мазмұндық көпқабаттылығын қамтамасыз ететін универсалды лингвистикалық механизм ретінде танылады.

3 АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ПОЭТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ПРОСОДИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3.1 Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың фонетика-фонологиялық және просодикалық транскрипциясын үлгілеу

Зерттеу жұмысымызда ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктерін анықтау үшін, талдау дереккөзі ретінде алынған екі тілдегі зерттеу материалдарына аудиторлық және инструменталды – фонетикалық эксперимент жүргізіліп отыр. Жұмысымызда талдауға алынған зерттеу материалдары ағылшын және қазақ тілдерінде арнайы дикторлар оқылымымен компьютерге жазылады. Дискурс мәнмәтініне байланысты айқын байқала бермейтін өзгерістер мен құбылыстарды байқау мақсатында эксперимент барысында салыстырмалы түрде арнайы талдаулар жасалады.

Бірінші аудиторлық талдау жүргіземіз. Осы кезеңнің мақсатына сай талдау нәтижелері түсінікті болу үшін алдын-ала төмендегідей шартты графикалық белгілер алынды:

1) (//) – синтагмаларға бөлу сызығы

2) негізгі тон жиілігінің қозғалыс бағыттары төмендегі графикалық белгілермен таңбаланды:

↑ – көтеріңкі

↓ – бәсең

1) дауыс үдемелігін айқындаушы белгілер:

(<) – күшею

(>) – бәсеңсу

Талдауға алынған өлеңдердің фонетика-фонологиялық және просодикалық транскриптік үлгісін төменде ретпен беріп отырмыз. Әр өлеңнің фонетика-фонологиялық және просодикалық транскрипциясынан кейін талдау берілген. Бірінші кезекте ағылшын тілінде Венди Коуптың өлеңдеріне талдау жасайық.

Өлең мәтіні

Фонетика-фонологиялық және
просодикалық транскрипция

Some More Light Verse[90]

Some More Light Verse

*You have to try. You see the shrink.
You learn a lot. You read. You think.
You struggle to improve your looks.
You meet some men. You write some
books.
You eat good food. You give up junk.
You do not smoke. You don't get drunk.
You take up yoga, walk and swim.
And nothing works. The outlook's grim.
You don't know what to do. You cry.
You're running out of things to try.*

↑You have to try>↓ // ↑You see the shrink↓
↑You learn a lot>↓// ↑You read↓ >// ↑You think↓
↑You struggle to<// improve your looks↓
↑You meet some men>↓ // ↑You write some
books↓
↑You eat good food>↓ // ↑You give up junk↓
↑You do not smoke>↓ // ↑You don't get drunk↓
↑You take up yoga< // walk and swim↓
↑And nothing works>↓// ↑The outlook's grim↓
↑You don't know<// what to do↓ // ↑You cry↓
↑You're running<// out of things to try↓

You blow your nose. You see the shrink.

↑You blow your nose>↓ // ↑You see the shrink↓

*You walk. You give up food and drink.
 You fall in love. You make a plan.
 You struggle to improve your man.
 And nothing works. The outlooks grim.
 You go to yoga, cry and swim.
 You eat and drink. You give up looks.
 You struggle to improve your books.
 You cannot see the point. You sigh.
 You do not smoke. You have to try.*

↑You walk>↓ // ↑You give up // food and drink↓
 ↑You fall in love>↓ // ↑You make a plan↓
 ↑You struggle to< // improve your man↓
 ↑And nothing works>↓ // ↑The outlooks grim↓
 ↑You go to yoga↑< // cry and swim↓
 ↑You eat and drink>↓ // ↑You give up looks↓
 ↑You struggle to< // improve your books↓
 ↑You cannot see the point>↓ // ↑You sigh↓
 ↑You do not smoke>↓ // ↑You have to try↓

Бұл өлеңде адамның өзін-өзі дамытудың әртүрлі әрекеттері мен өмір салтын өзгерту арқылы бақыт пен қанағат табу жолындағы тынымсыз талпыныстары күшті суреттелген. Өлеңде үнемі сәтсіздік пен қанағаттанбаушылық жағдайында үміт пен күш-жігерді сақтау үшін күрес бейнеленген және ол жақсартуға ұмтылудың әмбебап адам тәжірибесі және мұндай күш-жігермен бірге жүретін жиі мойындалмайтын эмоционалды еңбек туралы айтады. Өлеңнің ырғақты және қайталанатын құрылымы кейіпкердің іс-әрекеті мен эмоциясының циклдік сипатын тұлғалық өсу мен бақытқа жету қиындықтарын сипаттау арқылы көрсетеді.

10 тармақ екі шумақтан тұратын бұл өлең күрделі фразалық тұтастық құрайтын бірыңғай хабарлы сөйленімдерден тұрса да, бұйрықты сөйлем түрінде келіп тұр. Бұл өлеңдегі әрбір тармақ екі бунақтан құралып, яғни екі ритмикалық топ құрып, соңғы буындары бір-бірімен ыңғайласып, үйлесіп тұр. Бұл жерде біз интонацияның негізгі компоненттерінің (қарқын, интенсивтілік, кідіріс) тыныс белгілерімен тығыз байланысты екенін айта кетейік.

Қарастырылып отырған сегіз буынды өлеңде күрделі фразалық тұтастық көлемінде, хабарлы және бұйрықты сөйленімдердің интонемалары кездеседі. Екі шумақты, 10 тармақты өлеңнің буын саны бірдей болып, үйлесіп (shrink, think; looks, books; junk, drunk; swim, grim; cry, try; shrink, drink; plan, man; grim, swim; looks, books; sigh, try), бір тармағы екі синтагма құрып, ырғақты топтарға бөлініп тұр. Үйлескен сөздер бір-бірімен ұйқасып *жорғақ* түрінде көркем интонациялық келбетімен ерекшеленеді. Тиынақты, бұйрықты интонемалар өзгеше әсемдікпен реттеліп, өлеңнің ырғақты кестесін сызады.

Бұл өлеңде адамның өз өмірін жақсартуға, өзімен және қоршаған ортамен үйлесімділікке жетуге деген үздіксіз талпынысы көрініс тапқан. Өлең жеңіл, ырғақты тілмен жазылған, бірақ оның астарында күрделі өмірлік мәселелер, көңіл күйдің тұрақсыздығы мен үмітсіздік байқалады.

Мазмұндық талдау. Өлеңде лирикалық кейіпкер өз өмірін жақсарту мақсатында түрлі әрекеттерді жүзеге асырады: мамандарға жүгінеді, спортпен айналысады, дұрыс тамақтануға тырысады, зиянды әдеттерден бас тартады, махаббат пен шығармашылық арқылы өзін іздейді. Бірақ кейіпкердің тырысуына қарамастан, оның өміріндегі қиындықтар шешімін таппайды, күткен өзгеріс болмайды. Осы әрекеттердің нәтижесіздігі кейіпкердің көңілінде үмітсіздік пен торығуды күшейтеді.

Тақырып және идея. Өлеңнің негізгі тақырыбы — қазіргі заман адамының өзін табуға және жетілдіруге тырысуы. Қоғамда үнемі берілетін *өзіңді дамыт*,

өзгеруге тырыс деген кеңестер кейіпкердің санасында басым рөл атқарып, оны үнемі ізденіске итермелейді. Өлеңнің идеясы осы ізденістің көп жағдайда нәтиже бермеуі мүмкін екенін көрсету және адамның өз-өзіне деген талаптарының, үміттерінің алдамшы болуы мүмкін екендігіне назар аудару.

Құрылым және стильдік ерекшеліктер. Қайталанулар (repetitions): Өлеңдегі әрбір жол кейіпкердің әрекетін сипаттап, «You» (Сен) есімдігімен басталады. Бұл қайталану арқылы кейіпкердің өзіне деген сыни көзқарасы және күмәні айқындалады. Оның әрбір жаңа әрекеті алдындағы әрекетінің жалғасы болып, кейіпкердің шексіз ұмтылысын көрсетеді.

Қарапайым лексика: Өлеңнің тілі жеңіл әрі түсінікті, оқырманға жақын. Күнделікті өмірде қолданылатын «smoke», «yoga», «eat good food», «give up junk» сияқты сөздер оқырманға қарапайым өмірдегі күрделі мәселелерді жеңіл жеткізеді.

Тұйық шеңберді сипаттау: Өлеңнің бірінші шумағында кейіпкер өзін жетілдіру үшін түрлі әрекеттерді жасап жатқанын сипаттайды. Екінші шумақта сол әрекеттерді қайталағанымен, жағдай өзгеріссіз қалады. Бұл қайталану тұйық шеңберді көрсетеді, яғни кейіпкер қанша тырысқанымен, ештеңе өзгермейді.

Ирония: Өлеңде жеңіл ирония бар, себебі кейіпкер қанша тырысса да, күткен нәтижеге қол жеткізе алмайды. Оның өмірін өзгертуге бағытталған әрекеттері мағынасыз болып көрінеді. Ол жағдайды өзгерткісі келеді, бірақ әр жолы сол бір күйде қалып, әрекеттері нәтижесіз болуда.

«Some More Light Verse» өлеңі адамның өзін-өзі жетілдіруге тырысып, өмірінің әр қырын жақсартуға бағытталған шексіз әрекеттерін сипаттайды. Өлең жеңіл тілде жазылғанымен, оның астарында терең мән мен өз өмірін өзгертуге ұмтылған адамның ішкі драмасы жатыр. Бұл өлең оқырманға адам өмірінің күрделілігі мен ішкі тыныштыққа жетудің қиын екенін түсінуге көмектеседі.

Өлең мәтіні

Lonely Hearts[103]

*Can someone make my simple wish come true?
Male biker seeks female for touring fun.
Do you live in North London? Is it you?*

*Gay vegetarian whose friends are few,
I'm into music, Shakespeare and the sun.
Can someone make my simple wish come true?*

*Executive in search of something new—
Perhaps bisexual woman, arty, young.
Do you live in North London? Is it you?*

Successful, straight and solvent? I am too—

Фонетика-фонологиялық және просодикалық транскрипция Lonely Hearts

↑Can someone make<// my simple wish<// come true↑
↑Male biker>// seeks female>// for touring fun↓
↑Do you live<// in North London< // Is it you↑

↑Gay vegetarian<// whose friends are few↑
↑I'm into music> //Shakespeare and the sun↓
↑Can someone make<// my simple wish< // come true↑

↑Executive in<// search of something new↑
↑Perhaps bisexual woman> // arty young↓
↑Do you live< // in North London< // Is it you↑

↑Successful< // straight and solvent< // I am too↑

<i>Attractive Jewish lady with a son.</i>	↑Attractive> // Jewish lady> // with a son↓
<i>Can someone make my simple wish come true?</i>	↑Can someone make< // my simple wish< // come true↑
<i>I'm Libran, inexperienced and blue—</i>	↑I'm Libran< // inexperienced< // and blue↑
<i>Need slim, non-smoker, under twenty-one.</i>	↑Need slim> // non-smoker> // under twenty-one↓
<i>Do you live in North London? Is it you?</i>	↑Do you live< // in North London< // Is it you↑
<i>Please write (with photo) to Box 152.</i>	↑Please write> // (with photo) to Box 152↓
<i>Who knows where it may lead once we've begun?</i>	↑Who knows< // where it may lead< // once we've begun↑
<i>Can someone make my simple wish come true?</i>	↑Can someone make< // my simple wish< // come true↑
<i>Do you live in North London? Is it you?</i>	↑Do you live< // in North London< // Is it you↑

Бұл өлеңде жалғыздық, қарым-қатынас іздеу, қоғамның алуан түрлі топтарындағы адамдардың махаббат пен жақындыққа деген қажеттілігі сипатталған. Лирикалық кейіпкерлер өздерінің жеке ерекшеліктерін, қалауларын және қарым-қатынастан күткен талаптарын білдіреді, бұл арқылы олардың қарапайым, бірақ шынайы тілектері көрініс табады.

Өлең адамның өзін-өзі түсінуі, кемшіліктері мен жақсы қасиеттері туралы ойлануына түрткі болады. Соңғы шумақта «Өз жебесі өзіне кеп қадалды» деп келтірілген тұжырым арқылы адамзаттың өз іс-әрекетінің салдарын өзіне қабылдайтынын көрсетеді.

Өлеңнің фонетика-фонологиялық және просодикалық құрылымы оның философиялық мәнін күшейтеді. Өлеңдегі ассонанс, аллитерация, екпін және

әуені арқылы адам табиғатының күрделілігі мен қарапайымдылығы арасындағы байланыс анық көрсетілген. Сұрақ-жауап стилі және соңғы жолдардағы тиянақсыз, философиялық ой оқырманды тереңірек ойлануға жетелейді.

Өлеңнің жалпы тақырыбы адамның күрделі табиғаты мен оның ойлау, түсіну қабілеті туралы ойларға негізделген. Әр шумақ философиялық сұрақтар көтереді, бұл өлеңнің интонациялық және дыбыстық ерекшеліктерін күшейтеді. Өлең қара өлең үлгісінде жазылған, яғни төрт тармақтан тұратын шумақтар бірдей ұйқаспен аяқталады. Әр тармақ өз ішінде ырғақ пен екпін арқылы құрылымданып, кідірістермен бөлінген.

Өлең мәтіні

ӘЙЕЛ ПАТШАЛЫҒЫ

*Сәулелі әлем төрінен
Сыр-сезім тасып төгілген
Әйелдің пәк жанында
Бір патшалық бар
Пайымда:
Балауса балғын бағында
Тәңір берген аманат:
СЕНІМ, ҮМІТ, МАХАББАТ
Үш пірі отыр тағында!*

*Өмірден,
Өнер, дастаннан
Әйелді алып тастаңдар,
Не қалар сонда, не болар –
Сахара орнап, жан солар...
Айналаң тозды адамнан,
Айлалы озды адалдан.
Қолына алса, әйелдер
Береке-ырыс оралған.*

*Тамырын басып заманның
Танисың жайын қоғамның.
Еліңнің ел болып қалғаны
Даналығы болар анаңның.
Ынтымақ-мейір барында
Тәңірің де әйел жағында.
Тіршілік кілті өзіңде
Байлыққа,
Таққа табынба!*

*Шұғылалы шалқар көңілден
Ақ жарқын пейіл өрілген
Анаңның пәк жанында
Бір патшалық бар
Пайымда:
Миуалы жомарт бағында
Тәңір берген аманат:*

Фонетика-фонологиялық және просодикалық транскрипция ӘЙЕЛ ПАТШАЛЫҒЫ

↑Säuleli älem< // törünön↑
↑Syr-sezim tasyр< // tögülgön↑
↑Äyeldiñ päk< // janynda↑
↑Bir patşalyq bar< //
↑Paiymda↑
↑Balausа balğyn< // bağynda↑
↑Täñir bergen< // amanat↑
↑Senim ümüt< // mahabbat↑
↑Üş piri ^wotür< // tağynda↑

↑^wÖmürdön< //
↑^wÖnör dastannan↑
↑Äyeldi< // alyp tastañdar↑
↑Ne ğalar sonda< // ne bolar↑
↑Sahara ^wornap< // jan solar↑
↑Aynalañ tozdū< // adamnan↑
↑↓Ailaly ^wozdū> // adaldan↓
↑Qolūna alsa< // äyelder↑
↑↓Bereke-yrys> // ^woralğan↓

↑Tamyryrn basyp< // zamannyñ↑
↑↓Tanisyñ jaiyn> // qoğamnyñ↓
↑^yEliñniñ ^yel< // bolūp qalğany↑
↑↓Danalyğy bolar> // anañnyñ↓
↑Yntymaq-meyir< // barynda↑
↑↓Täñiriñ de> // äyel jağynda↓
↑Tirşilik kilti< // ^wözüñde↑
↑Baylyqqa< //
↑Taqqa tabynba↑

↑Şūğūlaly şalqar< // köñüldön↑
↑Aq jarqyn peyil< // ^wörülgön↑
↑Anañnyñ päk< // janynda↑
↑Bir patşalyq bar< //
↑Paiymda↑
↑Miualy jomart< // bağynda↑
↑Täñir bergen< // amanat↑

«Әйел патшалығы» өлеңнің мазмұны әйел табиғатының мәнін, оның қоғамдағы, отбасыдағы рөлін, мейірім мен даналық бастауларын сипаттайды[91, 676.]. Өлеңнің әрбір шумағында нәзіктік пен береке бейнеленіп, әйелдің рөлі мен құндылығына ерекше екпін беріледі. Өлеңнің құрылымы қара өлеңге жақын, бірақ сонымен бірге әуезділігі мен ырғақтық ерекшеліктері қазіргі поэзия стиліне сәйкес келетін ерекшеліктерге ие.

Фонетика-фонологиялық талдау

Ассонанс: Өлеңде дауысты және дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы әйел бейнесіне әуезділік пен нәзіктік реңк беріледі. Дауысты дыбыстардан «а», «е», және «ә» жиі қайталанып, өлеңнің мейірімді, жылы мәнерін күшейтеді. Мысалы, «Әйелдің пәк жанында» жолында «ә» дыбысының қайталануы әйел жанының тазалығы мен нәзіктігін білдіреді.

Аллитерация: Қатаң дауыссыз дыбыстардан «т», «қ» және «б» дыбыстары жиі қайталанатын. Бұл дыбыстардың біркелкі қайталануы арқылы сөздерге салмақтылық пен нақты ой беріледі. Мысалы, «Тәңір берген аманат» тармағында «т» дыбысы әйелге берілген қасиетті жауапкершілікті айқын көрсетеді.

Үндестік заңы: Өлеңнің барлық жолдарында қазақ тілінің үндестік заңдылығы сақталады. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың үйлесуі арқылы өлеңнің табиғи дыбысталуы қамтамасыз етіледі.

Просодикалық талдау. Өлеңнің ырғақтық құрылымы оны оқырманның түсінуін жеңілдетіп, әрбір тармақта әйел табиғатына арналған мағынаны тереңдете түседі. Әр тармақтың өз ырғағы мен екпіні бар.

Ырғақ: Әр тармақ 7-8 буынды құрылымға жақын келеді, бұл қазақ поэзиясына тән қара өлең өлшеміне сәйкес келеді. Мысалы:

↑Säuleli älem< // törünön↑ – 8 буынды

↑Syr-sezim tasyр< // tögülgön↑ – 8 буынды

↑Äyeldiñ päk< // janynda↑ – 7 буынды

↑Bir patşalyq bar< //

↑Paıymda↑ – 8 буынды

Кідіріс және екпін: Өлеңде әрбір тармақ кідіріс пен екпін арқылы оқылады. Мысалы, «Әйелдің пәк жанында» жолындағы кідіріс арқылы әйелдің пәктігіне ерекше назар аударылады. Ал «СЕНІМ, ҮМІТ, МАХАББАТ» жолында үзіліс жасап, әр сөзге екпін түсіріледі. Бұл жолдар әйелдің ішкі әлеміндегі құндылықтарды баса көрсетеді.


Әуен: Өлеңнің әрбір шумағы көтеріңкі тонмен басталып, екінші тармақтарда төмендеп аяқталады. Интонацияның өзгеруі арқылы әр шумақтың мағынасы айқындалып, маңызды ойлары бекітіліп тұр. Мысалы, «Үш пірі отыр тағында!» тармағының соңындағы күшейтілген әуен әйелдің мәнін тиянақтайды.

Бұл өлеңде әйелдің рухани патшалығы мен оның үш негізгі қасиеті (сенім, үміт, махаббат) поэтикалық құралдармен көркем берілген. Фонетикалық


қайталаулар мен екпіндер арқылы өлең әйел бейнесінің асыл қасиеттерін аша түседі.

3.2 Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктерін экспериментті-фонетикалық әдістер арқылы айқындау


Дикторлар оқылымында компьютерге жазылған дискурстың акустикалық сигналдарының осциллограммасы негізгі тон жиілігінің қозғалыс бағытын, үдемелік амплитуданы, дыбысталу қарқынын және уақыт өлшемін талдауға мүмкіндік береді. Алдағы талдауда деректердің мазмұнын нақтырақ түсіндіру мақсатында интонациялық параметрлердің өлшем бірліктері интонограммалық үлгі түрінде төмендегідей ұсынылады (Сурет 6-9):




Сурет 6– Акустикалық сигналдың толқын тербелісі



Сурет 7 – Негізгі тон жиілігі қозғалысының көрінісі (Гц)



Сурет 8 – Үдемелік өзгерісі (дБ)



Сурет 9 – Уақыт (мсек) көрінісі

Инструменталды (объективтік) талдау нәтижелері түсінікті болу үшін интонацияның басты компоненттерінің физикалық өлшемдері ретінде:

- негізгі тон жиілігі (pitch of the voice), өлшем бірлігі Герц – Гц (Hz);
- уақыт өлшемі (duration) – мсек;
- үдемелілік (intensity), өлшем бірлігі – децибелл (dB);
- тоналды диапазон белгісі – жартылай тон (жт) түрінде көрсетіледі;
- тоналды интервал кең / тар түрінде сипатталады.

Жұмысымызда талдау дереккөзі ретінде алынған ағылшын және қазақ тілдеріндегі зерттеу материалдарына инструменталды – фонетикалық эксперимент жүргізіліп отыр. Ол эксперимент компьютерлік бағдарлама PRAAT-ты қолдану арқылы жүзеге асады. Диктор ретінде ағылшын тілінде Венди Коуп және қазақ тілінде Нәзікен Алпамысқызының өздері оқыған өлеңдері интернет (Youtube, Вконтакте) желісінен алынды. Ақындардың өз туындыларын орындауы – поэтикалық дискурстың интонациялық және экспрессивтік ерекшеліктерін зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады. Атап айтқанда, Вэнди Коуп өзінің өлеңдерін түрлі әдеби кештер мен радиобағдарламаларда жеке өзі оқыған, мысалы The Poetry Archive платформасында және BBC арнасында ақынның дауысы жазылған

аудиожазбалар кеңінен таралған. Сол сияқты, Нәзікен Алпамысқызы да өзінің поэзиялық шығармаларын түрлі әдеби шараларда, теледидар бағдарламаларында және әлеуметтік желілерде жеке орындаған. Мәселен, YouTube платформасында және Facebook желісіндегі әдеби қауымдастықтарда ақынның өз өлеңдерін оқыған видеожазбалары кеңінен таралған. Қарастырып отырған аудиоматериалдар оның поэтикалық дискурстағы интонациялық, ритмдік және просодикалық белгілерін фонетикалық тұрғыдан тыңғылықты талдауға және прагматикалық интенциясын тікелей тыңдау арқылы зерделеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында қазіргі заманауи поэзия өкілдерінің өз шығармаларын көпшілік алдында оқу тәжірибесіне сүйендік. Демек, екі ақынның да шығармашылық репертуары тек жазбаша мәтін арқылы емес, ауызша дискурстық формада да ұсынылған, бұл поэтикалық дискурстың просодикалық деңгейін зерттеуде сенімді нақты дерекөз болып табылады.

Зерттеу жұмысының нысаны ретінде қазіргі заманғы ағылшын және қазақ поэзиясының өкілдері – В. Коуп пен Н. Алпамысқызының шығармашылығы алынуы бірнеше ғылыми және әдістемелік факторларға негізделеді. Аталған екі ақын да лирикалық бағытта жазатын қаламгерлер болып табылады. Олардың поэзиясында автордың ішкі жан-дүниесі, сезімдік күйі, эмоционалдық тебіреністері мен өмірлік байқаулары көркемдік-эстетикалық деңгейде жеткізіледі. Бұл ортақтық зерттеу мақсатымен үйлесім тауып, лирикалық бағыттағы просодикалық ерекшеліктердің прагматикалық қызметін ашуға мүмкіндік береді.

Екі ақын да – қазіргі заман поэзиясының белсенді өкілдері ретінде поэтикалық дискурстың прагматикалық және экспрессивтік сипатын анықтауға қолайлы тілдік материал ұсынады. Бұл шығармаларда авторлық интенцияның просодика арқылы берілуі, сонымен қатар оқырманға бағытталған перлокутивтік әсердің түрлі деңгейлерде көрініс табуы диссертациялық зерттеудің басты аспектісімен тығыз байланысты. Екеуінің де бір бағытта – лирика жанрында қалам тербеуі, поэтикалық дискурстағы просодикалық белгілердің универсал және ұлттық сипаттарын қатар зерттеуге жол ашады.

Әйгілі заманауи ағылшын ақыны, Коуптың өлеңдері тармақтарының жеңілдігімен және пішінінің нақтылығымен баурап алады: ақын шығармалары ырғақты триолеттерден бастап, сонеттер және басқа да қатаң формалардан еркін өлеңге дейін барлық заманауи бояуға ие және оны өте ұтымды пайдаланады.

Венди Коуп – төрт ірі поэзиялық жинақтардың авторы. Оның алғашқы жинағы «Making Cocoa for Kingsley Amis» (1986) авторға бірден кең танымалдылық әкелді. Одан кейін «Serious Concerns» (1992), «If I Don't Know» (2001) және «Two Cures for Love» (2008) жинақтары жарық көрді. В. Коуптың поэзиясы кең ауқымды тақырыптарды зерттейді, әртүрлі жанрларды қолданады және түрлі мәселелерді қарастырады. Төменде ақынның қамтыған тақырыптарына шолу жүргізсек:

Махаббат, сүйіспеншілік пен қарым-қатынас тақырыбы: Коуп жиі романтикалық қарым-қатынастардың күрделілігін зерттейді, ғашықтық пен тілектен көңілсіздік пен жүрек соғысына дейін. Оның өлеңдері махаббаттың қуаныштары мен қиындықтарына жиі еніп, адам арасындағы қарым-қатынас туралы күлкілі және әсерлі ойларды көрсетеді.

Күнделікті өмір тақырыбы: Коуп күнделікті өмірдің қарапайым аспектілерінен шабыт табады, кәдімгі тәжірибені түсіну және ой елегінен өткізу сәттеріне айналдырады. Ол үй шаруасынан бастап табиғатты тамашалауға дейінгі күнделікті сәттердің сұлулығы мен сандырақтығын атап өтеді.

Әзіл және сатира тақырыбы: Әзіл Коуп поэзиясының негізгі элементі болып табылады және ол әлеуметтік конвенцияларды, гендерлік рөлдерді және әдеби пікірлерді бұрмалау үшін жиі сатира қолданады. Оның тапқырлығы мен немқұрайлылығы оның жұмысына тереңдік пен жандылық қосып, оқырмандарды күрделі тақырыптарды ойластырған кезде де күлуге шақырады.

Жоғалту және қайғы тақырыбы: Әзілмен қатар, Коуптың поэзиясы жоғалту, жалғыздық және өлім тақырыптарымен күреседі. Ол жақындарын жоғалтудың азабын, уақыттың өтуін және өлімнің болмай қоймайтынын сезімталдықпен және шынайы түрде сипаттайды.

Әдеби және көркемдік шабыт тақырыбы: Коуп көбінесе әдебиеттен, өнерден және музыкадан шабыт алады, оның шығармашылық әсерлеріне құрметпен қарайды, сонымен қатар шығармашылық процестің өзін зерттейді. Оның көптеген өлеңдері басқа жазушылар мен суретшілердің шығармаларымен араласып, ойнақы интерпретациялар мен рефлексияларды ұсынады.

Венди Коуп – пародия, дәстүрлі поэтикалық формаларды жаңаша қолдану және маңызды тақырыптарды ашу үшін әзіл-оспақты қолдану таланттарымен танымал ағылшын ақыны. Ол көптеген әдеби марапаттарға ие болды, соның ішінде американдық өнер және әдебиет академиясының Майкл Броди сыйлығын алды және Корольдік әдеби қоғамының мүшесі. Алайда Венди Коуптың шығармалары қазақ тіл білімінде зерттеу жұмыстарында зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. Біздің жұмысымызда Венди Коуптың «Spared» атты шығармасы талдауға алынды.

Spared – Wendy Cope

«That Love is all there is,
Is all we know of Love»
Emily Dickinson

- | | |
|--|-----------|
| (1)It wasn't you, / it wasn't me, // | (3+3=6 б) |
| (2)Up there, / two thousand feet above // | (2+6=8 б) |
| (3)The New York street. / We're safe, and free, // | (4+4=8 б) |
| (4)A little while, / to live and love, // | (3+4=7 б) |
| (5)Imagining / what might have been - // | (4+4=8 б) |
| (6)The phone-call / from the blazing tower, // | (3+5=8 б) |
| (7)A last farewell / on the machine, // | (4+4=8 б) |
| (8)While someone sleeps / another hour, // | (4+4=8 б) |

(9)Or worse, perhaps, / to say goodbye //	(4+4=8 б)
(10)And listen / to each other's pain, //	(3+5=8 б)
(11)Send helpless love / across the sky, //	(4+4=8 б)
(12)Knowing we'll never / meet again, //	(5+3=8 б)
(13)Or jump together, / hand in hand, //	(5+3=8 б)
(14)To certain death. / Spared all of this //	(4+4=8 б)
(15)For now, / how well I understand //(2+6=8 б)	
(16)That love is all, / is all there is. //(4+4=8 б)	

Ең алдымен Ю. Лотманның мәтінді талдау әдісін негізге ала отырып, Коуптың «Spared» атты өлеңіне егжей-тегжейлі талдау жасайық. Лотмандық тәсіл бойынша талдау кезінде өлеңнің коммуникативтік құрылымы, семантикалық-композициялық ұйымы, символикалық деңгейі, дыбыстық-фонетикалық ерекшеліктері және ішкі диалог пен автор позициясы қарастырылады[24]. Жеке тоқталып өтетін болсақ:

I. Өлеңнің коммуникативтік құрылымы (сөйлеу актілері)

«**Мен**» (лирикалық субъект): Өлеңді баяндап тұрған адам. Ол өзінің оқиғадан «аман қалғанын» түсініп, сол жағдайды түсіну арқылы өмірге және махаббатқа деген көзқарасын білдіреді.

«**Сен**» (адресат): Мәтінде тікелей *сен* деген сөз жоқ, алайда оқырманға бағытталған ойлар мен «It wasn't you, it wasn't me» жолдарынан автордың *екі адамды* қатарласа еске алатыны аңғарылады. Бұл – оқиғаның сыртында қалған, «тірі қалған» топқа да үндеу іспетті.

«**Олар**» (үшінші тұлға): Террористік шабуылда немесе төтенше апатта қаза тапқан немесе жапа шеккен адамдар, сондай-ақ бүкіл сыртқы орта. Мәтінде олар тура аталмайды, бірақ «the phone-call from the blazing tower» (жанып жатқан мұнарадан қоңырау), «A last farewell on the machine» (телефон автожауабына қалдырылған соңғы қоштасу) сынды тіркестер арқылы сипатталады.

Бұл өлеңде «**мен**» мен «**сеннің**» нақты бөлінуінен гөрі, «**біз**» (you and me) ұғымы басты орын алады. Өйткені лирикалық кейіпкер «**мен**» де, оның жанында елестейтін «**сен**» де сол бір қасіреттен аман қалған жандарды сипаттайды.

II. Өлеңнің семантикалық-композициялық құрылымы

Өлең төрт шумақтан (quatrain) тұрады. Әр шумақта қауіп пен қатерге толы төтенше жағдайдың елесі беріледі, бірақ сол қатерден «аман қалудың» (being spared) маңызын көрсетеді.

1. Бірінші шумақ (1-4-жолдар):

➤ «It wasn't you, it wasn't me, / Up there...» – Автор және оның жанындағы адам (немесе жалпы оқырман) әлдебір апатқа ұшырамағанын анық жеткізеді.

➤ «We're safe and free... to live and love» – Амандығын түсініп, өмір мен махаббаттың қымбаттығын сезіну.

2. Екінші шумақ (5-8-жолдар):

- «Imagining what might have been...» – Егер сол апат (бұл жерде 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасына сілтеме жасалып тұр) бізге де қатысты болса, не болар еді деген қиялды сипаттау.
 - «A last farewell on the machine» – Телефон автожауабына жазылған қоштасу немесе қоңырау шалып үлгеру. Бұл жерде қорқыныш пен трагедия терең сезіледі.
3. Үшінші шумақ (9-12-жолдар):
- «Or worse... send helpless love across the sky» – Бір-біріне көмектесе алмай, тек дәрменсіз махаббатын білдіруден басқа амалы қалмаған жандарды көз алдымызға әкеледі.
 - «Knowing we'll never meet again» – Өмірдің ең ауыр сәті: сүйген адамыңмен мәңгіге қоштасу сәтіндегі шарасыздықты сипаттайды.
4. Төртінші шумақ (13-16-жолдар):
- «Or jump together, hand in hand...» – Апат кезіндегі ең үрейлі қадам, қол ұстасып секіру мотиві (11-қыркүйек оқиғасының ең ауыр көріністерінің бірі).
 - «For now, how well I understand / That love is all, is all there is.» – Дәл қазір аман қалған адамның түйген қорытындысы: Махаббат – бәрі, одан асқан ештеңе жоқ.

Композицияға келетін болсақ, уақыт ауысымы тәсілін қолданады. Мысалы, бірінші шумақта – *қазіргі шақта аманбыз* деген мағына болса, екінші және үшінші шумақтарда – қиялдағы немесе өзге адамдар бастан кешкен жантүршігерлік жағдай, ал соңғы шумақта – бұл жағдайдан аман өткен адамның өмірлік философиялық түйіні сипатталады.

III. Өлеңдегі символикалық деңгейі

- **Жанып жатқан мұнара** (the blazing tower) – Төтенше жағдайдың, күтпеген қасіреттің, мүмкін 11 қыркүйектегі Дүниежүзілік сауда орталығы оқиғасының символы болуы мүмкін.
- **Қоңырау шалу, автожауап** (the phone-call, the machine) – Технология арқылы жақындарыңа жанұшыра хабар беруді, трагедия кезіндегі амалсыз қарекетті бейнелейді.
- **Қол ұстасып секіру** (jump together, hand in hand) – Үмітсіздіктің шарықтау шегі, адам өмірінің ең соңғы қадамындағы бірлік символы.
- **Spared** (аман қалу) – Кездейсоқтық, тағдыр, үлеске тиген бақыт пен міндет. Автор үшін «spared» болу – тек тірі қалу ғана емес, сонымен бірге өмірдің мәнін қайта сезінуді суреттейді.

IV. Өлеңдегі дыбыстық-фонетикалық ерекшеліктер

Өлең ағылшын тілінде жазылғандықтан, ұйқас пен ырғағы дәстүрлі АВАВ үлгісіне жақын. Әр шумақтың 4 жолы бар және дыбыстық қайталаулар байқалады. Мысалы өлеңде кездесетін аллитерация мен ассонанс көрінісі ретінде «love – above», «been – machine», «pain – again», «love – live», «sky – goodbye» тәрізді ұйқастар трагедия мен махаббатты қатар өрбітіп, оқырманды эмоционалды әсерге бөлейді. «Spared all of this / For now, how well I understand» жолдары дыбыстық тұрғыдан да, мағыналық тұрғыдан да ерекше екпінмен оқылады. Бұл – ақынның негізгі ойдың шыңына шыққан кезі.

V. Өлеңдегі ішкі диалог және автор позициясы

Лирикалық кейіпкер (автор) өлең бойында екіұдай ішкі диалог жүргізеді:

- Аман қалу – бақыт пен жеңілдік сезімі;
- Кінәрат сезімі – осындай қасіретті адамдар бастан кешіп жатқанда, менің аман қалғаным дұрыс па, жоқ па?
- Сол ішкі диалогтың соңында:

«...how well I understand / That love is all, is all there is» деген қорытындыға келеді. Яғни, ең бастысы – адамның махаббаты мен жақынына деген жанашырлығы. Бұл жерде авторлық позиция – адамзаттың қауіпті сәттерде бір-біріне деген жылуы, ал аман қалған адам одан әрі өмірді, махаббатты жоғары бағалауы тиіс деген ой.

«*Spared*» – адам өмірінің құндылығы мен күтпеген қайғы-қасіреттің арасындағы нәзік тепе-теңдікті бейнелейтін, терең философиялық ойға құрылған қысқа, алайда әсерлі өлең. Амалсыздықтан ажал құшқандар мен тірі қалғандардың тағдыры кереғарлығын көрсету арқылы, ол бізді *өмірдің мәні неде?* деп толғандырады. Ақынның жауабы – *махаббат – бәрі, одан маңыздысы жоқ.*

Венди Коуптың бұл өлеңі 8 буынды 16 тармақтан тұрады. Бұл шығармада әр тармақтың жұп буыннан, екі бунақтан не ырғақтық топтан тұратындығын көруге болады. Әр тармақ тең және тең емес екі ырғақтық топқа бөлінген; кей тармақтарда екі ырғақтақ топ та төрт буыннан теңдей болса, кей тармақтарда тең емес 3+5 немесе 5+3 буыннан құралған.

Бұл шығармада тармақтар төмендегідей ұйқасады:

me – free (1-3), above – love (2-4)
been – machine (5-7), tower – hour (6-8)
goodbye – sky (9-11), pain – again (10-12)
hand – understand (13-15), this – is (14-16)


Бүлөлең тармақтарынданегізгіекпін, әдетте, мағыналықнемесеэмоционалдыжүктемесіүлкенсөздергетүседі. Соныменқатар, ағылшынтілінде, қазақтіліненайырмашылығы, дауыстыфонеманыңсозылыңқы болуыүлкенмаңызғаие.Әр тармақтағы ырғақтық топтар әр түрлілігімен және буындарының ауқымымен ерекшеленеді. Бұл жалпы ағылшын тіліндегі поэзияға тән. Ағылшын тіліндегі поэзияда екпіннің болмауы мен ауысуы (пиррикалық) жиі кездеседі, бұл қазақ тіліне қарағанда ағылшын тілінің мағыналық құрылымымен негізделген.

Компьютерлік талдау: синтагмалардың және тармақтардың ұзақтығы, тон жиілігі, интенсивтілігі

Талдау барысында сөздердің ұзақтығы дыбыстардың пайда болуының жалпы шарттарына байланысты болады. Уақыт бойынша дауысты дыбыстың ұзындығы, әдетте, фонетикалық жағдайға тәуелді болады. Синтагмалар мен тармақтардың ұзақтығын анықтау үшін Praat компьютерлік бағдарламасы арқылы өңделген эксперименталды мәліметтер алынды. Өлең 16 тармақтан тұрады, әр тармақ 2 бунақтан немесе ырғақтық топтан тұрады. Жалпы өлеңнің

уақыт ұзақтығы – 43,9 секунд. Өлеңнің интонациялық компоненттерін анықтау үшін тармақтарға, бунақтарға бөлу арқылы қарастырамыз.


Өлеңнің бірінші тармағы – *It wasn't you, it wasn't me*,– екі синтагмаға бөлінеді. Тармақтың жалпы ұзақтығы – 2,984994 секунд. Тармақтағы әуеннің ең жоғарғы тоны – 290,4Гц, ал әуеннің ең төменгі тоны – 83,46Гц. Тармақтағы дыбыстың интенсивтілігі ең жоғары көрсеткіші – 81,79дБ, ең төмені – 52,3дБ. (Сурет 10).



Сурет 10 – Диктордың сөйлеуімен өлеңнің 1-тармағының (*It wasn't you, it wasn't me*,) айтылуы

Суреттің жоғарғы бөлігі тармақтың осциллограммасын көрсетеді. Вертикалды үзік сызықтар буындардың арасындағы шекараны бөліп көрсетіп тұр. Суреттің астыңғы бөлігінде уақыт секундпен көрсетілген. Көк сызықпен әуеннің жоғарылауы-төмендеуі жиілігі герцпен көрсетілген, сары сызықпен интенсивтілігі децибелмен көрсетілген.


Өлеңнің екінші тармағы – *Up there, two thousand feet above*– екі синтагмаға бөлінеді. Тармақтың жалпы ұзақтығы – 2,327700 секунд. Тармақтағы әуеннің ең жоғарғы тоны – 191,2Гц, ал әуеннің ең төменгі тоны – 120,2Гц. Тармақтағы дыбыстың интенсивтілігі ең жоғары көрсеткіші – 77,3дБ, ең төмені – 51,2дБ. (сурет 11).



Сурет 11 – Диктордың сөйлеуімен өлеңнің 2-тармағының (*Up there, two thousand feet above*) айтылуы

Суреттің жоғарғы бөлігі тармақтың осциллограммасын көрсетеді. Вертикалды үзік сызықтар буындардың арасындағы шекараны бөліп көрсетіп тұр. Суреттің астыңғы бөлігінде уақыт секундпен көрсетілген. Көк сызықпен әуеннің жоғарылауы-төмендеуі жиілігі герцпен көрсетілген, сары сызықпен интенсивтілігі децибелмен көрсетілген.


Өлеңнің үшінші тармағы – *The New York street. We're safe, and free,*– екі синтагмаға бөлінеді. Тармақтың жалпы ұзақтығы – 3,055107 секунд. Тармақтағы әуеннің ең жоғарғы тоны – 259,7Гц, ал әуеннің ең төменгі тоны – 124,7Гц. Тармақтағы дыбыстың интенсивтілігі ең жоғары көрсеткіші – 79,6 дБ, ең төмені – 50,2дБ. (сурет 12).



Сурет 12 – Диктордың сөйлеуімен өлеңнің 3-тармағының (*The New York street. We're safe, and free*) айтылуы

Суреттің жоғарғы бөлігі тармақтың осциллограммасын көрсетеді. Вертикалды үзік сызықтар буындардың арасындағы шекараны бөліп көрсетіп тұр. Суреттің астыңғы бөлігінде уақыт секундпен көрсетілген. Көк сызықпен әуеннің жоғарылауы-төмендеуі жиілігі герцпен көрсетілген, сары сызықпен интенсивтілігі децибелмен көрсетілген.

Өлеңнің төртінші тармағы – *A little while, to live and love,*– екі синтагмаға бөлінеді. Тармақтың жалпы ұзақтығы – 2,618663 секунд. Тармақтағы әуеннің ең жоғарғы тоны – 182Гц, ал әуеннің ең төменгі тоны – 110,5Гц. Тармақтағы дыбыстың интенсивтілігі ең жоғары көрсеткіші – 77,1 дБ, ең төмені – 52,1дБ. (сурет 13).



Сурет 13 – Диктордың сөйлеуімен өлеңнің 4-тармағының (A little while, to live and love,) айтылуы

Суреттің жоғарғы бөлігі тармақтың осциллограммасын көрсетеді. Вертикалды үзік сызықтар буындардың арасындағы шекараны бөліп көрсетіп тұр. Суреттің астыңғы бөлігінде уақыт секундпен көрсетілген. Көк сызықпен әуеннің жоғарылауы-төмендеуі жиілігі герцпен көрсетілген, сары сызықпен интенсивтілігі децибелмен көрсетілген (кесте 5).

Кесте 5 – Өлеңнің әр тармақтарының уақыт ұзақтығы секундпен, тон жиілігі герцпен және интенсивтілігі децибелмен

Тармақтар	Уақыт ұзақтығы (секунд)	Тон жоғарылау жиілігі (Гц)	Тон төмендеу жиілігі (Гц)	Интенсив тілігі жоғары (дБ)	Интенсивтілі гі төмен (дБ)
1	2	3	4	5	6
It wasn't you, it wasn't me,	2,9	290,4	112,9	81,79	52,3
Up there, two thou sand feet above	2,3	198	115,5	79,8	50,4
The New York street. We're safe, and free	3,1	259,7	124,7	79,6	50,2
A little while, to live and love,	2,6	182	110,5	77,1	52,1
Imagining what might have been -	2,6	478,1	111,8	81,1	50,3
The phone-call from the blazing tower,	2,5	384,2	112,3	80,5	51,2
A last farewell on the machine,	2,5	230	112,9	78,3	50,2
While someone sleeps another hour,	2,5	198	115,5	79,8	50,4

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Or worse, perhaps, to say goodbye	3,4	232,5	116,5	80,6	50,2
And listen to each other's pain,	2,2	210,3	110,4	77,7	54,1
Send helpless love across the sky,	2,6	229,6	102	78,2	54,7
Knowing we'll never meet again,	2,4	177,4	105,6	78,2	50,7
Or jump together, hand in hand,	2,7	197,7	98,4	78,9	51,7
To certain death. Spared all of this	3,3	236,5	123,8	79,1	50,2
For now, how well I understand	3,1	206,3	129,4	78,5	51
That love is all, is all there is.	3,6	212,4	123	77,4	50,8

Бұл өлең 8 буынды, әр тармағы екі-екі бунақтан тұрады. Өлеңнің әр тармағы көтеріңкі-бәсең өрнектермен сипатталады: орташа тональды көрсеткіштермен басталып, ең төмен мәндермен аяқталады. Сөйлем интенсивтілігі әуен кескініне параллель болып келеді.

Эксперименттік мәліметтерді алу барысында акустикалық сигналдардың осциллограммалары мен интонограммалары құрылып, оларды талдау арқылы өлең тармақтарының интонациялық құрылымы жан-жақты қарастырылды. Талдау нәтижесінде өлеңнің жалпы ұзақтығы 43,9 секундты құрайтындығы анықталды. Өлең әрқайсысы екі синтагмадан тұратын 16 тармақтан құралған. Әр тармақтың ұзақтығы, негізгі тон жиілігі мен интенсивтілік көрсеткіштері PRAAT бағдарламасы арқылы жеке-жеке талданып, сандық мәліметтермен бекітілді.

Мәселен, өлеңнің алғашқы тармағы «It wasn't you, it wasn't me,» жалпы ұзақтығы 2,98 секундты құрап, негізгі тонның жиілігі 290,4 Гц-тан 112,9 Гц аралығында болды. Интенсивтіліктің жоғарғы көрсеткіші 81,79 дБ, төменгі көрсеткіші 52,3 дБ болды.

Келесі тармақ «Up there, two thousand feet above» ұзақтығы 2,32 секундқа созылып, негізгі тон жиілігі 198 Гц-тен 115,5 Гц аралығында тіркелді. Бұл тармақтағы интенсивтілік көрсеткіштері 79,8 дБ және 50,4 дБ шамасында ауытқыды.

Үшінші тармақ «The New York street. We're safe, and free,» 3,1 секунд ұзақтықты көрсетті, негізгі тон жиілігі 259,7 Гц пен 124,7 Гц аралығында болса, интенсивтілік 79,6 дБ-ден 50,2 дБ-ге дейін ауытқыды.

Төртінші тармақ «A little while, to live and love,» жалпы ұзақтығы 2,61 секундқа жетті. Мұнда негізгі тон жиілігі 182 Гц-тен 110,5 Гц шамасында ауытқып, дыбыстың интенсивтілігі 77,1 дБ-ден 52,1 дБ аралығында болды.

Бұл көрсеткіштер әрбір тармақтың интонациялық мәнерінің ерекше екендігін, автордың эмоционалды және коммуникативтік ниеттерінің дәл берілуіне септігін тигізетіндігін дәлелдейді. Интенсивтілік пен негізгі тон жиілігінің динамикалық ауытқулары, бунақтардың ұзақтығы және ырғақтық топтардың әртүрлілігі өлең мазмұнының терең эмоциялық және семантикалық құрылымын ашуда маңызды рөл атқарады.

Өлеңнің мәтіндік талдау негіздері мен просодикалық талдау нәтижелерін қорытындылайтын болсақ, В. Коуптың «Spared» өлеңіне Лотман әдісімен жасалған мәтіндік талдау – өлеңнің ішкі құрылымдық симметриясы мен антиметрикалық оппозицияларын, символдық жүйесін, ішкі диалог және авторлық ұстанымын ашуға бағытталған. Өлеңнің төрт шумағы уақыт пен кеңістік осінде құрылған, мұнда өткен трагедия елесі (11 қыркүйек оқиғасы) мен қазіргі өмірді қайта бағалау идеясы бір-біріне оппозиция ретінде беріледі. Автордың негізгі қорытындысы – махаббаттың абсолюттілік сипаты болып суреттелген.

Ал Praat бағдарламасының көмегімен жасалған интонациялық талдау өлеңнің әр тармағындағы тон жиілігі, интенсивтілік, тармақтық ұзақтық, бунақтық құрылым секілді акустикалық параметрлерді нақты өлшеп, келесі ерекшеліктерді ашты:

- Өлең 43,9 секундта оқылады, әр тармақ орташа 2,5–3 секунд аралығында айтылған.
- Интонациялық кескін әрбір тармақта жоғары жиіліктен (Гц) төменге түсу үлгісін көрсетеді – бұл эмоционалды бәсеңдеу мен рефлексияны интонациялық тұрғыдан негіздейді.
- Мысалы, «It wasn't you, it wasn't me» тармағында негізгі тон 290,4 Гц-ден 112,9 Гц-ке дейін төмендейді, интенсивтілігі де 81,79 дБ-ден 52,3 дБ-ге дейін төмендейді – бұл сөйлемнің эмоционалды салмағы мен мағыналық қорытындысын күшейтеді.

Мәтіндік талдау мен просодикалық талдаудың арасындағы байланысты төмендегі кестеден көруге болады (кесте 5):

Кесте 6 - Мәтіндік талдау мен просодикалық талдаудың көрінісі

Компонент	Мәтіндік талдаудағы көрінісі	Просодикалық талдаудағы көрінісі	Түсіндірме
1	2	3	4
Мазмұндық-идеялық күшею	«Love is all» – қорытынды, мағыналықшың	Тармақтыңұзақтығы – 3,6 с.; тонныңжоғарғымәні – 212 Гц	Тонменұзақтықтыңартуы – авторлықэмоцияныңшарықтау сәтінбілдіреді
Трагедиялық көрініс	«Phone-call», «blazing tower», «jump together» метафоралары	Бұлтармақтардаинтенсивтілікпентонауытқуыүлке н (478,1 Гц – еңжоғарытон)	Метафоралықшиеленісдыбыстықжүктемеменкүшейтіледі

6 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Қайталама құрылым	«It wasn't you, it wasn't me» – анафоралықсимметрия	негізгітон 290,4 Гц-ден 112,9 Гц-кедейінтөмендейді, интенсивтілігі де 81,79 дБ-ден 52,3 дБ-ге дейін төмендейді	Символикалық симметрия дыбыстық ырғақпен үндеседі
Рефлексия мен баяндау интонациясы	«Spared all of this», «how well I understand» – тұжырымдаушытармақтар	Әуенніңбәсеңдеуі, интенсивтіліктөмендеуі байқалады	Бұл сөйлемдер баяу, бәсең ырғақпен оқылған, яғни рефлексияны дыбыстық деңгейде осылай бекітеді

Жоғарыда аталған мәтіндік және акустикалық параметрлер бір-бірін семантикалық та, интонациялық та деңгейде толықтыра отырып, поэтикалық дискурстың тұтас бейнесін қалыптастырады. Мәтіндегі трагедия мен рефлексия ұғымдары акустикалық тұрғыдан тон жиілігінің ауытқуы, интенсивтіліктің бәсеңдеуі, тармақтық ырғақтың үзілуі арқылы дәл көрсетіледі.

Мәтіндік (құрылымдық-семантикалық) талдау нәтижесінде өлеңнің мазмұндық өзегі – аман қалу мен соған қатысты рефлексияның адам болмысына әсері – поэтикалық дискурстың ішкі антиметрикалық симметриясы, символикалық қатарлар (жанып жатқан мұнара, қоңырау, қол ұстасу), анафора мен оппозиция негізінде жүзеге асатыны анықталды. Автордың қорытынды түйіні махаббат – бәрі деген философиялық-экзистенциалдық тұжырыммен аяқталып, поэзиялық мәтіннің мәдени семиосферадағы орны мен функциясын айқын көрсетеді.

Просодикалық (интонациялық) талдау өлеңнің әр тармағына тән тоналды және ритмдік ерекшеліктерді компьютерлік өңдеу арқылы өлшеп, поэтикалық интонацияның құрылымын айқындады. Интонациялық бейнелер мен акустикалық параметрлер (тон жиілігі, интенсивтілік, ұзақтық, пауза) мәтіндегі мағыналық акценттермен дәл келіп, өлеңнің семантикалық мазмұнын күшейтеді. Мәселен, «Love is all, is all there is» тармағындағы дыбыстық көтеріліс (әуеннің шарықтауы) мәтіннің логикалық қорытындысымен сәйкес келіп, автор позициясының интонациялық екпінмен белгіленуін қамтамасыз етеді.

Аталған екі түрлі деңгейдегі талдаудың нәтижелері бірін-бірі толықтырып, поэтикалық мәтіндегі лингвистикалық мағына мен акустикалық өрнектің өзара байланысын терең ашуға мүмкіндік берді. Егер мәтіндік құрылым автордың саналы түрде қалыптастырған поэтикалық жүйесін сипаттаса, просодикалық интонация – сол жүйенің жүзеге асуындағы экспрессивтік және перцептивтік аспектілерді айқындап берді. Бұл Лотман

сипаттаған поэтикалық мәтіндегі редукция мен эксплозия процестерінің дыбыстық деңгейде де нақты белгіленетінін көрсетті.

Лотман атап өткендей, поэтикалық мәтінде мағына тек вербалды түрде емес, құрылымдық және паралингвистикалық элементтер арқылы да беріледі [24, 686.]. Бұл жерде просодикалық талдау – сол паралингвистикалық кодтарды объективтендірудің тиімді жолы болып отыр.

В. Коуптың «Spared» атты поэтикалық туындысына жүргізілген мәтіндік және просодикалық талдаулар өлеңнің көпқабатты семиотикалық табиғатын ашуға мүмкіндік берді. Мәтіндік құрылымдағы мағыналық түйіндер интонациялық параметрлермен өзара сәйкестеніп, өлеңнің эстетикалық тұтастығы мен эмоционалды тереңдігін арттыра түседі. Мұндай синтездік әдіс – заманауи лингвистика мен поэтикалық мәтінтанудағы тиімді интердисциплинарлық бағыт болып саналады.

Келесі кезекте Н. Алпамысқызының «Алаулаған шарайна» өлеңіне Ю.М. Лотманның поэтикалық мәтінді талдау теориясы негізінде талдау ұсынылады.

АЛАУЛАҒАН ШАРАЙНА

Нәзікен Алпамысқызы

1-шумақ

- | | |
|--|--------------|
| (1)Ерке әуездер / тебіrentіп / жер бетін, // | (4+4+3=11 б) |
| (2)Күллі тірлік / нұрға бөлеп / келбетін, // | (4+4+3=11 б) |
| (3)Поэзия / – құпия бір / шарайна, // | (4+4+3=11 б) |
| (4)Кең ғарыштан / ақтарылған / арай ма? // | (4+4+3=11 б) |

2-шумақ

- | | |
|---|--------------|
| (5)Жұлдызды әлем / қыруар сырлар / төгетін, // | (4+4+3=11 б) |
| (6)Дария-көңіл / алуан қырын / көретін, // | (4+4+3=11 б) |
| (7)Жандүние / – толқып тұрған / шарайна, // | (4+4+3=11 б) |
| (8)Бірде ақ шуақ, / бірде ақ боран / борай ма? // | (4+4+3=11 б) |

3-шумақ

- | | |
|---|--------------|
| (9)Сегіз қырлы / сөздер қайта / өретін, // | (4+4+3=11 б) |
| (10)Жалынға өртеп / саф алтынын / беретін. // | (4+4+3=11 б) |
| (11)Жыр көрігі / – алаулаған / шарайна, // | (4+4+3=11 б) |
| (12)Жан тірлігін / зерлеп өру / оңай ма?! // | (4+4+3=11 б) |

Жоғарыда атап өткендей, Лотмандық тәсіл бойынша талдау кезінде өлеңнің коммуникативтік құрылымы, семантикалық-композициялық құрылымы, символикалық деңгейі, дыбыстық-фонетикалық ерекшеліктері және ішкі диалог пен автор позициясы қарастырылады. Жеке тоқталып өтетін болсақ:

I. Өлеңнің коммуникативтік құрылымы (Сөйлеу актілері)

- «Мен» – лирикалық субъект. Өлеңде тікелей *мен* есімдігі қолданылмаса да, лирикалық сана үздіксіз таным процесінде көрініс табады. Автордың рухани әлемі мен шығармашылық табиғаты шарайна (айна) символы арқылы бейнеленеді.

- «Сен» – адресат / оқырман. Тікелей екінші жақтағы қатынас болмағанымен, риторикалық сұрақтар (Оңай ма?!, Борай ма?) арқылы автор оқыrmанды ішкі поэтикалық диалогқа тартады.

- «Олар» контекстуалдық түрде берілген. Мысалы, табиғат, кеңістік, сөз, жыр. Бұл объектілер семиотикалық тұлға ретінде қатысады: табиғат – нұрдың, сезім – толқынның, жыр – шеберліктің иесі.

II. Өлеңнің семантикалық-композициялық құрылымы

Өлең 3 шумақтан, әрқайсысы 4 тармақтан тұрады. Әр тармақта 4+4+3 буындық құрылым сақталған (барлығы 12 жол). Бұл қатаң метрлік симметрия – Лотман сипаттаған редукциялық ритмнің үлгісі [79].

III. Өлеңнің символдық деңгейі

1. «Шарайна» – семиотикалық өзек

Символ ретінде үш рет қолданылады: құпия бір шарайна, толқып тұрған шарайна, алаулаған шарайна.

Бұл символдық қайталау Лотманның түсіндіруінше, мағынаны өз ішінде көбейтетін (семантикалық генератор) құрал [79].

2. Қосымша символдар

«Алау», «жыр көрігі» – шығармашылық энергия

«Дария-көңіл» – сезім тереңдігі

«Саф алтын», «сегіз қырлы сөздер» – поэтикалық шеберлік метафорасы

IV. Дыбыстық-фонетикалық ерекшеліктері

1. Буындық өлшем және ырғақ

Әр тармақ 4+4+3 = 11 буын

Синтагмалық құрылым: әр жол 3 бунаққа бөлінген

Бұл құрылым поэтикалық симметрия мен интонациялық тыныс тудырады

2. Аллитерация мен ассонанс

Мысалдар:

«Жыр көрігі – алаулаған шарайна»

«Сегіз қырлы сөздер қайта өретін»

Бұл дыбыстық қайталаулар интонациялық серпін мен эмоционалдық бояуды күшейтеді.

3. Ұйқас пен ритм

Тармақтар ұйқас үлгісіне сай келеді:

1–3: «келбетін» – «шарайна»

2–4: «арай ма» – «келбетін»

V. Өлеңдегі ішкі диалог және автор позициясы

Лирикалық субъект өзін поэзиямен теңестіреді. Бұл – Лотманның автокоммуникациялық поэтикалық мәтін ұғымына сәйкес: өлең автор мен мәдени кеңістік арасындағы өзара әрекетті бейнелейді [79].

Сұрақтар жүйесі – монолог емес, ішкі диалогтық күйдің белгісі:

- Поэзия – шарайна ма?

- Жандүние – боран ба?

- Жан тірлігін өру оңай ма?!

Бұл риторикалық сұрақтар арқылы автор шығармашылықтың ауырлығын, көркем тілдің күрделілігін және поэзияның космостық сипатын жеткізеді.

Н. Алпамысқызының «Алаулаған шарайна» өлеңі – семиотикалық, ритмдік және когнитивтік құрылымдары жағынан Ю.М. Лотман теориясына толық сәйкес келетін поэтикалық мәтін. Өлең қатаң ырғақпен құрылып, символдық қайталаулар арқылы мағына тереңдетіледі. Шарайна – поэзия, сана және сөз өнерінің бейнесі ретінде көпқабатты семантикалық құрылым түзеді. Просодикалық талдау өлеңнің құрылымдық ырғақтылығы мен интонациялық реңкін нақтылап, мәтіндік мағынаны интонациялық жолмен бекітеді. Лотман сипаттағандай, мұндай поэзиялық дискурс – тек көркем сөз ғана емес, мәдениеттің өзін-өзі тануының семиотикалық формасы болып табылады.

Нәзікен Алпамысқызының бұл өлеңі 11 буынды 3 шумақтан тұрады. Бұл шығармада әр тармақтың тақ буыннан тұратынын, бірақ үш бунақтан не ырғақтық топтан тұратындығын көруге болады. Әр тармақтың тең емес үш ырғақтық топқа бөлінген; бірінші және екіншісінде төрт буын болса, үшіншісінде үш буын бар.

Бұл шығармада тармақтар төмендегідей ұйқасады:

-ін, -ін, -на, ма (1-2-3-4)

-ін, -ін, -на, ма (5-6-7-8)

-ін, -ін, -на, ма (9-10-11-12)

3-7-11 тармақтарда және 4-8-12 тармақтарда лексикалық қайталаулар қолданылған:

шарайна (3-7-11)


ма? (шылау) (4-8-12)

Компьютерлік талдау: синтагмалардың және тармақтардың ұзақтығы, тон жиілігі, интенсивтілігі

Сөздердің ұзақтығы дыбыстардың пайда болуының жалпы шарттарына байланысты болады. Уақыт бойынша дауысты дыбыстың ұзындығы, әдетте, фонетикалық жағдайға тәуелді болады. Синтагмалар мен тармақтардың ұзақтығын анықтау үшін Praat компьютерлік бағдарламасы арқылы өңделген эксперименталды мәліметтер алынды. Материалы youtube сайтынан алынды, диктор ретінде ақынның өзі оқыған «Алаулаған шарайна» өлеңі талданады.

Өлең 12 тармақтан тұрады, әр тармақ 3 бунақтан немесе синтагмадан тұрады. Жалпы өлеңнің уақыт ұзақтығы – 45,3 секунд. Өлеңнің интонациялық компоненттерін анықтау үшін тармақтарға, синтагмаларға бөлу арқылы қарастырамыз.


Өлеңнің бірінші тармағы – *Ерке әуездер тебірентіп жер бетін* – үш синтагмаға бөлінеді. Тармақтың жалпы ұзақтығы – 4,199104 секунд. Тармақтағы әуеннің ең жоғарғы тоны – 352,3Hz, ал әуеннің ең төменгі тоны – 82,27Hz. Тармақтағы дыбыстың интенсивтілігі ең жоғары көрсеткіші – 74,93Db, ең төмені – 50,3Db (Сурет 14).



Сурет 14 – Диктордың сөйлеуімен өлеңнің 1-тармағының (Ерке әуездер тебіrentіп жер бетін)

Суреттің жоғарғы бөлігі тармақтың осциллограммасын көрсетеді. Вертикалды үзік сызықтар буындардың арасындағы шекараны бөліп көрсетіп тұр. Суреттің астыңғы бөлігінде уақыт секундпен көрсетілген. Көк сызықпен әуеннің жоғарылауы-төмендеуі жиілігі герцпен көрсетілген, сары сызықпен интенсивтілігі децибелмен көрсетілген.


Енді тармақтағы әр синтагманы жеке қарастырамыз. Бірінші синтагманың айтылу ұзақтығы – 1,896390 секунд. Синтагманың бірінші буынында әуеннің ең жоғарғы тоны байқалады – 352,3Hz, ал әуеннің ең төменгі тоны синтагманың ең соңғы буынында байқалады – 131,4Hz. Синтагмадағы дыбыстың интенсивтілігі ең жоғары – 74,93Db, ең төмені – 52,88Db (сурет 15).



Сурет 15 – Диктордың сөйлеуімен өлеңнің 1-тармақтағы 1-синтагманың (Ерке әуездер)

Суреттің жоғарғы бөлігі синтагманың осциллограммасын көрсетеді. Вертикалды үзік сызықтар буындардың арасындағы шекараны бөліп көрсетіп тұр. Суреттің астыңғы бөлігінде уақыт секундпен көрсетілген. Көк сызықпен әуеннің жоғарылауы-төмендеуі жиілігі герцпен көрсетілген, сары сызықпен интенсивтілігі децибелмен көрсетілген.


Екінші синтагманың айтылу ұзақтығы – 0,850852 секунд. Синтагманың бірінші буынында әуеннің ең жоғарғы тоны байқалады – 242,4Hz, ал әуеннің ең төменгі тоны синтагманың ең соңғы буынында байқалады – 82,27Hz. Синтагмадағы дыбыстың интенсивтілігі ең жоғары – 73,4Db, ең төмені – 50,3Db. (Сурет 16).



Сурет 16 – Диктордың сөйлеуімен өлеңнің 1-тармақтағы 2-синтагманың (тебірентіп)

Суреттің жоғарғы бөлігі синтагманың осциллограммасын көрсетеді. Вертикалды үзік сызықтар буындардың арасындағы шекараны бөліп көрсетіп тұр. Суреттің астыңғы бөлігінде уақыт секундпен көрсетілген. Көк сызықпен әуеннің жоғарылауы-төмендеуі жиілігі герцпен көрсетілген, сары сызықпен интенсивтілігі децибелмен көрсетілген.

Үшінші синтагманың айтылу ұзақтығы – 1,458603 секунд. Синтагмадағы әуеннің ең жоғарғы тоны – 247,6Hz, ал әуеннің ең төменгі тоны – 86,4Hz. Синтагмадағы дыбыстың интенсивтілігі ең жоғары – 72,4Db, ең төмені – 53,05Db (Сурет 17).



Сурет 17 – Диктордың сөйлеуімен өлеңнің 1-тармақтағы 1-синтагманың (жер бетін)

Суреттің жоғарғы бөлігі синтагманың осциллограммасын көрсетеді. Вертикалды үзік сызықтар буындардың арасындағы шекараны бөліп көрсетіп тұр. Суреттің астыңғы бөлігінде уақыт секундпен көрсетілген. Көк сызықпен әуеннің жоғарылауы-төмендеуі жиілігі герцпен көрсетілген, сары сызықпен интенсивтілігі децибелмен көрсетілген (Кесте 7).

Кесте 7 – Өлеңнің әр тармақтарының уақыт ұзақтығы секундпен, тон жиілігі герцпен және интенсивтілігі децибелмен

Тармақтар	Уақыт ұзақтығы (секунд)	Тон жоғарылау жиілігі (Гц)	Тон төмендеу жиілігі (Гц)	Интенсивтілігі жоғары (дБ)	Интенсивтілігі төмен (дБ)
1	2	3	4	5	6
Ерке әуездер тебіреніп жер бетін,	4,2	352,3	82,27	74,93	50,3
Күллі тірлік нұрға бөлеп келбетін,	3,9	447,7	60,3	73,5	50,6
Поэзия – құпия бір шарайна,	4,2	494,4	90,3	73,5	50,2
Кең ғарыштан ақтарылған арай ма?	3,7	495,8	87,1	70,6	50,3
Жұлдызды әлем қыруар сырлар төгетін,	3,6	453,1	83,2	74,8	50,7
Дария-көңіл алуан қырын көретін,	3,2	353,1	115,4	73,5	50,5
Жандүние – толқып тұрған шарайна,	3,1	281,4	87,5	73,6	50,2

7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Бірде ақ шуақ, бірде ақ боран борай ма?	3,9	243,7	84,5	75,2	50,7
Сегіз қырлы сөздер қайта өретін,	3,1	426,2	87,3	75,6	50,2
Жалынға өртеп саф алтынын беретін.	3,4	241,3	87,6	73,8	50,6
Жыр көрігі – алаулаған шарайна,	3,0	438,6	103,1	75,6	50,4
Жан тірлігін зерлеп өру оңай ма?!	4,0	429,5	80,9	74,9	50,6

Өлең 12 тармақтан тұрады, әр тармақ 3 бунақтан немесе синтагмадан тұрады. Жалпы өлеңнің уақыт ұзақтығы – 45,3 секунд. Тармақтардың ең уақыты ұзағы 1 мен 3 тармақтар – 4,2 секунд, ең уақыты қысқасы 11 тармақ – 3,0 секунд. Әуеннің ең жоғарғы тоны – 495,8Гц 4-тармақта байқалады, ал әуеннің ең төменгі тоны – 60,3Гц 2-тармақта анықталды. Тармақтағы дыбыстың интенсивтілігі ең жоғары көрсеткіші – 75,6дБ 9 және 11-тармақтарда, ең төмені – 50,2дБ 3,7,9-тармақтарда анықталды (Кесте 7)

Бұл зерттеудің басты мақсаты – қазақ тіліндегі поэтикалық дискурстың интонациялық ерекшеліктерін сандық әрі сапалық тұрғыда анықтау болып табылады. Алынған акустикалық сигналдарды талдау нәтижесінде өлеңнің жалпы ұзақтығы 45,3 секунд екендігі анықталды. Өлең үш шумақтан және әр шумақ төрт тармақтан тұрады. Әрбір тармақ үш синтагмадан құралған. Тармақтардың уақыт ұзақтығы, негізгі тон жиілігінің жоғарғы және төменгі көрсеткіштері, сондай-ақ интенсивтіліктің жоғарғы және төменгі шекаралары бағдарламалық жолмен нақты өлшенді.

Мысалы, 7 кестеде көрсетілген дерекке сүйенсек, өлеңнің бірінші тармағы *«Ерке әуездер тебіреніп жер бетін»* үш синтагмаға бөлініп, жалпы ұзақтығы 4,20 секундты құрады. Негізгі тонның жиілігі 352,3 Гц-тен 82,27 Гц-ке дейінгі аралықта, интенсивтілік 74,93 дБ-ден 50,3 дБ аралығында өзгерді.

Екінші тармақ *«Күллі тірлік нұрға бөлеп келбетін»* жалпы ұзақтығы 3,9 секунд болды. Мұнда негізгі тон жиілігі 447,7 Гц-тен 60,3 Гц аралығында, ал интенсивтілік көрсеткіштері 73,5 дБ-тен 50,6 дБ дейін тіркелді.

Үшінші тармақ *«Поэзия – құпия бір шарайна»* жалпы ұзақтығы 4,2 секундқа жетті. Бұл тармақтағы негізгі тон жиілігі 494,4 Гц-тен 90,3 Гц-ке дейін болса, дыбыстың интенсивтілігі 73,5 дБ-ден 50,2 дБ-ге дейін ауытқыды.

Төртінші тармақ *«Кең ғарыштан ақтарылған арай ма?»* жалпы ұзақтығы 3,7 секундты көрсетті. Негізгі тон жиілігінің жоғарғы шегі 495,8 Гц, төменгі

шегі 87,1 Гц болды, ал интенсивтілік диапазоны 70,6 дБ-ден 50,3 дБ-ге дейін тіркелді.

Эксперимент нәтижелері әрбір тармақтың және синтагманың уақыттық, жиіліктік және интенсивтілік көрсеткіштерінің бірегейлігі мен динамикасын айқындады. Бұл деректер поэтикалық дискурста интонациялық өрнектердің эмоционалдық және мағыналық әсерін қалыптастырудағы маңыздылығын нақтылайды. Сонымен қатар, тон жиілігінің күрделі ауытқулары, бунақтардың ұзақтығы мен интенсивтілігінің ауытқулары өлеңнің терең мағыналық құрылымын жеткізуде ерекше мәнге ие екендігі дәлелденді.

Бұл талдау қазақ тіліндегі поэзияның интонациялық ерекшеліктерінің күрделі әрі терең құрылымға ие екенін көрсетті. Эксперименттік-фонетикалық әдіс поэтикалық дискурстың коммуникативті-прагматикалық ерекшеліктерін зерттеуде тиімді әрі сенімді әдіс болып табылады.

Бұл талдау екі тілдің просодикалық ерекшеліктерін салыстыра отырып, олардың интонациялық және ритмикалық құрылымдарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды. Сонымен қатар, екі тілдегі поэтикалық мәтіндердің дыбыстық ерекшеліктері арқылы ұлттық поэзияның өзіндік табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

3.3 Ағылшын және қазақ тілдерінде поэтикалық дискурстағы просодикалық тәсілдердің салыстырмалы талдау нәтижелері

Эксперименталды – фонетикалық талдау жасау барысында барлық тілге ортақ, белгілі бір жүйеге топтастырылған әдіс – тәсілдерге сүйену, зерттеу материалын таңдау, оның транскрипциясын беру, зерттеудің салыстырмалы – салғастырмалы сипаттамасын көрсету эксперимент нәтижесін анықтау үшін өте маңызды.

Әр тілдің өзіндік акустикалық сипаттамасымен ерекшеленетін интонациялық құрылымы бар. Мысалы, интонация туралы сөз болғанда ағылшын тілінде әуезділік (мелодичность), ядролық тон өзгерісі (сөз екпіні), тілдің музыкалық сипаттамасы бірінші айтылады. Қазақ тілінің интонациясы тілдің әуезділігімен (А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Балақаев т.б.) ерекшеленеді. Герольд Бельгердің пайымдауынша, қазақтың сөйлеу мәнері қолдан тоқылған кілемдегі күрделі өрнектерге ұқсайды. Оның айтуынша, қазақ ешқашан ойды тікелей, жалаң, бір мәнді немесе қарапайым түрінде жеткізбейді, қайта керісінше, эмоциялық реңкі бар, көпқабатты әрі өрнекті сөйлеуді жөн көреді [127].

Интонацияның сөйлеу тілінде де, адамдар қатынасында да атқаратын қызметі ерекше. Сондықтан интонация:

- маңызды құрал (ақпарат мазмұнын беруде, тілдің лексика – грамматикалық құралдарымен өзара байланысты, мысалы, әртүрлі интонациямен берілген бір фраза тыңдаушыға әртүрлі әсерін тигізеді);
- жүйелі (әр тілдің өзіне тән интонациялық үлгісі, интонациялық ережесі бар);

- ерекше (спецификалық), интонациялық үлгілер әр елде әр түрлі; мұның астарында акцент мәселесі жатыр; сөзге дұрыс акцент қойылмауы тіл тұтынушысы үшін қиындық (түсініспеушілік) тудыруы мүмкін [128].

Л.Е. Армстронг пен И. Дж. Уорд еңбектерінде сөйлеп тұрған адам айтылым барысында белгілі бір сөзді немесе сөз тіркесін бөліп көрсетіп, оған айрықша мән бергісі келген жағдайда бұл ерекшелікті тек интонация арқылы жеткізе алатыны атап өтіледі [129, 150б.]. Зерттеушілердің тұжырымдары интонацияның коммуникативтік-прагматикалық қызметін дәлелдейтін деректердің бірі болып табылады.

Поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктерін салыстырмалы талдау – лингвистикалық және мәдениетаралық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэзияның просодикалық элементтері (интонация, ырғақ, екпін, үдемелік) коммуникативті-прагматикалық мәнге ие және олардың қызметі мен құрылымындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Бұл бөлімде Венди Коуп пен Нәзікен Алпамысқызы шығармаларынан алынған материалдар негізінде салыстырмалы талдау ұсынылады.

Төменде В.Коуп пен Н. Алпамысқызының өлеңдеріндегі интонациялық ерекшеліктер салыстырмалы түрде кесте түрінде берілген (кесте 8).

Кесте 8 – В.Коуп пен Н. Алпамысқызының өлеңдеріндегі интонациялық ерекшеліктері

Интонациялық аспект	Венди Коуп (Ағылшын поэзиясы)	Нәзікен Алпамысқызы (Қазақ поэзиясы)
1	2	3
1. Негізгі тон қозғалысы	Ағылшын тілінде негізгі тон көбіне екпін түскен буындарда айқындалады. Сөйлем басында немесе ортасында көтеріліп, сөйлем соңында төмендеуі мүмкін (әсіресе сұраулы/лепті құрылымдарда). «Lonely Hearts», «Some More Light Verse» сияқты өлеңдерде сұраулы интонация жиі қайталанады.	Қазақ тілінде бір тармақ/синтагма ішінде көтеріліп-бәсеңдейтін толқынды интонация жиі кездеседі. Әр шумақтың/тармақтың соңында көбіне анық төмендеп, тиянақты аяқталады. «Аяулы анам», «Күрделі дейді адамды» сияқты өлеңдерде бір шумақ ішінде бірнеше рет көтеріліп, соңында бәсеңдеу байқалады.
2. Сөйлем түрлері мен интонация түрлері	- Хабарлы, бұйрықты, сұраулы сөйлемдер бір шумақ ішінде араласып келеді. Сұрақ-интонациясы өлеңге ирониялық немесе драмалық әсер беріп, оқырман назарын аудартады (мысалы, «Do you live in North London? Is it you?»).	- Көбіне хабарлы сөйлем түрлері басым; бұйрықты немесе сұраулы құрылымдар сиректеу, бірақ болса да интонациялық екпін анық сезіледі. Хабарлы сөйлемдер интонациялық толқынды аяқтау арқылы әсер етеді («Тұлпар дүбір домбыра», «Жұлдызнама»).

3. Кідіріс (пауза) және синтагмалық бөлініс	- Ағылшын тілінде пауза синтаксистік/тыныс белгілеріне көбірек тәуелді. Өлеңдегі әр жолдың ішінде де, соңында да қысқа паузалар (үтір, нүкте) жиі қолданылады. Мысалы, «From June to December» өлеңінде синтагмалар оқырманның тыныс белгілеріне сүйене отырып бөлінеді.	- Қазақ тілінде әр тармақтағы бунақтар (синтагмалар) арасында жүйелі кідіріс байқалады. Сөз бен сөздің үндестігіне сай синтагма аяғы аздап көтеріліп немесе бәсеңдеп, кідіріс жасайды. «Аяулы анам», «Күрделі дейді адамды» өлеңдерінде тармақ соңында да, ішкі бунақ арасында да тұрақты паузалар бар.
4. Логикалық және эмоциялық екпін	- Ағылшын тіліндегі екпін (stress-based) негізінен маңызды сөздерге қойылып, интонациямен күшейеді. Интонациялық көтеріліс оқырман көңілін белгілі бір сөз немесе фразаға аудару үшін қолданылады (мысалы, «You know exactly what to do»).	- Қазақ тілінде фонетикалық екпін соңғы буынға түссе де, өлең оқуда логикалық екпін (ерекше атап көрсететін сөзге) ауысып отырады. «Көк Тәңірім, бір өзің маған қорған боп» тәрізді тармақтарда «Көк Тәңірім» сияқты тіркестер ерекше көтеріңкі интонациямен оқылады.
5. Интонациялық вариативтілік ауқымы	- Көптеген өлеңдерінде (әсіресе, юмор мен иронияға құрылған) дауыс көтеру мен төмендету динамикасы салыстырмалы түрде біркелкі, сөйлем соңында анық бәсеңдейді. Қайталанатын тармақтар бір үлгідегі интонациялық өрнекті сақтайды (мысалы, «Can someone make my simple wish come true?» жолы).	- Интонациялық толқын бір тармақ ішінде бірнеше рет көтерілуі мүмкін, соңында бірден төмендеп тоқтайды (төрт тармақты шумақтың әрбір тармағында). Дәстүрлі өлең үлгілерінде (құрмалас сөйлем түріндегі) бірнеше синтагманың әрқайсысында айқын көтеріліп-бәсеңдеуі жиі кездеседі.
6. Интонацияның жалпы әсері және қызметі	- Ағылшын поэзиясында эмоциялық әсер көбіне сөйлем құрылысы мен екпіннің өзгеруіне негізделіп, оқырманға ирониялық, ойнақы, немесе толғанысты көңіл күй сыйлайды. Интонация қайталама жолдарды (тармақтар) айқындап, оқырманды сол жолдарды есте сақтауға жетелейді.	- Қазақ поэзиясында интонация ұйқас, буын саны, дыбыстық үйлесіммен бірге өлеңнің ішкі музыкасын қалыптастырады. Эмоциялық бояу (сағыныш, тұңғыық философиялық толғаныс, ұлттық рух) кідіріс пен көтеріліп-бәсеңдейтін интонация арқылы күшейтіледі, тыңдаушының терең сезімге берілуіне ықпал етеді.

Кестеде екі ақынның поэзиясындағы интонациялық ерекшеліктер салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілді:

- Ұқсастықтары: Ағылшын және қазақ тілдеріндегі өлеңдерде де маңызды сөздерге логикалық екпін түсіру, шумақтың соңында интонацияны бәсеңдету, синтагмалық бөлініс арқылы мағыналық бөлшектеу тән.

- Айырмашылықтары: Интонацияны қалыптастыруда ағылшын поэзиясында көбіне сөйлемдегі екпін мен тыныс белгілері басты рөл атқарса, қазақ өлеңінде әрбір бунақ пен ұйқасқа сәйкес көтеріліп-бәсеңдейтін ерекше толқындылық байқалады.

В. Коуп пен Н. Алпамысқызы шығармашылығындағы өлеңдерді аудиторлық эксперимент пен компьютерлік бағдарламалар арқылы жасалған талдаулардың нәтижесі олардың (ағылшын, қазақ) поэтикалық дискурсында бірқатар ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар екенін көрсетеді. Бұл ұқсастықтар мен айырмашылықтар ең алдымен екі ақынның тілдік жүйесінің (ағылшын және қазақ тілдері) табиғи ерекшеліктерінен, сондай-ақ әр ақынның жеке шығармашылық мәнерінен туындайды. Төменде екі ақын поэзиясының просодикалық тәсілдерін салыстырмалы түрде талдаудың негізгі қорытындылары берілген:

- Ырғақ пен буын мөлшері

Нәзікен Алпамысқызының өлеңдері көбіне қазақ поэзиясының дәстүрлі сегіз не жеті буынды қара өлең ырғағына, кейде 9–11 буындық жыр өлшеміне сүйенеді. Бұл өлшем қазақ тілінің фонетика-фонологиялық заңдылығымен (үндестік, буындық құрылым) табиғи үйлесім табады. Мысалы, «Аяулы анам», «Күрделі дейді адамды» секілді өлеңдерінде әр тармақ 8–9 буыннан тұрып, біркелкі ырғақ түзіледі.

Венди Коуптың ағылшын тіліндегі «Some More Light Verse», «Lonely Hearts», «From June to December» өлеңдері ағылшын поэзиясына тән әртүрлі формада (вилланель, еркін өлең, қаусырмалы ұйқас және т.б.) жазылған. Буын саны қатаң сақталмағанымен, ағылшын тілінің екпін-ырғақ жүйесіне негізделген метрлік құрылым едәуір маңызды рөл атқарады. Мысалы, «Lonely Hearts» өлеңі классикалық вилланель үлгісіне сүйенеді; мұнда қайталанатын жолдар арқылы ішкі ырғақ және жалпы композициялық тұтастық күшейтіледі.

- Ұйқас және дыбыстық қайталамалар (аллитерация, ассонанс)

Нәзікен Алпамысқызының өлеңдерінде (мысалы, «Тұлпар дүбір домбыра», «Күрделі дейді адамды») қазақ поэзиясының дыбыс үндестігі (үндестік заңы) айрықша байқалады. Ассонанс көбінесе дауысты дыбыстардың (а, ә, е, о, ұ, т.б.) қайталануына негізделсе, аллитерация қатаң дыбыстар (қ, к, т, с) немесе ұяң дыбыстар (б, д, ж, з) арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі сөздер арасындағы жуан-жіңішке дауыстылардың ұштасуы тұтас бір шумақтағы дыбыстық үйлесімді қалыптастырады.

Венди Коуп та өлеңдеріне дыбыстық қайталамаларды енгізеді, алайда ағылшын тіліндегі аллитерация мен ассонанс көп жағдайда поэтикалық әсерді күшейту құралы ретінде (мысалы, «simple wish come true», «little else but you» тәрізді жолдарда) қолданылады. Бұл ретте ағылшынның ритмикалық-екпіндік жүйесі сөздің екпін түскен буындарын аллитерацияға негіз етуге мүмкіндік береді.

- Интонациялық құрылым және кідіріс (пауза)

Қазақ тіліндегі өлеңдерде (Нәзікен Алпамысқызы) әр тармақ пен бунақ арасындағы кідіріс салыстырмалы түрде нақтырақ көрінеді. Әрбір синтагма оқылу барысында біршама анық бөлініп, синтагма аяғында дауыс толқыны төмендейді немесе кідіріс жасалады. Мысалы, «Аяулы анам» өлеңінде төрт тармақ бір шумақты құрай отырып, әр тармақ кідіріс пен интонациялық толқын арқылы жіктеледі.

Венди Коуптың өлеңдерінде де пауза мен кідірістер маңызды, алайда ағылшын тілінің синтаксистік құрылымына сай пауза көбіне сөйлем ішіндегі мағыналық блоктарға немесе тыныс белгілеріне (үтір, нүкте, сызықша) тәуелді. Мысалы, «Some More Light Verse» өлеңінде әр жолдың соңында азды-көпті кідіріс бар және қайталанатын бұйрық түріндегі етістіктер («try», «meet», «give up») интонацияның көтеріліп, кейін төмендейтін ритмін қалыптастырады.

- Екпін мен сөз реттілігі

Қазақ тілінде екпін соңғы буынға түскенімен, өлең оқу барысында мағыналық екпін жиі ауысады. Бұл қазақ өлеңіндегі көркемдік құралдарға (троп, фигура) үндесе отырып, сөздің логикалық екпінін күшейтеді. Мәселен, «Жұлдызнама» өлеңінде «*Көк Тәңірім, бір өзің маған қорған боп*» тармағындағы «Көк Тәңірім» сөз тіркесі екпінмен оқылып, тылсым рухани мәнге ерекше назар аударылады.

Ағылшын поэзиясында екпін буын мен сөздің өзара байланысына тәуелді. Тоникалық тілдің (ағылшын тілінің) ерекшелігі ретінде, екпін сөздің позициясына және өлеңнің метрлік үлгісіне қарай өзгеріп отырады. «Lonely Hearts» өлеңінде «Can someone make my simple wish come true?» деген қайталанатын жол әр оқылған сайын негізгі екпін «someone», «simple wish», «come true» тіркестеріне түсіп, сөйлемге эмоционалдық салмақ береді.

- Эмоциялық реңк және тақырыптық ұқсастықтар

Нәзікен Алпамысқызының өлеңдерінде ұлттық рух, анаға деген сағыныш, өмір мен болмыс туралы терең философиялық толғаныстар, дәстүрлі құндылықтарға құрмет басым. Просодикалық тәсілдер (дауыстың көтерілуі, бәсеңдеуі, кідіріс) бұл терең эмоционалды бояуды күшейтіп, өлең мазмұнын әсерлі жеткізеді.

Венди Коуптың шығармаларында күнделікті өмірлік жағдайлардан туған жеңіл юмор, ирония, махаббат пен жалғыздықты түйістіре бейнелеу жиі ұшырасады. Ол кейде классикалық өлең үлгілерін (сонет, вилланель) заманауи юмормен ұштастырып, интонациялық толқындарды қайталанатын жолдармен (тармақ) күшейтеді. Нәтижесінде оқырман өлеңнің сыртқы жеңіл формасы астарындағы терең сезімді де байқай алады.

Қорыта келгенде, тілдік және поэтикалық дәстүрдің айырмашылықтарына қарамастан, екі ақын да (Венди Коуп пен Нәзікен Алпамысқызы) өлеңдерінде дыбыстық, интонациялық, ырғақтық құралдарды ойлы да тиімді пайдаланады. Қазақ тіліндегі поэзияда (Нәзікен Алпамысқызы) дәстүрлі қара өлең ырғағы, буын мен үндестік заңына сай нақты құрылым, ұйқастың дыбыстық үйлесімі маңызды орын алса, ағылшын тіліндегі поэзияда (Венди Коуп) буын саны мен

ұйқастан гөрі екпін мен интонацияның орайласа орналасуы, қайталанатын тармақтар мен классикалық үлгіге жаңашылдықты араластыру басымырақ. Екі ақын да адам жанының ішкі толғанысын, қарым-қатынас пен жалғыздықты, махаббат пен өмір туралы ойды әртүрлі тілдік құралдар арқылы эмоционалды әрі шынайы жеткізеді.

Төменде Венди Коуп (ағылшын поэзиясы) пен Нәзікен Алпамысқызының (қазақ поэзиясы) өлеңдеріндегі негізгі просодикалық тәсілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырмалы түрде кесте түрінде берілген: (кесте 9).

Кесте 9 – В. Коуп пен Н. Алпамысқызының өлеңдеріндегі просодикалық тәсілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Просодикалық тәсіл	Венди Коуп (Ағылшын поэзиясы)	Нәзікен Алпамысқызы (Қазақ поэзиясы)
1	2	3
1. Ырғақ пен буын мөлшері	- Өлеңдерде дәстүрлі ағылшын метрлік үлгілері (сонет, вилланель, т.б.) немесе еркін өлең формасы байқалады. - Буын саны қатаң сақталмауы мүмкін, көбіне екпін-ырғақ жүйесіне (stress-based) сүйенеді. - «Lonely Hearts» сияқты өлеңдерде қайталама жолдар (рефрен) арқылы ырғақ сақталады.	- Қазақ поэзиясының дәстүрлі өлшемдері (7-8, 9-11 буынды қара өлеңдік өлшем, жыр үлгісі) басым. - Буын саны біркелкі, әр шумақтағы тармақтар бірдей буынмен, ұйқаспен беріледі. - «Аяулы анам», «Күрделі дейді адамды» өлеңдерінде 8-9 буынды жолдар сақталады.
2. Ұйқас және дыбыстық қайталамалар (аллитерация, ассонанс)	- Ағылшын тілінде ұйқас пен дыбыстық қайталаулар (мысалы, аллитерация, ассонанс) көбіне сөз екпініне, дыбыстың бастапқы позициясына сүйенеді. - «Some More Light Verse», «From June to December» өлеңдерінде /s/, /m/, /t/ дыбыстарының қайталануы – ирония мен әуезділікті күшейтеді.	- Қазақ тіліндегі үндестік заңы (жуан-жіңішке дауыстының бірізділігі) өлең ұйқасы мен дыбыстық үйлесімге ерекше ықпал етеді. - Аллитерацияда қатаң дауыссыздар (қ, к, т) және ұяң дауыссыздар (б, д, ж, з) арқылы күшті дыбыстық әсер беріледі. - Мысалы, «Тұлпар дүбір домбыра», «Жұлдызнама» өлеңдерінде байқалады.
3. Интонация және кідіріс (пауза)	- Әр жолдағы пауза көбіне тыныс белгілеріне және сөйлем құрылысына байланысты. - Интонация көбінесе сұраулы, лепті немесе хабарлы сөйлемдердің синтаксисіне сүйеніп өзгереді (мысалы, «Lonely Hearts» өлеңіндегі қайталанатын сұрақтарда).	- Әр тармақтың соңында немесе бунақ арасында ұзағырақ кідіріс байқалады. - Синтагма аяғында дауыс біршама бәсеңдеп, соңғы тармақ тиянақты интонациямен бітеді (мысалы, «Аяулы анам», «Күрделі дейді адамды»). - Қазақ тіліндегі өлеңді оқудағы паузалар

9 – кестенің жалғасы

1	2	3
		интонациялық толқынды айқынырақ көрсетеді.
4. Екпін мен сөз реттілігі	- Ағылшын тілінде метрлік екпін (stress-based) басым. Негізгі екпін буынға тәуелді және өлеңнің өлшеміне сәйкес келеді. - «You know exactly what to do» сияқты жолдарда екпін негізгі мағыналық сөздерге түсіп, ырғақ қалыптастырады.	- Қазақ тілінде екпін әдетте соңғы буынға түседі, бірақ өлең оқуда логикалық екпін маңызды сөзге ауысуы мүмкін. - «Көк Тәңірім, бір өзің маған қорған боп» (Н. Алпамысқызы) жолында «Көк Тәңірім» тіркесі ерекше екпінмен оқылады.
5. Тақырыптық-эмоциялық ерекшеліктер (мазмұн мен эмоционалдық бояу)	- Күнделікті өмірдегі ірілі-ұсақты мәселелер, жалғыздық, романтика және иронияны жиі пайдаланады. - Махаббатты жеңіл юмор, қайталанатын рефрендер арқылы суреттеуі тән («Some More Light Verse», «Lonely Hearts»). - Эмоциялық диапазоны кең, бірақ көбіне модерндік стильмен астасады.	- Анаға деген сағыныш, ұлттық рух, философиялық толғамдар мен дәстүрлі құндылықтарға басымдық береді. - «Аяулы анам», «Тұлпар дүбір домбыра» сынды өлеңдерде отбасылық, рухани құндылықтар, табиғатпен байланыс алдыңғы қатарда. - Эмоциялық бояуы терең, ұлттық колорит айқын байқалады.
6. Жалпы ұқсастықтары	-Дыбыстық, интонациялық, ырғақтық құралдарды пайдаланып, оқырманға күшті эмоциялық әсер береді. - Қайталамалар мен дыбыстық әсемдеу тәсілдері (аллитерация, ассонанс) маңызды орын алады.	-Өлеңнің музыкалылығы мен мәнерлілігін арттыру үшін просодикалық элементтерді белсенді қолданады. - Адам жанының ішкі толғанысын, жалғыздық пен махаббатты сипаттау ортақ тақырып ретінде де көрінеді.
7. Жалпы айырмашылықтары	-Эксперименттік формалар мен классикалық үлгілерді (сонет, вилланель) заманауи юмормен үйлестіру тән. - Буындық емес, екпін-ырғақ жүйесіне көбірек назар аударылады. - Интонация сұраулы және лепті құрылымдар арқылы әртүрлі бояу алады.	- Дәстүрлі қара өлең өлшемдерінің тұрақтылығы, буын мен ұйқас қатаң сақталады. - Ұйқас пен дыбыстық қайталамалар үндестік заңымен тығыз байланысты. - Интонацияда кідіріс пен көтеріліп-бәсеңдеудің кең диапазоны көрінеді, ұлттық поэтикалық дәстүрге тән паузалар жиі қолданылады.

Бұл кестеде екі ақынның шығармашылығындағы (ағылшын және қазақ тілдеріндегі) өлеңдердің просодикалық ерекшеліктері салыстырмалы түрде

көрсетілді. Негізгі қорытынды – екі тілдік жүйенің табиғатына, поэтикалық дәстүрлеріне қарамастан, әрі Венди Коуп, әрі Нәзікен Алпамысқызы өлеңдерінде дыбыс пен ырғақ үйлесімін түрлі тәсілдермен тиімді пайдаланып, оқырманға терең эмоциялық әсер сыйлайды.

Қазақ тілінде бір фразалық екпін бар. Маңызды сөздер екпінге ұшырайтын ағылшын тілінен айырмашылығы, қазақ тілінде екпінді буын фразалық буын болып табылады. Алайда, қазақша өлеңдерде 7 - 11 буынды өлеңдер, әдетте, цезураның немесе қысқа паузаның көмегімен синтаксистік-фонетикалық сипаттамасына сәйкес екі не үш ырғақты топқа бөлінеді. Сондықтан әр өлеңде бір – негізгі фразалық екпін, және екінші реттік екпін бар. Осы екпіндердің әрқайсысы синтаксистік-фонетикалық ерекшелігіне сәйкес әр ырғақты топта ұйымдастырушылық функцияны орындайды.

Осылайша, аудиторлық эксперимент пен компьютерлік-акустикалық талдаулардың нәтижесі екі ақынның өз тілдерінің табиғатына тән просодикалық тәсілдерді (ырғақ, интонация, кідіріс, екпін, дыбыстық қайталау) шығармашылықпен пайдаланып, өлеңдерінде терең эмоциялық әсер қалыптастыратынын дәлелдеп отыр. Венди Коуптың өлеңдерінде ағылшын тілінің синтаксистік-экспрессивтік мүмкіндіктері, қайталанатын рефрендер мен классикалық үлгілердің жаңа мәнерде берілуі айқын байқалса, Нәзікен Алпамысқызының шығармаларында қазақи өлең дәстүрінің өлшемдері мен дыбыстық жүйесі, интонациялық толқын мен ауқымды кідірістер өлеңге ұлттық сипат беріп, оқырманға күшті эмоциялық әсер сыйлайды.

Үшінші тарау бойынша тұжырым

Үшінші тарауда ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктері коммуникативтік-прагматикалық аспектіде жүйелі және кешенді түрде қарастырылды. Зерттеудің негізгі мақсаты – екі тілде көркемдік мәтіндердегі дыбыстық-фонетикалық құралдардың эмоциялық әсер ету әлеуетін және олардың коммуникативтік қызметін прагматикалық тұрғыдан талдау болды.

Аталған мақсатқа жету үшін поэтикалық дискурстың материалдары ретінде таңдалған Венди Коуп пен Нәзікен Алпамысқызының өлеңдері эксперименталды-аудиторлық және инструменталды-фонетикалық әдістер негізінде интонациялық-фонологиялық және просодикалық талдаудан өткізілді. Бұл тәсіл зерттеліп отырған поэтикалық мәтіндердің нақты дыбыстық құрылымдарын айқындауға, синтагмалық жіктелу, интонама түрлері, әуендік толқулар, паузалық үзілістер мен екпіндердің орналасуын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ағылшын және қазақ поэзиясындағы просодикалық құралдар – әуен, ырғақ, кідіріс, қарқын, интонациялық бағыт және фонетикалық қайталаулар (ассонанс, аллитерация, дыбыстық үйлесім) – поэтикалық дискурстың эстетикалық тұтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның прагматикалық мазмұнын жеткізуде маңызды қызмет атқарады. Бұл элементтер оқырман мен тыңдаушыға авторлық интенцияны, ішкі сезімдік

ахуалды, эмоциялық үн мен көркемдік бейнелерді әсерлі түрде ұсынуға жағдай жасайды.

Қазақ поэтикалық дискурсында дәстүрлі қара өлең өлшеміне тән ритмикалық симметрия, буын санының тұрақтылығы, үндестік заңының қатаң сақталуы, әуезділік пен ұлттық колоритке негізделген поэтикалық символдардың (ана, тұлпар, домбыра) жиі қолданылуы тілдің ішкі заңдылықтарымен тығыз байланысқан. Интонациялық құрылым көбінесе көтеріңкі-бәсең әуендік толқуларға негізделіп, тыңдаушыда терең эмоциялық әсер қалдыруға бағытталған. Мысалы, «Аяулы анам» өлеңінде интонемалар құрылымы анаға деген сағыныш, өкініш және риясыз махаббат сезімдерін жеткізетін прагматикалық механизм ретінде көрініс береді.

Ағылшын тіліндегі поэтикалық дискурста просодиялық ерекшеліктер лирикалық кейіпкердің ирониялық, рефлексивтік және көбіне тұрмыстық сипаттағы эмоциялық жай-күйін жеткізудің басты құралы ретінде қолданылады. Интонацияның ритмикалық қайталануы, қысқа синтагмалық құрылым, төменнен жоғарыға көтерілетін және бірден бәсеңдейтін әуендік контрасттар поэтикалық мәтіннің мазмұндық және прагматикалық жүктемесін күшейте түседі.

Салыстырмалы талдау нәтижесінде мынадай *ғылыми қорытындылар* жасауға болады:

- Фонетика-фонологиялық және просодикалық элементтер поэтикалық дискурстың прагматикалық әлеуетін күшейтеді, олар автор мен реципиент арасындағы эмоционалды-коммуникативтік байланысты қалыптастыратын негізгі механизмдердің бірі ретінде танылады.

- Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың просодикалық құрылымдары типологиялық тұрғыда ұқсас болғанымен, олардың қызмет ету жолдары ұлттық тілдік жүйенің ерекшеліктеріне, мәдениетаралық прагматикаға және поэтикалық дәстүрлерге тәуелді түрде қалыптасады.

- Қазақ поэзиясында үндестік заңы мен ұлттық-метафоралық жүйе басымдық танытса, ағылшын поэзиясында прагматикалық ирония, жанрлық еркіндік және ырғақтық синкопациялар поэтикалық дискурстың мағыналық астарын айқындайды.

- Просодиялық құралдар тек поэтикалық форманы әсемдеуші емес, сонымен қатар семантикалық мазмұнды бағыттаушы және прагматикалық мақсатты күшейтуші элемент ретінде поэтикалық коммуникацияда белсенді рөл атқарады.

Осы тарауда жасалған зерттеулер ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктерін салыстыра отырып, олардың тілдік, мәдени және көркемдік қырларын түсінуді тереңдетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің зерттеу жұмысымыз қазіргі ағылшын және қазақ поэзиясы материалдары негізінде поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктерін коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан кешенді сипаттауға бағытталды. Зерттеудің басты мақсаты поэтикалық дискурстың құрылымдық-мазмұндық сипаты мен просодикалық ерекшеліктерінің коммуникативті-прагматикалық аспектісін жүйелі талдау болды; осы мақсатқа сәйкес поэтикалық дискурс туралы зерттеулерге шолу жасалып, прагматикалық категориялар (иллокутивті акт, пресуппозиция), паралингвистикалық амалдар мен просодикалық тәсілдер, сондай-ақ хезитациялық және вокалданған кідірістердің қызметі нақтыланды. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасы дискурс теориясы, поэтикалық дискурс, коммуникативті-прагматика және поэзия просодиясы бойынша классикалық және заманауи еңбектерге сүйенді; эмпириялық деңгейде типологиялық, салыстырмалы-салғастыру, интонологиялық, фонологиялық, акустикалық және экспериментті-фонетикалық әдістер ұштастыра қолданылды.

Жұмысымыздың бірінші тарауы бойынша, поэтикалық дискурс адресант пен адресат арасындағы тілдік-шығармашылық өзара әрекетке негізделетін, көпқабатты семантикалық және коммуникативтік құрылым екені дәлелденді; оның рифма, ырғақ, шумақ, синтаксистік-стилистикалық амалдар сияқты поэтикалық ұйымдасуы мағыналық астар мен эмоциялық әсерді күшейтуге қызмет етеді. Теориялық талдау нәтижесінде «мәтін—дискурс» арақатынасы, поэтика мен просодияның тоғысындағы ұғымдар нақтыланып, поэтикалық дискурстың эстетикалық әрі прагматикалық табиғаты айқындалды.

Зерттеуіміздің екінші тарауында поэтикалық дискурста вербалды (троптар, метафора, символдар) және паралингвистикалық/просодикалық амалдардың (интонация, екпін, ырғақ, пауза, тембр, қарқын) өзара әрекеттестігі автор интенциясын жеткізудің және оқырман қабылдауына ықпал етудің негізгі тетігі екені айқындалды. Паралингвистикалық амалдар поэтикалық образдардың мәдени-танымдық интерпретациясын тереңдетіп, дискурстың прагматикалық әлеуетін күшейтеді. Сонымен бірге кідіріс, реңк, қарқын сияқты экспрессивтік просодикалық тәсілдер жиі вербалды амалдармен қабаттаса қолданылады; бұл поэтикалық дискурстың көпқабаттылық табиғатын және эмоциялық-эстетикалық әсердің көпарналы жасалатынын көрсетеді.

Хезитациялық және вокалданған кідірістер поэтикалық дискурстың прагматикалық сипатын толықтыратын маңызды суперсегменттік құралдар ретінде сипатталып, олар мәтіндегі семантикалық екпінді күшейтеді, автордың эмоциялық күйін және коммуникативтік стратегиясын айғақтайтыны көрсетілді. Кідірістің бұл түрлері тыңдарман/оқырманның когнитивтік және эмоциялық қабылдау қырларын белсендіреді.

Зерттеу жұмысымыздың үшінші тарауында экспериментті-фонетикалық талдау PRAAT бағдарламасы арқылы жүргізіліп, негізгі тон жиілігі, ұзақтық, интенсивтілік, тоналды диапазон бойынша ағылшын және қазақ поэтикалық

мәтіндерінің интонациялық контурлары, синтагмалық құрылымы, ритм-қарқын динамикасы өлшенді. Салғастырмалы-типологиялық талдау ағылшын және қазақ поэтикалық дискурстарының просодикасы фонетика-фонологиялық жүйе мен ұлттық поэтикалық дәстүрлерге тәуелді қалыптасатынын көрсетті: ағылшын поэзиясы көбіне екпін-ырғаққа, аллитерация/ассонансқа сүйеніп дыбыстық эстетика жасаса, қазақ поэзиясында буынға негізделген ырғақ, үндестік заңы, ұйқас пен қара өлең өлшемдері жетекші рөл атқарады. Дауысты ұзақтығы ағылшын тілінде фонемалық не мағына ажыратушы қызметіне жиірек ие болса, қазақ тілінде ол көбіне экспрессивтік-просодикалық мақсатта жұмсалады; сонымен бірге ағылшын өлеңі силлабо-тоникалық, қазақ өлеңі силлабикалық жүйеге негізделетіні, осыдан рифма ережелеріндегі айырмашылықтар туындайтыны көрсетілді.

Зерттеуіміздің ғылыми жаңалығы зерттеу алғаш рет отандық тіл білімінде туыс емес ағылшын және қазақ тілдерінің поэтикалық дискурсындағы просодикасы коммуникативті-прагматикалық аспектісі аясында салыстырмалы-эксперименттік тәсілмен кешенді талданды. Алынған нәтижелер дискурс теориясы, прагмалингвистика және поэтикалық просодия салаларының тоғысында теориялық қорды толықтырып, ұлттық поэзияны интонологиялық-акустикалық аспектіде сипаттаудың үлгісін ұсынды. Практикалық тұрғыдан зерттеу материалдары «Поэтикалық дискурс теориясы мен методологиясы», «Қазіргі ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурс» сияқты арнайы курстарды оқытуда, оқу құралдарын дайындауда және поэтикалық мәтіндерді экспрессивтік-просодикалық талдау әдістемесін әзірлеуде пайдалануға болады.

Зерттеу Венди Коуп пен Нәзікен Алпамысқызы поэтикалық мәтіндерінің іріктемесімен шектелді; болашақта корпус ауқымын кеңейту, әр жанрлық үлгілерді (элегия, сатира, верлибр, поэма) бөлек-бөлек талдау, көпдикторлы жазбалар негізінде прагматикалық контекст пен орындаушылық фактордың (тембр, дикция, эмфатикалық екпін) әсерін ашу өзекті болып табылады. Сонымен қатар, көпмодальды (аудио-видео) деректермен жұмыс істейтін автоматтандырылған просодикалық таңбалау жүйесін бейімдеу қажеттігі туындайды.

Жалпы алғанда, диссертациялық зерттеу поэтикалық дискурсты прагматикалық мақсатқа қызмет ететін просодиялық ұйымдасу ретінде қарастырып, мәтіннің көркемдік-эстетикалық әсерін айқындайтын просодикалық механизмдерді теориялық және экспериментті-фонетикалық деңгейде негіздеді, алынған нәтижелер отандық тіл білімінде поэтикалық дискурс зерттеулерін жаңа сапалық деңгейге көтереді және жоғары білім беру мен ғылыми-әдістемелік тәжірибеде тікелей қолдануға дайын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Астана, Қазақстан, 14 желтоқсан 2012 жыл. https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs. 10.04.2025ж.
- 2 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>. 10.04.2025ж.
- 3 Хабермас Ю. Философский дискурс о модерне. Пер. с нем. — М.: Весь Мир, 2003— 416 с.
- 4 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. — 440 б.
- 5 Бенвенист Э. Общая лингвистика. — Изд. 3-е. — М.: Эдиториал УРСС, 2009 — 448 с.
- 6 Зяблова Н.Н. Дискурс и его отличие от текста // Молодой ученый. — 2012. - №1. — С. 60-78.
- 7 Николаева Т.М. Краткий словарь терминов лингвистики. — М.: Прогресс, 1978. — 480 с.
- 8 Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание. — Алматы, 2006. — 302 с.
- 9 Киров Е. Ф. Начала концептуально-дискурсивной лингвистики // Система языка и языковое мышление / отв. ред. Е. Ф. Киров. М.: ЛИБРОКОМ. — 2009 — С. 66–96
- 10 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматистикасы. — Алматы, 2007. — 244 б.
- 11 Кеншінбаева Ж. Қазақ мәтінінің семантика-интонациялық мүшеленуі (эксперименттік-фонетикалық зерттеу): филол. ғыл. док. (PhD)... автореф. — Алматы, 2005. — 27 б.
- 12 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. (PhD) ... автореф. — Алматы, 2007. — 49 б.
- 13 Бүркітбаева Г. Деловой дискурс. Онтология жанры. — Алматы: Ғылым, 2005. — 235б.
- 14 Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрлымдық негіздері. — Ақтөбе, 2008. — 60 б.
- 15 Нұрмышева Ш.А. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік прагматикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы, 2010. — 23 б.
- 16 Моррис Ч.У. Основания теория знаков. Семиотика. —М.: Радуга, 1983. —636с.
- 17 Ван Дейк Т.А., Кинч В. Стратегии понимания связанного текста. Новое в зарубежной лингвистике. — М., 1988. — Вып. 23. — С. 153–212.
- 18 Смағұлова Г.Н. Шешендік сөздердің дискурсы. — Алматы, 2008. — 180 б.

- 19 Кенжетаева Г.К. Лингвистикадағы ғылыми зерттеу негіздері. Дәріс курсы. – Кереку, 2012. – 111 б.
- 20 Макаров М. Основы теории дискурса. – М., 2003. – 278 с.
- 21 Ван Дейк Т.А. Дискурс и власть. Репрезентация доминирования в языке и коммуникации. Пер. с англ. – М: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2013. — 344 с.
- 22 Карасик В.И. О типах дискурса. Языковая личность: институциональный и персональный дискурс. – Волгоград, 2000. – 400 с.
- 23 Арутюнова Н.Д. Дискурс. Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. – 163 с.
- 24 Лотман Ю.М. О поэтах и поэзии, анализ поэтического текста – СПб: Искусство-СПб, 1996. – 120 с.
- 25 Аристотель. Поэтика / Пер. М. М. Позднева. — Книга сочинителя. — СПб.: Амфора, 2008. — 320 с.
- 26 Оразалин С. Поэтикалық мәтіннің құрылымдық сипаты // «Тілтаным» журналы. – 2011. - №1-2. – Б. 13-25.
- 27 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1993. – 120 б.
- 28 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: Аруна Ltd., 2005. – 576б.
- 29 Поэзия. – 2024. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Поэзия>
- 30 Степанов Ю.С. Альтернативный мир, дискурс, факт и принцип причинности // Язык и наука конца XX века: сб.ст. – М., 1995. – 104 с.
- 31 Руднев Ю. Концепция дискурса как элемента литературоведческого метаязыка. – 2023. http://zhelty-dom.narod.ru/literature/txt/discours_jr.htm
- 32 Фатеева Н. А. Поэзия как филологический дискурс. 2-е изд. — М.:Издательский Дом ЯСК: Языки славянской культуры, 2017. —360 с.
- 33 Якобсон Р. О. Лингвистика и поэтика // Структурализм: «за» и «против». – М., 1975. – 473 с.
- 34 Смағұлова Г.Н. Мәтін лингвистикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 128б.
- 35 Локиев А. Психоллингвистика поэтики. – СПб.: Речь, 2011. – 94 б.
- 36 Казарин Ю.В. Филологический анализ поэтического текста. – М., 2004. – 432 с.
- 37 Derrida J. A discussion with Jacques Derrida // Theory & Event. – 2001. – Vol. 5, №1. – P. 20-39.
- 38 De Man P. The Anxiety of Influence: a Theory of Poetry. – 1974. – 170 p.
- 39 Culler J. Theory of the Lyric // Nordisk poesi. – 2017. – Vol. 2, №2. – P. 119-133.
- 40 Eagleton T. Literary theory: An introduction. – John Wiley & Sons, 2011. – 148 p.
- 41 Jakobson Roman. Selected Writings: On Verse, Its Masters and Explorers. – The Hague; Paris: Mouton, 1979. – 631 p.
- 42 Short Michael H. Exploring the Language of Poems, Plays and Prose.— Routledge, 1996. – 416 p.

- 43 Leech Geoffrey N.A. Linguistic Guide to English Poetry. – London: Longman, 1969. – 240 p.
- 44 Lakoff George, Johnson Mark. Metaphors We Live By. – University of Chicago Press, 1980. – 242 p.
- 45 Bakhtin Mikhail. The Dialogic Imagination: Four Essays. – University of Texas Press, 1981. – 444 p.
- 46 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 150 б.
- 47 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1948. – 276 б.
- 48 Ысмайылов Е. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1966. – 340 б.
- 49 Өлең. Өлең құрылысы. Өлең өлшемі. – 2023.
<https://kk.wikipedia.org/wiki/Өлең> 20.05.2023.
- 50 Attridge Derek. Poetic Rhythm: An Introduction. – Cambridge University Press, 1995. – 208 p.
- 51 Fabb Nigel, Halle Morris. Meter in Poetry: A New Theory. – Cambridge University Press, 2008. – 312 p.
- 52 Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 616 б.
- 53 Өмірәлиев, Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым; Қаз ССР Ғылым акад.; Тіл білімі ин-ты, 1976. – 269б.
- 54 Қ. Жұмалиев: Абайдың өлең құрылысы мен тілі. – 2015.
https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazym-zumaliyev-abaidyn-olen-qurylysy-men-tili_13586 14.05.2023.
- 55 Виноградова С.Г. Текстовые факторы функциональной категоризации английских экзистенциальных глаголов в поэтическом тексте // Методологические проблемы когнитивной лингвистики. – Воронеж, 2001. – С.160-162.
- 56 Маслова Ж.Н. Жанр лирического стихотворения в контексте когнитивной поэтики // Весы – Балашов, 2008. – №38. – С. 53-60.
- 57 Маслова В.А. Русская поэзия XX века. Лингвокультурологический взгляд: учеб. пособие. – М.: Высш. шк., 2006. – 256 с.
- 58 Вашунина И.В. Взаимовлияние вербальных и невербальных (иконических) составляющих при восприятии креолизованного текста: автореф. ... док. филол. наук. – М., 2009. – 42 с.
- 59 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М., 1979. – 320 с.
- 60 Бутакова Л.О. Человек – мир – речь: Индивидуально-авторская картина мира в творчестве омского поэта Тимофея Белозерова // Язык. Человек. Картина мира: Лингвоантропол.и филос. очерки. – Омск, 2000. – Ч. 1. – С.94-118.
- 61 Виноградова С.Г. Категориальные и субкатегориальные значения английских экзистенциальных глаголов в поэтическом тексте: дис. ... канд. филол. наук. – Тамбов: ТГУ им. Г. Р. Державина, 2002. – 179 с.
- 62 Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность: учебник. - М., 2010. – 182 с.

- 63 Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. - М., 1976. – 140 с.
- 64 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. - М., 2004. – 123 с.
- 65 Austin J.L. How to Do Things with Words. – Oxford: Oxford University Press, 1962. – 174 p.
- 66 Searle J.R. Speech Acts: An Essay in the Philosophy of Language. – Cambridge: Cambridge University Press, 1969. – 203 p
- 67 Grice H.P. Logic and Conversation // Syntax and Semantics, Speech Acts / ed. by P. Cole and J.L. Morgan. – New York: Academic Press, 1975. – Vol. 3.– P. 41–58.
- 68 Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. -193 б.
- 69 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы(қазақ баспасөз материалдары негізінде: филол.ғыл.док. (PhD) ...дис. – Алматы, 2007. – 345б.
- 70 Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). – Алматы: Арыс,1999. – 224б.
- 71 Srailova A. B., Baranova K. M. Kalioppin A.K., Knyazeva Ye. G., Sergeeva O. V. Linguostylistic specifics of the pragmatical and symbolic realization of the English poetic discourse // Xlinguae. – 2021. – Vol. 14, Iss. 2. – P.215-226. DOI:10.18355/XL.2021.14.02.16Citescore (2021): 2.5, Arts and Humanities: Language and Linguistics: 87. https://xlinguae.eu/2021_14_2_16.html
- 72 Петров В.В. От философии языка к философиимознания.(Новые тенденции и их истоки). Философия, логика, язык. –М.:Прогресс,1987. –С. 3-17.
- 73 Моррис Ч. У. Основания теории знаков // Семиотика. М., 1983. С. 37—89.
- 74 Van Dijk T. What is political discourse analysis? Political linguistics / eds J.Blommaert, C. Bulcaen. – Amsterdam: John Benjamins, 1997. – P. 11-52.
- 75 Столнейкер Р.С. Прагматика. Новое в зарубежной лингвистике. – М.:Прогресс, 1985.-Вып.16. – С.419-438.
- 76 Сусов И.П. Коммуникативно-прагматическая лингвистика и ее единицы. Прагматика и семантика синтактических единиц. – Калинин, 1984. – С. 3-12
- 77 Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М., 1982. – 272с.
- 78 Ахманова О.С.Словарь лингвистических терминов. –М.: Советская энциклопедия, 1966. – 608с.
- 79 Азнаурова Э.С. Прагматика художественного слова. – Ташкент: Фан, 1988. – 183 с.
- 80 Ерназарова З. Қазақ сөйлеу этикеті мен прагматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 135 б.
- 81 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2007. – 328 б.

82 Аманбаева Г.Ю. Макрознак: структура, семантика, прагматика: автореф. ...док.филол.наук:10.02.19. – Алматы: ҚазНУ им.аль-Фараби, 2005. – 40с.

83 Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтіннің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша): филол.ғыл.канд.... дис. – Алматы, 2000. – 153 б.

84 Макаров М. Л. Основы теории дискурса – М.: Гнозис, 2003. – 280 с.

85 Ключев Е. В. Речевая коммуникация: Успешность речевого взаимодействия. –М.: Рипол Классик, 2002. – 316 с.

86 Wendy Cope, Spared. <https://www.lookingtoleeward.se/wendy-cope-1945/#spared>14.05.2023

87 Бейсембаева С.Б. Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке: автореф. ... док. филол. наук. – Алматы, 2002. – 180 с.

88 Srailova A. B., Bazarbayeva Z. M. The representation of nonverbal communication methods in the poetic discourse // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. – № 1 (72). – 232-245бб.

89 Нұрсұлтанқызы Ж.О.Бокеев шығармаларындағы вербалды емес амалдар: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 153 б.

90 Some More Light Verse by Wendy Cope. <https://readalittlepoetry.com/2011/02/27/some-more-light-verse-by-wendy-cope/> 14.05.2023

91 Алпамысқызы Н. Жарқырап аспанымда күн тұрғанда. Өлең кітабы. Алматы: Molia & DOS, 2011. – 242б.

92 Пиз А. Язык телодвижений. Как читать мысли других людей по их жестам. – М.: Ай кью, 1995. – 125 с.

93 Сүлейменова Э.Д. (бас ред.) Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.

94 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-словарь, 1998. – 166 б.

95 Last Word Celebrant. Poem: My Funeral by Wendy Cope. – 1 March 2016. <https://lastwordcelebrant.blogspot.com/2016/03/poem-my-funeral-by-wendy-cope.html> 02.06.2023

96 Best poems encyclopedia. Message by Wendy Cope. <https://www.best-poems.net/wendy-cope/message.html> 10.06.2023

97 Best poems encyclopedia. From June to December by Wendy Cope. <https://www.best-poems.net/wendy-cope/from-june-to-december.html> 10.06.2023

98 Нұрсұлтанқызы Ж.О. Бокеев шығармаларындағы вербалды емес амалдар: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 153 б.

99 Базарбаева З.М. Интонология. Т 1. – Алматы: Everest, 2022. – 440б.

100 Антипова А. М. Система английской речевой интонации. – М: Высшая школа, 1979. – 130с.

101 Best poems encyclopedia. The Orange by Wendy Cope. <https://www.best-poems.net/wendy-cope/the-orange.html> 21.09.2023

- 102 Best poems encyclopedia. Being Boring by Wendy Cope. <https://www.best-poems.net/wendy-cope/being-boring.html> 21.09.2023
- 103 Best poems encyclopedia. Lonely Hearts by Wendy Cope. <https://www.best-poems.net/wendy-cope/lonely-hearts.html> 21.09.2023
- 104 Bazarbayeva Z. M., Srailova A., Amanbayeva A., Zhumabayeva Zh., Ospangazyeva N. Prosodic Characteristics of Poetic Text in the Kazakh Language // *Xlinguae*. – 2025. – Vol. 18, Iss. 1. – P.96-111, DOI:10.18355/XL.2025.18.01.08 Citescore (2024): 1.7 Arts and Humanities: Language and Linguistics: 77. https://xlinguae.eu/2025_18_1_8.html
- 105 Қазақ грамматикасы // Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 783б.
- 106 Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы, 1988. – 107б.
- 107 Калиев Ж.К. К вопросу об интонации повествовательной фразы в казахском языке // В кн. Фонетика казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 107с.
- 108 Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі: очерктер. – Алматы, Қаз. ССР Ғылым акад. баспасы, 1948. – 86б.
- 109 Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 309б.
- 110 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010. – 607 б.
- 111 Базарбаева З. М. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы // Интонология – қазіргі функционалды грамматикадағы жаңа бағыт. – Алматы, 2010. – 718б.
- 112 Карневская Е. Б., Раковская Л.Д., Мисуно Е. А., Кузьмицкая З. В. Практическая фонетика английского языка. Вводно-коррективный и основной курсы. – Минск: Высшая школа, 2011. – 265с.
- 113 Рогожина С. М. Интонационные конструкции как средство реализации когерентности монологического дискурса (на материале британских видеоблогов): дис. ... канд. филол. наук. – М., 2012. – 201 с.
- 114 Антипова А.М. Ритмическая система английской речевой интонации. – М.: Высшая школа, 1979. – 131 с.
- 115 Кузнецова Е.Е. Основы фонетики английского языка: учебное пособие. – Санкт - Петербург: Изда. Михайлова В.А., 2000. – 122 с.
- 116 Merkulova Y.M. English for University Students. Introduction to Phonetics. – Санкт-Петербург: Издательство Союз, 2000. – 142 с.
- 117 Crystal D. Prosodic System and Intonation in English. – Cambridge: The University Press, 1969. – 381 p.
- 118 Fay P.J., Middleton W.C. Judgement of Confidence from Voice // *Journal of General Psychology*. 1944. – P. 93-95.
- 119 Pickett J., Pollack J., Sumby W. On the Identification of Speakers by Voice // *Journal of the Acoustic Society of America*. 1954. – P. 403-406.
- 120 Siertsema B. Timbre, Pitch and Intonation. – *Lingua*, 1962. – 388 p.
- 121 Abercrombie D. The Accent of Standard English in Scotland // *Work in Progress*. – Edinburgh. 1977. – P. 21-32.

- 122 Базарбаева З.М. Қазақ тілі: Интонология. Фонология. – Алматы: Жібекжолы, 2008. – 324 б.
- 123 Аханов Қ. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1972. – 199б.
- 124 Laver J. Voice Quality and Indexical Information // British Journal of Communication. 1974. – P.43-54
- 125 Дикушина О. И. Фонетика английского языка. – М: Изд.лит. на ин.яз., 1952. – 350 с.
- 126Сыздықова Р. Сөз сазы. (Сөзді дұрыс сөйлеу нормалары.) – Алматы: Санат, 1995. – 120б.
- 127Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320б.
- 128Ladefoged P. A course in Phonetics. Second edition. – USA, 1982. – 300p.
- 129 Базарбаева З.М. Казахская интонация. Т 3. – Алматы: «Everest», 2022. – 380 с.
- 130Best poems encyclopedia. I'm a poet by Wendy Cope.<https://www.best-poems.net/wendy-cope/being-boring.html> 12.03.2024
- 131 Герольд Бельгер. Личность и время — Жанна Ескуатова – Страница 3<https://mylibrary.kz/biografii-i-memuary/gerold-belger-lichnost-i-vremya-zhanna-eskuatova/?pg=2> 24.08.2024
- 132 Жалалова А. М. Интонацияның дискурстық сипаты (қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)(Экспериментті – фонетикалық зерттеу): Философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2016. – 172б.
- 133Armstrong L. E., Ward I. G. Handbook of English Intonation. – Cambridge, 1949. – Vol.3. – P. 51-54.